

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 81'42

Қолжазба құқығында

ИСМАИЛОВА ФАРИЗА КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ

**Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық
аспектісі**

Білім беру бағдарламасы:
8D02314 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор А.О.Тымболова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор А.Бұран (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ	13
1.1 Дипломатиялық тіл және оның лексика-семантикалық қабаты	13
1.2 Дипломатиялық терминдер және олардың баламасы	23
1.3 Дипломатиялық құжаттар: түрлері мен рәсімделуі Тарау бойынша түйін	29 37
2 ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ДИСКУРСТЫҢ БӨЛІГІ (КОММУНИКАТИВТІ АСПЕКТ)	ДИСКУРС– ҚҰРАМДАС 38
2.1 Дипломатиялық дискурста тән белгілер	39
2.2 Дипломатиялық дискурстың саяси дискурстан айырмашылығы	43
2.3 Дипломатиялық дискурстың коммуникативтік қызметі	47
2.4 Дипломатиялық дискурстағы саяси сыйлықтардың коммуникативті мәні Тарау бойынша түйін	58 67
3 ҚАЗАҚТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ (ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ)	68
3.1 Дипломатиялық әңгіме және оның прагматикасы	68
3.2 Дипломатиялық стильдің коммуникативті-прагматикалық құрылымы	72
3.3 Дипломатиялық жанжалды (конфликт) тіл	85
3.4 Қазіргі дипломатиялық қарым-қатынастың прагматикалық қызметі және дипломат Қ.Тоқаев дискурсының прагматикасы	89
3.5 Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі араағайындық және қазақ дипломатиясының тілдік көрінісі	102
3.6 Қазақстандағы цифрлық дипломатияның перспективасы: жаңалықтары мен жетістіктері Тарау бойынша түйін	112 123
ҚОРЫТЫНДЫ	125
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128
ҚОСЫМША	137

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды.

Адресат – сөйлеу актіге қатысушы, ауызша немесе жазбаша (оның ішінде құжаттық) түрінде рәсімделген хабарламаны алушы, қабылдаушы.

Адресант – сөйлеу актіге қатысушы, адресатқа ақпаратты беруші тарап, коммуникатор, хабарлаушы.

Бейвербалды қарым-қатынас – сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі.

Дипломатиялық дискурс – халықаралық, мемлекетаралық, мемлекетішілік қарым-қатынаста жүзеге асырылатын саяси, әлеуметтік, мәдени артықшылықтарды алу және көрсету діттемі бар, кәсіби тілдік қоры қалыптасқан, тараптар арасында үстемдік және бітімгерлік, татулық және ымырашылдық ұстанымда көрініс табатын сөйленіс кеңістігі.

Дипломатиялық тіл – ресми дипломатиялық қатынастарды жүргізетін, халықаралық шарттар жасалатын және дипломатиялық сөздікті құрайтын тіл.

Дипломатиялық шешендік – тыңдаушының ойын, еркі мен сезімін баурайтын, адамның ой жүйесіне, жан-дүниесіне қозғау салатын сөйленістің әсерлі, татымды, дуалы, бейнелі жеткізілуін қамтамасыз ететін тіл өнері.

Дискурс – нақты сөйленіс жағдаятында (экстралингвистикалық параметрлерді қоса отырып) туындаған тіл иесі мәтіні.

Жанжалды дискурс – әртүрлі ұстанымдағы адамдардың бір-біріне бағынбай, өз позициясын дәлелдейтін және басқа көзқарасты түсінуге қарсыласатын, екіұшты коммуникативті акт.

Иллокутивті акт – сөйлеушінің коммуникативті мақсатын жүзеге асыруға бағытталған сөйленістің (мәтіннің) прагматикалық діттемі.

Интенция – сөйлеушінің белгілі бір оқиға туралы әсерлі хабарлау мақсатында мәлімдемеге субъективті мағына беретін коммуникативті ниет.

Институционалды дискурс – қоғамдағы әлеуметтік институттардың өздеріне тән қалыптасқан нормаларына сәйкес айқындалған, мәртебелі-рөлдік қатынаста орындалатын дискурс түрі.

Клише – белгілі бір құжаттық немесе ресми мәтіндерде жиі қолданылатын сөзорам, шаблондық фраза.

Комплиментарлы лексика – дипломатиялық дискурста іскери әдептілікке бағытталған сөз басы мен сөз соңындағы қаратпа, сәлемдесу, қоштасу, сұрау кезіндегі лебіз, т.б. сөздер.

Қоғамдық дипломатия – өз елінің имиджі мен саясатын насихаттауға бағытталған ресми дипломатияда қолданылатын және әлемдік бұқаралық аудиторияда мемлекеттік мүдделерін ескере отырып, қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталған шаралар кешені.

Құжат – заң деректерімен рәсімделген құқықтық (қаулы, жарлық, шарт, т.б.) және басқарушылық (бұйрық, хаттама, хат) мақсатта қолданылатын ресми ісқағаз.

Локутивті акт – сөйлеушінің болған оқиғаны қалай бар сол қалпында, тура мағынасында жеткізетін прагматикалық акт.

Прагматика – сөйлеушінің қарым-қатынас барысында тыңдаушыға әсер етуге бағытталған діттемі.

Ресми стиль – ресми қатынастар аясында қызмет ететін, ресми ісқағаздардың заңдылығын құрайтын стильдің бір түрі. Ресми құжаттар мен ісқағаздар стилі деп те атайды.

Стратегия – сөйленіс барысында коммуниканттардың белгілі бір ұстанымды (ережені) қолдануы.

Тактика – сөйлеушінің мақсатына жету жолын айқындайтын сөйлеу коммуникациясының алдын ала ойластырылған жоспары.

Термин – ғылымның арнайы бір саласындағы қолданылатын ұғымдар мен тілдік бірліктер.

Толеранттық – өзіндік айырмашылықты, өзгешелікті мойындау, басқа түрлерге төзімділікпен қарау, өзге сенімдегі, көзқарастағы адамдардың тандауын құрметтеу, қақтығысты тек келісіммен шешуге бейімделу, кешірімшіл, жанашыр болу сияқты өмір сүрудің бағыты.

Цифрлық дипломатия– қоғамдық дипломатия қызметін цифрлық технология арқылы жүзеге асыратын және мемлекеттің тек саяси мүдделерін ғана емес, әлеуметтік-мәдени артықшылықтарын (ұлттық бренд, т.б.) насихаттауды мақсат ететін дипломатияның түрі.

Іскерлік этикет – іскери қарым-қатынас жүйесіндегі мінез-құлық тәртібі: іскери әріптеске әдепті, сыпайы қатынас, іскери қарым-қатынастағы арақашықтықты сақтау, өзгенің пікіріне төзімділік, дауласу кезінде беделді емес, аргументті пайдалану, т.б.

КІРІСПЕ

Әлемде жаһандану, интеграция, қарқынды ғылыми-техникалық прогресс, саяси және әлеуметтік сілкіністерге байланысты елеулі өзгерістер болып жатады. Сонымен қатар, қоғамдық өмірде ішкі және сыртқы мәселелердің шиеленісуі байқалады, бұл мемлекеттер арасындағы пікірталастарды да тудырып жатады. Себебі қазір – пікір бостандығы, ой еркіндігі басымдыққа ие заман. Сондықтан қазіргі адамзат үздіксіз өзгерістер жағдайында өмір сүруде. Бұл факторлар тілде көрініс тауып, олардың ізі сөйлеудің жазбаша және ауызша түрлерінде қарым-қатынас деңгейінде еріксіз байқалатыны сөзсіз. Бұл өзгерістер заманауи халықаралық қатынастар саласында соның ішінде дипломатиялық қарым-қатынас пен дипломатиялық дискурсқа айтарлықтай әсер етті.

Қазіргі дипломатиялық дискурс пәнаралық сипатқа ие болды. Соның нәтижесінде табысты халықаралық келіссөздер жүргізу мен сәтті қарым-қатынас орнату үшін шет тілін жетік білу жеткіліксіз екені дәлелденді. Дипломатиялық сөйленістің өзіндік тактикасын қолдану, дипломатиялық кәсіби салада жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасау және дипломатиялық мінез-құлық, әдеп дағдыларын сақтау, халықаралық хаттама ережелерін жетік білу, келіссөздердің тәртібін игеру дипломатиялық дискурстың құрамдас бөліктері екенін дәйектеді.

Мемлекетаралық келіссөздерде жиі кездесетін мәдениетаралық, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарды шешу және алдын алу қажеттігінен көптеген елдердің үкіметтеріне өз дипломаттары үшін (шетелге жібермес бұрын) болашақ қабылдаушы елдің мәдениеттану, этикет, тарих және дипломатиялық дискурс бойынша міндетті курстарын енгізуді талап етті. Дипломат болу өзге елдің тілін білу, оның сөздік қорын түбегейлі жаттап алумен шектелмейді, сол елдің мәдениеті мен тарихын өзінің «фондық біліміне» сіңіру қажеттігі талап етіледі. Сондықтан дипломатиялық дискурста ымырашылдық, бітімгерлік, тез тілтабысушылық екі тараптың да мәдениеттанымдық, тілтанымдық, тарихи танымдық білімдер жүйесіне тікелей байланысты болады. Дипломатиялық байланыс орнатылған ұлттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдебін білу және сақтау ұлтаралық және мемлекетаралық қатынасты айтарлықтай жеңілдетеді.

Жұмысымызда дипломатиялық дискурс – институционалды дискурстың бір бөлігі екені және саяси дискурстан айырмашылықтары қандай екені анықталды. Ғылымның қазіргі даму кезеңінде дискурстық талдаудың өзі пәнаралық сипат алғаны дәлелденді; дипломатиялық дискурс түрлерінің кеңейгені және әртүрлі аспектілері оның көлеміне, стратегиялық қалыптасуына және қызметіне қарай зерттеу қажеттігі әлемдік мемлекетаралық қарым-қатынас үлгісімен үздіксіз дамуды талап ететіндігі көрсетілді. Дипломатиялық қатынас – екі немесе одан көп тараптар арасындағы диалог болғандықтан, коммуникативті және прагматикалық күші тілдік және бейтілдік құбылыстарға едәуір жаңалық әкеледі. Себебі, дипломатиялық қатынаста екі тарап ортақ немесе (көп жағдайда) өз мүдделерін жүзеге асыру үшін прагматикалық айланы қолданылатыны анықталды.

Зерттеудің өзектілігі. Әлемдік тәжірибеде дипломатиялық қарым-қатынастың риясыз немесе алдамшы болуы мемлекет басшылары мен елшілердің тілдесіміне тікелей байланысты екені дәлелденді. Бірақ сол тілдесімнің екі ел арасындағы араздықты немесе татулықты орнататын қуаты (прагматикасы (әсері)) терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі дипломатиялық қатынас ерекше қатал. Бұрынғыдай аңғалдыққа жол берілмейді. Сондықтан дипломаттың әрбір сөзі, әрбір ым-ишарасы, әрбір қимыл әрекеті, киіміндегі кілтпап кемшіліктердің коммуникативтік мағынасы болатыны анықталды. Бұл мағына да зерттеуді талап етеді. Сондай-ақ дамушы елдер қатарындағы, экспорттаушы мемлекет ретінде таныла бастаған, Орта Азия елдерінің ішіндегі беделдісі – Қазақстанның дипломатиялық қатынас деңгейі, дипломатиялық дискурсы мен кәсіби тезаурустық қоры қаншалықты дамығанын анықтау қазіргі қоғам талабы болып отыр. Бұнымен қоса қазақтың дипломатиялық тілінің тарихы қазақ мемлекетінің қалыптасуымен, сыртқы байланыс орнату тарихымен, елшілік қызметтерімен астасып жатыр. Тарих деректеріне үңілетін болсақ, түркі дәуірінде Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандардың жаугершілік заманында түркі тайпасын аман сақтап қалу үшін, көршілес Қытай, одан кейін Түрік империяларымен дипломатиялық қарым-қатынасқа түсіп, өзара келісімге келгендері Орхон-Енисей жазбаларында, көне түркі ескерткіштерінде айқын көрсетілген. Ел мен ел араласып, тіпті жауласып жатқан сонау заманнан бастап-ақ дипломатиялық құжаттар (хат, шақырту, келісімшарт) болған, жазылған. Осы дәстүр күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр және жалғаса бермек. Дегенмен, қоғам дамып, өркендеген сайын саяси қарым-қатынас, дипломатиялық келісімдер мәдениеті жоғары деңгейге көтерілуде. Бірақ әрбір мемлекет өзінің ұлттық немесе ғұрыптық дәстүрлерін сақтап келеді. Соның ішінде дипломатиялық қарым-қатынаста тілді құрметтеу, сөйлеу мәдениетіне үлкен мән беру, сәтті мәмілегерлік диалог құру қабілеттері тең келу сияқты критерийлер дипломатиялық қарым-қатынас жасау этикетін, оның тілдік нормаларын, лексикалық қорын дамыту динамикасын қарқындатады. Әрине, шетелдік өкілмен сауатты дипломатиялық кездесу жасау, сауатты саяси әңгіме құру, мәдени дипломатиялық әдептілікті сақтай білу – өз мемлекетің туралы жақсы пікір қалдырумен тең. Сондықтан, қазақтың дипломатиялық тілі жан-жақты зерттелуі тиіс. Демек, қазақтың өзіне тән дипломатиялық дискурсын қалыптастыру және оны өзге мемлекеттерге көрсету тәуелсіз елдің нышаны екенін байқатады. Сондықтан қазақтың дипломатиялық дискурсының ерекшеліктерін айқындап беру өзекті деп танылады.

Зерттеудің нысаны – қазақтың дипломатиялық қатынас дискурсындағы сөзқолданыс.

Зерттеу жұмысының пәні – қазақтың дипломатиялық қатынас дискурсының прагматикасы.

Зерттеудің мақсаты – қазақтың дипломатиялық дискурсының (мемлекетаралық, мемлекетішілік, ұлттық, саяси, тарихи) коммуникативтік және

прагматикалық сипатын анықтау арқылы қазақтың төл дипломатиялық тезаурусын құрастыру.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету жолында төмендегі **міндеттерді** шешу көзделеді:

1. дипломатиялық тіл ерекшеліктері: клише, ұран сөз, риторикалық сөзқолданыс, халықаралық және ұлттық терминдерді анықтау;
2. кәсіби дипломат Қ.Тоқаевтың тіліне (дипломатиялық диалогтеріне, ресми хаттарына, халықаралық келіссөзде сөйлеген сөздеріне) талдау жасау;
3. дипломатиялық дискурс – институционалды дискурстың құрамдас бөлігі екенін дәлелдей отырып, дипломатиялық дискурстың саяси дискурстан айырмашылықтарын көрсету;
4. дипломатиялық қарым-қатынасты қалыптастыратын стратегия мен тактика тәсілдерін зерттей отырып, тілдік және бейтілдік амалдардың прагматикасын анықтау;
5. қазақтың араағайындық қатынасын зерттеу арқылы ұлттық мәмілегерлік прагматиканы көрсету, қазақтың дипломатиялық дискурсының тезаурусын құрастыру;
6. қазақ дипломатиясының прагматикалық амалдарын анықтау;

Зерттеу жұмысының дереккөздері. 10 көне жәдігер, 53 келіссөздер хаттамасы, 100-ден аса дипломатиялық ноталар мен аттешелер, грамоталар мен коммюникелер. Барлығы – 70 баспа табақ дипломатиялық жазба мәтіндері. «Дипломатиялық жаршы» журналына жарияланған құжаттар. Дипломатиялық дискурсты құрайтын тілтанымдық, мәдениеттанымдық, тарихи танымдық құжаттар, мұрағаттық және білімдер жүйесі. Ақорда сайты, Сыртқы істер министрлігі сайты, Елшіліктер сайты, Қазақстан халық ассамблеясы сайтының «<http://aqorda.kz>/<https://www.gov.kz/memleket/entities/>, https://kazembassy.ru/kaz/site_map/ деректі материалдары зерттеу жұмысын жүргізуде басшылыққа алынды. Зерттеу материалдары ретінде елшіліктер мен дипломатиялық корпуста қолданылатын сөзқолданыстар қарастырылды. Жалпы жұмыста қарастырылған сөзқолданыстар саны – 700 тілдік бірлік.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер. Зерттеу жұмысында индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: дескриптивті-аналитикалық, мәнмәтіндік талдау әдісі, компонентті талдау әдісі; дискурс талдау әдістері: дискурс талдаудың категориялары мен өлшемдері, функционалды-прагматикалық әдіс, лексикографиялық әдіс, тезаурус құру әдісі, коммуникативті мағына ашу, яғни семантикалық әдіс қолданылды. Қолданбалы әдістер қатарынан сауалнама әдісі мен сұхбаттасу әдісі қолданылды. Аталмыш әдістер арқылы институционалды дискурстардың ішіндегі дипломатиялық қатынас тілінің өзіндік ерекшелігі анықталды және дипломатиялық дискурсты талдау моделі ұсынылды. Осы модельдің көмегімен дипломатиялық қарым-қатынасқа түсу алдындағы пресуппозицияда көрініс табатын концептуалдық құрылымдар мен аялық білімнің дискурс соңындағы постпозицияға дейін даму иерархиясы көрсетілді.

Тақырыптың зерттелуінің әдіснамалық негізінде отандық және шетелдік зерттеушілердің дипломатиялық термин, дипломатиялық дискурс бойынша ізденген еңбектері алынды. Әлемдік деңгейде бұл мәселені қарастырған: Е.Шейгал, Е.Вебер, В.Карасик, Т.Хайфа, Е.Пономарева, М.Ковшова, С.Тахтарова, Д.Голованова, (Laclau, Mouffe 1985; Halliday 1991; Fairclough 1992, 1995, 1998; Schiffrin 1994; Водак 1997; Макаров 1998, 2003; Карасик 1999, 2000; Арутюнова 2000; Чан Ким Бао 2000; Шейгал 2000; Dijk 2001; Белозерова 2002; Серио 2002; Филлипс, Йоргенсен 2004; Йокояма 2005; Иссерс 2006; Прохоров 2006; Чудийов 2006), т.б. және дискурс мәселесін қарастырған отандық зерттеушілер: К.Садирова, А.Ж. Шайкенова, Агнур Халел, Г.Смағұлова, Г. Мұратова, Ж.Кішкенбаева, Н.Култанбаева, А. Жумагулова, Г.Бүркітбаева, т.б. Тақырыптың зерттелуіне шолу жасау барысында шетелдік еңбектерде дипломатиялық дискурстың тілтанымдық және экстралингвистикалық қыры жіті зерттелгені анықталды. Ал отандық зерттеулерде дипломатиялық термин жіті қарастырылғанмен (К.Ашинова, Г.Бегимова, С.Бөрібаева, Г.Ахан, Б.Құлжанова, А.Нугманова, М.Кәрібай, Г.Акмадиева), дипломатиялық дискурсқа қатысты еңбектердің аз екенін айқын байқалды.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы. Зерттеу барысында анықталған – дипломатиялық дискурстың басқа институционалды дискурстан айырым белгілерін ұсынған тұжырым, дипломатиялық дискурсты құрайтын құрамдас компоненттер моделі, сәтті/сәтсіз дипломатиялық қарым-қатынастарға себеп болатын түрткіжайттар, қазақтың дәстүрлі мәмілегерлік қатынасын құрайтын араағайындық, бітімгерлік тактикаларындағы коммуникативтік мағынаны ашу үлгісі – қазақтың дипломатиялық дискурсының теориялық негізін жасауға үлес қосады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен талдау нәтижелері халықаралық қатынастар, қазақ дипломатиясының тілі, дискурс теориясы пәндерінен дәріс беруде, дипломаттың тілдік тұлғасын зерттеу барысында көмекші құрал бола алады. Зерттеу нәтижелері «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында ұсынылған талдау үлгілері, талдау нәтижелері, дипломатиялық терминдердің семантикалық талдануы, дипломатиялық тілдің лексикалық қабатын құрайтын бірліктер, дипломатиялық шешен сөздер жинағы, дипломатиялық перифразалар мен бейнелі окказионалды сөзқолданыстар, дипломатиялық клишелер мен комплиментарлы лексика, дипломатиялық бейресми іс-шаралар атауы, дипломатиялық құжат атауларының тізімі, дипломатиялық бейвербалды амалдар атауы, қазақтың дипломатиялық дискурсының тезаурусы қазақ тілінің сөздік қорын байытуға, қазақтың дипломатиялық тілін жетілдіруге, ресми стильдің қызметін түрлендіруге, ауқымын кеңейтуге, дипломатиялық терминдер сөздігін толықтыруға елеулі үлес қосады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- дипломатиялық клишелер (ресми сәлемдесу, қоштасу сөзқолданыстары, жеделхатта рәсімделетін тұрақты сөзқолданыстар, ұран сөздер, ресми келіссөзде айтылатын стандарт сөзқолданыстар); халықаралық және елдегі оқиғалардың атаулары («қанды қаңтар», «қырғиқабақ соғыс», «қасіретті қаңтар», «жасыл экономика», «әлеуметтік әмиян», т.б.); дипломаттардың қанатты, нақыл сөздері, дипломатиялық тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер жиналып (*Кеңеспен шешкен шешімнің кемісі болмас; Ынтымақ жүрген жерде — Ырыс жүреді; Көк шөп күймес, Елші өлмес; Атқан оқ тастан қайтпайды, Елші ханнан тілін тартпайды; Елдестірмек елшіден, Жауластырмақ жаушыдан; Ымыра біткен жерде соғыс басталады*, т.б.), тезаурус сөздігіне енді. Қ.Тоқаевтың афоризмдері жиналды. Қазақтың дипломатиялық дискурсы коммуникативтік және прагматикалық аспектіде алғаш рет зерттеліп, қазақтың төл дипломатиясына тән тілдік, мәдени, тарихи ерекшеліктерге сай ұлттық дипломатиялық құндылық ретінде анықталды. Соның негізінде қазақтың дипломатиялық дискурсының тезаурусы түзілді;

- саяси дипломатия мен халықтық дипломатияның айырмашылықтары көрсетілді. Цифрлық дипломатия мен қоғамдық дипломатиялық айырым белгілері анықталды;

- дипломатиялық дискурсты құрайтын компоненттер (тілдік, бейтілдік қор, құжат рәсімдеу әдебі, киіну әдебі, қабылдау, қарсы алу, амандасу, қоштасу, ресми, бейресми кездесу әдебі, дипломатиялық шешендік, дипломатиялық стратегия мен тактика, дипломатиялық сұхбат, т.б.) анықталды;

- ұлттық мінезде кездесетін ымырашылдық (дипломатичность) әдебінің деңгейі мен мәртебесі арағайындық қатынас арқылы дәлелденді. Сәтті дипломатиялық қатынасқа жету үшін ұсынылатын прагматикалық тәсілдер көрсетілді;

- қазақ жастарының мәмілегерлік қасиетін анықтау мақсатында және болашақ жас дипломаттардың кәсіби аялық (когнициялық) білімін тану мақсатында сауалнама жүргізілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Дипломатиялық тіл – ресми және публицистикалық стильді қатар ұстанатын, төл және кірме терминдік қоры бар, стандартты және риторикалық заңдылық бойынша пара-пар қызмет атқаратын жүйе. Сондықтан дипломатиялық құжаттар ресми ісқағаздарына тән стандартты стильге негізделетін болса (клишелер: *Аса мәртебелі! Қадірлі отандастар! Құрметті меймандар! Мырзалар мен ханымдар!* терминдер: *уағдаластық, сындарлы ынтымақтастық, екіжақты келісім, сәтті басқосу, бәтуа (консенсус), кесімді талап (ультиматум) т.б.*), дипломатиялық диалог (екі тараптың ауызша тілдесімі, ресми кездесулері, бейресми келіссөздері, т.б.) риторикалық стильге басымдық береді (*ақылды қала (смартқала), халық үніне құлақ асатын мемлекет*, т.б.).

2. Кәсіби дипломат Қ.Тоқаевтың тілі – шешендік дипломатияның үлгісі.

Себебі дипломаттың халықаралық келіссөздерінде де, мемлекетішілік сөйлеген сөздерінде де ресми стиль мен бейнелі, көркем, иррационалды сөзқолданыстарытең дәрежеде кездеседі. Қ.Тоқаевтың авторлық нақыл сөздерінде татулық, бірлік, ынтымақ, құндылық ұғымдары концептуалданған. Демек, қазақ дипломатиясының тілі – үстем тіл емес, керісінше толерантты тіл.

3. Дискурс дегеніміз – прагматикалық мүддені жүзеге асыру мақсатында коммуникациялық қызметті атқаратын тілдесу әрекеттерінің жиынтығы. Дипломатиялық дискурс – институционалды дискурстың құрамдас бөлігі. Себебі, біріншіден, дипломатия – жеке кәсіби мамандық саласы. Екіншіден, дипломатиялық терминдер мен сөздік қоры қалыптасқан, тілдік қатынас құрай алатын әлеуеті бар дискурстық кеңістік. Үшіншіден, дипломатиялық құжаттар, яғни жазбаша мәтін жинағы көнеден қалыптасқан. Төртіншіден, дипломатиялық бейтілді амалдар (ым-ишара, т.б.), дипломатиялық стиль, дипломатиялық мінез, дипломатиялық сөйленіс айла-амалдары толық қалыптасқан, тілдік ортаға сіңген. Дипломатиялық дискурстың негізгі өзегі болып табылатын – дипломатиялық тіл екі түрлі ұғымдық мағынада қолданылады: біріншіден, дипломатиялық тіл – бұл ресми дипломатиялық қатынастарда халықаралық шарт жасалатын құжаттық тіл және осы саланың терминдері мен сөзқолданыстарының жиынтығы. Екіншіден, дипломатиялық тіл – әлеуметтік және қоғамдық, тіпті тұрмыстық қатынастағы тез тілдесу, татуласу, сендіру, иландыру, бағындыру, тәуелдендіру мүддесіндегі коммуникациялық тіл. Осыған орай дипломатиялық дискурсте екі түрге ажыратылады: біріншісі – кәсіби салалық мемлекетаралық, халықаралық дипломаттар мен ел басшылары арасындағы дипломатиялық қатынастың кәсіби дискурсы. Екіншісі – әлеуметтік топтар мен халық арасындағы ымырашылдық мінезді («дипломатичность»), бітімгерлік қасиетті ұстануға мүдделенген тілдік қатынастағы араағайындық дискурс.

4. Дипломатиялық коммуникацияны құрайтын белгілер – дипломатиялық стратегия мен тактика. Дипломатиялық қатынаста коммуникативтік үдеріске қол жеткізетін екі тактика бар: біріншісі – білім – өзара тілдесудің, диалог жасаудың негізгі дәнекері болатын форма. Яғни аялық білімнің сәйкестігіне қарай екі тарап та ортақ тіл табысудың нәтижесінде сәтті коммуникация құрай алады. Екіншісі – түсінісу континуумы. Түсінісуге деген ниеттің болуы, статус деңгейінің сәйкес келуі немесе мүдделердің ортақтығы. Дипломатиялық қарым-қатынастың сәтті болуын қамтамасыз ететін тактика үлгісі мына жүйемен жүзеге асырылады: таныстырылым (презентация); баурау айла-амалдары (манипуляция); келісім (конвенция). Осы тактиканың ішінде басты рөл манипуляция кезеңінде орындалады. Манипуляциялау екі жолмен жүзеге асады: культуртрегер және миссионерлік.

5. Қазақ дипломатиялық дискурсының ерекшелігі – татуластық және толеранттылық. Қазақ дипломатиясының тарихын зерттеу нәтижесінде қазақтар татуласуға, ымыраласуға, төзуге, көнуге, сөзге тоқтауға ұмтылады. Қарсылық білдіру өте сирек кездеседі. Бұл мемлекеттердің дипломатиялық мінезін

танытатын стереотипке айналған. Мәселен, немістердің – уақыт құндылығы, арабтардың – тәкаппарлығы, ағылшындардың – өзімшілдігі, қытайлардың – пайдакүнемдігі сияқты, қазақтардың татулықты, толерантылықты сақтау үшін компромиске баруы, 50/50 келісімге көнуі, тәуекелдігі сонау Абылай хан дәуіріндегі дипломатиялық қатынастар мен құжаттар мазмұнынан дәлелденіп отыр. Қазақтың дипломатиялық дискурсының семантикалық өрісін құрайтын көнцептілік ұғымдар: мәміле (бәтуа, бітімгерлік, бітістіру, келістіру, табыстыру, басын біріктіру); татулық (береке, ынтымақ, бірлік, бауырмалдық, жанашырлық, көпшілдік, рулық қатынас, сыйластық, т.б.); араағайындық (жөнге салу, жүгініс, бірлесе шешу, Күлтөбе басы, төбе билер кеңесі, ауыл ағасының шешімі, халық соты, абысындар кеңесі, аналар кеңесі, қауымаралық кеңес).

6. Қазақ дипломатиясының прагматикалық амалдары: тыңдаушыға әсіре жағымды қаратпамен әсер ету (тілдік нұсқада – мархабат қаратпалар; бейтілдік нұсқада – мейірімді жымыс), логикалық дәйектілікке қол жеткізу, психологиялық бетбұрыс жасау, ынталандыру, тыйым салу, сендіру, ой тастау, психологиялық шабуыл жасау. Қазақ дипломатиясының прагматикалық тәсілдері оның стратегиялары мен тактикасы арқылы анықталады: 1) шешімді қажет ететін проблеманы айқындау; 2) келіссөздердің бірлескен шешімін әзірлеу; 3) қарама-қарсы жақтың көзқарасын білу (олардың қызығушылықтары, мәселені шешуге деген ниеті, қорқыныштары туралы болжам жасау); 4) тұрақты байланыс арналарын құру: пікір алмасу, мәселені шешуге деген көзқарастарын тұжырымдау және талқылау. Қазақтың дипломатиялық келіссөздерінің дәстүрлі стратегияларының ауызша түрі – баяндау, мәлімдеме, сөйлеу, пікірлесу; жазбаша жанрларда – нота, меморандум, мәлімдеме де жүзеге асырылады.

Жұмыстың талқылануы мен мақұлданыуы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланып, халықаралық конференцияда апробациядан өтті.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Ismailova F., Zelenskaya L., Redkozubova E., Anikeeva I., Sausheva Y. Linguistic and cultural specifics of the formation of the diplomatic terminology system // *XLinguae*, Volume 16 Issue 1, January 2023, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X 165-176

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58110862400> Докторанттың үлесі – 75%.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда:

2. Саяси-дипломатиялық тілдің лингвистикалық, когнитивтік-прагматикалық аспектіде талдану үлгісі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы, №1 (71). – Алматы, 2020. – 184-189бб. (71 ISSN 1728-7804) https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/vie_w/3 Докторанттың үлесі – 100%.

3. Дипломатиялық кеңсе құжаттарының түрлері мен стилінің ерекшеліктері// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы, №4 (174). – Алматы, 2020. – 395-397 бб. <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/>Докторанттың үлесі – 100%.

4. Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктері //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (152). – Алматы, 2020. – 74-78. DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7804.13> . Докторанттың үлесі – 100%.

Халықаралық конференция жинағына жарияланған мақала:

5. Дискурс казахской дипломатии// Advances in Science and Technology Сборник статей XXVI международной научно-практической конференции, часть II Москва: «Научно-издательский центр «Актуальность.РФ», 2020. – 192с. ISBN 978-5-6043978-8-6 https://актуальность.рф/AST-26_originalmaket_N-2.pdf.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

I БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Халықаралық қарым-қатынаста белсенді әрі мемлекетаралық келіссөздерді жиі жасайтын елдің дипломатиялық сөзқолданысы жоғары болады да, сөздік қордан кең орын алады. Қазақстанның мемлекетаралық дипломатиялық қатынастары ағылшын және орыс тілдерінде жүргізіледі. Дегенмен, қазақтың мәмілегерлік (дипломатиялық) мінез тұрақтылығының арқасында тілдік қарым-қатынас кезіндегі дипломатиялық сипаттар (салмақтылық, сабырлылық, тілдескіштік, ымырашылдық, бітімгерлік) жақсы сақталған. Ендеше, дипломатиялық ұғымдар қатарына терминдер ғана емес, сөйленіс кезіндегі дипломатиялық мінезді танытатын тіл бірліктері де енеді.

Әлемдік тілтанымдық зерттеулер бойынша дипломатиялық ұғымдар дискурс аясында зерттелген. Ал дипломатиялық тіл ресми-іскери стильдің подстилі ретінде талданған.

Дипломатиялық тілдің тарихына сүйенсек, ежелде мемлекетаралық қатынастар тек француз тілінде жүргізілетін болған. Шындығында дипломатиялық қатынастарды ақсүйектер атқарған, ал олардың білім алу жүйесінде француз тілі басты орынға ие болды, ал латын тілі керісінше, шаруалардың білім алу деңгейіне түскен.

Қазіргі уақытта ресми дипломатиялық қарым-қатынастарды жүргізу және халықаралық шарттарды жасау үшін міндетті бірыңғай тіл жоқ. Біртіндеп тілдердің теңдігі қағидасы бекітілді. Әрбір мемлекеттің сыртқы істер органдары ресми хат-хабарларды, әсіресе дипломатиялық құжаттар алмасуды халықаралық тілдерде жүргізеді. Ал мемлекетшілік дипломатиялық қатынастарды өздерінің ұлттық тілінде орындайды.

Дипломатиялық тілдің басты ерекшелігі – терминдердің жиі қолданылуы, оның ішінде латын, грек және француз терминдері мен аббревиатуралары, клишелер мен дипломатиялық стильдегі қолданыстардың болуы. Дипломатиялық құжаттың тілі мен мазмұны мемлекеттің имиджіне елеулі әсер етеді. Дегенмен дипломатиялық тілге тән тағы бір ерекшелік – дипломатиялық құжаттардың синтаксисі күрделі болады, ұзақ сөйлемдерге басымдық береді. Әрине құрмалас сөйлемдермен рәсімделеді.

Дипломатия – халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу өнері. Дипломатия – сонымен қатар халықаралық қатынастарға үйлесімді әсер ететін және белгілі бір ережелер мен әдет-ғұрыптарға бағынатын әдіс пен дағды. Сондықтан дипломатиялық қызмет лауазымды тұлғалар арасындағы қатынас болғандықтан оның тіліне тән арнайы тәртіп, ереже, әдеп, мәдениет болуы заңды. Бұл жайында жұмысымыздың 1-тарауында толығырақ зерттедік.

1.1 Дипломатиялық тіл және оның лексика-семантикалық қабаты

Дипломатиялық дискурстың негізгі өзегі – дипломатиялық лексика. Дипломатия ұғымы жалпыадамзаттық түсінікте екі мағынаны білдіреді.

Біріншісі – мемлекеттің сыртқы және халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті (ҚӘТС, 14т.). Екіншісі – қулық, айла-шарғы (әлеуметтік түсінік). Демек, дипломатия – халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу өнері. Дипломатия – бұл халықаралық қатынастарға үйлесімді әсер ететін және белгілі бір ережелер мен әдет-ғұрыптарға бағынатын техника мен шеберлік. Осыған орай дипломатиялық тілдің де екі ұғымдық мазмұны айқындалады.

Біріншіден, дипломатиялық тіл – ресми дипломатиялық қатынастар жүргізілетін және халықаралық шарттар жасалатын тіл (ресми-іскери тіл). Екіншіден, дипломатиялық тіл – тұлғааралық, ұлтаралық, руаралық, т.б. жеке адамдар мен әлеуметтік топтар арасындағы ымыралы, мәмілелі қатынаста жұмсалатын сөйленіс (дискурс).

Жалпыадамзаттық таным бойынша дипломатия негізінен мемлекет пен мемлекет арасындағы келісімдер немесе қақтығыстарды шешу үдерісі ретінде түсініледі. Бірақ осы кәсіби мәртебелі стереотиптік танымға дейін дипломатия ұғымы адамдар арасындағы достасу, алыс-беріс қатынасында тату болу, тараптардың бір-бірінің мінез-құлқына қарай ыңғайласу әрекеттерінен туындаған. Демек, дипломатияның өзі – коммуникацияның құрамдас бөлігі. Сондықтан дипломатиялық тіл де қарым-қатынасқа негізделеді, яғни екі немесе көп жақты тараптар болады, олар бір-біріне қатынастық жағынан тәуелді болады. Міндетті түрде кері байланысы болады. Демек, адамзаттық (тілдік) коммуникацияның бірі - достық қатынас, алыс-беріс қатынас, ортақ іске бірігу қатынасы, т.б. дипломатияның қалыптасуының қайнар көзі болып табылады. Негізінен, дипломатия ұғымы екі мемлекет арасындағы сәтті келіссөзден кейін кәсіби қызметке айналған. Дипломатия кәсіби қызмет ретінде алғаш рет Еуропада қалыптасты. Алғашқы дипломатиялық қызметтің негізін қалаған француз ақсүйектері. Сол кезеңде олардың білім және тәрбие беру жүйесіндегі тіл – француз тілі болды. Осылайша алғашқы ресми дипломатиялық қатынастар француз тілінен басталды. Сондықтан қазіргі дипломатиялық терминдердің түпнұсқасы француз тілі болып саналады (атташе, коммюнике). Бұл терминдер ешбір тілге аударылмай сол қалпында қолданылып келе жатыр. Демек, дүниежүзіндегі дипломатиялық қатынас жасайтын мемлекеттердің дипломатиялық сөздік қоры ортақ. Ішінара белгілі бір себептерге сай дипломатияның лексикалық қабаты толығыуы мүмкін. Бірақ стандартты дипломатиялық терминдер аударылмай келеді. Сондықтан бұл тарауымызда ресми келіссөздерде қолданылмаса да, дипломатиялық ұғым өрісіне енетін лексикалық бірліктерді зерттеуді жөн көрдік.

Дипломатиялық тіл деп ерекшелеп атауға негіз бар. Себебі дипломатиялық бірліктер тек терминдік қордан ғана құралмайды, дипломатиялық қатынастың өзіндік стилі, ауызша және жазбаша тілінің рәсімделуіндегі айырмашылықтары, құжаттық рәсімделуіндегі талаптары, соған орай клише, шаблондары болады.

Дипломатиялық тілді арнайы зерттеген шетелдік ғалымдар Л.А.Баландина [1], Г.Ф.Кураченков, В. Джафаров [2], Е.М. Иссерлин [3], В.И. Попов [4], Х.А. Саидов [5], Л.Г.Фарафонова [6], Ю.П.Демин [7], П.Ф.Лядов [8], А.И. Пенчева

[9] қазіргі дипломатиялық қатынастағы ресми клишелер мен бейресми эмотивті лексикаларды қарастырады.

Қазіргі кезеңдегі дипломатия жаһандық, аймақтық және мемлекетаралық деңгейлердегі қатынастарды реттеуде белсенді рөл атқаратыны белгілі, ал дипломатиялық тіл халықаралық қатынастарды реттеу үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттердің ұлттық мүдделерін барынша қорғау үшін де үлкен маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда дипломатиялық лексикалық қор терминдермен шектелмейді.

А.И. Пенчеваның пікірінше, «Қазіргі ғылыми әдебиеттерде дипломатиялық лексика (соның ішінде ресми дипломатиялық қатынастар мен келіссөздерде қолданылатын, дипломатиялық құжаттарды жасау кезінде қолданылатын дипломатиялық терминология) қоғамдық-саяси лексиканың бір бөлігі болып табылады және оның тарихи оқиғаны сипаттаушы мүддесі басым болады» [9, 21 б.].

Осы тұрғыдан дипломатиялық, саяси, қоғамдық-саяси лексикалардың аражігін ажырату қиындық тудыратынын анықтадық. Сондықтан қазақ дипломатиясының лексикалық қабаты қандай деңгейде деген мәселені айқындау үшін «Дипломатия жаршысы» [10] журналына жарияланған мақалалар мен хабарландырулардың тілін талдау негізді деп таныдық.

«Ақ орда» Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтындағы мемлекетаралық дипломатиялық қатынастарда Президенттің кездесулері мен қабылдауларын сараптай келе, бірқатар дипломатиялық қызмет түрлері топтастырылды.

Екі мемлекет арасындағы алғыс хат

Көңіл айту жеделхаты

Құттықтау жеделхаты

Телефон арқылы сөйлесу

Бейресми кездесу

Ресми кездесу

Саммит

Келіссөз

Бірлескен мәлімдеме

Қабылдау.

Осы дипломатиялық қызметтегі сөйленістер мен мәтіндерге лексикалық талдау барысында әрбір қызметте бірінде-бірі қайталамайтын сөздер қоры болатыны анықталды. Мысалы; алғыс хат мәтіндерінде мына сөздер мен сөз тіркестері жиі кездеседі (мысалдар <https://www.akorda.kz/> алынды):

Бауырлас ел - түркітілдес ел, туыс ел. Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған өзінің хатында Түркияның Қахраманмараш провинциясы мен басқа да елді мекендеріне орасан зор зардабын тигізген жойқын жер сілкінісіне байланысты бауырлас елдің қайғысына ортақтасып, көңіл айтқаны, сондай-ақ жедел көмек көрсеткені үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркия халқының және жеке өзінің атынан алғыс айтқан.

Достас ел – достығы жарасқан, бейбіт келісімдегі мемлекеттер. Осындай табиғи апат кезінде достас елдердің жанымыздан табылуы қиындыққа қарсы тұруға күш береді.

Гуманитарлық көмек – халықтың қиындығын жеңілдету мақсатында жасалатын шара. Мемлекет басшысының атына Сирия Президентінен жеделхат келіп түсті. Онда Башар Әл-Асад биыл ақпан айында болған жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Сирия халқына Қазақстанның көрсеткен гуманитарлық көмегі үшін алғыс айтты.

Ізгілік таныту – қайырымдылық жасау, жақсылық жасау. Қиын-қыстау шақта бізге қолдау білдіріп, адамгершілік және ізгілік танытқан Қазақстанның ұстанымын Сирия халқы жоғары бағалайды.

Телефон арқылы сөйлесу кезінде жиі қолданылатын дипломатиялық лексикалар қатарына мыналар жатады:

Іс-шаралар кестесі – алда жоспарланған жұмыстардың тәртібі. Сондай-ақ екі ел басшылары алдағы уақытқа жоспарланған іс-шаралар кестесін қарастырды.

Мәдени-гуманитарлық байланыс. Сондай-ақ екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту.

Уәделесу – сөз байласу, уағдаласу, серттесу. Сондай-ақ екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға уәделесті.

Уағдаластық – келіссөз арқылы қол жеткен ортақ келісім. Президенттер екіжақты қарым-қатынастың қазіргі жағдайы мен оны одан әрі нығайту перспективасын осыған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру аясында талқылады.

Көңіл айту жеделхатына тән жиі сөзқолданыстар:

Қаралы хабар – кісінің қайтыс болғанын естірту. Анаңыз – қадірлі Огулабат Бердімұхамедованың қайтыс болғаны туралы қаралы хабарды терең күйзеліспен қабылдадым.

Күйзеліспен қабылдау – қайғыра қабылдау. Мемлекет басшысы Пешавар қаласындағы мешітте болған лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны және зардап шеккені туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді.

Орны толмас қайғы – жоқтығы білініп тұратын, өлді деуге қимайтын қайғы. Орны толмас қайғыңызға ортақтаса отырып, Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан Сізге және жақындарыңызға көңіл айтамын

Жақындары – отбасы мүшелері, туыстары, ағайындары. Сізге және жақындарыңызға көңіл айтамын.

Қабырғаны қайыстырды – жанына қатты батты. Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды.

Көңіл айтамын – кісі, ел басына түскен қайғы-қасіретке байланысты жұбату айту. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын, – деп жазды Мемлекет басшысы.

Суыт хабар – қайғы-қасірет, ауыр жағдай. Лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны және зардап шеккені туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді.

Терең күйзеліс – қайғыра қабылдау. Лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны және зардап шеккені туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді.

Түрік бауырлар – түріктер. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын.

Құттықтау жеделхаттарында жиі кездесетін сөзқолданыстар:

Бауырлас халықтар – туыс елдер. Соңғы жылдары біздің өзара күш-жігеріміз бен жақын достық байланыстарымыз бауырлас халықтар арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынасты жаңа деңгейге көтерді.

Одақтастық қатынас – бір одаққа енетін мемлекеттердің қатынасы. Одақтастық қатынасты жаңа деңгейге көтерді.

Стратегиялық серіктестік – мақсат-мүддесі бірдей ұйымдар. Соңғы жылдары біздің өзара күш-жігеріміз бен жақын достық байланыстарымыз бауырлас халықтар арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынасты жаңа деңгейге көтерді.

Бейбітшілік - тыныштық, татулық. Бауырлас Қазақстан халқына бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін.

Бақ-береке – ырыс-дәулет, құт. Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров өзінің жеделхатында жыл басы саналатын әрі ынтымақ-бірлікке шақыратын Наурыз мейрамында бауырлас қазақ халқына бақ-береке тіледі.

Жылы лебіз – жақсы сөз, жағымды пікір. БАӘ Президенті Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян Қасым-Жомарт Тоқаевқа денсаулық, бақыт, ал қазақстандықтарға – бақ-береке тілеп, жылы лебізін жолдаған.

Көршілес елдер – іргелес елдер. Өзара тату, көршілес елдер ретінде арамыздағы ынтымақтастық екі халықтың мүддесіне сай дами түсетініне сенімдімін.

Саммит жиынында жиі кездесетін сөзқолданыстар.

Жаһандық бедел – ғаламдық мәртебе. Қазақстанда Үндістан төрағалығын Нью-Делидің жаһандық беделі мен ықпалының әлемдік қоғамдастық тарапынан лайықты мойындалғаны деп қарастыратынын атап өтті.

Үлкен жиырмалық – ең таңдаулы 20 елдің қатары. Сондай-ақ Үндістанды биыл «Үлкен жиырмалыққа» (G20) төрағалығының басталуымен құттықтады.

Әлемдік қоғамдастық – дүниежүзілік қауымдастық. Әлемдік қоғамдастық тарапынан лайықты мойындалған.

Ортақ мүдде – ортақ мақсат. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның өзара диалог пен жаһандық деңгейдегі ортақ мүддені іздеу арқылы туындаған проблемаларды шешуге ниетті екенін растады.

Бірлескен күш-жігер – ұйымдасқан, біріккен мағынасында. ОДМ-ды жүзеге асыру ісі жекелеген мемлекеттер деңгейінде ғана емес, өңірлік және жаһандық деңгейде де бірлескен күш-жігерді талап етеді.

Қарышты даму – қарқынды даму. Қарышты дамыған мемлекет ретінде Қазақстанның жаңа ғасырдағы ұтымды әлемдік құрылымға өзіндік көзқарасын қалыптастырғанын атап өтті.

Геосаяси шиеленіс – белгілі бір елдің экономикалық, саяси географиясына қатысты қалыптасқан дағдарыс. Бұдан бөлек, экономикалық, геосаяси шиеленіс және тұрақсыздық күшейіп келеді.

Преференциялар жүйесі – мемлекетке ұсынылатын жеңілдіктер жүйесі. Су технологияларын өзара бөлісу үшін айрықша құқықтар мен преференциялар жүйесін енгізуді ұсынамын.

Жаһандық транзит – ғаламдық тасымалдау. Президент қазіргі геосаяси ахуал жағдайында сенімді әрі әртараптандырылған жаһандық транзит пен көлік инфрақұрылымының маңызы арта түскенін атап өтті.

Көлік дәліз – шетелдерге қатынас жасау үшін салынған ұзындығы мен ені барынша кең жол, трасса. Қазақстан көлік бағыттарын әртараптандыру жұмыстарын жүргізіп, Транскаспий халықаралық көлік дәлізін (Орта дәліз) белсенді дамытып келеді.

Бейресми кездесуде жиі қолданылатын тіркестер:

Көршілік рух – көршілік қолдау. Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері екі ел арасындағы одақтастық қатынастардың қазіргі жағдайын және оны нығайту перспективаларын өзара сенім, достық және тату көршілік рухында қарастырды.

Өңірлік күн тәртібі – аймақтағы атқарылатын іс-шаралар. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Биологиялық қауіпсіздік – табиғи ортаның сақтығы. Президент бұған дейін ұсынған Биологиялық қауіпсіздік жөнінде халықаралық агенттік құруға қатысты бастамасын тағы да еске салды.

Келіссөз кезінде жиі жұмсалатын сөзқолданыстар:

Көпқырлы ынтымақтастық – жан-жақты ұйымшылдық. Екі елдің арасындағы, әсіресе сауда және инвестициялар саласындағы көпқырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мақсатында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін бірлескен күш-жігерді қабылдау қажеттігін атап өтті.

Көпжақты тетіктер – жан-жақты амал-тәсілдер. Тараптар БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, «Орталық Азия – ҚХР» форматы және басқа да көпжақты тетіктер шеңберінде үйлестіруді және тығыз өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға дайын екендігін білдірді.

Екіжақты экономикалық қатынас – екі тараптың бір-біріне тең дәрежеде экономикалық ықпал етуі. Президенттер екі ел арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің ратификациялануын жоғары

бағалап, оның екіжақты экономикалық қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті.

Байқағанымыздай, әрбір дипломатиялық кездесулерде тұрақты сөзқолданыс дәстүрі қалыптасқан. Оның басты себебі дипломатиялық қатынастың мақсаты мен миссиясына тікелей байланысты. Талдауда анықталғандай, келіссөз кезінде көпжақты, көпқырлы, екі тарапты, екіжақты сияқты екі немесе одан да көп тараптың болуына басымдық беріледі. Ал бейресми кездесуде жаһандық мәселе емес, екі мемлекеттің ішіндегі түйткүлді мәселелер шешіледі. Керісінше саммит отырысында ғаламдық жаһандану, әлемдік даму қарқынына ілесу мәселелері қозғалады. Себебі саммитке бірнеше мемлекеттер қатысады.

Жеделхаттағы клишелердің өзгеріссіз болатын себебі, мазмұнының өзгермеуіне байланысты. Сондықтан алғыс жеделхаты (*алғыс білдіреміз*), көңіл айту жеделхаты (*қайғыра көңіл айтамыз*), құттықтау жеделхаттарының (*құттықтаймыз*) сөзқолданысы тұрақты болады.

Осы жеделхаттардан басқа дипломатиялық сөзқолданыстардың синонимдік (мағыналас) қатары болғандықтан клишеге айналмайды. Мәселен: «қарышты даму – қарқынды даму» деп тең дәрежелі синоним құрай аламыз. Бірақ «сындарлы ынтымақтастық» ұғымын тура, дәл беретін синонимдері дөп келе бермейді. Сындарлы ынтымақтастық орнына салиқалы ынтымақтасу деп айта алмаймыз. Тұрақты ынтымақтастық дегенге де келмейді.

Сол сияқты уәделесу/уағдаласу жұптары синонимдік қатар құрай алғанымен уағдаластық (договоренность) болғанда сыңар синоним табылмай қалады. Уәделестік сөзқолданысы жоқ.

Ғаламдық – жаһандық – әлемдік – дүниежүзілік синоним қатары дипломатия тарихындағы белсенді сөзқолданыстар. Бірақ әрқайсысы әр дәуірдің белсенді лексикасын құрайды. Қазіргі таңда «жаһандық» белсенділікке ие болып тұр. Дипломатиялық қатынастағы шынайы достықты білдіретін жағдаятты сипаттауда «риясыз» сөзі қолданылады. Оның «қалтқысыз», «бүкпесіз», «адал», «шын пейілді», «адал жүрекпен», «шын ықыласпен» сияқты мағыналас тұлғалары дипломатиялық сөзқолданыста белсенді жұмсалмайды.

Сол сияқты «мүдделі» сөзінің орнын «арманы бір», «арман-тілегі ортақ», «мақсаты бір» синонимдес қатарлары алмастыра алмайды. Дипломатиялық тілде «заинтересованный» ұғымының аударма-баламасы – мүдделі делініп санада жатталды. Бұнымен қоса дипломатиялық тілде «тың серпін» - «жаңа серпін» ұғымдары синоним бола алмайды. Себебі орнын алмастыра алмайды. «Тың» - бұрын болмаған, алғашқы, жаңа мағынасында емес, тыңайған, қарқынды, ширақ, күшейген мағынасында жұмсалады. Сондықтан «жаңа» сөзімен синонимдес бола алмайды. Сондай-ақ «әріптес»/«серіктес» ұғымдары да дипломатиялық қатынаста жеке лексикалық мағыналары нақтыланғандықтан синонимдес бола алмайды. Дипломатиялық дискурста әріптес – бір мекемеде, бір ұйымда қызмет атқаратындар, партнер. Ал серіктес – екі мекемеде екі түрлі қызмет атқаратын, бірақ мақсаттары ортақ, мүдделері ортақ идеяластар, компаньон.

Бұл ретте дипломатиялық дискурста сөздің лексикалық мағыналарын таңдап қолдану ерекшелігі байқалады.

Дипломатиялық тілде қысқарған сөздер жиі қолданылады. Себебі ұйым, одақ, ірі холдинг, бірлестік атаулары қысқарған сөздерден жасалады:

ШЫҰ (ШОС) – Шанхай ынтымақтастық ұйымы.

ЭЫДҰ (ОЭСР) – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ЭЫҰ (ОЭС) - Экономикалық ынтымақтастық ұйымы

ЯСЖТСШ – Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт

ХЕҰ (МОТ) – Халықаралық еңбек ұйымы

ХВҚ (МВФ) – Халықаралық валюта қоры

ҮЕҰ (НПО) – Үкіметтік емес ұйымдар

ҰЭП (НЭП) – Ұлттық экономикалық палата

ҰҚШҰ (ОДКБ) – Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы

ТМД ҮБК (СРП СНГ) – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Үкімет басшылары Кеңесі

ПҮАЖ (САПП) – Президент пен Үкіметтің актілер жинағы.

ОАҚ (ЦАС) – Орталық Азия қауымдастығы

ОАЖД - Орталық Азия және Жапония диалогы

ИКҰ (ОИК) – Ислам конференциясы ұйымы

ЕЭҚ (ЕЭС) – Еуразиялық экономикалық қоғамдастық

ЕЭК (ЕЭК) – Еуразиялық экономикалық комиссия

ЕО (ЕС) – Еуропалы одақ

ЕКПА (ПАСЕ) – Еуропа кеңесі парламенттік ассамблеясы

ЕҚЫК – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақ келісімі

ЕАТО (ОЕАС) – Еуроатлантика келісімінің ұйымы

ДТҰ (ВТО) – Дүниежүзілік туристік ұйым

ДДҰ (ВОЗ) – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ГЫМҚ (МФГС) – Гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық қоры.

ЕурАзЭҚ (ЕврАзЭС) – Еуразия экономикалық қоғамдастығы

БҰҰ (ООН) – Біріккен ұлттар ұйымы

БСҰ (ВТО) – Бүкіләлемдік сауда ұйымы

Аталмыш ұйым атаулары дипломатиялық келіссөздер мен құжаттарда міндетті түрде қысқарған сөз күйінде беріледі. Құжаттарда қысқартулардың түсініктемесі болмайды. Демек, дүниежүзілік танымдағы қысқарған атаулардың бірнеше тілдегі аудармасын, жазылуын әрбір дипломат, сыртқы істер органында қызмет ететін тұлғалар білуге міндетті деп танылады.

Дипломатиялық атаулардың лексика-семантикалық қабатында халықаралық саммит, халықаралық форумның тақырыптары (атаулары) арнайы жинақталды әрі зерттелді.

Дипломатиялық басқосуларда алдымен бір мәселе төңірегінде сөз қозғалады. Бір басқосуда шешілмейтін мәселе болса, ол арнайы тақырыпқа айналады, яғни өзекті, көкейкесті мәселеге айналады. Саммит тақырыбы осылайша қалыптасады. Саммитте талқылау барысында аталмыш мәселені

шешетін ұйым құрылады. Саммит тақырыбы ықшамдалып ұйым атауына ұласады. Мысалы: түркітілдес мемлекеттердің басқосуында түркілік ортақтық, түркілік бірегейлікті қалыптастыру мәселесі талқыланды. Оны жүзеге асыру жоспарларын дайындап ортаға салу үшін «Түркі өркениетінің жаңа дәуірі: ортақ даму мен өркендеу жолында» тақырыбында саммит өткізілді. Осы мәселені талқылаудан кейін «Түркі кеңесі» ұйымы құрылды.

Демек, ұйым атаулары да ғаламдық өзекті мәселеден бастау алады. Дүниежүзілік мәселелер дипломатиялық басқосуларда талқыланатын болғандықтан, біз саммит тақырыптарын жинап, содан туындаған ұйым атауларын талдадық.

«COVID -19 пандемиясына қарсы күрес» саммиті. «Жаһандық Оңтүстік даусы» саммиті, «QS in conversation. Халықаралықынтымақтастықарқылытанымалдылықтыарттыру: ұтқырлық, тану, брендинг» саммиті, «ОрталықАзия – Ресей» саммиті. «Діни бостандықтың» халықаралық саммиті, «Ядролық қауіпсіздік» саммиті ұйым құруға бейімделу үстінде.

Дипломатиялық тілдің лексикалық қабатына Қазақстанмен дипломатиялық қарым-қатынастағы компаниялардың атауын енгіздік. Себебі олар дипломатиялық мәтіндерде жиі кездеседі:

«Тальго» компаниясы (Patentes TALGO S.A.)

«Тальго-Тұлпар» бірлескен кәсіпорны

«Эйрбас Милитари» корпорациясы

«Максам» компаниясы

«Лукойл» ААҚ

«ОНЛ»компаниясы

«NextLimitTechnologies» компаниясы

«Репсол» компаниясы

«Индра» компаниясы

«Телтроник» компаниясы

«Имабе Иберика» компаниясы

«MYPRE» компаниясы

«Индитекс» компаниясы. Компания атаулары тырнақшамен жазылған.

Дипломатиялық тіл ресми-іскери, публицистикалық стильде қатар рәсімделе алады. Дипломатиялық құжаттар тұрақты клишелермен рәсімделсе, дипломатиялық келіссөздер мен саммит, форум баяндамаларында стандарттылық босаңсиды. Стильдік еркіндік болады. Дипломатиялық әдеп сақталуы қатаң талап етіледі, дегенмен публицистикалық, ғылыми-көпшілік стиль шеңберінен ауытқымау керек. Дипломаттар тілінде авторлық окказионалды қолданыстардың жиі кездесетіні байқалды. Мысалы, Біз *«жаһандық мекенде»* өмір сүріп жатырмыз // Мы живем в *«глобальной деревне»*. Хуан Хосе Лукас (Испания Парламенті Сенаты Төрағасының бірінші орынбасары). Бұл бағдарлама айлар бойы *пысықталатын* мемлекеттік сапар емес, одан гөрі маңыздырақ: достық сапар болды.// При чем это не был

государственный визит, программа которого *шлифуется* месяцами, а что более важно: дружеский визит. (Луис Фрага «World Stability Observatory» компаниясының Президенті). Қазақстан Республикасы Президентінің реформалардың осынау *өршіл бағдарламасын* іске қосу үшін таяудағы жылдары жүргізуіне тура келетін жұмыстарына қарамастан, барынша сергек қалпында қалуы, достас халықтарға, әріптестері мен достарына түсіністікпен және шын пейілімен қарауы таң қалдырады // Несмотря на всю работу, которую предстоит провести в ближайшие годы Президенту Республики Казахстан для запуска столь *амбициозной программы* реформ, вызывают удивление его всеобъемлющая чуткость, понимание и благодушие к дружественным народам, партнерам, друзьям. (Луис Фрага «World Stability Observatory» компаниясының Президенті). Жалпы ортадан мемлекеттік маңызы бар мәселелерді ғана екшеп алмай, сонымен қатар *жағажайдағы құм түйірі сияқты електен өткізіп*, достық пен жеке қатынастарымызды, мәдени және саудадағы қызметімізді лайықты орнына қойғанда ғана, біз толыққанды табысқа қол жеткіземіз. (Акилино Мата – ҚР-ның Испаниядағы Құрметті Консулы Испания мен Қазақстан арасындағы қатынастардың ерекшелігі // Дипломатия жаршысы 2013 №1 43 бет).

Н.Назарбаев: «Қазақстанның басқа елдермен қарым-қатынасы *«таза парақтан»* дамып келеді» (Н.Назарбаевтың Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесуде сөйлеген сөзі –Астана, 2012ж 2 наурыз). Ақпараттық технология және оның мүмкіндігі барлық елдерді тәжірибе жүзінде прогреске *«қуалайды»*. (Н.Назарбаевтың Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесуде сөйлеген сөзі. Астана, 2012ж 2 наурыз). «Қуалаушы жаңғырту» әдісі, егер бұл *«сыртқы қымтану»* мәселелеріне қатысты болса, жекелеген дайындықсыз саяси қоғам өлшемдері жеміссіз болатынын көрмеске болмайды. Оны соңғы жылдар оқиғалары көрсетті. (Н.Назарбаевтың Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесуде сөйлеген сөзі. Астана, 2012ж 2 наурыз). Қазақстанның барлық елдермен қарым-қатынасы әрқашан *«жылы»* (Дипломатия жаршысы, 1999ж.)

Сонымен, дипломатиялық тілдегі окказионалды қолданыстар бейнелілікке қызмет етпейді, әсірелеуді де мақсат етпейді, айтылмақ ойды дәл жеткізу, автордың ойтолғамын дөп таныту мақсатында жұмсалады. «*Жаһандық мекен*» – автордың танымында жаһандануға ұмтылған ниет болғанмен барлық мекен жаһанданып үлгерген жоқ деген ойтүйсік бар. «*Өршіл бағдарлама*» бейнелі тіркесіндегі өршіл – қанша рет шектеу қойса да, жүзеге асатын қоғам сұранысындағы қайтпас мағынасында қолданылып тұр. Дипломатиялық сөйленісте метафоралардың қолданысы иллокутивті акт қалыптастырады, яғни сөйлеушінің коммуникативті діттемі осы бейнелі қолданыстарда жасырылады.

Қазіргі дипломатиялық тілде көне сөздер қатары кездеспейді, керісінше дипломатиялық мәтін жаңа сөздермен (неологизмдер) толығып жатыр. Қазақ тарихындағы дипломатиялық тіл хандардың хаттарынан бастау алады. Бізге

жеткен Абылай хан, Кенесары хан, Жәңгір хан, Тәуекел ханның Ресей патшасына, Қытай Патшасына жазған дипломатиялық хаттарының мазмұны да, тілі де қазіргі қазақ дипломатия тілінен өзгеше. Көне дипломатиялық хаттарда әскери көмек сұрау, қару-жарақпен қамтамасыз етуге көмек сұрау, аумақтық шекараға қатысты келіссөздер, тұтқындағы қазақтарды босатуға қатысты ұсыныстар, жайылымды жерге қатысты келіспеушілігін білдіру, Қытай елінен емдік шөп сұрау, т.б. мазмұндағы хаттар басым. Көне дипломатиялық хаттар мәнжу, қалмақ тілдерінде жазылғандықтан, моңғол, шағатай сөздері кездеседі. Мысалы: *Торғауыт тұтқындардың айтуларына қарағанда, ноян Датқа Алақұла, Құлжа және Хайнұқсынды жерлердегі улеттерді бастан бұрыттарға барып қосылмақ екен.*

Көне дипломатиялық құжаттар ескі қазақ жазба тілінің алғашқы нұсқалары болады. Көне дипломатиялық тілдің ерекшеліктерін С.Бөрібаева егжей-тегжейлі зерттеді [11].

Қорытындылай келгенде, дипломатиялық тілдің лексика-семантикалық қабаты дипломатиялық дискурсты айқындайтын сөзқолданыстарымен ерекшеленеді. Әрбір дипломатиялық құжаттың өзіндік клишелері мен стандартты сөзқолданыстары болады. Дипломатиялық дискурстың лексика-семантикалық қабатын терминдік тіркестер, қысқарған сөздер, бас әріппен жазылатын сөздер, окказионалды қолданыстар, саммит атаулары, халықаралық кәсіпорын атаулары, дипломатиялық қызмет, ранг атаулары мен құжаттар лексикасы құрайды.

1.2 Дипломатиялық терминдер және олардың баламасы

Дипломатиялық дискурсты құрайтын маңызды компонент – дипломатиялық терминдер. Соңғы жылдары жаһандану қарқынының күшеюіне байланысты әлемнің көптеген елдерінде келіссөздер кезінде өз ұстанымдарын нақты көрсету үшін өз тілінің дипломатиялық терминологиясын әзірлеу немесе жетілдіру қажеттілігі туындады. Уақыт өте келе дипломатиялық саяси лексикада стандарттар пайда болды. Қазіргі уақытта әлемдік лингвистикадағы дипломатиялық терминологияны зерттеуге ерекше назар аударылуда, өйткені жаһанданудың әсері бүкіл әлемдік қауымдастықты бұған мәжбүр етеді. Дипломатиялық терминді жан-жақты зерттеген шетелдік ғалымдар Э.Л. Кузьмин [12], Д. Вуд [13], П.Ф.Лядов [14], А.Ф. Борунков [15], Р.Дж Фельтхэм [16], т.б. мен отандық ғалымдардың Г.Т.Ахан [17], Б.Р. Құлжанова [18], К.А. Ашинова [19], А.Д Нугманова [20], А.А Мухамедина [21] зерттеулерін сараптай келгенде дипломатиялық терминологияда терминдерді екі үлкен топқа ажыратуға болады:

Дара терминдер (бір сөзді терминдер): елші, консул, мәлімдеме, келісім, аккламация, агент, т.б.

Күрделі (екі сөз және көп сөзді) терминдер: дипломатия арна, халықаралық сілтемелер, ведомствоаралық көшіру, халықаралық қатынас, вербалды нота, сенім грамотасы, т.б.

Дипломатиялық терминдерді мазмұнына қарай екі түрге жіктеуге болады:

- 1) саяси-дипломатиялық қызметтерге қатысты терминдер;
- 2) халықаралық-құқықтық терминдер.

Саяси-дипломатиялық қызметтерге қатысты терминдер өзге салаларда қолданылмайды, яғни ортақтаспайды. Бұл топқа енетін терминдер әдетте дипломатиялық лауазымдар, титул атаулары, дипломатиялық құжат атаулары: *құрметті консул, вице-канцлер, уәкіл, төтенше және өкілетті елші, елшіліктің кеңесші-өкілі, атташе*.

Халықаралық-құқықтық терминдер дипломатия, саясат, заң, құқық салаларында қолданылатын ортақ терминдер: *шарт, келісім, меморандум, саммит, делегация, келіссөз, құқық, құжат, т.б.*

Демек, дипломатиялық терминология – дипломатиялық қызмет, дипломатиялық құқық, дипломатиялық хаттама, дипломатиялық этикет және т. б. дипломатия салаларының терминдерін қамтитын күрделі динамикалық жүйе. Сондықтан дипломатиялық терминдердің едәуір бөлігін мынадай терминологиялық топтарға іріктеуге болады: дипломатиялық агенттер / өкілдер, дипломатиялық дәрежелер, дипломатиялық құжаттар, дипломатиялық рәсімдер, дипломатиялық сапарлар, дипломатиялық өкілдіктер, дипломатиялық құқықтар мен артықшылықтар, дипломатиялық тәсілдер.

«Дипломатиялық агенттер / дипломатиялық рангілер» тобына лауазымдар мен дипломатиялық дәрежелер енеді: *елші, төтенше елші, төтенше және өкілетті елші, атташе консул, бас консул, дипломат, дуайен, дипломатиялық корпусның старшинасы, вице-консул, дипломатиялық өкілдер және т. б.*

«Дипломатиялық құжаттар» тобына дипломатиялық құжаттардың атаулары енеді: *келісім, келісімшарт, естелік, жадынама, конкордат, конвенция, сенім грамоталары, кері қайтарып алу грамоталары, вербальды нота, хаттама және т. б.*

«Дипломатиялық рәсімдер» тобы: *шартқа екі жақты қол қою, конвенцияға келісім беру, аккредиттеу, төрелік, аралық сот, демарш, дипломатиялық қадам, денунциация, күшін жою, бұзу (шарт), экзекватура (шетелдік консулды тану туралы куәлік), экстрадициялау, шет мемлекетке қылмыскерді беру, ратификациялау, т.б.*

«Дипломатиялық қабылдаулар» тобына дипломатиялық бейресми кездесудегі терминдік сөзқолданыстар енеді: *ресми, бейресми; күндізгі, кешкі, швед үстелі, коктейль, т.б.*

Дипломатиялық терминологияның басты ерекшелігі – латын және француз тілінен енген терминдердің көп болуы және түпнұсқалығын сақтауы. Бастапқыда латын тілі дипломатиялық тіл ретінде қызмет еткендіктен, дипломатиялық саладағы халықаралық терминдердің көпшілігі латын немесе француз тілдерінен шыққан. XX ғасырда дипломатиялық тілдің терминологиялық жүйесіне сол кезде халықаралық тіл мәртебесіне ие болған ағылшын тілі әсер ете бастайды. Неміс тілі тілдің дипломатиялық жүйесінің даму фактілерінің сабақтастығында айтарлық рөл атқармайды. Сонымен, қазіргі неміс

тіліндегі дипломатиялық терминдердің көпшілігі жоғарыда аталған тілдерден алынған сөздерге қатысты.

Дипломатия тіліндегі кірме терминдерді екі түрге бөлуге болады: түпнұсқа кірме терминдер; калька терминдер.

Латын және француз тілдерінен алынған түпнұсқа кірме терминдердің белсенділігі осы күнге дейін жоғары. В. Джафаров "Дипломатия және дипломатиялық хат" еңбегінде дипломатия саласындағы жалпы әдеби тілдің бірқатар терминдері өте тар мағынаға ие болған, дегенмен, олар арнайы терминдерге айналды [2, 46 б.].

М. Д. Степанова дипломатиялық терминдердің классификациясын дара, туынды, күрделі терминдер деп ажыратады [22, 204 б.]

Зерттеу барысында халықаралық қатынас тілі болу мәртебесі, дипломатиялық тілдің ұлттық ерекшеліктері қарастырылды. Дипломатиялық терминдердің аударылу мәселесі анықталады.

Кез келген ғылым саласына тән тілдік жүйелілік дипломатиялық терминология саласына да тән. Қазақ дипломатиялық терминдерінің негізгі жасалу жолдары: а) жалпыхалықтық сөздерге терминдік мағына жүктеу; ә) халықаралық терминдер; б) калька тәсілімен жасалған кірме терминдер. Терминдердің басты ерекшелігі дара мағыналы болуында. Әйтсе де дипломатиялық терминдер арасында ана тілінің өзі мен кірме сөздің жарыспалы, синонимді қолданыстары ұшырасады, олар синонимдік қатар құрайды. Бұл құбылыс ана тіліндегі сөздердің өз ішінде мағыналас түрімен байланысын үзбегендіктен де болуы мүмкін. Төл терминдер мен кірме терминдер деп қарастырудың нәтижесінде ол терминдердің ара салмағы айқындалып, кірме терминдердің шығу төркіні жағынан қай тілдің сөздері екенін анықтай аламыз. Мысалы: *агрессия – басқыншылық; апартеид – оқшаулау саясаты; альтернат – теңдестік; дипломат – мәмілегер, контракт – келісімшарт; конфронтация – егес; пакт – келісім.*

Дипломатиялық терминдердің төл сөздерден қалыптаса бастауын БАҚ тіліндегі қолданыстан аңғаруға болады. Себебі қоғамдық мұқтаждық негізінде сөздер жаңа мәнге ие болып, олардың жаңа мағынасы бастапқы мағынасынан алшақтап, жаңа атау қызметін атқара бастайды. Мәселен, «ағым» сөзі көне түркі дәуірінен бері келе жатқан атау. 1. Бір нәрсенің ағуы, ағыс. 2. Беталыс, бағыт. Соңғы мағына негізінде дипломатиялық термин пайда болды. Дипломатия саласында ағым термині саяси бағытты, беталысты, жағымды, жағымсыз іс-шаралар барысын білдіреді. Мысалы, *Халықаралық терроризмге, радикалдық және компоративтік ағымдарға қарсы бірлесіп күресу қажеттігі атап көрсетілді* («Дипломатия жаршысы»). *Словакия Президенті өз сөзінде 2000 жылы екі елдің арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуында байқалған жағымды ағымдарға қарамастан, өзара сауда көлемін өсіру мен тауар айналымы құрылымын кеңейту қажеттігін атап өтті.* («Дипломатия жаршысы»).

Дипломатия саласының лексикасында қоғамдық саяси, мемлекет құрылысына қатысты терминдер өте аз болған, ал қазіргі кезде олар ана тіліміздің сөздік қорын байыта түсуде. Терминденуші сөздер тек жалпы қолданыстағы сөз болуы шарт емес, ол кәсіби сөз, архаизм болуы да мүмкін. Мысалы, *би, жандарал, жасауыл, жүзбасы, старшын, сұлтан, төре* көнерген сөздері қайта жаңа қолданысқа түсуде. Сондай-ақ *дуан* сөзі қазір *дуайен* (дипломатиялық корпуста қызмет атқарады) сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Сол сияқты *жаушы – қазір елші, жат елдік – қазір шетелдік, т.б.*

Қазақ тіліндегі дипломатиялық терминдерді сараптай келе, былай жіктеуді жөн көрдік: төл дипломатиялық терминдер; кірме дипломатиялық терминдер.

Төл дипломатиялық терминдер қазақтың сөздік құрамынан орын алған төл атаулар. Мәселен:

Одақтастық – ниеттестік, серіктестік, одақтас болушылық, серт. Сіздің маған жіберген хатыңыздан естіп отырмын: «Бізге денсаушылық тілей отырып, біздің қол астымызда жаулап алды деген жылқылар және тұтқындар бар депсіз». Ондай жағдай болған жоқ. Тұтқында ешкім жоқ. Егер ондай болса, онда қандай одақтастық болады. (1745 жылы 7 мамыр полковник Павлуцкийге Абылай ханның хаты.)

Марапаттау – мадақтау, дәріптеу. Сіз биылғы жылғы 15 наурыздағы хабарламаңызда тағы да ұсыныс жазыпсыз. Онда Абылай сұлтанды жақсырақ өзімізге тарту мақсатымен еркелетуді және Орынборда көбірек марапаттауды талап етіпсіз. (1759 жылы (қор 122, «Қырғыз-қайсақ ісі», тізім 1, іс 3) Орынбордың губернаторы, құпия кеңесші Давыдовқа Абылай ханның хаты).

Жүгініс – ру-қауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым. Алдыңа келсе жүгініс, Қарамай қара, ағына, Адалды сатып параға, Болыстың арам жағына (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

Бітім – екі араздасушы жақты татуластыратын белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам. Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков та, Омбы облысының бастығы граф Талызин де сендермен бейбітшілдік бітім жасар түрі жоқ (І. Есенберлин, Қаһар).

Құпия хат – жасырын хабарлама. «Құпия хат. Қырғыз-қайсақтың жерінде мына жағдайларды барлап білу қажет: 1. Олардың жасырын әскерлері қай жерлерде орналасқан, қандай мекенде, саны қанша, Ресей жерінен қашықтығы қанша? 2. Оның тұрақты әскері бар ма? Қанша, қай жерде? Оның бас старшындары кім? 3. Абылай сұлтанның негізгі мақсаты не? Негізгі басшылары кім? Менің жіберген хатыма жауап болмады. Ол хат кімнің қолына берілген? (1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Бөтен ой – жат ой, қарсы пікір. Қырғыздардың басқадай бөтен ойлары бар ма? Көріні елдермен қарым-қатынастары бар ма? Соғыс қаупі туып тұрған

жерлері жоқ па? (1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Келісім - тараптардың бәсекені шектеуге немесе жоюға бағытталған шарттық қатынасы. Келісім терминінен бірнеше күрделі терминдер тарайды: *авторлық келісім, өңірлік келісім, агенттік келісім, өтемақылық келісім, ұлтаралық келісі, халықаралық келісім, төрелік келісім, аралық келісім, екіжақты келісім*, т.б.

Кірме дипломатиялық терминдер – өзге тілдің түпнұсқасымен кірген терминдер. Мысалы:

Демарш – Үкімет, Сыртқы істер ведомствосы басқа мемлекеттің үкіметі алдында қолданатын дипломатиялық акция.

Декларация– мемлекеттер өздерінің сыртқы және ішкі саясатының принциптерін жариялайтын немесе нақты мәселелер бойынша өз ұстанымдарын білдіретін бір, екі немесе көпжақты мәлімдеме.

Экстрадиция – бұл мемлекетке қарсы қылмыс жасаған адамды шет мемлекетке беру.

Коммюнике – дипломатиялық құжаттың бір түрі, дипломатиялық келіссөздердің салдары туралы ресми хабарлама.

Конвенция– келісім, бірқатар арнайы мәселелер бойынша халықаралық шарт.

Кондоминиум – екі немесе бірнеше мемлекеттің бір аумақта жоғарғы билікті бірлесіп жүзеге асыруы.

Қазақ-түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдерді қарастырған ғалым Г.Бегімованың зерттеуі бойынша «дипломатиялық терминдерді көне түркі жазба мұраларынан да іздеп табуға болады. Мысалы, ел, ел болу, будун, ұлық сөздері түркі дипломатиялық терминдерінің негізі» [23, 40 б.].

К.Ашинованың зерттеуінде қазақ тіліндегі халықаралық дипломатиялық терминдер екі топқа бөлінді. Екі компоненті де өзге тілден енген терминдер және бір компонент кірме сөз, ал екінші компоненті төл сөз болған терминдер. [24, 43 б.]

Ағылшын тіліндегі халықаралық терминдер терминологиялық мағыналарына қарай топтасады. Ғылым саласы ретінде дипломатиялық терминология терминологиялық лексиканың үш тобынан тұрады: дипломатиялық терминология, халықаралық құқық терминологиясы және әлеуметтік-экономикалық терминология.

Қазақтың дипломатиялық тіліндегі терминдерді осылай ажырата аламыз ба? Мәтіндік талдау жүргізелік. №1 мәтін.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткен екіжақты келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы өз сөзінде шақыруын қабыл алып, Астанаға ресми сапармен келгені үшін Әзербайжан Президентіне ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі сапардың маңызы ерекше. Екі ел арасындағы байланыстар өзара сенімге және қолдауға негізделген. Яғни, екіжақты ықпалдастықты одан әрі нығайтуға мол мүмкіндік бар. Біз бүгін шағын және кеңейтілген құрамда мазмұнды келіссөздер өткіздік. Сауда-экономика, көлік-транзит, энергетика салаларындағы қарым-қатынасты дамыту мәселесін талқыладық. Сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық байланысты тереңдетуге қатысты бірқатар уағдаластыққа қол жеткіздік. Осы сапардың нәтижелері Қазақстан мен Әзербайжанның қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтереді деп сенемін, – деді Президент.

Мәтіндегі дипломатиялық терминдер:
кеңейтілген құрам (күрделі термин)
екіжақты келіссөз (күрделі термин)
бірлескен мәлімдеме (күрделі термин)
ресми сапар (күрделі термин)
екіжақты ықпалдастық (күрделі термин)
мәдени-гуманитарлық байланыс (күрделі термин)

Байқағанымыздай, қазақтың дипломатиялық тілінде кірме термин кездеспеді. Демек, кірме дипломатиялық терминдер сәтті аударылып, тілдік қолданысқа етене енгені аңғарылады.

№2 мәтін.

Қасым-Жомарт Тоқаев Изабель Дюмонға ілтипат білдіре отырып, жолдаған игі сәлемі үшін Президент Эмманюэль Макронға алғыс айтты. Сондай-ақ Франция Қазақстанның Еуропадағы басты саяси және экономикалық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Кездесу барысында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға бағытталған екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту перспективалары талқыланды.

– Өткен жылы 29 қарашада Франция Президентімен өткен кездесуден үлкен әсер алдым. Біз 2 сағаттан астам уақыт бетпе-бет форматында екіжақты қатынастар мен елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жөнінде әңгімелестік. Сондай-ақ халықаралық аренада қалыптасқан ахуал туралы пікір алмастық. Франция – Қазақстанның жетекші саяси және экономикалық серіктестерінің бірі. Біз екі ел арасындағы ынтымақтастықты, сіздің еліңіздің халықаралық аренадағы рөлін және Францияның экономикалық әлеуетін жоғары бағалаймыз. Сіздің еліңіз 2008 жылғы маусымда Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің арасында бірінші болып Қазақстанмен стратегиялық серіктестік туралы шартқа қол қойды. Биыл біз осы маңызды құжаттың он бес жылдығын атап өтеміз. Елдеріміз арасында барлық деңгейде белсенді және сенімді саяси диалог орнағанын тағы да атап өткім келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Мәтіндегі дипломатиялық терминдер:
экономикалық серіктестік (күрделі термин)
уағдаластық (дара термин)

екіжақты қатынас (күрделі термин)
ынтымақтастық (дара термин)
халықаралық арена (күрделі термин)
экономикалық серіктес (күрделі термин)
стратегиялық серіктес (күрделі термин)
шарт (дара термин)
саяси диалог (күрделі термин)

Қазіргі қазақ дипломатиялық дискурсында төл терминдердің қолданыс айналымына түсуі жеделхат мәтіндерінен анықталды. Мысалы:

Ықтиярхат – виза
Шабарман – дипломатиялық курьер
Ықыласнама – сенім грамотасы
Қалаулы адам – персона грата
Қалаусыз адам – персона нон грата
Дуайен – ақсақал
Мақұлдау – агреман
Бекіту – ратификация
Ортақ келісімге келу – консенсус.

Қорыта келгенде, дипломатиялық терминдердің тарихы сонау латын тілінің халықаралық тіл ретінде қызмет ету кезеңінен бастау алады. Демек дипломатиялық тілдің тарихы да тереңде жатыр. Қазақтың дипломатиялық терминдік қорында да көне дипломатиялық терминдер елеулі орын алады. Дегенмен, қазіргі қазақ дипломатиялық қарым-қатынасында қазақтың төл терминдері белсенділікке ие болған. Демек, кірме терминдер аударылып төл терминдердің жұмсалымы арта түскенін аңғарамыз.

Дипломатиялық терминдер дискурстың негізгі құрамдас бөлігі болғандықтан сәтті коммуникациялық тілдесімді жүзеге асыруда қаншалықты маңызды екенін нақтылау үшін мәтінге талдау жүргізілді. Дипломатиялық дискурста тән терминдер теңгерімі де прагматикалық деңгейі тепе-тең болуы шарт деген қорытынды жасаймыз.

1.3 Дипломатиялық құжаттар: түрлері мен рәсімделуі

Дипломатиялық дискурстың жарқын көрінісі – коммуникация. Дипломатиялық коммуникацияны қалыптастыратын дипломатиялық келіссөздер. Келіссөздердің шешуші мүддесі – тараптардың бітімгерлікпен құжаттарға қол қоюмен аяқталуы. Құжатпен рәсімделген келісімдер мен келіссөздер – уағдаласудың жазбаша нұсқасы. Сондықтан дипломатиялық құжаттар – екі тараптың белгілі бір мәселеге қатысты уәделерін растайтын дәйекті құрал. Дипломатиялық құжатта екі не одан да көп тараптың қызығушылығы мен мүдделі жоспары заңдастырылатын болғандықтан сауатты болуы маңызды. Сондықтан өнер және жазудың сауатты үлгісі болып табылатын дипломатия үшін дипломаттардың сапалы рәсімдеу шеберлігін үздіксіз дамыту қажеттігі туындайды. Дипломатиялық қызметтің формалары өте

алуан түрлі, олардың әрқайсысы – байланыс орнату, келіссөздер жүргізу, ақпарат іздеу және жинау, шетелде түсіндіру жұмыстарымен ерекшеленеді.

Дипломатия үшін ең маңызды қызмет – құжаттарды рәсімдеу: шет мемлекеттердің өкілдерімен дипломатиялық хат алмасу, ресми және жеке, ведомствоішілік хат алмасу, ең алдымен өз елінің Сыртқы істер министрімен, өз елшіліктерімен, Үкіметпен, Президентпен, басқа министрліктермен дипломатиялық құжаттарды әзірлеу.

Министрліктің жоғары және орта дәрежелі дипломаттарының уақытының 80-90% құжат рәсімдеумен өтеді. Құжаттардың жартысынан көбі елшіліктердегі дипломаттардан алынады. Құжаттарға ерекше талаптар қойылады, өйткені жіберілген дипломатиялық құжаттарды түзету мүмкін емес, ал болар болмас қателіктер ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Дипломатиялық құжаттарды немесе қызметтік хабарламаларды тілдік рәсімдеудегі немқұрайдылықтың салдарынан бірнеше сөзге байланысты түсініспеушіліктер ғана емес, тіпті күрделі жағдайлар ушығуы мүмкін.

Көптеген мамандықтардың өзіндік, нақты жазу стилі бар. Әрине, дипломаттарда да бар. Көбінесе оны бұқаралық ақпарат құралдарының стилімен шатастырады, өйткені екеуінің де тақырыбы бірдей оқиғалар, адамдар, тақырыптар. Алайда, олар бір-бірінен өте ерекшеленеді және эпитеттердің, салыстырулардың, кейде асыра сілтеулердің көптігімен сипатталатын журналистік стиль (материалды қызықты және тіпті сенсациялық ету үшін) дипломатия үшін қолайсыз. Мүмкін, дипломатиялық хат алмасу үшін ең жақын стиль – бұл қатаң ғылыми, әдеби стильдің үйлесімі болғаны орынды. Дипломатиялық құжатта тәуелсіз мемлекеттің құқықтарын, қадір-қасиетін, беделін кемітетін мазмұнға жол берілмейді. Бұл – дипломатиялық құжаттың прагматикалық заңдылығы. Дипломатиялық құжат – кімге бағытталғанын құрметтейтінін көрсететін құжат. Әдетте, құжат комплименттен басталып, комплиментпен аяқталады. Сондықтан оның прагматикасы күшті. Комплиментарлы лексикасы басым құжаттарда локутивті акт мүддесі көзделеді, яғни бір нәтижеге жету тактикасына құрылады. Тіпті қатты наразылық білдірген құжаттарда да әдетте хаттамалық құрмет формулалары қолданылады, ал хаттамалық формуланың өзі (комплимент) мемлекеттер арасындағы қатынастардың құрмет дәрежесі мен сипатын көрсетеді. Дипломатиялық құжат, әдетте, белгілі бір фактілерді бағалауды, олардың сипаттамасын, мемлекеттің оларға қатынасын ғана емес, сонымен қатар ұсыныстарды, алдағы қадамдар туралы ақпаратты және белгілі бір келісімді бекітуді қамтиды. Осы орайда дипломатиялық құжаттың рәсіміне тоқталайық.

Сөз бастау клишелері:

Құрметті Елші мырзалар мен миссиялардың басшылары!

Ханымдар мен мырзалар!

Қымбатты достар!

Ұлы мәртебелілер! (Ваше превосходительство)

Құрметті әріптестер!

Сөз аяқтау клишелері:

Назарларыңызға рақмет!

Ықыластарыңызға рақмет!

Бір кездері ең көп таралған дипломатиялық құжаттар жеке ноталар болды. Министрлік тарапынан жеке ноталардың орнына ауызша ноталарды қолданысқа енгізгенде, екі ел арасындағы қарым-қатынаста риясыз достық жоқ дегенді білдірді. Бірақ кейіннен ауызша ноталар дипломатиялық хат алмасу нормасына айналса да мемлекеттер арасындағы қатынастардың жай-күйін дәл көрсете алмады.

Дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлері: жеке, ауызша ноталар, естелік жазбалар, меморандумдар. Дипломатиялық тәжірибеде дипломатиялық хат алмасудың ең дәстүрлі түрлері мыналар:

Жеке нота принципті маңызы бар мәселелер бойынша жіберіледі немесе қандай да бір ірі оқиға туралы ақпаратты қамтиды. Ол эксклюзивті сипатқа ие, толық бағдарлама бойынша ресімделеді. Нота бірінші тұлғада қол қоюшының атынан жасалады және өтініштен басталады. Нота комплиментпен аяқталады (сыпайылық формуласы), онда автор "өзінің құрметіне куә болады". Комплименттің сипаты өзара қарым-қатынас принципін ескеруі керек, әсіресе жауап нотасы жіберілген жағдайда.

Ауызша нота. СІМ мен елшіліктер дипломатиялық хат алмасуды негізінен ауызша ноталар жіберу арқылы жүргізеді. Ауызша ноталар көптеген мәселелерді қарастыру және шешу үшін қолданылады. Олар екіжақты және көпжақты сипаттағы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да мәселелерді баяндайды.

Вербалды нота.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

№ 3/1 ЕМК

Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Елшілігіне өзінің құрмет сезімін куәландырады _____ бар оның нотасын № 0108 жылғы _____ ақпан 19 _____ жылғы " хабарлау құрметіне ие, ол Қазақстанның құзыретті органдары қарсылық мақсаттағы авиация генерал-майоры _____ әскери және әскери-әуе атташесі Елшілігі жанындағы _____ Қазақстан Республикасы Министрлігі бұл мүмкіндікті елшілікке өзінің ең жоғары құрметіне деген сенімін қалпына келтіру үшін пайдаланады.

Алматы, _____ Ақпан 20 _____ жыл

Елшілікке

Астана қ.

Жаднамалық жазба. Дипломатиялық тәжірибеде дипломатиялық жаднамалық жазбаның екі түрі кездеседі: 1) Алушының өз қолына тікелей берілетін; 2) курьер арқылы жіберілетін. Жаднама хат өзінше жеке құжат немесе вербалды нотаға қосымша құжат ретінде жіберілуі мүмкін. Мұндай хаттың

мақсаты – мәселенің әрі қарай жылжуын жеңілдету, ресми сұхбат, ауызша мәлімдемені дұрыс түсінуді қамтамасыз ету.

Меморандум – жеке құжат немесе вербалды нота және жеке нотамен бірге жіберілетін дипломатиялық құжаттың бір түрі. Оның басқа құжаттардан ерекшелігі – кез келген мәселе нақты және құқықтық негізге сүйеніп көрсетіледі. Австриялық дипломат Х.Вильднер пікірінше, меморандум мәселені объективті түрде қарастыруға мүмкіндік береді [15, 98 б.].

Жартылай ресми сипаттағы жеке хат – дипломатиялық корреспонденцияның таныс ресми тұлғаларға жіберілетін түрі. Ол, әдетте, кей мәселелерді шешуде автордың мүдделерін көрсеткісі келмей, болып жатқан жағдайларға, оқиғаларға жеке өзінің көзқарасын, қатынасын білдіргісі келгенде жазылады.

Декларация – мемлекеттердің, үкіметаралық және халықаралық ұйымдардың саяси, халықаралық қатынас, халықаралық құқық салаларындағы қағидаларын анықтайтын біржақты, екіжақты және көпжақты акт болып табылады. Декларацияның үлкен саяси-дипломатиялық мағынасы бар және ол мемлекеттік деңгейде қабылданады.

Мәлімдеме – халықаралық өмірдегі белгілі бір мәселелерге байланысты ресми көзқарасты білдіреді. Мәлімдеме нақты мемлекетке байланысты жасалмайды және ресми жауапты қажет етпейді. Нота, меморандумға қарағанда, мәлімдеменің мазмұны айрықша маңызға ие.

Жеделхат – БАҚ-та, телеарналарда жарияланатын дипломатиялық құжаттың бір түрі. Ол мемлекет, үкімет, парламент басшыларының атынан ұлттық мереке, көңіл айту, белгілі бір қызметке тағайындалуына байланысты жіберіледі. Жеделхат қысқалығымен және саяси маңыздылығымен ерекшеленеді. Оған жауап берілуі тиіс.

Коммюнике – халықаралық келіссөздердің барысы немесе халықаралық шарттардың қабылдануы жөніндегі ресми хабарлама. Ол қысқа немесе кеңейтілген түрде болады. Коммюнике жалпы хабарлау ретінде болса, бірлескен мәлімдеме – көпжақты халықаралық немесе екіжақты мәселелердің бар екендігін көрсететін құжат. Коммюникенің тілі ықшам әрі нақты болады [25, 54 б.].

Дипломатиялық іс жүргізуге ішкі айналымдағы жазбалар да енеді. Яғни ақпараттық-анықтамалық материалдар, қабылдаушы мемлекеттің, дипломатия әлеміндегі мемлекет, қоғам қайраткерлерінің саяси мінездемесі, баспасөзге шолу, дипломатиялық қызметтестер сұхбатының жазбалары, консулдық жылдық және статистикалық есептер, консулдық хат-хабар алмасу жазбалары.

Жалпы дипломатиялық тіл екі түрлі мағына береді. Біріншіден, ресми қарым-қатынас, келіссөздер жүргізілетін және халықаралық құқыққа негізделген тіл; екіншіден, қалыптасқан дипломатиялық терминдер мен сөз тіркестері.

1994 жылы «Атамұра» баспасынан «Екі тілде іс жүргізу: сөздік-анықтамалық» [26] атты еңбек дипломатиялық ісқағаздарын қазақша рәсімдеудің бастамасына көмекші құрал болды. Бұдан кейін Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрлігі тапсырысымен 2004 жылы "Қазақ және орыс тілдерінде дипломатиялық іс жүрізу" сөздік-анықтамалығы жарық көрді [27]. 2008 жылы Алматының «Арда» баспасынан шыққан құрастырушы-автор М.Кәрібайдың «Дипломатиялық хат алмасу (үлгілер)» еңбегі бүгінгі күнде аса зәру әрі күрделі мәселенің бірі – дипломатиялық құжаттарды, ресми іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жазу, оқу, дамыту және бір ізге түсіру тұрғысынан жазылған [28].

Дипломатиялық құжаттар негізінен дипломатиялық ісқағаздардан құралады. Дипломатиялық ісқағаздарына шақыру, сенім грамотасы, кері шақыру грамотасы, дипломатиялық нота, дипломатиялық хаттама, құттықтау нотасы, консулдық шарт, мемлекетаралық келісім, дипломатиялық келіссөз, декларация, коммюнике, ант, т.б. жатады.

Шақыру билеті елші менжұбайының атынан үшінші тілде жазылады. Онда қабылдау өтетін орынның нақты мекенжайы, күні мен уақыты көрсетіледі. Осы іс-шараға шақырылғандар өздерінің қатысуын растай немесе өзгерте алуы үшін елшіліктің телефон, факс нөмірлерін және электрондық адресін міндетті түрде көрсетуі қажет. Ол үшін байланыс координаттарының алдына латынша R. S. V. P. (жауап беруді өтінеміз) таңбалары қойылады. Бұл ретте қазіргі заманғы тәжірибеде «тек бас тартулар үшін ғана» ремаркасы кеңінен пайдаланылады. Әсіресе ол егер шақырылғандардың есебі жүзден саналатын кезде қажет. Қабылдауға қатысуын растау (немесе келмеу) шақырылған адам үшін жақсы шырай білдірудің ережесі болып саналады. Өйткені қабылдауды ұйымдастырушылар қонақтардың құрамы мен саны туралы қабылдауға дейінгі санаулы күндердің ішінде мәлімет алады. Қазіргі уақытта халықаралық дипломатиялық тәжірибеде шақыру билетінде киім үлгісін көрсету барған сайын сиреп барады. Бұл бір жағынан, мәдени дамудағы қоғамның түрлі жетістіктерін жалпы теңестіруді білдірсе, екінші жағынан, қабылдауды жеңілдету үрдісіне сай келеді. Соған қарамастан тәжірибе мына жайтты көрсетеді: осы жағдайда смокинг пен кешкі көйлек киген қонақтар қатарында джинс, күрте киген, шаш үлгісі өзгеше қойылған қонақ болуы мүмкін.

Шақыру билетінде сондай-ақ іс-шараға демеушілік қолдау көрсеткен адамдар мен компаниялардың аттары жиі көрсетіледі. Барлық қонақтардың айқын координаттарын тарату кезінде болу үшін шақыруларды елшілік байланыстардың тізімін нақтылау жөніндегі жұмыс мұқият қатар жүргізіледі. Шынтуайтында, әрбір елшілікте бар тізіммен жұмыс істеу жаңа байланыстардың пайда болуы мен ескілердің өзгеру шамасына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елшіліктер мен басқа да мемлекеттердің соңғы жылдың ішінде жасаған барлық қабылдаулардың есебін жүргізу керек. Мәселен, егер қайсыбір дипломатиялық өкілдік өзінің қабылдауына сіздің елшіліктің бірнеше қызметкерін шақырса, онда осы іс-шара өкілдерінің тепе-теңдік негізде сондай құраммен шақырылуына қамдану қажет. Қағида бойынша ТМД елдерінің елшіліктері кеңейтілген құрамда шақырылады. Мүмкіндігіне қарай шақыру билеттерін жеткізуді

бақылау керек. Кейде егер белгілі бір уақыт ішінде қонақтан жауап болмаса, онда шақыру билетін факс немесе электронды пошта арқылы қайта жіберген жөн.

Сенім грамотасы - тұлғаның басқа елге дипломатиялық өкіл болып тағайындалғандығын куәландыратын құжат. Тағайындалған елдің мемлекет басшысына тапсырылады. Елшілерге, уәкілдерге және арнаулы (төтенше) делегациялар басшыларына беріледі. Грамота византия тілінен – grammata – жолдаулар, жарлықтар, сондай-ақ кез келген жазбаша құжаттар мағынасын білдірген.

Сенім грамоталары – дипломатиялық өкілді аккредитациялайтын құжат. Дипломатиялық өкіл миссиясының және жеке өкілдің өкілдік (дипломатиялық) жеке сипатын куәландырады. Сенім грамоталары бір мемлекет басшысының екінші мемлекет басшысына елшілер мен уәкілдерге арналып, белгіленген нысанда жазылады және тиісті қолдармен, мөрлермен расталады. Мемлекет басшысының қолы Сыртқы істер ведомствосының басшысы қолымен бекітіледі. Сенім грамоталары жіберуші мен алушының атын және титулын, дипломатиялық өкілдің аты мен рангін, соңғысының барлық қатынастарда атап айтқанда, осы мемлекеттің өкілі ретінде «сенім өтінішін» құрайды. Кейде сенім грамоталарында дипломатиялық миссияның уәждері мен мақсаттары, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың жағдайы қысқаша жазылады. Сенім грамоталары мемлекет басшысының алғашқы қабылдауы кезінде дипломатиялық өкілмен тапсырылады[30]:

Сенім грамотасы

Жоғары мәртебелі!

Халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы достық қатынастарды дамытуды көздей отырып, мен _____

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі етіп тағайындауды мақұл көрдім. _____

Мырзаны осы Сенім грамотасымен тіркей отырып, Жоғары Мәртебелі, оны ізгі ниетпен қабылдауыңызды, бұл кісінің менің атымнан және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Сізге баяндағандарының бәріне қалтқысыз сенуіңізді өтінемін.

Н.Назарбаев

Сендіруші Қ.Тоқаев
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

Астана 2006

Дипломатиялық нота– халықаралық құқықтағы дипломатиялық хат алмасу құжатының түрі. Дипломатиялық нота – бір мемлекеттің үкіметі атынан екінші елдің үкіметіне дипломатиялық ресми үндеу жолдау. Ол вербалды және

жеке болып екіге бөлінеді. Дипломатиялық тәжірибеде вербалды нота жиі қолданылады. Бұл құжат үшінші жақта құрастырылады, ноталық бланкіде жазылады және қол қойылмайды, оған сыртқы істер ведомствосының немесе дипломатиялық өкілдіктің мастикалық мөрі басылады және мекенжайы көрсетіледі.

Жеке нота әдетте маңызды қағидатты мәні бар мәселелерге қатысты немесе болып жатқан елдің дипломатиялық протоколдың бекітілген талаптарына сәйкес белгілі бір оқиға туралы ресми ақпарат немесе жеке нотаға жауап ретінде жіберіледі. Мұндай нота хат түрінде болады, қол қоюшының атынан бірінші жақта жазылады, ноталық бланкіде басылады, мекенжайы көрсетіледі, мөр басылмайды. Жеке және вербалды ноталарда жазылатын мәселелер нақты реттелмейді. Бұл жерде болып жатқан елдің салт-дәстүрлері және қолданыстағы тәжірибесі басшылыққа алынады. Мысалы, ҚР мен Жапония арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы ноталар алмасуы болды [29].

Құттықтау нотасы

Астана қаласы

200_____

Жоғары Мәртебелі, _____

Пәкістан Ислам Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күніне орай Қазақстан халқы мен өз атымнан шын жүректен құттықтауым мен шынайы лебізімді жолдағым келеді.

Осы орайда, екі ел арасындағы түрлі саладағы әріптестікті қамтамасыз етуге және екі ел экономикалары байланысын тереңдетуге бағытталған ынтымақтастықтың дамуын жоғары бағалаймыз.

Жоғары Мәртебелі, өзіңізге зор денсаулық және бақыт, достас Пәкістан халқына гүлдену тілегім келеді.

Жоғары Мәртебелі _____ мырзаға

Пәкістан Ислам Республикасының

Президенті

Исламабад

Дипломатиялық құжаттарды рәсімдеуде жиі кездесетін сөз тіркестері, мәтін үлгілері. Сөз тіркестері: мәлімдемеге қол қойылды, хаттамаға қол қойылды, ноталар алмасу, коммюникеге қол қою, құттықтау табыс ету, сенім арту, меморандумға қол қойылды, меморандум қабылданды, комиссия штаб-пәтеріне келіп қайтуға шақырды.

Визит карточкасы.

Визит карточкалары алғаш рет Францияда XVI ғасырда қолданыла бастады. Онда тұлғаның аты-жөні ғана емес, тектік таңбасы да көрініс тапқан. Кейін осындай визиттік этикет қалыптаса бастады. Визит карточкасын беру «сізбен кездесуге даярмын» деген мағынаны білдірген. Бұл – коммуникацияның прагматикалық мағынасы. Ағылшын, француз, жапон тіліндегі визит карточкаларында орыстар секілді әкесінің аты (отчество) жазылмайды.

Визит карточкаларының бірнеше түрлері болған. Құттықтау, тілек білдіру мақсатында берілетін, алғыс айту, игілікті білдіру, көңіл айту, тұлғаны сырттай таныстыру, танысқанына қанағат ету, сырттай қоштасу, жаңа жыл мерекесімен құттықтау мақсатында берілетін визит карточкаларының сол жақ төменгі бұрышында бас әріппен қысқаша белгілері тұрады.

Мысалы:

r.f. - pour feliciter - құттықтау, тілек білдіру,

r.r - pour remercier - алғыс айту, игілікті білдіру

r.c - pour condoleance - көңіл айту

r.p - жаңадан келген дипломатиялық тұлғаның сырттай таныстырылуы

r.f.c - таныстырылғанға қанағат ету;

r.p.c - сырттай қоштасу (қабылдаушы мемлекеттен мүлдем кеткен уақытты жеке кездесудің орнына)

r.f.N.A - Жаңа жыл мерекесімен құттықтау.

Іскерлік хаттың құрамы әдетте үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлім - кіріспе, екінші бөлім - негізгі, ақпараттық, үшінші бөлім - қорытынды, ақпаратты қорытындылайды және одан әрі ынтымақтастық тілектерін қамтиды. Іскерлік қарым-қатынастағы барлық сөйлеу әрекеттерін сұрауларға, хабарламаларға, ұсыныстарға және растауларға бөлуге болады. Жазу құрылымы келесідей болуы мүмкін:

- Сұраймыз...

- * Сондай-ақ сұраймыз...

- * Хабарлаймыз...

- * Бір уақытта хабарлаңыз...

Хаттың бірінші бөлімінде әдетте нақты орын алған фактілер, оқиғалар (сілтеме, мотивация, сұрақ) туралы ақпарат болады; екінші бөлім қажетті, болжамды оқиғаларды атайды.

Стандартты тіркестер етістіктің құрылымымен көрсетілген негізгі ақпаратты алдын-ала алады және стандартты сөйлеу жағдайларына сәйкес келеді:

- этикет рәсімдері: алғыс айтамын, үміт білдіремін, ризашылығымызды білдіреміз, сәттілік тілейміз, кешірім сұраймыз, көңіл айтамыз;

- растаулар, мәлімдемелер: растаймыз, сендіреміз, мәлімдейміз, жариялаймыз;

- талаптар, өтініштер: бұйырамын, қаулы етемін, талап етеміз, сұраймыз, сізге өтінішпен жүгінеміз;

- уәделер: кепілдік береміз, сендіреміз, міндеттейміз;

- ескертулер;

- ұсыныстар: ұсынамыз.

Хат дизайнының дәлдігі, қателіктердің болмауы, материалдың орналасуының көркемдігі – мұның бәрі адресаттың сізге деген құрметін тудырады. Іскери хаттар кез-келген уақытта мұқият және ұқыпты, қатесіз немесе

артық сипаттамасыз, қатаң түрде жазылуы керек. Тақырыптан қолтаңбаға дейін жазбаша іскерлік этикетті сақтау талап етіледі.

Тарау бойынша түйін

Дипломатиялық дискурс –екі тарапты, тіпті әртарапты сөйлеу актілері мен жанрларына құрылған коммуникативті жағдаятты қалыптастыратын сөйленіс жүйесі. Дипломатиялық дискурсты құрайтын қатысымдық (тілдесімдік) компонент – дипломатиялық тіл. Дипломатиялық дискурсты зерттеу барысында оны құрайтын дипломатиялық тілді үш тармаққа бөліп қарастырдық:

1. Дипломатиялық лексика
2. Дипломатиялық термин
3. Дипломатиялық құжат

Дипломатиялық тілдің лексалық қабатында дипломатиялық синонимдер анықталды. Теңмағыналас сөздердің дені дипломатиялық терминге қазақ тіліндегі балама атауының қатар қолданылуынан туындап отыр. *Дипломатия – мәміле; елші – посол; жеке нота – жеке жазба; жадынама – заметка. Келісімшарт – контракт*, т.б.

Дипломатиялық тіл екі бағытта дамып отырады: 1.Стандартталған тұрақты клишелер. Көңіл айту жеделхаты, құттықтау жеделхаты, алғыс білдіру жеделхатында тұрақты клишелер мен шаблонға салынған дайын фразалар жазылады: қайғыңызға ортақпыз, орны толмас қайғы, жақындарыңызға көңіл айтамыз.2. Саяси-дипломатиялық лексика. Дипломатиялық құжаттардың мақсатына орай сөзқолданыстарының мазмұнына шектеу қойылады. Мәселен, ресми келіссөз кезінде терминдік жүйе қызмет етеді: әріптестік, серіктестік, ынтымақтастық, уағдаластық, сындарлы саясат т.б. Ресми дипломатиялық қарым-қатынаста қатаң сөйленіс стилі сақталады. Ал бейресми кездесулерде сөз еркіндігі бар. Әдеби тіл аясындағы перифразаларды қолдануға еркіндік беріледі. Мәселен, *көршілес ел – бауырлас ел; Қазақстан – Ұлы дала елі; өзбек – өз ағам*, т.б.

Дипломатиялық терминдер құрылымына қарай дара, туынды, күрделі терминдер болып, мағынасына қарай кірме және төл дипломатиялық терминдер болып бөлінді. Дипломатиялық құжаттардың қызметі мен рәсімделу ережелері түсіндірілді. Дипломатиялық тіл екі түрлі ұғымды білдіреді. Біріншіден, бұл ресми дипломатиялық қатынастар жүргізілетін және халықаралық шарттар жасалатын тіл. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Дипломатиялық хат алмасуда әдептілік пен сыпайылық талаптарын сақтау, осы дипломатиялық құжат жіберілетін елдің қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өткір сөздерден аулақ болуды ұстану көзделеді. Дипломатиялық құжаттар – бұл мемлекеттік қағаз. Дипломатиялық құжаттардың тілінде стилистикалық кемелдік, сөз тіркесінің үйлесімі мен ұйқасына қол жеткізу емес, мазмұнға абсолютті сәйкестік, осы мәселе бойынша мемлекет саясатының ұстанымын, мағынасын дәл білдіру өте маңызды.

II ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРС - ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ДИСКУРСТЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ (КОММУНИКАТИВТІ АСПЕКТ)

Дискурс дептілдің әлеуметтік қолданылуы, әлеуметтік жағдаяттардағы қолданылатын тілді айтамыз. Дискурс әлеуметтік ортаның қабылдауына өте тығыз байланысты, өйткені А. ван Дейктің айтуынша «Дискурс сананы бақылайды, ал сана әрекетті бақылайды» [30, 15 б.]. Яғни дискурс бірінші кезекте ықпал етуге, сөйлеушілердің интенциясына бағытталған. Ал дипломаттың негізгі мақсаты ол – ықпал ету, көндіру, манипуляция жасау. Сол себепті дипломатиялық мәтіннен гөрі дипломатиялық дискурстың ерекшелігі зерттеу нысаны бола алады әрі қызығушылық тудырады. Дегенмен, бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып тұрады.

Дискурс мәселесін терең зерттеген отандық ғалымдардың К.Садирова [31], А.Ж. Шайкенова [32], Агнур Халел [33], Г.Смағұлова [34], Г. Мұратова [35], Ж.Кішкенбаева [36], Н. Култанбаева [37], А.Жумагулова [38], Г.Бүркітбаева [39] еңбектерін сараптай келе, дискурс дегеніміз прагматикалық мүддені жүзеге асыратын коммуникациялық қызметті атқаратын тілдесу әрекеттерінің жиынтығы деген пайымдау жасадық.

Жалпы дискурсты әлеуметтік лингвистика тұрғысында екі негізгі түрге бөлуге болады: персоналды және институционалды. Персоналды – бір-бірімен өте жақын, жақсы таныс коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Ал институционалды әртүрлі әлеуметтік топтардың, әлеуметтік институттардың өзара қарым-қатынасын айтамыз. Дипломатиялық қызмет салалық мәртебесіне қарай институционалды қарым-қатынасқа жатады. Сондықтан ол институционалды дискурс деп танылады. Яғни, әртүрлі әлеуметтік топтардың, институттардың басқа адамдармен статустық-рөлдік қарым-қатынасқа түсуі институционалды дискурсты құрайды. [40, 279 б.]. Маңызды әлеуметтік институтқа халықаралық билікті реттейтін институттар (парламент, үкімет, дипломат және т.б.) жатады. Дипломаттардың сөйленімдері міндетті түрде олардың кәсіби рөлінде жүзеге асады және институционалды қоршаған ортада орындалады.

Е.И. Шейгал институционалды дискурсты нақтылық (реалдық) өлшемі бар коммуникацияның жүйесі ретінде қарастырады. Нақты (реалды) деп отырғаны өмірде, ситуативті жағдайда әлеуметпен байланысты дискурстық жағдайлардың жиынтығынан тұратын сөйлеу әрекетін айтады. Бұлардың барлығы лингвистикалық, паралингвистикалық, экстралингвистикалық факторлармен байланысты болады. Оны Е.И. Шейгал мынадай формуламен келтіреді: «Кәсіби тіл + мәтін + контекст». Кәсіби тіл дегеніміз белгілі бір салаға байланысты кәсіби тіл бірліктерінің жиынтығы, мәтін деп отырғаны кәсіби тіл бірліктерінен құралған ойдың жазба мазмұны, контекст –жағдаятқа байланысты сөйлеу әрекеті [41, 26 б.].

Дипломатиялық дискурсқа тән белгілер: кәсіби дискурстық маркерлер мен дипломатиялық қызметтің лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктері деп таниды Е.Пономарева [42]. Т.Хайфаның «Дипломатиялық дискурсты лингвистикалық-коммуникативтік талдау» [43] атты еңбегінде дипломатиялық дискурстың мақсаты - тікелей жауап беруден қашу тактикасы мен үнсіздік тактикасын (немесе «жасырын қалу тактикасы») ұстану деп қарастырады. Бұл тактиканы қолданудың мақсаты – дипломатиялық құпияларды дискурс түрінде жарияламау немесе бұқаралық ақпарат құралдарында аталмауға тиісті ақпаратты таратпау позициясын ұстану екен. Жасыру тактикасын ұстанған жағдайда коммуниканттар сөйлесудің әдептілікпен реттелген тәртібіне көшеді. Яғни, дипломатиялық байланыс ресми түрде аяқталады, ал егжей-тегжейлі ақпарат кең, реттелген тұжырымдармен ауыстырылады.

2.1 Дипломатиялық дискурсқа тән белгілер

В.И.Карасиктің айтуынша, институционалды (мәртебеге бағдарланған) дискурс дегеніміз: «Әлеуметтік топтар немесе институттар өкілдерінің сөйлеу әрекеті бір-бірімен, адамдар өздерінің мәртебелік рөлдік мүмкіндіктерін іске асыруда саны белгіленген әлеуметтік институттар шегінде дамуының белгілі бір кезеңіндегі қоғамның қажеттілігі» болып табылады [44, 56б.] Ғалым институционалды дискурстың түрлері деп саяси, дипломатиялық әкімшілік, құқықтық, әскери, педагогикалық, діни, медициналық, іскерлік, жарнама, спорттық, ғылыми, сахналық және бұқаралық-ақпараттық дискурстар деп көрсеткен болатын [45, 162б.]. Бірақ біздің ойымызша аталған институционалды дискурстар іскери (деловой) қатынасқа тән. Халықаралық қатынастардың барлық саласындағы дипломатиялық дискурстың маңыздылығы даусыз. Ал жаһандану жағдайында ортақ дипломатиялық мәдениетті құру бүгінде күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Дипломатиялық дискурс – бұл дипломатияның әлеуметтік институтының коммуникативтік кеңістігінде қалыптасқан статус-рөлдік қатынастардың тұрақты жүйесі. Институционалды дискурстың негізі тірегі – коммуниканттардың қатынасы, яғни: хабарлама адресаты – ауызша / жазбаша хабарламаны құру және жіберу, хабардың адресаты – хабарды тыңдау / оқу және декодтау. Институционалды дипломатиялық дискурсқа қатысушылар өздерін жеке тұлға ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік мәртебесі бар мекеменің өкілі ретінде көрсетуге міндеттейді. Әлеуметтік мәртебе деген ұғымды түсіндіре кетсек, ол адамның құқықтар мен міндеттемелерді қамтитын әлеуметтік жүйеде салыстырмалы позициясының мінез-құлықтан, өзін-өзі ұстау, сөз саптау қабілетінен көрінуі. Демек, кәсіби мінез-құлық, кәсіби тәртіп бірінші кезекте көрінеді де адамның жеке болмысы көрінбеуі, байқалмауы. Мысалы: Заң кеңесшісі Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты өкілдеріне құрмет көрсетеді. Бұл жағдайда адресат адресаттың жеке қасиеттері емес, оның белгілі бір мемлекеттік құрылымның өкілі ретіндегі функциялары мен мүмкіндіктері маңызды.

Дипломатиялық дискурстың ерекшелігі – адресат / адресат жеке және ұжымдық болуы. Ал жеке адресат деп жеке тұлғаны (жеке тұлға - дипломат, елші, президент, консулдықта виза алатын қарапайым азамат және т.б.) атаймыз. Ғылым тілінде бұны жекеленген жалғыз тұлға дейді.

Зерттеушілердің пайымдауынша дискурстың мәтіннен айырым белгілерін дискурстың түріне (институционализмге) қарай анықтауға болады. В.И. Карасиктің зерттеуі бойынша, дискурс түрлері бірінің орнына бірі қызмет ете алмайды (мысалы, діни дискурс бүгінгі күнге дейін өзіндік белгілері ашылмаған жабық күйдегі дискурс). Алайда, Э.И. Шейгаль: «дискурстың шекарасы анық емес әлі де бұлыңғыр, сондықтан бір мәтіндегі дискурстың түрін анықтау сипаттамаларының суперпозициясына ықпал етеді. Мысалы, ерлі -зайыптылар арасында дау туғанда (күнделікті дискурс), олар дипломатиялық дискурсқа тән тілдік құралдарға жүгініп, оны шешуге тырысады. Осылайша, зерттеушілер кейбір жағдайларда дискурстардың интерпретациялануы мүмкін екенін мойындайды, бұл олардың шекараларын анықтауда қиындықтарға әкеледі. Әдетте дипломатиялық дискурсты зерттегенде кәсіби дипломатиялық сөйленісті ғана емес, әрбір ұлттың араағайындық қатынасындағы мәмілелі сөйленісті де қарастыру маңызды деп ойлаймыз.

Дипломатиялық дискурсты талдау ауызша және жазбаша мәтіндерді ескере отырып жүргізілетіндіктен, біз мәтін дискурстың бірлігі ретінде қарастырылатынына, оның нәтижесін (ауызша және жазбаша) көруге, оқуға, сезінуге назар аударамыз. Біздің зерттеуімізде мәтін – сөйленіс не тілдесімді анықтайтын дискурс бірлігі ретінде қарастырылады. Мәтіннің дискурс болуына қол жеткізу мүмкін бе деген сұраққа когнитивті лингвистика аясындағы зерттеулер: «оның нысаны - таным тетігі ретіндегі тіл» деп жауап береді. Бір адамның өзі әртүрлі дискурс құрудың бірнеше әдістерін тудыруға қабілетті.

Осы тұста М.Фуконың пайымын еске түсіруге болады: «Бір адам әртүрлі дискурстарға қатыса алады: Біздің санамыз – дискурстардың айырым белгілерін беретін көрсеткіш, біздің тарих – уақыттың айырым белгісі, біздің тіл - адамның бетпердесін ашатын құрал» [46, 66.].

Р.Богранд (1997) мен Дж.Коутс (1998) тілдің әлем мен қоғам туралы білімдерімен ажырамас байланысы туралы мынадай қорытынды жасайды: «... біз тіл деп ұғынып жүрген дүниені дискурстардың гетерогенді жиынтығы деп тану әлдеқайда шынайы»[47, 3016].

Дискурстардың өзара әрекеттесуін зерттей отырып, бірқатар авторлар (П. Гудрих, П. Серио, Р. Сколлон) «дискурс ішіндегі» [48] және «дискурсаралық» [49, 147 б.] ұғымдарына жүгінеді, біріншісін дискурс ішіндегі параметрлер мен дискурс құрылысының тетіктері ретінде анықтайды (яғни «менің қазір айтатыным, бұрын айтқандарыммен және кейін айтатындарыммен қалай байланысты? деген құбылысты зерттеуге тәуелді»). Бұл адамның тілдік қатынасындағы өз дискурсын өзі қалыптастыру құбылысын нақтылайды. Д. Голованованың пікірінше: «Интердискурс – бұл «сөйленістің қалыптасуы

олардың үстемдік, бағынушылық және қарама -қайшылық қатынастарымен ашылатын дискурс және идеологиялық кеңістік» деп түсініледі [50, с. 45].

Е.А. Вебердің зерттеуінде дипломатиялық дискурс екі түрге ажыратылып түсіндірілген: институционалдық (кәсіби) және жеке (кәсіби емес). Яғни, дипломатия жеке (тұлғалық) деңгейде пайда болады және мемлекеттер арасындағы қатынастарды ресми деңгейде реттеу қажет болғандықтан, институционалдық категорияға көшеді. Бірақ автор бұл тұжырымдаманың мазмұнын тарылтады, тек дипломатияның кәсіби көрінісімен шектеледі және оның тұрмыстық деңгейдегі ымыраласу дискурсын дипломатиялық дискурс қатарына жатқызбайды. Е.Вебердің пікірінше, дипломатиялық дискурстың негізгі мақсаты – қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу және «дипломатиялық қарым-қатынаста жоғары прагматикалық белсенділігі бар қатысушының (дипломат) нақты стратегиялар арқылы теңсіздікті және қайшылықты шешуге көмектесуі» [51, 30 б.].

Дипломатиялық құжаттарды талдау нәтижесінде дипломатиялық қарым-қатынасқа тән қасиеттер анықталды: әдептілік, дұрыстық, ұстамдылық, толеранттылық. Бұл тұжырымдар М.Л. Ковшованың пікірімен мазмұндас болды: дипломатиялық дискурстың негізгі ерекшеліктерін қақтығыстарды болдырмауға мүмкіндік беретін құжаттарда ашуланшақтық, толеранттылық және жалтарушылық болмауы тиіс [52, 229 б.]. Ымыра мен толеранттылықты біріктіретін түрткіжайт– қақтығыссыз қарым-қатынас. Осылайша, дипломатиялық дискурсқа қатысушылардың жайлы қатынасқа, ымыраға үндеуі ықтимал жанжалдардың алдын алу және реттеу (қазақтың дәстүрлі танымында «*жөнге салу*») болып табылады және дипломатиялық дискурстың бір ерекшелігі деп саналады. Байқағанымыздай дипломатия – бәтуалы қарым-қатынастың үлгісі. Себебі онда қарым-қатынасты құрайтын екі не одан да көп тарап болады, олардың белгілі бір мәселеге келісу/келіспеу, келіспеген жағдайда екі тарапқа да оңтайлы шешім жасау әрекеттері орындалады. Бұл – коммуникацияға тән белгілер. Сондықтан дипломатияда қарым-қатынастың өзіндік тәсілдері, үлгілері болады.

С.С. Тахтарованың зерттеуінде: «Әлемдік тілтанымда «жұмсарту» терминімен анықталатын «коммуникативті жұмсарту» ұғымы бар. Бұл – коммуникативті категория, оның негізгі мазмұны сыпайылықтың шарықтау шегімен (максимумдарымен) анықталады және қарым-қатынаста жүзеге асатын тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ережелер және этномәдени ерекшелікпен жеткізілетін жеңілдететін стратегиялар мен тактикалардан құралады [53, 90 б.]. Осылайша, дипломатиялық қарым-қатынастың жоғарыда аталған қасиеттерін ескере отырып, дипломатиялық дискурста қақтығыссыз қарым-қатынастың құндылықтарын көрсететін жұмсарту (ымыраластыру) сөйленістері ерекше рөл атқарады, ал ымыраластыру категориясының өзі дипломатиялық дискурстың құндылықтарын қалыптастырады. Ал кәсіби дипломатиялық қарым-қатынас таптаурынды сөйленіске құрылады. Ол дипломатиялық тілдің клишеленуінен көрінеді, тіпті ымыраластыру

стратегиялары мен тактикасы да клишеде айқын байқалады. Мысалы, Ресей президенті В.Путинге берген сұхбатында ымыраластыру стратегиясының орындалуын көреміз. Мәселен:

1) теріс бағаланатын әрекеттің субъектісін немесе әрекеттің өзін тікелей атамауға мүмкіндік беретін нақтыланбаған тактика (референция):

В. АБРАМОВ: Жақында сіз тиісті комиссия құру арқылы тарихты бұрмалауға қарсы күрес жарияладыңыз. Бұған қандай фальсификация деректері итермеледі?

В.ПУТИН: Не түрткі болды? Жекелеген саясаткерлердің ұсқынсыз мінез-құлықтары. Олар өздерінің ұсақ-түйек мақсаттарына жету үшін, сол оқиғалардың әртүрлі жалған ғылыми түсіндірулерін қолдана отырып, саяси ұпай жинағысы келді [<http://kremlin.ru>].

В.ПУТИН:... Мен бұл тұрғыда Балтық жағалауы елдерінің кейбір өкілдеріне қарағанда немістердің әлдеқайда абыройлы екенін атап өткім келеді, бұл – олар үшін өте ауыр тақырып [<http://kremlin.ru>].

В.ПУТИН: Ресей Федерациясы мен НАТО блогының қарым-қатынасына келетін болсақ, қазір бізде қарапайым қарым-қатынас жоқ, сондықтан оларды драмалаудың да қажет жоқ [<http://kremlin.ru>].

Қазақстанның халықаралық келіссөздерінде бұл тактика қолданылған емес.

2) литоталы ымыраластыру тактикасы:

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Келіссөздердің тек сөз үшін емес, нәтижеге қол жеткізу үшін жүргізілгенін қалаймыз. Түптеп келгенде *«жақсы жанжалдан, жаман болса да бітім артық»* (<https://www.akorda.kz/>)

В.ПУТИН: ... Бірақ қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесі идеалды емес, маған бұл туралы бірнеше рет айтуға тура келді (<http://kremlin.ru>).

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Қазақстан мен Ресей – одақтас елдер. Біз үнемі халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді, қауіпсіздікті, әсіресе екіжақты ынтымақтастықты үнемі пысықтап отырамыз. Елдеріміз арасындағы қатынастарымыз стратегиялық әріптестік бағытында дамып отырғаны қуантады. *Бақуатты болашақ кілті – бітімде.*

3) эвфемистік алмастыру тактикасы:

В.ПУТИН: ... Бұл біздің ел үшін де, мұнда, *Коломнада тұратындар* үшін де өте маңызды, себебі алдыңғы өндіріс мүлде басқа еді [<http://kremlin.ru>].

РЕДЖЕП ТАЙЫП ЕРДОҒАН: Әрбір ел Украинадағы дағдарыстың салдарын тартып жатыр. Қантөгісті неғұрлым тез тоқтату қажет, себебі әділетті әлемдегі соғыста *жеңгендер мен жеңілгендер* болмайды.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Бірлігіміз бен ынтымағымызға нұқсан келтіруге бағытталған кез келген *арандатқыштарды* табанды түрде тоқтату керек. Қоғамдық ортада түрлі бұрмалаулар немесе жалған, деструктив басылымдар санының айтарлықтай артқанын көріп отырмыз. Олардың авторларының басым көпшілігінің Қазақстанға еш қатысы жоқ, шетелден әрекет ете отырып, қоғамымызға *алауыздық тұқымын себуге* тырысады. Олардың

сөздері мен әрекеттері сенімсіздік атмосферасын тудыруға, адамдар арасында алауыздық тудыруға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған.

4) мақтаныш тактикасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишельмен келіссөз жүргізгенде сөйлеген сөзі:

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Қазақстан – Еуропалық Одақпен Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған Орталық Азиядағы алғашқы ел.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Біздің құрлықтағы шекарамыз – *әлемдегі ең ұзын шекара*. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетіп отыр.

5) бағалау тактикасы

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Маған ешкім жағымпазданбайды. Бәлкім, мен ондайды ұнатпайтын болғандықтан шығар. Ұнатпау былай тұрсын, ашығын айтсам ондайды жақтырмаймын. Жағымпаздықпен айтылған сөздерді елемеуге тырысамын. Өйткені, бұл мақтау сөздердің көк тиындық құны жоқ. Ең басты сыншы - өзім. Қай жерде жарқырай алмағанымды білемін. Тіпті қатал сыншымын.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ, осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бәріне бірдей ұнай бермейтіні анық.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды.

Дипломатиялық сөйлесімде тактика мен стратегия негізгі рөл атқарады. Себебі әрбір мемлекет өз мүддесіне қол жеткізу үшін уақытша шегіну, уақытша тойтарыс жасау немесе дер кезінде өктемдік жасау, дер кезінде келісім алу немесе тұрақты риясыз достықты сақтау, серіктестікпен, әріптестікпен даму, үнемі одақтастықта болуды ұстанады. Сол тактикасына орай сөйлесу мазмұны да өзгеріп отырады.

2.2 Дипломатиялық дискурстың саяси дискурстан айырмашылығы

Қазіргі дипломатиялық дискурс пәнаралық сипат алды. Бұған сәтті қарым-қатынас үшін шет тілін жақсы меңгеру, оның лексикасын, грамматикалық және стилистикалық ережелерді білу жеткіліксіз екенін растайтын көптеген мысалдар дәлел бола алады (ауызша немесе жазбаша, ауызша немесе вербальды емес). Атап айтқанда табысты халықаралық келіссөздер жүргізу және қажетті нәтиже алу тек тіл білумен шектелмейді, бірнеше мәдениетті игеру, іскери қарым-

қатынас әдебін білу, ел тарихын білу, ең бастысы шешен әрі дұрыс сөйлеу шеберлігі болуы аса маңызды. Осының барлығы дипломатиялық тіл ұғымының шеңберіне сыймайды. Сондықтан дипломатиялық әрекеттегі барлық қарым-қатынас құрылымы дискурс аясында қарастырылатын болады.

Сөйлеудің нақты әдістерін қолдана алмау, дипломатиялық кәсіби салада жазу, қарым-қатынас және мінез-құлық дағдыларының болмауы, нәтижесінде - халықаралық хаттама ережелерінің бұзылуы келіссөздердің бұзылуына немесе тіпті елдер арасындағы қарым -қатынастың үзілуіне әкелуі мүмкін. Осыған ұқсас даулы мәселелер әртүрлі мәдениеттердің, этностардың, ұлттардың өзара әрекеті барысында бірнеше рет туындайды. Мәдениетаралық, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарды шешу мен алдын алу қажеттілігі дипломаттардың халықаралық қатынастар курсынан тыс мәдениеттану, этикет, тарих мамандықтарынан да міндетті курстан өтуіне итермеледі. Кейбір мемлекеттерде дипломат қызметіне кіріспес бұрын бір жылдық тілдік тәжірибеден өту талап етіледі. Мұндай тәжірибе «аялық білім» деп аталатын танымды қалыптастыруды көздейді, бұл ел өмірінің шындығын, сондай-ақ оның халқына тән әлемнің бейнесін түсінуді білдіреді. Дипломатиялық байланыс орнатылған адамдардың мінез-құлық ережелерін, этикетін білу және сақтау этносаралық және мемлекетаралық қарым-қатынас процесін де айтарлықтай жеңілдетеді. Сәтсіз дипломатиялық қатынас көп жағдайда мәдениаралық қарым-қатынаста қателіктер болуынан туындайды. Мәдени айырмашылықтар тараптар арасындағы шиеленіскен қарым-қатынас кезеңінде айқын көрінеді. Шиеленіс туындаған саяси жағдайларда әр түрлі дипломатиялық тактика мен стратегияларды тиімді қолдану аса маңызды. Себебі дипломатиялық қатынас саяси мүддені көздегенде екіұштылық пен түсінбеушілік тудыратын баяндауға жол бермеу қажет. Яғни дәлелді аргументтер мен 100 пайызға сенімді фактілермен айғақталған баяндама қажет.

Дипломатиялық материалды талдау дипломатиялық дискурстың дискурсаралық сипатқа ие екендігін көрсетеді, оның көмегімен бір дискурстың шекарасын кеңейту мүмкіндігін түсіну ұсынылады.

Дипломатиялық подстиль – бұл бірнеше ішкі стильдерді қамтитын ресми-іскерлік функционалдық стильдің бір түрі: саяси, құқықтық, дипломатиялық, іс жүргізуші, сауда және іскерлік. Дипломатиялық және саяси дискурстардың ұқсастығы жоғары. Алайда, дипломатиялық дискурс сөйлеушінің ұстамдылығы мен ашықтығы, мүдделі аудиториясы, сөздік құрамы мен мазмұны, сөйлеу стратегиясы мен тактикасы алға қойған мақсатымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, дипломатиялық дискурстың ерекшелігі дипломатиялық құжаттарды рәсімдеуден көрінеді. Дипломатиялық құжаттар мазмұны, мақсаты (ішкі және сыртқы), ақпараттық мазмұны, адресаттың сипаттамасы, дизайны (қолтаңбаның болуы немесе болмауы, мөрі, шығыс нөмірі, функциялары (негізгі немесе көмекші-ілеспе) бойынша ерекшеленеді. Дипломатиялық құжаттардың ұқсастығы адам қызметінің осы саласына тән стратегиялар мен тактиканы, белгілі бір композициялық құрылымды, сөйлеу клишелері мен этикет формулаларын, халықаралық терминологияны қолдануда көрінеді.

Дипломатиялық саладағы қарым-қатынас вербальды және бейвербальды элементтерді кешенді қолдануға, сондай-ақ байланыстағы әр елдің ұлттық және діни дәстүрлерін ескеруге негізделген. Дипломатиялық дискурста адам саны шектеулі болады. Қарапайым мысал келтірсек, екі ел арасындағы келіссөзге санаулы адам қатысады. Ал саяси дискурста адам саны шектеусіз. Себебі саяси дискурс шаршы топ алдында сөйлеуге негізделеді. Дипломатиялық дискурс көп жағдайда саясатпен (өйткені дипломаттар негізінен саясаткерлер, бұл олардың қалай және не айтатынынан көрінеді) және БАҚ дискурсымен (дипломаттардың сөйлеген сөздері, сұхбаттары бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланады) түйіседі.

Дипломатиялық дискурстың интердискурстық белгілеріне тікелей талдау жасай отырып, біз дискурстың бұл түрін тар шеңберде (тек кәсіби дипломатиялық дискурс) және кең көлемде (оның ішінде кәсіби емес немесе күнделікті және басқа да шиеленісті жағдайлардағы дипломатиялық шешімдер тұрғысынан, ымыраға келу тұрғысынан) түсіне аламыз.

Дискурстардың өзара әрекеттесуі әртүрлі жолмен жасалуы мүмкін екенін атап өту маңызды. М.А. Хэллидей зерттеуі бойынша, интердискурстың бірнеше түрлері бар: қатысушылардың пікірі бойынша (олар атқаратын рөлдер мен олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері), формасы бойынша (тілдік құралдарды қолданудың сипаты мен ерекшелігі) және өрісіне қарай (жақындық дискурстың әлеуметтік өзара әрекеттесу түріне сәйкес дискурстар) [54, 56.]. Дипломатиялық дискурстың басқа түрлерімен өзара әрекеттесуі осы параметрлер шеңберінде қарастырылатын болады. Талдау көрсеткендей, дипломатиялық дискурстың саяси және бұқаралық ақпарат құралдары дискурсымен қиылысуынан басқа (жоғарыда айтылғандай), оның құқықтық және әскери дискурстармен тоғысуы да бар. Әрқайсысымен жақындығын жеке талдап өтейік.

Саяси дискурс пен өзара жақындығы. Дипломатияны кең мағынада түсіндіргенде президенттер де (және жоғары деңгейдегі басқа басшылар да), кәсіби дипломаттар да жүргізетін мемлекеттік саясат деген тұжырым жасалады. Осылайша, дипломатиялық дискурстың саясатпен қиылысуы көрінеді. Дипломатиялық дискурсты қолданушылар саяси аренада қызмет ететін мемлекет басшылары болуы мүмкін. Дискурстың екі түрі «қатысушылар» параметрінде ғана емес, сонымен қатар дискурс түрінде де сәйкес келеді. Дипломатиялық және саяси дискурстарды айқындаушы конвергент факторы - негізгі саяси және дипломатиялық әрекеттері, яғни сөйлеу әрекеті және сөйленістің өзгелерге әсер етуі. Демек, тіл – мемлекеттер арасындағы қарым -қатынасқа әсер етеді, пікірталасқа қатысушылардың да, мамандардың да, қоғамдық санада да осы қатынастардың көрінісін жасауға мүмкіндік береді. Дискурстардың мұндай тоғысуы, әрине, лингвистикалық құралдардың ерекшеліктеріне әсер етеді: саясаткердің сөзі шынайы жағдайды бүркемелеуге тырысатындықтан, әрине дипломаттың сөзінде көрінеді. Мысалы, саяси да, дипломатиялық дискурстарда да әдейі белгісіздік пен саяси дұрыстықты тудыру құралдары кеңінен таралған, бұл бірінші кезекте шиеленісті жағдайларды болдырмауға ұмтылудан

туындайды. Д.Кристал саясаткерлердің міндеттерінің бірі – оларды «өтірік, негізсіз мәлімдемелерде айыптауға негіз болмайтын тактика жүргізу» деп көрсетеді [55, 184 б.].

Бұл дипломаттардың сөзіне қатысты, олардың міндеті қақтығыстан аулақ болу, “абыройын ойлау”, “қажетсіз” арандатушылық сұрақтардан аулақ болу үшін жауап беру. Мысалы, антиамерикалық және орысқа қарсы стереотиптерге қатысты келіссөздерде не талқыланғаны туралы нақты сұраққа берген сұхбатында Американың Ресейдегі елшісі Майкл Макфол жалпы сөйлемдермен жауап берді: Well, I would say it's just the beginning of what needs to be a much longer discussion and one we both agreed needs to be based on more analysis <... > We need to look at this much more closely [56]. Дипломат өз жауабында бұрыннан не істелгені туралы айтудың орнына, не істеу керектігін және қалай істеу керектігін айтудан аулақ болады. Содан кейін дипломат тақырыптан мүлде алшақтап, оны дипломатия кеңістігінен социология шеңберіне көшіреді: And to be frank, I think it's more of an issue that we want to have real social scientists tackle in perhaps a joint commission. You know, we really wrestle with the public opinion poll data, and cause and effect. As a former social scientist - I'm a professor at Stanford - to me this is a question that begs for analytic analysis and not necessarily talking points from one government to the other [57]. Осылайша, Майкл Макфол өзін нағыз саясаткер ретінде көрсетеді, бұл мәселеде не талқыланды деген сұраққа тікелей жауап беруден жалтарып, оған мемлекеттер арасындағы бар наразылықтың жаңа толқындарына ықпал етуі мүмкін өткір мәселелерді қозғамауға мүмкіндік беретін жалтару тактикасын қолданады.

Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсымен жақындығы. Біріншіден, БАҚ дискурсымен байланысты «қатысушылар» параметрі бойынша байқауға болады, өйткені дискурстың бұл түрін БАҚ өкілдері (журналистер, тілшілер корреспонденттер) болса, біздің жағдайда, дипломатиялық корпустың өкілі. Екіншіден, бұл дискурстар өрістің кеңдігіне қарай, яғни тақырыптың жалпы ортақ болуымен тоғысады. Мысалы, мемлекеттер арасындағы қатынастарды жоғары деңгейде талқылау. Негізінен, қазіргі қоғамда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас мәселелері қоғамды барған сайын қызықтыруда, сондықтан дипломатиялық қатынастар БАҚ тілінде жиі талқыланады. Тақырыптарының ортақтығы кеңейе түсуде.

Екінші жағынан, қазіргі дипломатия сыртқы саясат мәселелерін қалың бұқараға ашық жариялауға ұмтылады, нәтижесінде «қоғамдық дипломатия» термині пайда болды. Бұл үрдіс белгілі бір мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл мәселесі бойынша пікір қалыптастыра отырып, қоғамдық санаға әсер етуге мүмкіндік береді, сондықтан түрлі дипломатиялық оқиғалар медиа ресурстарда белсенді түрде көрсетіледі: теледидарда, радиода, газеттерде және Интернетте. Соңғы ресурс ерекше танымалдылыққа ие болуда: келіссөздер нәтижесінде алынған құжаттарды, мысалы, қарарлар, келісімдер және т.б., қоғамдық доменнің сәйкес сайттарынан табуға болады. М.Макфол Twitter -дегі блогты белсенді қолданады, онда ол әртүрлі саяси және басқа да мәселелер

бойынша өзінің ой-пікірлерімен бөліседі. Кез келген қолданушы, егер қаласа, оған сұрақ қоя алады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдары - бұл көпшілікті мемлекеттің сыртқы саяси мәселелері туралы хабардар ету құралы, сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының дискурсы осы саладағы дипломатиялық дискурспен шектеседі.

Дипломатиялық дискурстың құқықтанумен жақындығы. Құқықтық дискурстың талаптары атаудың дәлдігін қажет етеді. Дипломатияның негізгі элементтерінің бірі - құқықтық дискурстың барлық канондарына сәйкес келгенмен, құжаттарды дайындауда түсініспеушіліктен аулақ болуды және мүмкіндігінше дәл болуды ұстанады.

2.3 Дипломатиялық дискурстың коммуникативтік қызметі

Жаһандану үдерісі әлемдік қарым-қатынастың саяси, психология, әлеуметтік, идеологиялық ағымын өзгертті. Бұл өзгерістер халықаралық дипломатия ісіне де елеулі ықпал етті. Дәстүрлі стандартты қарым-қатынас ережелері бар дипломатиялық келіссөздердің құрылымдық жүйесінде де өзгерістер пайда болды. Әрине, кез келген қатынастың тілдік қарым-қатынасқа да әсерін тигізеді. Осылайша дипломатиялық дискурстың қатаң стандартты нормалары жұмсара бастады, нақтырақ айтқанда екі тарапқа да қолайлылығы басымдыққа ие болды. Бұдан туындайтын қорытынды, жаһандық өзгерістер дипломатиялық коммуникация үдерісіндегі шектеулерді де ығыстыра алады. Дипломатиялық қатынас үдерісінің түрленуі оны жіті зерттеуге негіз болды. Нәтижесінде дипломатиялық қарым-қатынасты (коммуникация) егжей-тегжейлі қарастыру оны кей жағдайда дипломатиялық дискурс деп атауға септігін тигізді. Соңғы уақытта дискурс коммуникативті үдерістің негізгі тірек бірлігі ретінде әртүрлі пәндер аясында талданып келеді. Сондықтан оның түсіндірмелері мен анықтамалары әртүрлі салада ұсынылады. Бұқаралық қарым-қатынас кеңістігінің кеңеюі және қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілеріне белсенді әсер ететін жаңа дискурс түрлерінің пайда болуына негіз болады да дискурстарды көпсалалы зерттеудің нысаны ретінде зерттеу белсенділігін арттырады.

Айта кету керек, әлеуметтік лингвистика дискурстың екі негізгі түрін ажыратады: тұлғалық (персоналды) және институционалды (мәртебеге бағытталған). Бірінші жағдайда сөйлеуші өзінің ішкі дүниесінің барлық құндылығын тұлға ретінде танытса, екінші жағдайда белгілі бір қоғамдық институттың өкілі ретінде әрекет етеді [59, 26 б.].

В.И.Карасиктің анықтамасы бойынша институционалды (мәртебелік-бағдарланған) дискурс – бұл «әлеуметтік топтар немесе институттар өкілдерінің бір-бірімен, қалыптасқан қоғамдық институттар шеңберінде өздерінің статустық-рөлдік мүмкіндіктерін жүзеге асыратын адамдармен ауызша қарым-қатынасы. Соның ішінде қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі қажеттіліктерімен анықталады» [58, 51 б.].

Кез келген басқа институционалды дискурстағы сияқты, коммуникативті сөйлеу әрекетінің құрамдас бөліктері де бар: олар - жіберуші – хабарлама –

алушы. Мәтінге енгізілген мазмұнды декодтау ақпарат алушының мәтіншілік және мәтіннен тыс мазмұнды қабылдауы мен интерпретациялауының өзгермелілігіне байланысты болады. Осы үрдіс институционалды дискурстың сапасын көрсететін белгі деп танылады [59, 23 б.].

Саяси таным бойынша, дипломатиялық коммуникация тұлғааралық емес, ведомствоаралық, мемлекетаралық қатынас болып табылады, мұнда қарым-қатынастың мақсаты мінез-құлықты өзгерту, қарым-қатынас орнату және жеке адамға қатысты емес, тұтас бір мемлекетке немесе ведомствоға әсер ету болып табылады.

Бірінші тұлғада жазылған жеке нотада ғана сезілетін тұлғалық фактор дипломатиялық дискурста айтарлықтай төмен, өйткені дипломатиялық қарым-қатынасқа қатысушылар жеке тұлға емес, белгілі бір мәртебеге ие және тиісті өкілеттіктерге ие әлеуметтік топтың өкілі ретінде қызмет етіп, құжаттарды құрастыру ережелерін қатаң сақтауға міндетті болады.

Дипломатиялық коммуникацияда үшінші тұлғадан жасалған ауызша нотаның авторы фактілерді мүмкіндігінше шынайы беруге және жеке бағалаудан аулақ болуға тырысып, өзінің тұлғалық көзқарасын одан әрі алшақ ұстайды, барынша білдірмеуге тырысады. Өйткені кез келген дипломатиялық құжат ең алдымен мемлекеттің көзқарасын білдіруі керек [60, 14 б.].

Кез келген институционалдық дискурс сияқты дипломатиялық дискурстың да өзіндік терминдер жүйесі – дипломатия саласында қолданылатын арнайы лексикалық құралдардың жиынтығы [61, 67 б.].

Терминдер табиғатына қатысты сақталатын норма, яғни терминдер көп мағыналылық пен экспрессивтіліктен айырылады деген ереже дипломатиялық терминологияда сақтала бермейді. Себебі дипломатиялық терминде әлі де болса көпмағыналылық сақталады. Мысалы: кеңмағыналылық: (келіссөздердің бұзылуы - «жабдықтың бұзылуы, қарым-қатынастағы серпіліс - қорғаныс шебінің серпілісі; синонимдік қатар: (бітім, мәміле, ымыра, байлам, шешім, тоқтам, кесім, т.б.) антонимдік қатар (прогресс-регресс; ілгерілеу-артта қалу; шарықтау-шегіну).

В.Карасиктің пікірінше, «дискурс – бір жағынан сөйлеу әдебі, қарым-қатынас тактикасы, тілдік мінез-құлық, екінші жағынан қарым-қатынастағы мәтіннің мазмұнды «қаймағы» мен «құрғақ қалдығы» арасындағы вербалды және бейвербалды, эмоционалды, прагматикалық амалдардың аралық құбылысы» [45, 67 б.].

Г. Орловтың пікірінше, дискурс – толықтық, тұтастық, үйлесімділік параметрлерімен сипатталатын тұтас сөйленіс және ғалым оны тұрақты мәтін түріндегі процесс пен нәтиже ретінде қарастырады [62, 81 б.].

А.Громыко мен А. Ковалевтің пікірінше, «Дипломатиялық дискурстағы тұрақты мәтін дипломатиялық хат алмасу болып табылады, ол жазбаша дипломатиялық дискурс қызметін атқарады, ол арқылы жіберуші ел туралы жалпы түсінік беріледі. Бұл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар жүзеге асырылатын дипломатиялық сипаттағы әртүрлі ресми хат-хабарлар мен

құжаттардың жиынтығы, мемлекеттің сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің негізгі нысандарының бірі» [63, 13 б].

Дипломатиялық қарым-қатынасты әлеуметтік коммуникацияның бір түрі ретінде ең алдымен белгілі бір мазмұндағы ақпаратты жіберушіден алушыға беру үдерісіне әкелетін нақты ақпарат алмасу ретінде қарастырған жөн. Әлеуметтік коммуникация шеңберінде коммуникативті әрекетті қарастыратын қолданыстағы модельдер коммуникацияны оның мақсатын белгілеу, қол жеткізуге бағытталған негізгі хабарламаларды іздеу және анықтау арқылы ақпаратты қалыптастыру мен талдауды қамтитын күрделі, көп сатылы процесс ретінде анықтайды. Қабылданған шешімді жүзеге асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, хабарларды тарату арнасын таңдау және ең соңында, байланыс нәтижелері туралы ақпаратты жинау және өңдеу жұмыстары да дискурс кешеніне енеді [64, 13 б].

Дискурс көп жағдайда көпшіліктің жүзбе-жүз басқосуында жүзеге асады. Алыстан хат алмасудың өзі дискурс құрылымдарының бір бөлігі деп саналады. Дегенмен, толыққанды дискурс ауызша тілдесудің нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан дискурсты жиі шатастыратын ұқсас ұғымдар коммуникация мен мәтіннен айырмашылығын көрсету үшін дипломатиялық **дискурстың стандартты үлгісін** былайша ұсынамыз:

1. МӘСЕЛЕ (Тақырып – мәтін – айтылған ой – ақпарат – құжат)
2. АЯЛЫҚ БІЛІМ (әңгіме, идея, пікір, көзқарас)
3. АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ (ғылыми, энциклопедиялық)
4. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙ (қобалжу, арқа қосу, сабырлы болу, масаттану, т.б.)
5. ЫМ-ИШАРАЛАР (дене, қол, бет қимылдары)
6. СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ (дауыс ырғағы, кәсіби сөйлеу стилі)
7. ЖҮРІС-ТҰРЫС ӘДЕБІ (келу/кету, сәлемдесу, отыру, қоштасу, киім әдебі)
8. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӘДЕБІ (тілдесу қабілетін көрсету, көпшілік назарына түсу, оң көзқарас қалдыру).

Э.Шейгалдың пікірінше, дискурстың сипаты екі параметрмен анықталады:

- 1) әлеуметтік әрекет агентінің ерекшелігі; 2) дискурстың интенционалды негізі [41, 23 б.]

Дипломатиялық дискурстың коммуникативті жүйесін талдайтын болсақ, дипломатиялық қарым-қатынастағы коммуникатор/агент, хабарламаны жасаушы – дипломат немесе ұйым, адамдар тобы немесе жеке тұлға, бірақ олар ақпарат көзі бола алмайды.

Хабарлама ақпарат көзі арқылы алушыға жіберілетін кодталған ақпарат болып табылады. Хабарламаны қабылдаушыға түсінікті тілге аударатын код ретінде вербалды және бейвербалды коммуникация құралдары, белгілер немесе белгілер қолданылады. Жеткізуші арна, яғни дипломатиялық ортада хабарламаны коммуниканттан коммуникантқа жеткізу құралы дипломатиялық хат немесе басқа дипломатиялық құжат болып табылады. Коммуникант/клиент

хабарлама жіберілетін алушы болып табылады, бұл жағдайда ол жеке дипломат, немесе тұтас департамент, тіпті тұтас мемлекет болады.

Кері байланыс немесе коммуникацияның әсері – хабарды қабылдау нәтижесінде пайда болатын коммуниканттың мінез-құлқының өзгеруі. Тиімді қарым-қатынас үшін хабарлама дұрыс кодталған және декодталған болуы керек.

Сонымен, дипломатиялық дискурс белгілі бір әлеуметтік-психологиялық контекстегі вербалды және вербалды емес қарым-қатынас ретінде ғана қарастырылмайды, онда жіберуші мен алушыға олардың халықаралық қатынастардағы мемлекет істеріне қатысуына сәйкес белгілі бір әлеуметтік рөлдер тағайындалады. Бұл - қарым-қатынас нысанасы болып табылатын арена деп танылады. Мысалы: Қазақстан президенті Қ.Тоқаев пен Қырғызстан президенті Садыр Жапаров арасындағы дипломатиялық коммуникацияның сәтті болуы ортақ мүдделілігін мойындау арқасында деп танылды.

Біздің мемлекеттер арасында саяси қайшылықтар жоқ. Бұл бастысы. Бірлескен күш-жігердің арқасында Қырғызстан мен Қазақстан екіжақты байланыстар кешенін одан әрі кеңейтуді, сондай-ақ аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға сәйкес өңіраралық және халықаралық құрылымдар аясындағы сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететінін айқын түсінеді, - деді Қырғызстан басшысы.

Осындай ой ортақтығына жету үшін коммуникатор (Қ.Тоқаев) сөз бастағанда лебіз-кіріспе жасаған болатын.

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ-қырғыз ынтымақтастығы барлық салада қарқынды дамып келеді. Біздің байланыстарымыз стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында нығайып келеді. Бұған екі халыққа ортақ құндылықтардың арқасында қол жеткізілді», - деп есептейді Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев.

Дипломатиялық дискурстың өзіне тән мақсаты адресаттарды белгілі бір әрекеттерге немесе жағымды/жағымсыз бағалауға дейін жеткізетін шабыттандыру болып табылады /Trabelsi, 2013/.

Дипломатиялық дискурстың тиімділігі дипломатиялық дискурстың мақсатына байланысты анықталады – жай хабарлау емес, адресаттағы ниеттерді сендіру, ояту, сендіруге негіз беру және әрекетті ынталандыру.

Дипломатиялық қарым-қатынас қатынастың үш құрамдас бөлігімен сипатталады:

- Коммуникативті;
- интерактивті;
- перцептивті.

Коммуникативті функция жіберуші мен алушы арасындағы ақпарат алмасуға жауап береді.

Ол коммуникативті әсер ету ерекшеліктерін ескере отырып және вербалды және бейвербалды қарым-қатынас құралдарын тиімді пайдалану арқылы психологиялық байланыс орнату қабілетімен сипатталады. Интерактивті функция диалогқа қатысушылардың өзара әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз

етеді. Психологиялық әсер ету нәтижесінде көндіру немесе ұсыныс жасау көмегімен сендіру, өз идеясына бағындыру, ниеттестікке жеткізу, идеяластыққа жету, жағымды баға тудыру, оң пікір қалыптастыру мүмкіндігіне қол жеткізеді. Дипломатия саласындағы қабылдау тетіктеріне тараптардың бір-бірін білуі мен түсінуі, яғни қабылдау (идентификация, эмпатия, аттракция (тартымдылық)), қарым-қатынас (рефлексия) кезінде өзін жақыннан білу және серіктесінің қарым-қатынастағы мінез-құлқын болжау, т.б. өзара түсіністік (каузалды атрибуция) [65] жатады.

Э.Шейгалдың көзқарасы бойынша дискурстың екі өлшемі бар: нақты және виртуалды. Нақты өлшем – зерттеушінің белгілі бір әлеуметтік кеңістіктегі қалыпты сөйлеу әрекеті деп танылады, сонымен қатар лингвистикалық, паралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара әрекеттесуінде алынған осы әрекеттің нәтижесінде туындаған сөйлеу шығармалары (мәтіндері) деп түсініледі. Дискурстың виртуалды өлшемі Э.Шейгалдың пікірінше, вербальды және бейвербалды белгілердің араласуынан құралған семиотикалық кеңістік, оның жалпы денотатты мазмұны – саясат әлеміндегі бітімгершілік болса, коммуникативті қызметі – мәлімдемелер тезаурусы, сөйлеу әрекеттері, сөйлеу жанрларының үлгісі, қарым-қатынас әдебінің жиынтығы [41, 56 б.].

Институционалдық дискурстың басқа түрлері сияқты дипломатиялық дискурстың екі негізгі белгісі бар: қарым-қатынас мақсаты мен қатынасы. Дипломатиялық дискурстың негізгі мақсаты – қайшылықты жанжалсыз, бейбіт жолмен шешу [61, 23 б.].

Дипломатиялық дискурсқа тән басты белгілер: сөздің қысқалығы және анықтығы, реципиент сол елдің ерекшеліктерін ескере отырып сипатталатын бірқатар арнайы лингвистикалық әдістерді қолдану арқылы келісімге сауатты түрде қол жеткізуге болады. Дипломатиялық дискурсқа салтанаттылық реңк беру үшін стильдік құралдар, дипломатиялық әдептілік формулалары жиі қолданылады. Дипломатиялық тілдің ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынасқа қатысушылардың ниетін білдіретін стратегиялық маңызды тілдік құралдарды таңдау айтарлықтай шектеулі [66, 45 б.].

Институционалдық дискурста, атап айтқанда, дипломатиялық дискурста қарым-қатынасқа қатысушылардың тілдік құралдарды таңдауы ситуациялық контекстке байланысты анықталады, сондықтан институционалдық дискурстағы тілдік құралдар әдетте кеңсе немесе жанрлық ерекшеліктерге байланысты деп саналады. Мақсаттарға байланысты сәтті қарым-қатынасты көздейтін қатысушылар, дипломатиялық дискурста мына құралдарды қолданады: хабарлама, пікір, пайымдау, ұсыныс, кеңес, сын, комплимент, болжам, қорытынды, түйіндеу, сұрақ-жауап.

Дипломатиялық тілдің қарым-қатынастағы негізгі қызметтеріне жатады: коммуникативті (ақпарат алмасу қызметі), конструктивті (ойды тұжырымдау), аппеляциялық (адресатқа әсер ету), эмотивтік (жағдайға тікелей эмоционалды реакция), фатикалық (алмасу), ғұрыптық (этикет) формулалардың),

металингвистикалық (түсіндіру қызметі). Дипломатиялық қарым-қатынастың мақсаты - ақпараттандыру және әрекетке ынталандыру. Дипломатиялық дискурстың коммуникативті және функционалдық сипаттамасы бір жағынан ақпаратты беру және сақтау, екінші жағынан ақпаратты қабылдаушыға әсер ету, сондықтан дипломатиялық дискурс белгілі бір мақсаттылық пен прагматикалық жағдайға ие болады. Ол өзінің ұйымдастыру шарттарымен, сондай-ақ коммуникативті формалары және құралдарымен сипатталады. Осыған сүйене отырып, дипломатиялық коммуникацияны когнитивтік коммуникация (қажетті ақпаратты беру) деп анықтауға болады; нанымды қарым-қатынас (құндылық бағдарлар мен көзқарастарды қалыптастыру); экспрессивті коммуникация (қажетті әрекетке итермелеу); суггестивті коммуникация (мотивацияны, көзқарасты, мінез-құлық пен көзқарасты өзгертуге әсер ету); салттық қарым-қатынас (дәстүрлі қарым-қатынастарды бекіту және қолдау).

Терминологиялық жүйелердегі айырмашылықтар мемлекеттер арасындағы халықаралық байланыстарды орнатуға дипломаттар үшін кедергі болып табылады. Бірдей ұғымдарды әрбір дипломат әртүрлі қолданып, тіпті кейде қарама-қайшы білдіруі мүмкін («азаттық күрескері» // «террорист», «достық атыс» // «жаудың шабуылы», «әуе қолдауы» // «бомбалау шабуылдары», «стратегиялық шегіну» // «шегіну», «көрнекі бақылау» // «тыңшылық»). Ал бұл жерде сыпайылық категориясы басқа салаға – манипуляцияға, дипломатиялық диалогта коммуниканттың санасына әсер етуге бірқалыпты өтеді. Оның бір мағынасы бойынша «дипломатиялық» сөзі «шынайы емес» деген ойға саяды. Бұл коммуникативтік тактиканы қарапайым азаматтар түсінбеуі мүмкін. Сондықтан мамандыққа жақын болуда институционалды дискурс талаптарын орындау оның тұлғалық сөйленісін бұзуға итермелейді. Құпия дипломатиялық мәселелерді дипломаттар мен елдердің басшылары жасырын ұстайды, көбінесе азаматтардың өздерінің мүдделері мен олардың қауіпсіздігі үшін жарияламайды. Әрине, дипломаттардың ниеті әрқашан шынайы бола бермейді. Өз іс-әрекетін қадағалайтын, сұхбаттасушысына айла-шарғы жасағысы келетін, елдің бет-бейнесін сақтап, қажетсіз қақтығыстардан аулақ болғысы келетін дипломатқа саяси дұрыстық, эвфемизмдер және «екіұшты сөйлеу» (сөзден жалтару, демагогия) көмекке келеді.

Мұндағы семантикалық факторлар – мағыналардың абстрактілілігі мен кеңдігі, сөз шекарасының көмескілігі, белгілеулердің салыстырмалылығы, идеялық полисемия. Бірқатар лингвистикалық еңбектерде атап өтілгендей, халықаралық құжаттарды талдау іс жүзінде елдің «мүдделерін қорғау» ұғымы көбінесе оның серіктестеріне бақылау орнату міндетімен ауыстырылатынын көрсетеді. Демек, манипуляция элементі дипломатиялық дискурста тән – адресаттың санасына әсер ету, ал дипломатиялық коммуникация сұхбаттасушыны жасырын бақылауды көздейтін манипуляциялық диалог болып табылады.

Адресаттың қызметін реттеу, осы әрекеттердің қажеттілігін немесе олардың орындылығын ұсына отырып, оны қажетті әрекеттерге итермелеу арнайы

маркерлердің көмегімен жүзеге асырылады, сондай-ақ жанама түрде терминдердің коннотациясы, дискурстың реңктері, бағалау лексикасын таңдау арқылы анықталады

Эмоционалды әсер ету, әлеуметтік нормалар мен идеяларды пайдалану, ақпаратты тілдік алмастыру, сондай-ақ бұлыңғыр мәлімдемелер сияқты манипуляциялық құралдары қолданылады.

Дипломатиялық дискурсты зерттеу тек адресаттың сәйкес әлеуметтік топқа әсер етуінің оңтайлы жолдарын табу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық манипуляцияның шынайы ниеттері мен жасырын әдістерін анықтау үшін де қажет екенін әңгімелесушінің/адресаттың тарапынан атап өткен жөн.

Мәдени дипломатия аясындағы қарым-қатынас стратегиясы

Қарым-қатынас, PR және халықаралық қатынастар теориясы мен тәжірибесінің заманауи даму тәжірибесі «мәдени дипломатия» деп аталатын құбылысты зерттеуде жаңа аспектілердің бірі - коммуникациялық стратегияларды тануға мүмкіндік береді. Кез келген мемлекеттің халықаралық беделі мен оның саяси салмағы экономикалық ресурстарымен ғана емес, сонымен бірге оның рухани және мәдени әлеуетімен анықталатыны белгілі. Барлық жағдайда Кеңес одағында дипломатия мен мәдениет мемлекеттің ұлттық (орыс) мүддесіне қызмет етіп келді.

XX-XXI ғасырда шетелдік таным бойынша мәдениет ұғымының мазмұны коммуникацияның даму бағытында едәуір кеңейді: «Мәдениет тек қарым-қатынаста, соның ішінде өзара тірі алмасуда, дыбыс пен дауысты естуде терең әрі кеңінен сақталады» [67, 220 б.]. Осы ізденістерден кейін қазіргі халықаралық қатынастар мәселелерін зерттеуде мемлекеттер мен халықтардың мәдениетаралық өзара әрекеттестігіне, олардың қазіргі әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы рөлін талдауға ерекше назар аударылады. В.Фокиннің пайымдауынша: «Мәдениет, ғылым және білім салаларындағы ынтымақтастықты орнатудың табиғи мазмұны мен формаларына тән заңдылықтың қатарында этносаралық және конфессияаралық қатынастарды барынша нығайту басымдыққа ие болып тұр» [68, 127 б.]. Бүгінгі таңда коммуникацияны жылдам жүзеге асыруда PR-дың қызметі тиімділігімен танылып отыр.

Осы тұрғыдан Э.Голумовтың пікірі мынадай: «Халықаралық деңгейдегі PR қызметінің мақсаты – мемлекет имиджін әлемдік қоғамдастық санасында ілгерілету үшін коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану» [69, 202 б.]. Осы орайда Қазақстанның халықаралық PR-ы қандай деңгейде деген мәселені зерттеп көрдік. Қазақстанның мәдениет саласындағы халықаралық қатынастары ұлттық мәдени құндылықтарды таныстыру, насихаттау үдерісімен басымдықта болды. Бұл әрекет негізінен мәдениеті ортақ мемлекеттердің ғана қызығушылығында болды. Мәселен түркі тілдес елдерде ғана сұраныстар мен келіссөздер жүзеге асты. Демек, Қазақстанның мәдени дипломатиясы

этносаралық коммуникация деңгейімен шектелетіні байқалды. Дегенмен, Қазақстанның дипломатиялық коммуникациясында әсіресе, өзге мемлекет басшысын салтанатты қарсы алу рәсімі қазақ тілінде орындалатынына дәлелді деректер жеткілікті [70]. Әскери қабылдау, әскери оркестрдің әуені, әскери таныстыру, ұлттық рәміздерге тағзым сияқты ресми дипломатиялық әрекеттердің барлығында ұлттық нышандар сақталады.

Айта кетейік, мемлекеттің сыртқы саяси (дипломатиялық) бейнесі гуманитарлық ғылымдарда әлі де байыпты түсініле қоймаған күрделі ұғым болып табылады [71, 102-111 б.]. Н.Боголюбованың еңбегінде: «Бұлбасқа мемлекеттермен мәдени байланыстардың қарқындылығы, дәрежесін сипаттайтын басты міндеттер - халықаралық мәдени алмасуға қатысу, мәдени даму деңгейін көрсету және оны өзге мемлекетке сіңіру сұранысқа ие қылу, оның әлемдік аренадағы мәдени әлеуетін арттыру сияқты аспектілермен өлшенеді» [72, 110 б.]. Осы мәселе Н.Боголюбова., Ю. Николаева еңбегінде қарастырылып, халықаралық мәдени алмасудың дипломатиялық таңдаулы үлгілері ретінде талданған [73, 102 б.]. Ғалымдардың зерттеуі бойынша Кеңес одағынан тараған мемлекеттердің халықаралық мәдениет алмасу коммуникациясында толеранттылық мінез жоғары деңгейде сақталған. Сондықтан олардың дипломатиялық дискурсында кикілжің, дау туындамайды. Толеранттылық – әртүрлі көзқарастарға, әдет-ғұрыптарға, әдеттерге төзімділік. Толеранттылық әртүрлі халықтардың, ұлттардың және діндердің ерекшеліктеріне қатысты мінез. Бұл – өзіне деген сенімділік пен өз ұстанымдарының сенімділігін сананың белгісі, басқа көзқарастармен салыстырудан қорықпайтын, рухани бәсекелестіктен қашпайтын баршаға ашық идеологиялық ағымның белгісі.

Мәдени дипломатия мен сыртқы мәдени саясат ұғымдарының ауқымы мен қызметі екі түрлі үдерістер. Біз сыртқы мәдени саясат жағдайында мәдениетті пайдаланудың саяси процесін жүзеге асыратын дербес құрал ретінде деп санаймыз. Яғни ұзақмерзімді стратегиялық болжаммен орындалатын өзіндік тұжырымдамасы бар үрдіс. Басқаша айтқанда, бұл жерде елдер арасындағы мәдени серіктестік пен ынтымақтастықты дамытудың ғылыми негізделген болжамы ретінде жалпы стратегия басшылыққа алынады. Мұндай стратегия әдетте Сыртқы саясат тұжырымдамасы деп аталатын құжатта бекітілген және сыртқы мәдени саясат тұжырымдамасы ретінде бөлек құжатталады.

Ал мәдени дипломатия – сыртқы мәдени саясаттың бір құрамдас бөлшегі ғана. Мемлекеттің мәдени мүмкіндіктерін ескере отырып жеке мемлекеттік бастамаларды ұсыну, тарту, таратуды көздейді. Дипломатиялық қатынас тілі, дипломатиядағы жасампаздық, сәтті қарым-қатынас мәселелері мәдени дипломатияны жүзеге асыруда да маңызды деп танылады [74, 68 б.]. Сөйлеу стратегиялары (риторикалық, прагматикалық, семантикалық) дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық қызметін ашатын лингвистикалық нысанға айналды [75, 8 б.]

Осылайша, біз дипломатия саласындағы қарым-қатынас стратегияларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге әбден болатынына көз жеткіздік.

Дипломаттардың сөйлеу коммуникациясы – бұл стратегиялық процесс, оның негізі белгісі - тілдік ресурстардың тиімдісін таңдау болып табылады. Мәселен, Қ.Тоқаевтың «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің» жабылуында сөйлеген сөзін дәлел ретінде алуға болады. *«Қазақ жері екі күннен бері түрлі мәдениеттердің сындарлы сұхбат орталығына айналды. Дүние жүзіндегі беделді дінбасылар бір шаңырақтың астына жиналды. Сіздер барша адамзаттың күш-жігерін ортақ мүддеге жұмылдыру үшін әлемнің әр түкпірінен келіп отырсыздар. Осының өзі дінаралық келісім мен ынтымақтастықтың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Шын мәнінде, бәріміздің мақсатымыз – бір. Бұл – өркениеттер үндестігін орнату және бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту»*

Осындай жұмсақ репликаны пайдалану арқылы Қ.Тоқаев мынадай ойды жеткізуді мақсат еткен: *«Батыс пен әлемдік қауымдастыққа және стратегиялық құрылымға әлем бүгінде бетбұрыс кезеңде өмір сүріп жатыр. Бұл өзгерістер ең алдымен қауіпсіздік мәселелеріне қатысты. Бұл тұрғыда Азия континентінің бір бөлігі болып табылатын Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия аймағы да бір мүдделі болуы қажет»* деген идеяны жеткізуге.

Дипломатиялық әңгімелесудегі коммуникацияны жүзеге асыру мынадай мақсаттарға негізделеді:

- бірінші танысу, елшінің сенім грамотасын тапсыруы болсын, Сыртқы істер министрімен алғашқы кездесуі болсын, саяси, іскерлік, мәдени келіссөздер бойынша Елордаға дипломаттық әріптестекке келуі болсын басқа елдердің дипломаттарымен жалпы танысу болсын алғашқы таныстықта-ақ дипломатиялық қарым-қатынас стратегиясы орын алады.

- орнатылған байланыстарды нығайту тактикасы орын алады, бұрыннан қалыптасқан байланыстарға сәйкес егжей-тегжейлі әңгімелесу жүргізіледі;

- кейбір ақпаратты жеткізу және қажетті ақпаратты алу;

- сұхбаттасушыны өз пікірінің дұрыстығына сендіру, өз ұстанымы, сондай-ақ дипломат ұсынатын ел үкіметінің соларға көзқарасы немесе сыртқы саясаттың басқа аспектілері айтылады;

- екіжақты қатынастарда кездесетін халықаралық мәселелердің практикалық жағын талқылау және шешу;

- ресми келіссөздерге дайындық, сайып келгенде, келіссөздер кезіндегі әңгімелер

- көбінесе жартылай ресми, күрделі мәселелердің шешімін табады.

Дипломатиялық әңгіме жүргізу формасына байланысты коммуникативті контексті ескере отырып сөйлеу стратегиясы таңдалады. Оның формалары мынадай болуы мүмкін:

- дипломат өкілдік ететін ел басшылығының ресми тапсырмалары бойынша қабылдаушы елдің өкілдерімен әңгімелесу;

- Сыртқы істер министрлігінің ресми тапсырмасы бойынша әңгімелесу (әңгімелесудің ең жеке түрі);

- ел басшылығы мен Сыртқы істер министрлігінің ресми шақыруы бойынша әңгімелесу;
- қабылдаушы елдің өкілдерімен олардың ұсынысы бойынша немесе дипломаттың жеке бастамасы бойынша әңгімелесу;
- жалпы қабылдаулардағы әңгімелер, ресми іс-шаралар, көрмелер және т.б.;
- келіссөздер кезінде (әдетте бейресми немесе жартылай ресми) үзіліс кезіндегі әңгімелесу (ресми кездесулерден тыс);
- дипломат театрларға, концерттерге, қонақүйлерге барғанда, астанадан және басқа да қоғамдық орындардан кетіп бара жатқанда кездейсоқ әңгімелер;
- тақырып алдын ала белгілі болмаған кездегі күтпеген әңгімелер.

Жалпы дипломатиялық сөйлеудегі коммуникация стратегияларын анықтау және сипаттау үшін Н.В.Максимова ұсынған коммуникативті стратегиялардың (КС) типологиясын пайдалануға болады [77, 103 б.] В.Максимова «дипломаттың сөзіне» коммуникативті стратегия қалыптастыру жолын іздейді.

Құрметті әріптестер!

Ең алдымен, Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны ежелгі Самарқанд қаласында ШЫҰ Саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және жылы шыраймен қарсы алғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевке алғыс айтқым келеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрамы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бұл - біздің Ұйымның халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанының айқын дәлелі.

Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты.

Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды. Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогқа негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды.

Қ.Тоқаевтың дипломатиялық сөзінде ең алдымен метасөйленістегі атрибуттар көзге түседі. Дипломатиялық қарым-қатынас ережесі бойынша келген елге алғыс білдіру тактикасы орындалған. Сонда «Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны ежелгі Самарқанд» деп көршілес мемлекеттің мәртебесін көтеру, өзгелерге дамушы елдің көне тарихи құндылықтары бар екенін таныту, яғни шынайы жанашыр дос, тілектес екенін білдіру стратегиясы жүзеге асты. Бұл – дипломатиялық стратегиялардың метасөйленістегі атрибутты көрінісі. Әдетте дипломаттар әсіре әсерлі сөзқолданыстарды қолданбайды. Ризашылық, таңдану эмоцияларын вербалды, бейвербалды қатынаста да көрсетпеуге тырысады. Қ. Тоқаевтың бұл сөйленісіндегі «*жоғары дәрежелі*», «*жылы шыраймен*» атрибуттары да ниеттестікті, ұзақ жылғы достықты білдіру стратегиясын ашық көрсету мақсатында қолданылған деп қабылдаймыз.

Бүгінгі таңда дипломатиялық қатынастарда мәдени дипломатияның маңыздылығын растайтын мәдени ынтымақтастық пен серіктестікті орнататын

іс-шаралар қатарына мыналар жатады: форумдар, фестивальдар, турлар, көрмелер, жәрмеңкелер, ұлттық тіл мен мәдениет күндері, байқаулар, байқаулар, конгресстер, конференциялар, ғылыми-танымдық бағдарламаларалмасу, стипендиялар мен гранттарды алу тәжірибесі, мәдени-тарихи қорлардың қызметі. Халықаралық мәдени алмасудың бұл түрлері ежелден қалыптасқаны белгілі, бірақ интеграция мен интернационалдандыру жағдайында ғана олар нәтижелі мәдениалмасу деңгейінде тұрақты даму үдерісіне жетті.

Қарым-қатынас стратегиясы – бұл әлеуметтік коммуникация технологиясы, оны жүзеге асырудың тәсілі мен нысаны. Біз коммуникация стратегиясының үш негізгі түрін қарастырамыз, өйткені олар концептуалдынегізгі әлеуметтік процестерді сипаттай отырып, коммуникациялық әрекеттерді қалыптастырады.

Ашық саясат қоғамындағы дипломатиялық үдерістерде дәстүрлі (конвенционалды) тактика ұстанады. Себебі демократиялы елде келісімнің ашық, жарияланымды болуы талап етіледі. Мәселен, Қазақстанның дипломатиялық қатынастарында конвенционалды стратегияны ұстанған тақырыптар күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Олар:

- елдің қауіпсіздігі;
- бейбіт өмір;
- экология мәселесі. Арал, Каспий, Байқоңыр.
- араағайындық татулықты сақтау;
- этносаралық бірегейлікті сақтау;
- көршілес мемлекеттердің мәдениаралық ынтымақтастығын нығайту;
- пайдалы ресурстарды тиімді өндіру әрі пайдалану; т,б.

Президент және Үкіметтің ашық порталында барлық дипломатиялық қарым-қатынастар жарияланады. Себебі конвенциализацияның мазмұны пікірталаспен –диалог кеңістігімен жүзеге асады. Дәстүрлі дипломатиялық стратегия шеңберіндегі талқылау процесі шешім қабылдауға бағытталған, себебі кез келген стратегияның шешімі болуы маңызды. Ал шешімнің қанша уақытқа созылатыны интраманипуляциялық әрекеттерге байланысты. Делиберативті талас кезіндегі қолдау, мақұлдау процесі де стратегиялық шешімді білдіреді.

Кез келген дипломатиялық қарым-қатынаста оң пікір қалдыру алғашқы стратегиялық қадам – таныстырылымнан басталады. Бірқатар дипломатиялық қатынастарды зерттей келе, таныстырылымның өзінің үш типін анықтадық:

- 1.Тарихи жетістіктерді емес, ілгеру даму перспектикаларымен бөлісу
- 2.Елі туралы өзге мемлекеттердің оң бағасына басымдық беру
- 3.Имиджмейкинг (қоғамның оң пікіріне ие болу және сол мәртебеде тұру).

Дипломатиялық қатынаста коммуникативтік үдеріске қол жеткізетін екі тактика бар: біріншісі – білім – өзара тілдесудің, диалог жасаудың негізгі дәнекері болатын форма. Яғни аялық білімнің сәйкестігіне қарай екі тарап та ортақ тіл табысудың нәтижесінде коммуникация орнайды. Екіншісі – түсінісу континуумы. Түсінусуге деген ниеттің болуы, статустың деңгейінің сәйкес келуі немесе мүдделердің ортақтығы. Дипломатиялық стратегияны жүзеге асыратын

екінші қадамның бірі – манипуляцияның орындалуына негіз болатын үдерістер: олар – культуртрегер және миссионерлік.

Куртуртрегер – бұл мәдениетті, білімділікті шектен тыс құлшыныспен, турашылдықпен таратып, әдетте осының астарында өзінің пайдакүнемдік мүддесін жасыратын ирониялы адам.

Миссионер - халық арасында діни немесе басқа ағымды насихаттау үшін арнайы жіберілген адам.

Қорытындылай келгенде, мәдени дипломатиялық қатынасты 2 жолмен сипаттауға болады. Біріншісі – сызықтық жол. Дәстүрлі стандартты коммуникация стратегиясын ұстану. Онда кері шегіну бұрмалау, өзгерту жағдайлары болмайды. Дипломатиялық қатынас таныстырылым кезінде-ақ сәтсіз болса да, соныға дейін коммуникативті актіні орындап шығу міндеттеледі. Сәтсіздігі келісімге қол қойылмауымен шешіледі.

Екінші жолы – интерактивті жол. Онда кері байланыс үлгілері орын алады. Қайткенде сәтті коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндігінше күш салу үшін стандартты актілер бұзылады. Дипломатиялық коммуникацияның интерактивті жолмен жүзеге асырылуында культуртрегер немесе миссионерлік тәсілдер қолданылады. Себебі бұл тәсілдер мәжбүрлеу әрекетімен келісім жасауға алып келеді. Олардың ерекшелігі – зорлық-зомбылықпен бір елдің мәдени (діни) құндылықтарын екінші елдің аумағында тарату. Келесі жол халықтың өзге мәдениетті саналы, ынталы түрде қабылдауына ықпал жасайды. Яғни әлеуметтік маңызы бар кездесу стратегиясының қуаттылығы басқа халықтың мәдени құндылықтарын білуге, түсінуге және қабылдауға, шетелдік «мәдени өнімдерді» саналы тұтынуға ықпал жасайды. Сонымен мәдени дипломатиялық қатынаста сәтті коммуникация қалыптастырудың теориялық тәсілдері мынадай екі үлкен параметрде анықталады.

1. Коммуникативтік тәсіл: стратегия-тактика; сызықтық-интерактивтік тәсіл; манипуляция-конвенция.

2. Тілтанымдық тәсіл: дипломатиялық құжат; дипломатиялық стиль, дипломатиялық интенция; дипломатиялық диалог.

Түйіндей келе, дипломаттардың сөйлеу коммуникациясы - бұл стратегиялық үдеріс. Нақты тілдік ресурстарды таңдау оның негізгі көрсеткіші болып табылады. Дипломатиялық қатынасқа түсетін қатысушылардың мүдделері орындалу үшін сөйлеу әрекеттерінің жоспары ретінде коммуникативті және практикалық мақсаттары мен міндеттері басты ұстанымға айналады.

2.4 Дипломатиялық дискурстағы саяси сыйлықтардың коммуникативті мәні

Мемлекетаралық және халықаралық байланыстарды нығайту дипломатиялық коммуникация арқылы жүзеге асады. Негізінен бұл коммуникацияны саяси тұлғалар, дипломаттар орындайды. Жоғарыда ресми дипломатиялық қарым-қатынастардың жүйелі құрылымдарын талдадық. Енді

бейресми коммуникативті әрекеттердің де сәтті дипломатиялық келісімге қол жеткізетін жағдаяттарын талдауға бірқатар тәжірибелер негіз болып отыр.

Дипломаттар бір-біріне не тарту етеді, мемлекет басшылары не сыйлайды? Эксклюзивті сыйлықтар сәтті дипломатиялық коммуникацияны орнатады. Халықаралық, мемлекетаралық байланыста қандай сыйлық беруге болатынын және қайсысын қабылдауға болмайтынын белгілейтін белгілі бір этикет бар. Қалай болғанда да, саясаткерлердің сыйлықтары ерекше сыйлық болып табылады. Дипломатиялық сыйлықтар – бұл жасырын мағынадағы сыйлықтар. Мұндай сыйлықтардың өз ережелері бар, немесе оларды «саяси сыйлықтар тілі» деп атайды. Яғни сыйлықтар белгілі бір ойды мақұлдайтын символдық таңба болып саналады.

Дипломатқа ұсынылатын сыйлықтар эксклюзивті сыйлықтар болып табылады, олар кейде арнайы таңдалады немесе бір данада жасалады. Мәселен, Путин сыртқы істер министрлеріне арнайы ақ циферблатты сағат сыйлайды. Оның жоғарғы жағында Елтаңба бейнеленген, ал төменгі жағында Ресей президентінің қолы қойылады. Мұндай сағаттар шынымен де сирек кездесетін сыйлықтар болып саналады, өйткені олар тек Ресейде арнайы тапсырыспен жасалған және олар дүкендерде де, Интернетте де сатылмайды.

Мұндай эксклюзивті сыйлықтар қымбат болмауы керек, әйтпесе олар жасырын пара болып саналады. Саяси сыйлықтар көне дәуірден келе жатқан дипломатиялық этикет болып саналады. Бір кездері Қайта өрлеу дәуірінде олар асыл тастармен безендірілген әшекейлер, талғампаз сәнді ыдыстар, өнер туындылары саяси сыйлықтар қатарына жатқан. Ал қазір олар асыл тастардан жасалған сыйлықтарды саяси сыйлық ретінде ұсынбайды. Дегенмен, Норвегия ханзадасы дипломатиялық сыйлық ретінде шаш қыстырғыш пен галстук манжетілігін қабыл алған болатын. Дипломаттар арасында сағат сыйлау стандартты сыйлықтар қатарына енді, бірақ қымбат емес болуы заңдылық. Жасырын әдеп бойынша олардың бағасы 70 доллардан аспауы керек. Мәселен дипломатиялық қатынаста көлік, жылжымайтын мүлікті сыйға тарту әдетке айналмаған. Неміс кәсіпкерлері Путинге сыйға тартқан BMW көлігін ол православ діни қызметкеріне берді.

Бұл ретте өкілдік сыйлықтар алушының да берушінің де мәртебесіне сәйкес болуы аса маңызды. Егер сыйлық эксклюзивті емес, стандартты болса, бұл сыйлық ұсынылған адамның ойынан шықпай, ренжітуі мүмкін және сыйлық берген адамның сараңдығына немесе ақымақтығына күдік тудыруы мүмкін.

Дипломаттар арасында ел мақтан тұтатын символдық сыйлықты ұсыну дәстүрге айналған. Бұл – қолөнер бұйымдары, стандартты емес қолдан жасалған ұлттық бұйымдар болуы мүмкін. Мысалы, Гжель ыдыстары, Палех қобдишалары мен қойындәптерлер, қолдан кестеленген дастарқандар мен орамалдар, орыс шілтері т.б. Мұндай сыйлықтар арқылы дипломат өзінің қай елден екенін, бұл ел немен мақтана алатынын көрсетеді. Мәселен, Эдуард Россель Иран елшісінен ұлттық шапан мен тақияны сыйға алған. Алайда тарихи құндылығы бар немесе ел үшін құнды антиквариат пен өнер нысандарын

дипломаттық сыйлық ретінде беруге болмайды. Егер антиквариаттар дипломаттық сыйлық ретінде ұсынылған болса, сәтсіз коммуникацияны тудырып, сауатсыз дипломаттың мәртебесін көрсеткен болар еді.

Өкілдік сыйлықтар: хаттамалық және жеке болуы мүмкін. Хаттамалық, қызметтік сыйлықтар мемлекет меншігіне өтуі керек. Жеке сыйлықтар қандай адам екенін, оның нені қызықтыратынын, нені жақсы көретінін білгеннен кейін таңдалады. Бұл көп жылдар бойы сақталып келе жатқан дипломатиялық сыйлық берудің ескі қағидасы: сыйлық берілген адамның талғамы мен хоббиіне сәйкес келуі керек. Дипломаттарға, мемлекет басшыларына осындай өкілдік сыйлықтарды таңдағандағы басты міндет - қуаныш сыйлау. Мәселен, атақты халифа Харун әл-Рашид саясаткерлерге, басқа мемлекеттердің өкілдеріне сыйлық бергенде әрқашан осы ережені ұстанған. Өкілеттік сыйлық ретінде көркем сыйлықтар берілуі мүмкін. Мысалы: көркемөнерпаздардың заманауи туындылары (суреттері), мүсіндер, гравюралар. Мысалы, Англия патшайымына қазіргі ресейлік суретшінің Успен соборынан орыс патшаларының тағын бейнелейтін «Корольдік мекен» картинасы сыйға тартылды.

Саясаткерлерге де, әйелдерге де гүл шоқтарын беруге рұқсат етілген. Ол саясаткерлердің туған күнінен бастап кез келген саяси оқиғаларға дейін барлық жағдайларда қолданылатын сыйлық болып саналады. Психологиялық тұрғыдан гүлдер – бір жағынан бейтарап болса, екінші жағынан қуаныш пен сұлулықтың символы.

Саясаткерлердің өкілдік сыйлықтары келіссөзде айтылмайтын шынайы қарым-қатынастық сезімді білдіретін бейвербалды тілдің қатарынан орын алады. Бұл дипломаттар арасындағы интерпретация оны сыйлық сыйлайтындар түсінетін нәзік дипломатиялық тіл деп те атауға болады. Мысалы, француз саясаткерлерінің император Александр III-ге сыйға тартқан үстелі оны Франциямен келіссөздер үстеліне отырудың уақыты келгеніне сендірді. Саясаткерлер бір-біріне жиі сыйлайтын сыйға тартылған қалам кез келген құжатқа қол қоятын кез келгенін меңзеуі мүмкін.

Дипломатиялық сыйлықтардың ең қарапайым түрі – кітап. Мемлекет басшылары жиі тарту ететін элиталық сыйлықтар қатарына: өнер туралы кітаптар, этнография кітаптары, мемлекет тарихы бойынша кітаптар. Кейде кеңсе бұйымдары да сыйлық ретінде ұсынылады. Мәселен, визит карточкасының қорабы мемлекет елтаңбасымен рәсімделген түрі. Жоғары дәрежелі дипломаттар қайткенде елінің символдық құндылығын сыйлық бетінде қалдыруға тырысады. Мұндай сыйлықтарды антиквариат дүкендерінен, әртүрлі көрмелерден, каталогтардан іздейді. Дипломаттар элиталық сыйлықтарды таңдау – мемлекеттердің этикеті мен тарихын, мәдениеті мен әдебін білуі, яғни білімдік деңгейі сынға түседі. Сондай-ақ эстетикалық талғамы да айқын көрінеді. Себебі сыйлық бойында ерекше нәзіктік болуы шарт.

Дипломатиялық және іскерлік хаттамада естелік сыйлықтарды тек Жаңа жыл мен Рождество мерекесіне ғана емес, сонымен бірге әріптестік жұмыстың аяқталуына, келісімшартқа қол қоюға және басқа да бірлескен күндерге

байланысты ауыстыру дәстүрге айналған. Қазіргі дипломатиялық коммуникацияда діни мерекелерге байланысты сыйлықтар алмасу міндетті емес.

Іскерлік немесе дипломатиялық сыйлық мүмкіндігінше жан-жақты әмбебап және символдық болуы керек, алайда бағасы қымбат емес болуы тиіс. Сыйлықта ұсынушы елдің символикасын рәсімдеуге рұқсат етіледі. Сыйлық пайдалы және жағымды (эмоционалды күй сыйлайтын) болса, оңтайлы деп танылады.

Сыйлық ретінде ұсынылған гүлдер туралы бөлек айту керек. Іскерлік этикет хаттамасында және ережелерінде гүлдер мереке күндері де, ерекше себепсіз де берілуі мүмкін. Серіктестерге көңіл бөлу немесе ризашылық білдіру белгісі ретінде гүл сыйлау әдепке жат емес. Дегенмен, мыналарды ескерген жөн:

- орамдағы гүлдерді тек көшеде (әуежайда қарсы алу рәсімі кезінде) немесе хабаршымен тапсырған кезде ғана беруге болады. Ал үй ішінде букет қаптамасыз ұсынылады.

- гүлдерді басқа сыйлықпен бір мезгілде қатар ұсынуға болады.

- қазіргі уақытта букеттегі гүлдердің санына немесе олардың символдық мағынасы қатысты ешқандай сын, мін тағылмайды. Бірақ, егер сіз шетелдік қонақтарға гүл шоғын ұсынатын болсаңыз, қабылдаушы тараптың талғамын білгеніңіз артық болмайды.

- егер гүл шоғы компаниядан немесе мессенджермен бірге ұсынылса, гүл шоғына визит картасын қосу керек.

Сыйлықтарды қабылдау ережесіндегі қателік дипломатиялық қатынастарға кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік үшін сыйлық қабылдау үшін тәртібін де білген жөн. Бұл да коммуникативті әдепті қалыптастырады. Мысалы:

- этикет ережелеріне сәйкес, бірінші кездесуде сыйлықты қабылдаушы тараптың өкілдері бірінші болып ұсынады;

- сыйлықтарды ұсыну кезінде иерархияны сақтау керек: көшбасшы көшбасшыға береді және одан әрі рангілік дәрежесі төмен қызметкерлер ұсынады;

- топтық дипломатиялық кездесуде сыйлық алмасу кезінде сыйлық сыртындағы қаптаманы алып көрсетудің қажеті жоқ, тек алғыс айту жеткілікті;

- егер сіз сыйлықты жеке алған болсаңыз, сыйлық берушіге назар аударғаны үшін алғыс айтып, сыйлықты ашып, тағы да алғыс айтуыңыз керек;

- кейінгі кездесулерде ірі сыйлықтарға жол берілмейді, тек алкогольді сусындар, гүлдер, тәттілерге ғана рұқсат беріледі;

Дипломатиялық коммуникацияның сәттілігі мен сәтсіздігіне басты тетік – сыйлықтар екенін түрлі жағдаяттар дәлелдеп отыр. Себебі қазіргі кезде дипломатиялық сыйлықтарды тапсыру дәстүрі бүгінде жарыс түріне айналды. Дипломаттар мен мемлекет басшылары ұсынатын сыйлықтарының бірегейлігі мен ерекшелігі жағынан бір-бірінен асып түсуге тырысып, тапқырлық ғажайыптарын көрсетеді. Олар тірі жануарларды, кітаптарды, DVD дискілерін береді және бір кездері Элизабет II-ге Бродвей әндерінің жазбалары бар iPod сыйға берілді.

Сіздердің назарларыңызға сәтсіз дипломатиялық коммуникация тудырған 10 жағдаятты ұсынамыз.

- 1990 жылы Джордж Буш Индонезия үкіметінен комодо айдаһарын сыйға алды. Бұл батыс жарты шардағы ең үлкен мониторлық кесірткелердің бірі болды. Буш жануарды Цинциннати хайуанаттар бағына беруге мәжбүр болды.

- Индонезияда монитор кесірткелері екі есе үлкен олжаға төтеп бере алатындығы үшін ұлттық қазына болып саналады.

- 2009 жылы Джордж Буш сыйлық ретінде қозы етін алды. Буш нағыз техастық болғандықтан етті қатты жақсы көретінін бәрі біледі, сондықтан Аргентина президенті оған 130 келі қозы етін берді. Бұл еттің президент үстеліне түсуі екіталай, өйткені қауіпсіздік қызметі бұған рұқсат бермес еді, бірақ бұл сыйлықты Буш жоғары бағалады.

- 2009 жылы АҚШ-тың жаңа президенті Барак Обама Палестина автономиясының президентінен зәйтүн майын сыйға алды. Сыйлықтың құны шамамен \$75 болды және АҚШ президенті алған ең арзан сыйлықтардың бірі болып қала берді. Президенттің бұл майды сынап көргені белгісіз, бірақ ол мемлекет басшысына ең оғаш сыйлық болды.

- АҚШ-Ресей қарым-қатынасында Мемлекеттік хатшы Хиллари Клинтон Сергей Лавровпен кездесті. Көңіл-күйді сәл жеңілдету үшін кездесу басында Хиллари Лавровқа «қалпына келтіру» және «қайта жүктеу» деп белгіленген қызыл түймесі бар сары жәшік берді. Осының барлығы жиынға қатысқан тілшілерді қатты қуантты. Өкінішке орай, тату дипломатиялық қатынас ұзаққа созылған жоқ.

- 2010 жылы Владимир Путинге Болгария Премьер-Министрі Бойко Борисов күшікті сыйға тартты. тың сыйы. Бұл сыйлық қазіргі дипломатиядағы ең сүйкімді иттердің бірі болды.

- Соңғы бірнеше онжылдықта АҚШ пен Иран арасындағы дипломатияның кез келген түрі туралы жағымды айту қиын болғаны бәріне аян. АҚШ-тың Иран әскерін бақылауда ұстауы, Иран аспанындағы АҚШ ұшақтарының саны жыл сайын арта түсуі ирандықтардың ұшқышсыз ұшақ ойыншығын жасауға мәжбүр еткендей. Ресей мен Иранның дипломатиялық қатынасында ұшқышсыз ұшақ ойыншығы сыйға тартылды.

- Саддам Хусейн Дональд Рамсфельдке берген ең оғаш және ең алаңдатарлық сыйлықтардың бірі болды. 1983 жылы Хусейн Дональдқа сириялық әскерилер мен кішкентай балалардың жыланның басын шағып, күшіктерді кесіп жатқаны, ал сириялық диктатор Хафез әл-Асад оған рақаттана күліп тұрғаны бейнеленген үш минуттық бейнефильмді сыйға тартқан екен.

- 2011 жылдың қарашасында Австралияның Солтүстік территориясына жасаған сапары кезінде Барак Обама премьер-министр Пол Хендерсоннан сыйлық ретінде 50 000 долларлық сақтандыру полисін алған болатын. Бұл - күзетшілер кенет қателескен жағдайдағы сақтық шарасы еді. Бұл біртүрлі көрінеді. Дегенмен елдің бұл бөлігі Австралиядағы ең үлкен қолтырауындардың мекені екенін біле тұра, Хендерсонды тым сақтық танытты деп айыптау қиын.

Обама сақтандыру полисін қуана қабылдады. Бұл сыйлықтың астарында Обаманың АҚШ-тағы денсаулық сақтау реформасында қолтырауыннан сақтандыруды елеусіз қалдырғанын еске салу мазмұны да бар еді.

- Қытайлықтар мың жылдан астам уақыт бойы саяси көшбасшыларға тірі пандаларды сыйға беріп келеді. Тек 1958 жылдан 1982 жылға дейін олар әртүрлі елдердің құрметті қонақтарына 23 панда сыйлаған екен.

- 2013 жыл Франция президенті Франсуа Олландқа Мали билігі алғыс айту ретінде түйе сыйлады. Малидің солтүстік бөлігін басып алған исламшыл көтерілісшілермен күресу үшін француз әскерін Малиге жіберіп көмектескен болатын. Экзотикалық жануар оларға ең жақсы сыйлық болып көрінді. Алайда, түйенің жаңа иесімен қарым-қатынасы оң нәтиже бермеді.

Байқағанымыздай дипломатиялық сыйлықтар қандай жағдайда ұсынылады: біріншіден, ұзақ жылдар бойғы достық, әріптестік, серіктестік болғаны үшін шынайы рухани жақындығы үшін беріледі;

екіншіден, сәтті келісім орнатқаны үшін, ұсынған талаптарды қабылдағаны үшін сый беріледі;

үшіншіден, көмек сұрамастан, әлемдік жағдаяттан көре отырып, қол ұшын берін жәрдемдескені үшін беріледі;

төртіншіден, «мағыналы сыйлықтар» белгілі бір ойды, кемшілікті еске түсіріп, ескерту үшін беріледі; бесіншіден, халықаралық қатынасы үзіліп, қайта жаңғыртуда ұзағынан болсын деген ниетпен «мағыналы» сыйлықтар беріледі.

Қазіргі дипломатиялық сауаттылықты анықтаудың эксперименттік үлгілері

Дамушы демократиялы, зайырлы қоғамның мүшесі болғандықтан әрбір қазақстандық дипломатиялық тұрғыдан сауатты болуы маңызды. Дипломатиялық сауатты болу әлемдік этикеттер нормасынан хабардар, сөйлеу тактикасы мен стратегиясына төселген, тілдескіш (коммуникабельді) әрі көпшілік алдында кез келген жағдаяттан дау-дамайсыз шыға алатын қасиеттерге ие болады. Осы қасиеттерді анықтау мақсатында 2 түрлі сауалнамалық эксперимент жүргіздік.

1-ші сауалнамалық эксперимент гуманитарлық және техникалық мамандықта оқитын жастарға (студенттерге) арналды. Олардың жалпыадамзатқа тән дипломатиялық сауаттылығын анықтайтын сауалдар ұсынылды. Барлығы - 10 сауал. Әрбір сауалдың үш нұсқасы берілді. Сауалнамаға 40 студент қатысты. Сауалнама гугл платформасында онлайн ұсынылды. Сауалнама жасырын жүргізілді. Яғни репициенттің аты-жөні жарияланбады. Сауалнама жүргізу техникасы дипломаттар даярлайтын психологтердің тәжірибесінен алынды.

Гуманитарлық және техникалық мамандықта оқитын жастардың бипаздық (ымырашылдық, тілтабысқыш) қасиетін байқауға арналған сауалнама

1.Әуежайда досыңызбен ұшаққа отырғалы тұрсыздар. Досыңыз билеттерді таппай жатыр:

- Сіз оған ұрсасыз, дұрыс ұйымдастырмағанын ескертесіз.
 - Ешқандай қобалжымай, досыңызға тағы бір мұқият іздеуге, есіне түсіруге мүмкіндік бересіз.
 - Билет ұмытылғанына мән бермей, саяхаттауды келесі жолға қалдырып, үйге қайтасыз.
2. Тойда сізді танымайтын және саясат тақырыбында әңгімелесіп отырған қонақтардың қасына отырғызды. Ол кісілердің пікірлері сіздің ойыңызға түбегейлі қарама-қарсы болып жатыр.
- Сіз сол сәтте басқа столға ауысасыз
 - Сіз әңгіме ұшығып кетпеуін тілеп отырасыз
 - Сіз өз идеяңызды ұмытып, дастарқандастың пікірін қолдауға тырысасыз.
3. Азық-түлік дүкенінде кезекте тұрсыз. Кенет сіздің алдыңызға жастардың легі ескертусіз, сұраусыз тұрып алды, не істейсіз?
- Сіз оларға дұрыс еместігін ескертіп, өз орнын білуін айтасыз
 - Сіз куәгерлерді тауып, кезекте бұрыннан тұрғаныңызды дәлелдейсіз
 - Олардың көп екенін ескеріп, үнсіз қала бересіз
4. Екі апта бұрын жаңа көлік сатып алдыңыз. Бірақ бүгін көлігіңізге басқамәшине соқты да алдыңғы жағын жырып өтті. Не істейсіз?
- Көліктен шығып, мұқиятсыз жүргізушіге ұрсасыз
 - Өзгені кінәлаудан гөрі, өзіңіз де көлік жүргізуге екі апта бұрын ғана отырғаныңызды айтуды жасырмайсыз.
 - Сабыр сақтап, екі жаққа да тиімді жолды іздейсіз.
5. Әріптеспен идеяларыңыз біржақты болмады, не істейсіз?
- Бұл туралы кездескен сәтте-ақ хабарлайсыз
 - Қоштасу кешін ұйымдастырып, кішігірім сыйлық беру арқылы жеткізесіз
 - Жай ғана хат жазып жеткізесіз.
6. Сіз жұмыс тапсырдыңыз. Бірақ бұл жұмыс қате орындалды. Не істейсіз?
- Жұмысты қайтарасыз да, түзетілуін талап етесіз
 - Бәрі дұрыс деп қабылдап аласыз да, түнімен өзіңіз түзетіп шығасыз
 - Оны шақырып аласыз да, қатені бірге түзетесіздер
7. Сіз әріптесіңізбен бір мәселеге келісе алмай жатырсыз. Не істейсіз?
- Мақсатқа жету үшін басқа әріптесті іздеймін
 - Жағдайға аса мән бермеймін, тағдыр солай болған екен деп қоя саламын
 - Қайткенде сол адаммен келісу үшін барлық әрекеттер мен айла тәсілдерді қолданамын
 - Менің қалауыммен болу үшін барлық қысым шараларын қолданамын
8. Қоршаған ортадағы адамдарға көзқарасыңыз қандай?
- Мен олардың маған деген қарым-қатынасынан да жақсырақ қараймын
 - Адамдармен өзімнің белгілі бір қызығушылығым үшін қарым-қатынас жасаймын
 - Адамдар маған қандай қарым-қатынас жасаса мен де дәл сондай қарым-қатынаста боламын.

- Мен кейде адамдардың жақсы қарым-қатынасынан да төмен қатынаста боламын.

9.Көптен көрмеген танысыңызды кездестірдіңіз, бірақ есімін ұмытып қалғансыз. Не істейсіз?

- Сөйлесу барысында есімін айтпауға тырысасыз
- Есімін ұмытқаныңызды жасырмайсыз да қайта сұрайсыз
- Өңгімені қысқа қайырып, тез кетуге асығасыз

10. Басшыңыз іскери түскі асқа шақырды. Бірақ сіз жемейтін асқа тапсырыс берді.

- Тамақ келген сәтте жеуден бас тартасыз
- Амалсыздан жейсіз
- Ерекше ілтипат білдіріп, рақмет айтып, жеуге тәбет болмай тұр дейсіз.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша қатысқан 40 студенттен 33 жауап келді. 12 жауап – жоғары. Ымырашыл, дипломатиялық әдепке төселген, сабырлы мінезді тұлға сипаттамасына ие болды.

5 жауап – орташа. Құбылмалы мінез, бірде сабырлы, бірде ашушаң, тұрақты қарым-қатынасқа төзе алмайтын, өзгерісті қалайтын тұлға мінезіне ие болды.

6 жауап – төмен. Шыдамсыз, сабырсыз, ашушаң. Ымырашылдыққа жол бермейтін, өз мүддесін бірінші кезекке қоятын, көпшіліктің оның қалауындай болуын талап етіп тұратын тәкаппар тұлға мінезіне ие болды.

2-ші сауалнамалық эксперимент Абылай хан атындағы ҚазХҚӨТУ халықаралық қатынастар мамандығы студенттерінің арасында өткізілді. Бұл сауалнама болашақ дипломаттардың кәсіби сауаттылығын тексеру мақсатында жүргізілді. Барлығы - 10 сауал. Әрбір сауалдың үш нұсқасы берілді. Сауалнамаға 60 студент қатысты. Сауалнама гугл платформасында онлайн ұсынылды. Сауалнама жасырын жүргізілді. Яғни репициенттің аты-жөні жарияланбады. Сауалнама жүргізу техникасы дипломаттар даярлайтын психологтердің тәжірибесінен алынды.

Дипломат мамандығында оқитын студенттерге арналған сауалнама

1.Бір мемлекет үкіметінің екінші мемлекет үкіметіне ресми үндеуі қалай аталады?

- Консул
- Грамота
- Нота

2.«Дипломат – мемлекеттің айнасы» деген тұжырымға келісесіз бе

- Ия
- Жоқ
- Басқа пікір.....

3.Қазақстандық дипломатияға тән қасиет қайсы?

- Жағымпаздық
- Сабырлылық
- Қонақжайлық

4.Дүниежүзіндегі дипломатиялық қарым-қатынасы ең мықты мемлекет

-АҚШ

-Ресей

-Швейцария

5.Тұлғаның басқа елде дипломатиялық іс-әрекет жүргізуі туралы құжаты қалай аталады?

-Протокол

-Нота

-Сенім грамотасы

6.Дипломатиялық қатынаста уақытты бағалайтын ұлт қайсы?

-Араб

-Орыс

-Неміс

7.Экономикалық дипломатия алғаш рет қай елде қалыптасты?

-Қытай

-Франция

-Арабия

8.Дипломатиялық құжаттар қандай стильге жатады?

-Көркем әдеби стиль

-Ресми іскери стиль

-Ғылыми стиль

9.Қазақстандағы «Тальго» пойызы қай мемлекетпен дипломатиялық қатынас арқылы жүзеге асты?

-Ресей

-Қытай

-Испания

10.Қазақстан бидайы қай мемлекетке экспортталады?

-Өзбекстан

-Үндістан

-Әзербайжан

Сауалнаманың нәтижесі бойынша, 60 студенттен – 56 жауап келді. 1 балл – бір дұрыс жауап деп есептелді.

8 жауап – 10 балл

21 жауап – 8 балл.

13 жауап – 7 балл

4 жауап – 6 балл

7 жауап – 4 балл

3 жауап – 1 балл.

Орташа есеппен дипломат мамандығының студенттері 63% кәсіби саласыбойынша сауатты деп танылды.

Қазақ дипломатиясының тарихындағы ерекшеліктер мен жетістіктерді анықтау үшін дипломатиялық іспен кәсіби практикалық тәжірибесі бар дипломаттардан сұхбат алу арқылы қол жеткізді. Youtube [77]. сілтемесінде

сұхбаттың бейнежазылымы сақталды. Сұхбат нәтижелері дипломатиялық дискурстың қолданбалы сипатын анықтауға септігін тигізді.

Тарау бойынша түйін

Дипломатиялық дискурста жанжалдар мен келіспеушіліктер туындаған кезде, тіпті толық келіспеген жағдайда да өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа ықпал ететін белгілі бір тілдік арсенал бар. Дәл осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін дипломаттар іс-әрекетке шақыру немесе белгілі бір халықаралық мәселені шешу кезінде "біз" есімдігін қолдануды жөн көреді. "Біз" есімдігі дискурсқа әлемнің қауіп-қатерлері мен бұзылуларына қарсы жалпы ынтымақтастыққа жетелейтін астарлы сөз деп ұғынылады. Дипломатиялық коммуникацияның сәтті болуына себепкер түрткіжайттар: бірнеше тілдің тілтанымдық ережелері мен этномәдени ұғымдарын, мәдениетаралық реалийлерін білу; достық атмосферасын құруға және өз елдерінің саяси көшбасшылары арасындағы күрт қайшылықтардың алдын алу немесе жеңілдету; өз елінің мүддесіне қол жеткізуде өз үстемдігін достық ниетте жүзеге асыру. Дипломатиялық дискурстың тиімділігі дипломатиялық дискурстың мақсатына қатысты анықталады – тек хабарлау ғана емес, сендіру, адресаттың ниетін ояту, сендіруге негіз беру және әрекетке шақыру.

Екінші тарауда дипломатиялық дискурс институционалды дискурстың құрамдас бөлігі ретінде анықталды. Кәсіби дискурсқа (дипломатиялық сөйлесімге) тән белгілер айқындалды. Саяси дискурстан айырмашылығы көрсетілді. Дипломатиялық дискурстың сәтті/сәтсіз болуына ықпал ететін түрткіжайттар талданды. Дипломатиялық дискурсқа тән басты белгілер – стратегия мен тактиканың дұрыс таңдалуы. Дипломатиялық дискурс вербалды қарым-қатынас қана емес, алдын ала жоспарланған, белгілі бір діттемге мүдделі сөйленісті орнатуға бағытталған екі тарап арасындағы диалог екендігі бағамдалды.

Сондай-ақ дипломатиялық дискурстың коммуникативтік сипатын анықтайтын белгілер – сыйлық сыйлау әдебі екендігі талданды. Дипломатиялық қарым-қатынаста сыйлық беру көпжылдық ынтымақтастықта болған дос мемлекеттер арасында риясыз көңілді білдіру мақсатында елдің тарихи құндылығын танытатын кәдесыйлықтар берілетіні дипломатия тарихында елеулі орын алады. Сондықтан дипломатиялық сыйлықтар да дискурс кеңістігінде ерекше байқалып отырды. Әдетте сәтсіз дипломатиялық қарым-қатынасты тудыратын ең басты түрткіжайт – тіл болса, екінші кезекте – орынсыз немесе ұнамсыз сыйлықтың берілуі. Үшінші кезекте, дипломатиялық әдептің сақталмауы. Жұмысымызда мүдделі дипломатиялық тактиканы бұзатын сөзқолданыстар Н.Терентьевтің үлгісі бойынша жіктелді: терістеу тактикасын әдетте дамыған (алпауыт) мемлекеттер жиі қолданады. Айтылмақ сын немес ескертпені тікелей мағынада емес, өзге бір ұғымды терістеу арқылы жеткізу тактикасын Ресей президенті В.Путиннің жиі қолданатыны анықталды. Ал

Қазақстан президенті Қ.Тоқаев литоталы референцияны, эвфемистік қолданысты, мақтаныш және бағалау тактикасын жиі қолданатыны айқындалды.

Сонымен қатар болашақ дипломат мамандардың сауаттылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде дипломат мамандардың 67 пайызы дипломатиялық сауатты екені расталды.

ШҚАЗАҚТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ (ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ)

3.1 Дипломатиялық әңгіме және оның прагматикасы

Қабылдаушы елдің әртүрлі өкілдерімен, дипломатиялық корпустағы әріптестерімен әңгімелесу дипломаттардың өз міндеттерін орындауы үшін аса маңызды. Әңгімелесу туралы алдын ала келісім сізге алдын ала ойлануға және ықтимал бұрылыстарды, жоспарланған сценарийден ауытқуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар «кездейсоқ» әңгімелер болуы мүмкін. Көбінесе олар қабылдау кезінде пайда болады, олардың бір мақсаты – ақпарат жинау мен ақпаратты беру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Тіпті дипломатиялық таңғы ас немесе түскі ас кезінде, егер ақпарат пен пікір алмасу үшін атмосфера үлкен жиналыстарға қарағанда қолайлы болса, байсалды әңгіме жоспарланған жағдайда, онда ол бөлек ұйымдастырылады – үстелде емес, басқа бөлмеде. Әңгімелесушілер әңгіме тақырыбы бойынша алдын ала келісе алады. Кез келген байланыс әңгімеге айналмайды. Дипломат жақында ғана кездескен әңгімелесушіден кейбір ақпаратты «алуға» тырысу – әдепсіздік. Егер әңгімелесуші белгілі бір талқылаудан аулақ болса, онда әңгімені кейінге қалдыру немесе басқа әңгімелесушіні табу жақсы. Барлық дәрежедегі дипломаттарға әңгімелерді алдын ала жоспарлағаны жөн. Әңгімелесуге дайындалып, сіз талқылағыңыз келетін мәселелердің ауқымын анықтауыңыз керек. Содан кейін сіз өзіңіздің де, басқа жақтың да елшілігінде немесе Сыртқы істер министрлігінде осы шотта бар ресми құжаттарды зерделеуіңіз керек. Құжаттарды салыстыру кезінде тараптар арасындағы пікір қайшылықтары мен әртүрлі көзқарастарды қолдайтын аргументтерге назар аудару қажет. Бұл сіздің серіктесіңізді бұрынғы көзқарастарын өзгертуге итермелейтін сіздің

позицияңыздың пайдасына жаңа дәлелдер табуға көмектеседі. Егер әңгімелесуші конструктивті әңгімеге дайын болмаса, оны басқа күнге ауыстырған дұрыс. Дипломаттар үшін уақытты «сезінуді» үйрену өте маңызды. Әңгіме кезінде сағатқа қарау әдепсіздік болып саналады. Бұл қимыл әдетте сөйлесуді тоқтату үшін сигнал ретінде қабылданады. Сіз жоспарланған талқылаудың бір бөлігін келесі кездесуге ауыстыруыңыз керек екеніне дайын болуыңыз керек. Сондықтан әңгімені ең маңызды және шұғыл мәселеден бастаған жөн. Әңгімелесуге барғанда немесе біреуді әңгімеге қабылдағанда, мүмкін болса, әңгімелесушінің толық бейнесіне қарап алу керек. Сіз бір қарағанда ұсақ-түйекке ұқсамауыңыз керек. Әңгімелесуді сәлемдесу мен қысқа лебіз білдіруден кейін бастау, әңгімелесушіге жергілікті газеттерде әлі егжей -тегжейлі айтылмайтын өз елі туралы жаңалықтардан сөз қозғау сәтті коммуникацияға көмектеседі. Мұндай бастама әңгімелесушінің әңгімеге қолайлы психологиялық көңіл -күйін қалыптастыруға көмектеседі. Қақтығыс жағдайлары туындаған кезде, кейде байқаусызда ойланбай айтылған сөздер мемлекеттер арасындағы қатынасты қиындатып, адамның беделін түсіруі мүмкін. Дипломатиялық әңгіме көбінесе әңгімелесушілер қарама-қарсы идеологиялық позицияда болған жағдайда басталады. Тәжірибелі дипломат өз пікірін білдіріп, сұхбаттасушыны тыңдай отырып, болашақта көзқарастардың жақындасуына негіз болатын позитивті нәрсені табуға тырысады. Салмақты дауыс, қарсы дәлелдеу, әңгімелесушінің позициясына ойлы көзқарас, әңгімені жүргізудің ақылға қонымды тәсілі әңгімелесушілердің ғана емес, олардың ұстанымдарының жақындасуына ықпал етеді. Сондықтан, әңгімеге дайындық кезінде және серіктес туралы деректерді жинау кезінде сіз үшінші жақтардан алынған бағаларға мұқият болуыңыз керек. Әңгімедегі импровизация ол негізгі мақсат пен жоспарға зиян келтірмесе ғана рұқсат етіледі. Дипломатиялық әңгімелесу этикеті, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, шыдамдылықпен, жағымсыз сөздер айтылса да, бәрін соңына дейін тыңдауды көздейді. Содан кейін, дәл осылай байсалдылықпен және егер жағдай әсер етсе, оң жауап беріңіз немесе әңгімелесушінің айтқанын қабылдамаңыз. Шапшаңдық пен асығыс – сөйлесудің шырқын бұзатын жаман қылықтар. Әңгіме ішкі ашуды келтірсе де сабырлылықпен, дауыс көтерместен және ашуланбай берілуі керек.

Бейресми дипломатиялық әңгіме мейрамханада түскі ас немесе таңғы ас үстінде немесе тараптардың бірінің хаттамалық іс-шарасы аясында өтеді. Мұндай әңгімелер әдетте жазылмайды, олар жеке жағдайда жүргізіледі. Бейресми дипломатиялық әңгімеде бір-біріне үлкен сенімділік мен ашықтық атмосферасы орын алады. Бейресми дипломатиялық әңгіме қатарын мәдени, спорттық іс -шаралардағы, үшінші тұлғаны қабылдау кезіндегі әңгімелер толықтырады. Бұл кездейсоқ немесе жоспарланбаған кездесулер деп танылады. Сонымен қатар, осындай бейресми әңгімелер дипломатиялық қарым-қатынасты нығайтуға, кез келген жалпы мәселелер бойынша сөйлесуге, егжей-тегжейлі әңгіме айтуға мүмкіндік береді.

Дипломатиялық әңгіме – бұл жаңа іскерлік қарым-қатынас құру мақсатында, дипломатиялық жағдайды өзгерту мақсатында бір немесе бірнеше тараптың бір-біріне әсер еткісі келетін ақылға қонымды таңдалған ойлары мен сөйленістерінің жиынтық жүйесі. Бірақ анықтама осылай берілгенмен дипломатиялық әңгіменің негізгі міндеттерінің бірі - екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас үшін маңызды болып табылатын мәселелер бойынша сенімді ресми ақпарат алу және мұндай ақпаратты серіктестің назарына жеткізу.

Дипломатиялық әңгіменің келесі қызметі – келіссөздер жүргізу және екіжақты құжаттарды келісу, немесе мұндай келіссөздерге дайындалу, сәйкес келетін мүдделер мен келісімдерге немесе келісімдерге жету мүмкіндіктерін анықтау. Бұл қызмет дипломатиялық келіссөзде туындайтын келіспеушіліктердің алдын алу, атап айтқанда, келіспеушіліктерді жою немесе туындаған қақтығыстарды реттеу, оларды тиісті түрде шарттар мен келісімдер түрінде ресімдеу жолында маңызды кезең болып табылатын келісімдерге қол жеткізу мақсатындағы әңгімелермен тығыз байланысты.

Ауызша келісімдер маңызды болғанымен, күрделі халықаралық мәселелерді шешудің берік ұстанымы бола алмайды. «Джентльмендер келісімдері» оңай бұзылады, әсіресе кейбір «мырзалардың» орнына өзінен бұрынғылардың уәделеріне бағынбайтындар пайда болғанда немесе халықаралық шарттар өзгерген жағдайда келісім бұзылады. Мұндай жағдайға мысал келтіретін болсақ, америкалық және неміс саясаткерлеріне М.С.Горбачевтың «НАТО-ны шығысқа *«бір де бір дюймге қоспаймыз»* деген уәдесінің бұзылуы. Бұл уәде жеткілікті дәрежеде түсіндірілмеді және талқыланбады. Тіпті келісімшарт түрінде ресімделмеді. Бұдан кейін М.С.Горбачевтың қызметіне, сеніміне күдік туындай бастады.

Ауызша дипломатиялық әңгімелердегі уәдені сақтамау үдерісінің соңғы жылдары өршуі елдер арасындағы қақтығысты күшейте түсті. Мысалы, Грузия президенті Саакашвилидің Абхазиямен және Оңтүстік Осетиямен қарым - қатынастағы мәселелерді шешуде *«күш қолданбаймын»* деген қоғамдық ауызша уәдесі орындалмады. Грузин әскерлері Цхинвалиге шабуыл жасады. Демек бұл дипломатиялық қатынастағы тәкаппарлық пен айлакерліктің мысалы бола алады.

Дипломатиялық байланыстар өз елінің оң имиджін қалыптастыруға қызмет етуі тиіс. Дипломаттың айтқаны мен істейтінінің бәрі жергілікті қоғамдастықтың санасында сақталады және дипломаттың әрбір ісі қоғамға оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

Дипломаттың жеке қасиеттері мұнда өте маңызды, өйткені ел оның сыртқы келбетіне, мінез-құлқына және интеллектіне қарай бағаланады. Дипломат қабылдаушы елде өз елінің беделіне әсер ететін барлық үдерістерді үнемі бақылап отыруы және теріс ақпарат тарату, жалған мәлімдемелер мен айыптаулар немесе баспасөздегі жағымсыз басылымдар болсын, бұл беделге нұқсан келген кезде белсенді түрде сөйлеуі керек.

Дипломатиялық әңгіме құру технологиясы

Дипломатиялық әңгіме құру белгілі ережелер мен қалыптасқан тәжірибені сақтауды талап етеді. Мұндағы маңызды алғышарттардың бірі - әртүрлі жағдайларда өзара қайырымдылық, сыпайылық пен дұрыстықтың болуы. Талқыланатын мәселелердің мазмұны дөрекілікке, агрессивтілікке, серіктес үшін қорлайтын сөз тіркестерді қолдануға әкелмеуі керек. Егер әңгіме барысында дипломатиялық байланысты сақтауға өзара қызығушылық болса, ақпарат алмасу болса және мұндай ақпаратты алу мүддесі бір жақтық емес, екі тараптық болса, онда әрі қарай дипломатиялық қатынас күшейеді деген сөз.

Дипломатиялық әңгіме құру барысында өркөкіректікті, артық жеке мінездерді, ашуланшақтықты, күйгелектікті, серіктесті ренжітетін оғаш қылықтарды көрсетуге болмайды.

Әңгімелесу кезінде өте маңызды қасиет – әңгімелесушіні мұқият тыңдай білу, оның сөзін бөлмеу, *«неге бұлай?»*, *«Ал бұдан не шығады?»*, *«Ал, бұл сізге солай болар!»* деген репликаларды айтпау керек. Бір сөзбен айтқанда, әңгімелесушінің сөзіне эмоционалды теріс баға беруге болмайды. Әйтпесе серіктес сізді мәңгілікке көргісі келмейтін жағдайға жетеді.

Әңгімелесушіні өз ойлары мен пікірлерін толығырақ ашуға ынталандыру репликаларын дұрыс пайдалана білу керек. Ал, *«толығырақ айтасыз ба»*, *«мен сізді түсінемін»*, *«бұл шынымен мақтауға лайықты»*, сияқты өз ескертулеріңізбен мадақтау жағымсыз мадақтау деп саналады. Жағымсыз мақтау сізді серіктесіңізден алыстатады. Серіктесіңіз сізді бір мүддесі үшін пайдаланғысы келіп тұр деп ойлайды.

Әңгімелесу кезіндегі дипломаттың басты кемшілігі - мылжың әңгімеге айналдыру, көпсөзділік. Бірақ сөзге тым сараң да болмау керек. Дипломатиялық әңгімелесу тәртібінің шегінен шықпау керек. Әңгімелесушінің сұрақтарына репликалармен жауап беруге болмайды. Кейбір зерттеушілер дипломатиялық әңгімелесу уақытын былайша бөлу тиімді деп санайды: сіздің серіктесіңіздің уақыты -60% ал сізде - 40%. Мүмкін бұл дұрыс шығар.

Дипломатиялық әңгімелесу айыптаудан басталмауы керек, тіпті егер бұл үшін жақсы себептер болса да айыптаудан бастау мәдениетсіздік деп саналады. Себебі дипломатиялық әңгімеде бірден дау -дамай атмосферасы туындайтын болады. Айыптау репликасы туындаған келіспеушіліктерді шешуге мүмкіндік бермейді, тіпті жанжалды ушықтырады. Дипломатиялық әңгімелесу тарихта қалатын құбылыс және ол бір реттік емес, оның жалғасы, байланысы болады. сондықтан дипломатиялық әңгіме басқа дипломатиялық қарым-қатынастармен салыстырғанда ұзақмерзімді деп танылады. Дипломатиялық әңгіме келіспеушіліктер мен қақтығыстарды шешуді ғана емес, өзара тиімді ынтымақтастықтан, ортақ көзқарастар мен мүдделерден тұрады. Сондықтан, белгілі бір позициялардың сәйкес келуін түзетуден бастаған жөн, содан кейін ғана бар сәйкессіздіктерге көшкен жөн.

Дипломатиялық әңгімеде бейвербалды қатынас көмекші құрал ретінде белсенді қатысады. О.А. Митрошенков пікірінше, «Бейвербалды қарым-қатынас

- бұл әңгіме мазмұнымен сабақтас болғанымен сөздерге немесе басқа сөйлеу белгілеріне сүйенбейтін ымдау тілі» [78, 48 б.].

Бәрі сөзбен жеткізілмейді. Сезім мен көңіл-күйді ғана емес, сонымен қатар мәлімдемелердің маңызды бөлігін мимикамен, ым-ишаралармен, жестпен көрсету – сөзбен қосалқы жүретін құбылыс. Бейвербалды коммуникация элементтері тұлғааралық кеңістікте жүзеге асады. Нақтырақ айтқанда әңгімелесушілер арасында көзбе-көз қашықтық болуы шарт. Ең оңтайлы қашықтық 0,5 - 1,2 метр деп есептеледі.

Көрнекі байланыс, яғни әңгімелесушілер бір-бірінің көзіне қарайтын уақыт өте маңызды. Сөйлесудің 60-70% -ында көзге жанасу қалыпты жағдай болып саналады. Ал егер осы уақыттың үштен бірі өткенге дейін серіктесіне тесіле қарау немесе көз алмай қарау қолайсыз жағдайды туғызады, яғни серіктеске деген екінші тараптың күдігі, сенімсіздігі туындай бастайды. Сондықтан үздіксіз қарай беру арқылы серіктесті «бопсалаудың» қажеті жоқ.

Әңгімелесушінің қол алысуы, жүздескендегі бет әлпеті, мимикасы көп нәрсені айтады. Бейвербалды қарым-қатынас элементтерінің дипломатиялық әңгімеде болуы – дипломаттың тәрбиесін, мәдениетін көрсететін әрі шебер және лайықты әңгімелесуші ретіндегі әлеуетінің көрсеткіші. Дегенмен, дипломатиялық әңгімеде ең бастысы – мазмұн бөлігі. Әңгіме мазмұны ақпаратқа бай болса, екі қатысушы үшін де қызықты болса ғана дипломатиялық қатынас табысты әрі сәтті болады.

Әр әңгімеге мұқият дайындалу керек. Талқылаудың ортасында қандай тақырыптарды қоятындығыңызды, әңгімелесушіге қандай ойлар мен идеялар білдіретіндігіңізді, сұрақтардың маңыздылығына қарай қандай ретпен айтатындығыңызды нақты анықтау қажет.

Ең маңызды сәттерді дәл тұжырымдау қажет. Әрине, әңгімелесушінің жеке әңгіме сценарийі болуы мүмкін. Бірақ кез келген жағдайда, әңгімені сіз талқылағыңыз келетін негізгі мәселеге бұру маңызды. Есіңізде болсын, егер бұл екінші немесе үшінші әрекетте жасалмаса, онда бұл әңгімелесушінің сізді қызықтыратын тақырыпты талқылауға дайын еместігін, әңгімені әдейі тастап кетуін білдіруі мүмкін. Бұл өте жиі болатын жағдай. Оған табандап ерегесудің қажеті жоқ.

Серіктестің тақырып туралы сөйлескісі келмеуі де дипломатиялық әңгіменің сәтсіз нәтижесі болып табылады. Дипломатиялық әңгімені екі топқа бөлуге болады: бірі – сіздің бастамаңыз бойынша, екіншісі – сіздің шетелдік серіктестеріңіздің бастамасы бойынша өтеді.

Біріншіден, сізге қойылған сұрақтарға соңғы және нақты жауап берудің қажеті жоқ. Бірақ сіз өз еліңізге және үкіметіңіздің әрекеттеріне қарсы шабуылдар мен айыптауларды жауапсыз қалдыра алмайсыз. Мұндай әңгімелерде серіктеске мүмкіндігінше көп сұрақ қойған жөн, бұл оны өз ұстанымын толық ашуға және өз дәлелін кеңейтуге талпындырады. Әңгімелесудің мазмұны мен тиімділігі серіктестердің эрудициясына, материалды меңгеруіне байланысты. Халықаралық тәжірибеде дипломаттың

шетелдік өкілмен болған кез келген әңгімесі жазылып, басшылыққа хабарлануы тиіс деп есептеледі.

3.2 Дипломатиялық стильдің коммуникативті-прагматикалық құрылымы

Дипломатия – мемлекет пен мемлекет арасындағы саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынасты тану санада терең стереотиптенген түсінік екені белгілі. Бірақ қазіргі таңда дипломатия ұғымының ауқымы кеңейді. Отбасында, ұжым ортасындағы тұлғааралық қатынастардың да дипломатиялық белгілері болады. Дипломатия ұғымы кең мағынасында дау-дамайсыз бейбіт түрде келісімге келу, тіпті компромиске келу мәніне ұласып бара жатыр. Демек, дипломатия - тек қарым-қатынас көрсеткіші ғана емес, ымыраға келе сөйлеу, кездесуге белгілі бір стандартты киім этикетінде бару, қонақты ілтипатпен қабылдау, жест, мимика мағыналарын түсіну, соған сәйкес бейімделу, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді меңгеру, пікірталас, дебат, ойталқы кезінде сендіру, мойындату тактикасын меңгеру конфликт кезінде өзін-өзі ұстау, тығырықтан шыға білу, эмоцияны сақтау, т.б. коммуникативтік, психологиялық, мәдениеттанымдық, этнографиялық, риторикалық білімдер жүйесінен құралған концептуалды ұғым.

Дипломатиялық тіл, дипломатиялық келіссөз, дипломатиялық сөйленіс, дипломатиялық құжат, дипломатиялық этикет, дипломатиялық қабылдау, дипломатиялық шен (ранг), дипломатиялық қызмет, т.б. ұғымдар дипломатиялық стиль кеңістігінің құрамдас бөлігі ретінде қабылданады. Сондықтан дипломатиялық стиль концепциясы дегеніміз не? Ол қандай құрамдас бөліктерден құралады? деген мәселелерді анықтай отырып, ұлттық дипломатиялық стильдің тұрақталуына не себеп болатынын нақтылаймыз.

Дипломатия – екі немесе одан да көп тұлғалар арасында болатын коммуникативтік қатынас болғандықтан адамның дүниетанымы (когнициясы), қатысымдық ықпалы (прагматикасы), тұлғалық психологиялық эмоциясы (темпераменті, мінез-құлқы), білімі, ақыл-зердесі айқын көрінетін қатысымның әмбебап түрі.

Қазіргі таңда жарқын болашақ ұрпақты дипломатиялық стильде тәрбиелесе, әрбір қоғам элиталы деңгейге жетері сөзсіз. Себебі дипломатиялық стиль сөйлеу стилінде де киіну стилінде де классикалық үлгіні ұстанатын шедевр болып саналады.

Жұмысымызда сонымен қатар, ұлттық дипломатиялық стильдің қалыптасуына негіз болатын басты факторларды талдаймыз. Әдетте батыс дипломатиясының стилі дипломатиялық жалпы стандарт деп қабылдау көзқарасы басым екені белгілі. Бірақ шығыс дипломатиясындағы нәзік ньюанстар, яғни дау-жанжалсыз ымыраласуға бейімділік, шешім жауабын кесіп айтпай, астарлап, мәмілені сақтап жеткізуі, серіктесінің мәртебесін үнемі жоғары қою қабілеті, сыпайылық пен мейірімділік, сыйластықтық жоғары деңгейі дипломатиялық қатынастарда стандартты алғышартқа айналып келеді.

Дипломатия ұғымы тәртіп, келісім, ымыра, мәміле, бірлік ұғымдарымен мазмұндас. Сондықтан дипломатиялық қатынастың да мақсаты мемлекетаралық, қоғамшілік тәртіпті сақтауға бағытталады.

Әлемдік зерттеушілердің еңбегінде дипломатиялық стиль дипломатиялық тілдің подстилі ретінде зерттелген. Ал дипломатиялық киіну және сөйлеу стилі бірде дипломатиялық этикет аясында, бірде дипломатиялық дискурс аясында қарастырылған. Біздің көзқарасымыздағы дипломатиялық стиль кеңістігінде дипломатиялық әрекеттің барлығын ауқымды қарастырған еңбек Т.А.Волкованың зерттеуі болды [79]. Ғалымның зерттеуінше қазіргі дипломатиялық дискурс риторикалық коммуникация немесе іскери стратегия, жаттанды дипломатиялық сөздер шеңберінен шыққан. Саяси манипуляция, дипломатиялық келіссөз сәттілігі, коммуникативтік күзiреттілік, дипломатиялық тактика, т.б. аспектілерінде қарастырылатын болған. Яғни дипломатиялық қарым-қатынасты ондағы келіссөз мәтінімен емес, дипломатиялық мүдде, дипломаттардың концептуалды әлемі бойынша зерттеу талап етілуі тиіс екенін көрсеткен [80]. Дипломатия тек тілдің қуатымен өлшенетін әрекет емес, ол сыйластық пен татулыққа мүдделі қарым-қатынастың ең мәртебелі түрі. Осы пікірімізді дипломатиялық зерттеулердің басында тұрған ғалымдар Дж Вуд пен Ж.Серро айтқан болатын. Ж.Серроның зерттеуінше: «Дипломатия – бұл халықаралық қатынастарға үйлесімді әсер ететін және белгілі бір ережелер мен әдет-ғұрыптарға бағынатын техника мен шеберлік. Дипломатиялық қызмет әрқашан өзіне тән ритуалдық сипатта болды», - делінген [81, 27 б.].

Бұрын дипломатиялық қарым-қатынаста дипломаттар өз мүддесін жеткізу және мемлекеттің имиджін көтеру үшін үлкен сынға әрі жауапкершілікке бел буатын, сол мүддесін орындау үшін ақыл-парасаты мен тәжірибесін жұмсайтын. Ал қазір дипломат пен елші қызметтері бір болып бара жатыр, яғни жеткізуші, хабарлаушы деңгейін де ғана көрініс табуда. Бұл –тікелей жауап беру тактикасы және үнсіздік тактикасы(немесе "перде тактикасы"). Бұл тактиканы қолданудың мақсаты құпия ақпаратты немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбайтын ақпаратты жария етпеу болып табылады. Перде тактикасы коммуниканттардың сөйлеуде жеңілдетілген тұжырымдамаларды қолданатындығымен ерекшеленеді. Яғни, дипломатиялық коммуникация ресми түрде жүзеге асырылады, ал егжей-тегжейлі ақпарат кең, жеңілдетілген тұжырымдармен ауыстырылады [82,11б.].

Л.Терентий зерттеуінде дипломатия тек ымыраласу мақсатын ғана көздеп қоймайды, сондай-ақ коммерциялық мүддені де жүзеге асыруды көздейтінін айтады [83]. Байқағанымыздай, сауда-саттыққа шақыру, өз өнімінің мақтауын жеткізіп өткізу де манипуляциялық, прагматикалық, риторикалық сөйлеу қуатын қажет етеді.

Дипломатиялық стиль мен дипломатиялық дискурс арнайы зерттелген уақыттан бастап дипломатия түрлері де айқындала бастады. Мәселен, А.В.Долинский зерттеуінде террорлық шабуыл, саяси митингілер публичная дипломатия деп танылады [84, 275б.]. Қоғамдық дипломатия терминін Т.

Колеватова былайша түсіндіреді: «Қазіргі халықаралық қатынастарда дәстүрлі дипломатияны азаматтардың "ақыл-ойы мен жүрегі үшін күрес" деп танылатын және жалпы жұртшылық өкілдерінің халықаралық үдеріске қатысуын көздейтін қоғамдық дипломатия ауыстырды. Қоғамдық дипломатия "жұмсақ күштің" ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемдегі мемлекеттердің "жұмсақ күшін" құрудың негізгі құралы болып табылады [85, 51б.].

Дипломатиялық стиль және дискурс аясында халықтық дипломатия (Бодрова 2014; Карпунов, Татоли 2019; Мартыненко, Матвиенко 2012; Приходько, Тимофеев 2007), қоғамдық дипломатия (Вилков 2018; Рогозин 2008; Смирнова, Гудилина 2015), мәдени дипломатия (Бородин 2010; Журавлева 2007; Табаринцева-Романова 2019), ғылыми дипломатия (Бадмаев, Демичев Хурыз 2018; Райнхардт 2020; Харитонова 2018) түрлері анықталды.

О.И.Бодрованың зерттеуінде халықтық дипломатияның басты ерекшелігі былайша анықталды және онда ұлттық мүддені жоғары қоятыны дәлелденді: «Народная дипломатия» 1) должна продолжать являться помощником официальной дипломатии, создавать прочную основу общей дипломатии, в новых исторических условиях продолжать содействовать успешному развитию дипломатических связей; 2) всемерное содействие строительству Родины: эффективное содействие политическому, экономическому и культурному развитию страны; 3) поддержание мира во всем мире: защита интересов всего человечества [86, 65 б.].

А.А.Вилковтың зерттеуінде қоғамдық дипломатия былайша сипатталады: «Общественная дипломатия является атрибутивным элементом демократической политической системы и отражает позитивную общемировую тенденцию расширения возможностей институтов гражданского общества в решении различных внутривнутриполитических и внешнеполитических проблем» [87, 185б.].

Д.А.Бородин зерттеуінде мәдени дипломатияның маңыздылығы былайша түсіндіріледі: «Әлемдік саясаттың басты басымдығы мәдениеттердің жақындасуы мен өзара енуіне негізделген халықаралық қатынастарды үйлестіру болып табылатындығы айқын көрінеді. Осы себепті нормативтік-құқықтық базаны жүйелеу және халықаралық мәдени ынтымақтастық саласындағы нақты әзірлемелерді жалпылау әрекеті сөзсіз практикалық құндылық болып табылады» [88, 273б.].

Әлемдік дипломатиялық зерттеулерде дипломатиялық стиль термині мемлекеттің өзіндік дипломатиялық ерекшелігін танытумен айғақталады. Мысалы, батыс елдерінен алатын болсақ, британ дипломатиялық стилі зерттелді [89], [90]. Ал шығыс елдерінен қытай дипломатиялық стилі зерттелді [91], [92], сол сияқты араб, ресей, т.б. дамыған және дамушы мемлекеттердің жеке дипломатиялық стилдері зерттелді.

Бұл зерттеулерде мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси ұстанымдары мен ондағы ұлттың менталитетіне, салт-дәстүріне сай қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктері айқын көрініс тапты. Осы тұрғыда анықталған стиль

ерекшеліктерін ескеріп, оларды ұлттық дипломатия деп атауға негіз бар екенін байқадық.

Дипломатиялық стиль кеңістігін толықтыратын және оған қызмет ететін ұғымдарды анықтау үшін осы әдіс қолданылды. Дипломатиялық стиль ядросына жақын келетін – дипломатиялық тіл, дипломатиялық қатынаста қолданылатын бейвербалды әрекеттер, келіссөз түрлері, дипломатиялық құжаттар, дипломатиялық сөйлеу этикеті, іскери дипломатиялық киім этикеті, дипломатиялық қабылдау (прием), дипломатиялық кездесу кешіндегі этикеттер, дипломат тұлғасына тән стиль. Дифференциациялау әдісінің көмегімен дипломатиялық стильдің концептуалдық өрісі анықталды. Ол үшін дипломатиялық қатынаста болатын барлық әрекеттер мен құлықтар (поведения) іріктелді, жинақталды, реттелді.

Контент талдау әдісі. Ұлттық дипломатиялық стиль ерекшеліктерін анықтау мақсатында бірнеше мемлекеттердің келіссөз мәтіндерінің мазмұны, аудиомәтіндері талданды. Дипломатиялық кездесу кезіндегі бейнежазбалардан жест, манера, мимика, церемония, т.б. қосымша іс-қимылдары зерттеліп, жеке және ортақ белгілер анықталды. БАҚ мәтіндеріндегі дипломатиялық жаңалықтардың берілуі, ондағы ресми-іскери стильдің ерекшелігі, дипломатиялық терминдердің қолданысы, сондай-ақ келіссөз кезіндегі бейресми сөйленістер талданды.

Аналитикалық талдау әдісі. Дипломатиялық стиль жалпыадамзаттық таным бойынша ресми-іскери стильмен мазмұндас, мағыналас екені белгілі. Бірақ, дискурс шеңберінде стиль құрамына тек тілдік функционалды стильдер ғана емес, киіну стилі, сөйлеу стилі, өзін-өзі ұстау стилі сияқты этикетті білдіретін басты белгілер де енеді. Сондықтан дипломатиялық қарым-қатынасты тұтастай танытатын стильдік белгілерге этикет және киіну стильдері, ұлттық ерекшелікті танытатын стильдік белгілер де ену қажет деген тұжырым жасау үшін бірнеше зерттеулерге аналитикалық талдау жасалды. Болжамды нақтылайды дәйекті деректер ізделді.

Дипломатиялық тіл - дипломатиялық стильді айқындайтын ең бірінші белгісі. Дипломатиялық тілдің екі қыры бар: бірінші дипломатиялық тіл – бұл ресми-іскери тіл. Яғни белгілі бір штампқа негізделген заң, протокол, шарт, келісім, меморандум, нота сияқты құжаттардың тілі. Бұл құжаттарға қол қойылады және мұрағатта сақталады. Дипломатиялық құжаттардың заңдық күші болады. Екінші жағынан, дипломатиялық тіл – риторикалық тіл. Мемлекет мүддесін қорғау, серіктесін сеніміне енгізу, өз мақсатына иландыру, мәселені даусыз, талассыз, екі жаққа да оңтайлы шешу, серіктесінің көңілінен шыға отырып, өз пайдасына икемдеу сияқты прагматикалық қызметті талап ететін тіл дипломатиялық қатынаста басты рөл атқарады. Сөздің құдіретімен, философиялық пайыммен, көркем әрі шешен тілмен серіктесін сендіру дипломатиялық тілдің функционалды қызметін айшықтай түседі. Бірінші критерий бойынша ресми іскери дипломатиялық тілдің өзіндік ерекшеліктері болады. Стандартты формаға негізделіп жазылғанмен кейбір вербалды нота,

меморандум, атташе, сенім грамоталары сияқты ісқағаздарында ілтипат сөздердің болуы аса маңызды. Мәселен, «*Жоғары Мәртебелі ханым*», «*Жоғары Мәртебелі мырза*» сияқты комплиментарлы лексика болатыны сөзсіз. Бұл қолданыстар дипломатиялық стильдің ең басты белгілері болып саналады және мақтау айту, қошемет білдіру – осының барлығы халықаралық қатынастарды нығайтудың тәсілдері деп есептеледі. Мәселен, «*Жоғары мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің дана және көреген саясатыңыздың арқасында Қазақстанның өңірдің гүлденген аралы ретінде биікке көтеріліп, халықаралық аренадағы абыройының күн сайын артуына куә болудамыз*» (Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевты президенттік сайлаудағы сенімді жеңісімен Түрік Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің құттықтауы) [94]. Немесе «*Сіздің Ресей-Қазақстан арасындағы тату көршілік пен өзара құрметтің берік дәстүрлеріне арқа сүйейтін стратегиялық әріптестігін одан әрі тереңдету мәселелеріне ұдайы назар аударатыныңызды жоғары бағалаймын. Екі жақтың ерік-жігерінің арқасында көп қырлы өзара ықпалдастық алдағы кезде де серпінді дами беретініне, жаңа ауқымды жобалармен байи түсетініне күмәнданбаймын*» (Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевты президенттік сайлаудағы сенімді жеңісімен Ресей Федерациясының Президенті Д. Медведевтің құттықтауы) [93]. Дипломатиялық стильдегі комплимент өнері деп аталатын осы тәсіл дипломатиялық құжатқа ерекше маңыздылық, реңк береді.

Қорыта келгенде, дипломатиялық тілдің бойынша сыйластықтың трафареттелген формасы қатаң сақталады. Сондықтан дипломатиялық клишелер мен лексикалық бірліктердің талдай келе, мынадай топтарға жіктелдік:

1. Дипломатиялық трафареттік клишелер: *шынайы құрметпен, құрметпен, ризашылықпен, сенімділікпен қабылдаңыз, менің құрметім, құрметпен қабыл алыңыз, менің риясыз құрметім, сізге деген кәміл сенімімді қабыл алыңыз, шынайы ізгі ниет атмосферасын жоғары бағалаймын, шын жүректен қуаныштымын.*

2. Дипломатиялық комплиментарлы лексика: *Құрметті достар! Құрметті отандастар! Аса мәртебелі! Аса қадірлі! Қадірлі меймандар!*

3. Дипломатиялық экспрессивті-эмоционалды сөздер: *қаралы күн, қайғыға ортақпыз, терең күйзеліспен қабыл алдық, орны толмас қайғы, бақ-береке тілейміз, т.б.*

4. Дипломатиялық метонимиялық қолданыстар: *қырғиқабақ соғыс, т.б.*

Бейвербалды әрекеттер – дипломатиялық стильдің екінші белгісі болып саналады. Әдетте бейвербалды әрекеттер ұлттық-мәдени сипатқа ие болады. Дегенмен, дипломатиялық қарым-қатынаста автоматты дағдыланған жест, мимикаларды тыюға тура келеді. Себебі іскери қатынаста қол алысу, жымию сияқты алғашқы қарым-қатынас белгілері әрі қарай жалғасатын коммуникацияның алғышарты болып саналады. Дипломатиялық бейвербалды қатынастағы ең бірінші белгі – жылы жымыс (доброжелательная улыбка). Бұл – дипломатиялық қатынасқа сенімділік пен дайындықты білдіреді.

Дипломатиялық қатынастағы екінші бейвербалды әрекет – орындықта отыру. Әдетте жақсы қарым-қатынасқа ниетті серіктес орындыққа толық әрі жайлы жайғасады. Егер орындықтың шетіне отырған болса, онда серіктес өзіне-өзі сенімсіз немесе бұл келіссөзге қарсы екенін білдіреді.

Дипломатиялық қатынаста иегін сипау, аузын қолымен жабу, маңдайын ұстау, қасын сипалау сияқты жесттер сенімсіз серіктестің, яғни қулықпен алдауға ниетті тұлғаның кейпін білдіреді деп саналады.

Дипломатиялық қатынаста еденді аяғымен ұрғылау, қағазға шимайлап сурет салу әрекеттері жалыққанның белгісі деп саналады. Бұл жағдай, артық сөзі көп, мәні жоқ баяндамаларды тыңдағанда жиі кездеседі.

Дипломатиялық қатынаста риясыз адал әрі ашық келіссөзге шақыру жесті серіктесіне құшағын айқара баруы немесе костюм түймесін ағытып баруы болып саналады. Дипломатиялық қатынаста өзіне-өзі сенімді серіктестің әрекеті екі қолын артқа айқастырып, иегін алға қойған әрекетімен өлшенеді. Осындай бейвербалды әрекеттер дипломатиялық стильдің негізін құраушы құрамдас бөліктер болып саналады.

Келіссөздер – дипломатиялық стильдің мазмұнын қалыптастыратын маңызды бөлігі. Келіссөздер концепциясы серіктестердің мүддесінің ортақтасуына негізделеді. Осы мүмкіндікке жету үшін екі тарап та мына міндеттерді орындауға тырысады:

- келіссөзге қатысушылар қарсыласының мұқтажын өтеуге, көңілінен шығуға тырысады;

- келіссөзге қатысушылар қарсыласына өзінің қажеттілігін иеленуге, көңілден шығуға деген талпынысына мүмкіндік береді.

Келіссөздің осы иерархиялы бағытының сәтті немесе сәтсіз орындалуына байланысты келіссөздердің түрлері ажыратылады:

1.Конструктивті келіссөздер – серіктестердің бір мәмілеге келіп, көзқарастары ортақ болып, келісімге келген қарым-қатынас. Бұл келіссөздің құрылымы мынадай: контакт жасау – сұрақтар мен кеңестер–рәсімдеу–ұсыныстар – талқылау – шешім.

2.Қатаң келіссөздер – өктемдік, көшбасшылық байқатып, харизма мінезінбілдіріп, қарым-қатынас барысында билеп-төстеу салдарынан лидер дипломат тарапына шешіліп, екінші жақ компромиске барған қатынас. Күш басымдығына сенген қатысушы әдетте қарсыласын тыңдамайды да көңіл бөлмейді. Осының салдарынан ол тек өзінің шешімі мен мүддесін дұрыс деп танып, соны растауға бар күшін салады. Келіссөз кезінде осындай біржақты көшбасшылық сипат алғанда екінші жақтың пікірі мен шешімін тыңдауға жол берілмейтін жағдаяттар туындайды. Демек, ақылды түрде күш көрсету тәсілімен лидер болған серіктестің пікірі өтімді болады да, сол жеңіске жетеді.

Дипломатиялық стиль бойынша сәтті келіссөздің механизмі – лидер болу. Лидерлік – бұл қарсыластың жасырын кемшілігін анықтай білу және оны пайдалана отырып, бәсекеде жеңіске жету. Негізі лидерлік өзара келісім болған жағдайда, яғни қарсыласы оның мықты екенін мойындағанда расталады.

Лидерлікке тән қасиет артынан адам еріте алады, артынан ерген адамдар табыс, жетістікке жеткізе алатын әлеуеті бар екенін мойындайды. Дипломатиялық қарым-қатынаста серіктесін өзінің мүддесіне сендіре алу үшін лидерліктің маңыздылығы жоғары. Сондықтан лидерлік потенциалды арнайы зерттеген Дж У. Хайттың зерттеуін басшылыққа аламыз. Ғалымның зерттеуінде лидер:

- стратегиялық бағыттан ауытқымай соңына дейін қызмет ету қабілеті бар,
- мінезі әртүрлі адамдармен жұмыс істей алу қабілеті бар,
- істің соңына дейін жауапты бола білуі;
- жетістікке жетуге деген талпынысының жоғары болуы
- бұрын басшы болған, қарамағындағы қызметкерлерді ұйымдастыра білген
- әртүрлі функционалды салаларда қызмет еткен тәжірибесінің болуы [94, 28 б.].

Лидерлік – дипломатиялық стильді қалыптастыратын модель. Бірақ дипломатиялық лидерліктің параметрлері былайша өлшенеді:

Лидер – позитив. Үнемі оптимистік көзқараста болады және серіктесінің әңгімесін энтузиазммен соңына дейін тыңдайды. Себебі ол әрқашан жақсы жаңалықтың болғанын қалайды. Лидер – позитив шешілмейтін мәселе жоқ деген ұстаныммен өмір сүреді, осылайша күрмеуі шешілмеген сұрақты оңтайлы шешуге талпынады. Лидер позитив тек өз пайдасына ғана емес, ортақ пайданы ойлайды, бірлескен ұжыммен тең бөлісуді қалайды. Және жетістікке жету үшін еңбектенуден аянбайды, айналасындағыларды да жеңіске жетуге талпындырып отырады.

Көпшілікті басқаратын лидер. Дипломат лидер адамдарды сымбатына, қызметіне қарап қатынасудан аулақ болуы тиіс. Ол адамдардың барлығына бірдей қарағаны жөн. Егер дипломат лидер осындай болса, оның жанына адамдар үйіргіш келеді. Көпшілікті басқаратын дипломат лидерлердің басты ұстанымы – азаматтық мүдде мен адамгершілік.

Лидер-батыл. Бұндай лидерлер тәуекелшіл болады. Эксперимент жасаудан қорықпайды және әрқашан өзіне сенімді жүреді. Батыл лидерлер істі қолға аларда барлық ықтимал кедергілерді алдын ала анықтайды және серіктесін сендіру әңгімесін де осы «егер бұлай болса қалай?» деген күмәнді ойларды сейілту механизмінен бастайды. Батыл лидерлер серіктесін мойындатуға, оны өз ісіне қосылуға мәжбүрлемей-ақ, өз еркімен қуана артынан еріте алады. Батыл лидерлер егер жоспарлаған ісі сәтсіз шыққанда ешкімді кінәламайды және өзгелерге шығын болмау жағын алдын ала ойластырады.

Кең көзқарасты лидерлер. Бұндай лидерлер ешқашан «бұл менің ісім емес» деп айтпайды. Кең көзқарасты дипломат лидерлердің аялық білімі жан-жақты болады. Кез келген тығырықтан шыға алады. Кең көзқарасты лидерлер тілге шешен әрі дүниетанымы өте бай болады. Бұл лидерлерді психолог немесе энциклопедист деп атауға да болады. Әдетте кең көзқарасты лидерлер егде жастағы тәжірибесі мол базилект деңгейіндегі дипломаттар деп саналады.

Жалпы дипломат лидерлерге тән стильдік қасиеттер мыналар:

- табандылық (шешім қабылдайтын, өз мүддесін қорғай алатын),

- мұқияттылық пен ұқыптылық (жоспары берік, тәуекел ықтималдылықты ескеретін, сәтсіз істе адамды емес, жұмысты сынға алатын),

- әділдік (әділдік – дипломат лидердің ең маңызды қасиеті, жалған сөздің репутацияны бұзатынын, адалдықты жоятынын сезінген адам)

- харизма (дипломаттың білімі мен біліктілігін көрсететін, лидерлік қабілетін айғақтайтын мінез. Орынды жерді сөз тауып айта білу, әзілдейтін жерде орынды әзіл таба білу, т.б.)

Байқағанымыздай, қатаң келіссөзде басты рөлді дипломат-лидер атқарады. Егер екі жақ дипломаттары да лидерлік қабілетін көрсете алса бұл қатаң келіссөз болмайды. Тек біржақты лидерлік әрекет орын алған жағдайда ғана келіссөздің қатаң түрде екені анықталады.

Принципиалды келіссөздер – істің пайдасына емес, сапасына аса мән беруге бағытталған дипломатиялық әрекет. Бұл келіссөзде саудаласу немесе «сіз үшін мына жағынан пайда, біз үшін мына жағынан пайда» деген мүдделер мүлде болмайды. Принципиалды келіссөздің мақсаты шығармашылық нәтижеге жету және екі тарапқа да істің болашақтағы сапасы оңтайлы жетістік әкелу жоспарын көздейді. Принципиалды келіссөз мемлекеттің құқылы мүмкіндіктеріне қол жеткізуге ықпал жасайды. Принципиалды келіссөздің басты ерекшелігі – қарапайымдылық пен әділдік. Сондықтан бұндай келіссөздер тек адамгершілік заңына сай құрылады: келіссөзге қатысушылар ашықтық пен лоялдылықты қатаң сақтайды. Басты ерекшелігі – саудаласу арқылы шешімге компромисспен қол жеткізу мүддесіне мүлде жол берілмейді. Демек, принципиалды келіссөзде – адами құндылық, тұлға абыройы, шыншылдық, ар мен намыс бірінші орынға қойылады.

Конфликтілі келіссөздер – бәсекелесу, жарысу, таласу мақсатында құрылатын әрі екі тарап та бір-біріне сенімсіз болғанда орын алатын дипломатиялық әрекет. Олардың оппозициялық көзқарасы келіссөз барысында ашық түрде болады. Конфликтілі келіссөздер біржақты шешім болған жағдайда туындайды. Сондықтан конфликтілік келіссөздер екі тарапқа да оңтайлы, яғни екі жақ та қанағаттанарлық шешім жасау үшін құрылады. Конфликтілі келіссөздің 4 стилі болады:

- Бәсекелестік стилі
- Әріптестік стилі
- Компромисс стилі
- Жекпе-жекпен бұлтару немесе икемделу стилі.

Интегративті келіссөздер – келіссөзге қатысушылар бір-біріне бәсекелес ретінде емес, керісінше серіктес ретінде қатынас жасайтын дипломатиялық әрекет. Бұл келіссөзде серіктестердің ортақ ұстанымы – ортақ мүддеге қол жеткізу логикасы ашық көрінуі тиіс. Ортақ мақсат анықталғаннан кейін әрбір серіктестің алдағы жоспары екі тараппен келісілуі талап етіледі. Осы келісімге келу барысында әрбір тарап өз мәселесін айтып, әңгіме басын ашып алуға, тәуекел ықтималдарын көрсетуге құқылы. Ортақ мақсатқа қол жеткізуде әрбір тараптың істейтін жұмыстарына екі жақ та келісім бергеннен кейін жарты жолда

жалтаруға болмайды, себебі бұл интегративті яғни бірлескен, тұтасқан жұмыс. Интегративті келіссөзде күш көрсету, лидерлікке басымдық беру эффектілі болмайды.

Нақтылай келгенде дипломатиялық стильдің маңызды көрсеткіші – келіссөздердің сәттілігі екі тараптың сапалы әрі сауатты дипломатиялық қатынасына тығыз байланысты болмақ,

Сөйлеу этикеті – дипломатиялық қатынастың құрамдас бөлігін құрайтын дипломатиялық стильдің бір тармағы. Дипломатиялық сөйленіс (речь) - тұлғааралық қатынастың күрделі процесі. Серіктесін сауатты әрі іскерлікпен өзіне жақындата білуі сөйленіс қасиетімен жүзеге асады. Серіктесін сөз арқылы өзінің ойына жетелей білу – үлкен өнер, сөз өнері. Дипломатиялық сөз өнері белгілі бір сөйлеу этикасына негізделеді. Дипломатиялық сөйлеу этикеті мынадай критерийлерден құралады:

- Риторикалық этикет
- Дауыс тембрінің этикеті
- Сұрақ-жауап этикеті
- Пікірталас этикеті.

Риторикалық этикетекі елдің арасында татуластыратын көне дәуірден қалыптасқан сөйленіс әдебі. Әдетте дипломатиялық қызық тіл (красноречие) деп аталады. Риторика екі тарап не тұлға арасындағы қатынастан гөрі, дипломаттың шаршытоп алдында көпшілік халықты сендіруде, бағындыруда қолданылған. Қазіргі дипломатияда риторикалық этикет қатаң сақталады, яғни шешен сөйлеу, әсерлі әрі бейнелі сөйлеу, троптық көріктеуіш құралдарды қолдануға тек ауызша дипломатиялық қатынастарда рұқсат беріледі. Дегенмен этикетке сай сарказмға, кемсіту, кекету мағынасы бар паремиялогиялық қорды қолдануға тыйым салынады. Мысалы *Күншығыс еліне қош келдіңіз! Аспанасты елімен бірлескеніме қуаныштымын! Конфуцийі ұрпақтарының идеясына қосыламын!* сияқты перифразалы қолданыстар мақтау, тамсану мәнінде айтылғандықтан екінші тараптың абырой беделін көтеретін риторикалық тәсіл деп саналады.

Дауыс тембрі этикасы. Дауыс тембрі дипломатиялық қатынаста эмоционалды күйді, көңіл күйді, адамның жас ерекшелігін танытады. Сондай-ақ сөйлеу барысында дауыс тембрі арқылы дипломаттың кәсібилігін, салмақтылығын, өзіне сенімділігін байқатады. Монотонды баяу бірсарынды тембр серіктесін жалықтырады және тітіркендіруі мүмкін. Дипломат сөйленісімдегі дауыс тембрі ашық болуы тиіс, сөйлеу стиліне сәйкес бірде көтеріңкі бірде бәсең ойнақы болуы тиіс. Дипломат даусында діріл тембр болмауы тиіс. Дипломаттардың сөйлеу этикетін қалыптастыруда дауыс тембрінің өзіндік ережелері болады:

- дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын үнемі қадағалау қажет;
- пьеса, көркем шығармалардың аудиожазбасын тыңдап дайындалу қажет;
- сөйлемдерді ырғақпен айтып үйрену қажет, монотонды болмауын қадағалау қажет

- қайталама фразалардан аулақ болу қажет (және, меніңше, жаңағы, түсінесіз бе)

- «хм», «э-э» «охо» одағай сөздердің көп айтылуынан аулақ болу қажет

Сұрақ-жауап этикеті. Дипломатиялық қатынаста серіктеспен кері байланыс жасауда оны қолдап, қуаттап отыру іскерлігі маңызды рөл атқарады. Қуаттап отырудың ең қарапайым түрі - әңгімесін сұрақпен растап отыру. Сондықтан біз М.А. Блюм, Н.В.Молоткова зерттеулеріндегі сұрақ түрлерін дипломатиялық стильді қалыптастыратын сөйленіс кезіндегі сұрақтардың басты типтері ретінде таңдадық [95, 526.]:

- *Жасырын қарсылықты білдіретін сұрақтар.* Әңгіме барысында келіспейтін немесе түсініспеген тұстарын дау тудырмай, пікірталасқа ұластырмай, серіктес өз мүддесінің ескерілмегенін айту үшін зілсіз, қорқытусыз, лоялды түрде қойылатын сұрақтар. Егер бұл сұрақтың астарын түсінген қарсылас айтылмақ ойды нақтылау үшін бірнеше варианттарды ұсынуы мүмкін. Осылайша әңгіме екі тарапқа да жайлы қалыптаса бастайды.

- *Қорғаныс сұрақтары.* Әдетте келіссөз барысында мақсатты нақтылау үшін серіктеске өзіне-өзі қойылатын сұрақ, яғни айқындау сұрағы деп түсініледі. Мысалы, «*Демек, сіздің позицияңыз инвесторлар құқығын шектемеу ме?!*».

- *Сынау сұрақтары.* Серіктесінің білімі мен тәжірибесін нақтылау үшін қойылады. Бұл сұрақтар бірлескен істе серіктестің әлеуетін анықтау үшін және уәдесіне берік екенін айқындау үшін аса маңызды.

- *Демонстрация сұрақтары.* Әңгіменің маңыздылығын, екі тарапқа да оңтайлы келіссөз жасауға болатынын растау әрі қолдау мақсатында мақтау, дәріптеу сұрақтары болып саналады.

Сұрақ-жауап этикеті бойынша қойылған сұрақтардың ешқайсысы жауапсыз қалмауы тиіс. Дипломатиялық қатынаста сұраққа жауап ала алмау ең әдепсіз келіссөз деп танылады.

Пікірталас этикеті. Дипломатиялық қатынаста пікірталастың болуы заңды құбылыс. Бірақ дау-жанжалға ұласуы өте сирек кездеседі, әдетте екі тарап пікірталасудың нәтижесінде әрқайсысы өзіне оңтайлы шешіммен тарқасады. Келіссөздегі пікірталас пікірлердің оң не теріс болуынан және нақтылау сұрақтарынан туындайды. Пікірталастың соңы келісіммен аяқталу үшін екі жақ дипломаттарының аялық білімі мен тәжірибесіне байланысты. Пікірталас туындағанда орынды жерде үнсіз қалу немесе дәл тауып орынды сөйлеу білу аса шеберлікті қажет етеді. Бұндағы үнсіз қалу дегеніміз эмоция мен этиканы сақтау мағынасында. Сондықтан дипломатиялық стиль құрамында сауатты пікірталастардың құрылымы талданады. Сауатты пікірталас логика заңдылығына сүйенеді. Сондай-ақ дипломатиялық пікірталас серіктесінің санасына әсер ету үшін қолданылады. Бұл да дипломатиялық тәсіл деп танылады. Дипломатиялық пікірталастың құрылымы бойынша екі тарап бір-біріне оппонент болып саналады. Бірінші саты – бірінші оппонент екі жаққа да ортақ мүддені нақты дәйектермен түсіндіреді. Екінші оппонент – серіктесінің идеясындағы өзіне және екеуіне де тиімсіз тұстарын дәлелдейді. Екінші саты –

бірінші оппонент серіктесінің сынына келісетін және келіспейтін тұстарын жеткізеді. Екінші оппонент – екеуіне де ортақ ойды түйіндеп, соған мәмілеге келуге шақырады. Үшінші саты – екі тараптың да келісімі. Осы құрылымда жүзеге асқан дипломатиялық пікірталас мәдени пікірталас деп танылады. Бірақ дипломатиялық қатынастарда пікірталастың мына түрлері кездесуі сирек болса да кездесетін жағдай:

Пікірталас – ой мен көзқарастар бәсекесі, сөз айтысы, нәтижесінде екі тарап өз құқықтарын мойындата біледі де ортақ шешімге келеді.

Софистика – пікірталас кезінде жалған дәлелдермен жеңіске жетуге талпыныс.

Эристика – эмоцияға беріліп, кез келген жолмен пікірталаста жеңіске жету

Дискуссия – пікірталас барысында ақиқатты анықтау үшін түрлі көзқарастарға сүйене отырып, дұрыс шешім қабылдау, әдетте екіжақты компромисс негізінде жүзеге асырылады.

Полемика – пікірталаста өзінің шыншыл ақиқат екенін мойындап, қарсылас ойының жалған екенін дәлелдеу, мойындату

Дебат – шешілмеген проблеманың шешімін табу үшін құрылған пікірталас.

Дипломатиялық қатынастағы пікірталаста екінші тарапты өз полемикасымен дәлелдеп, ырқына көндіре алғаннан кейін масаттануға жол берілмейді және жағымпаздану ісі де дипломатиялық этикаға жат қылық деп саналады.

Дипломатиялық киім этикасы – дипломатиялық стильді құраушы негізгі белгілер болып саналады. Дипломатиялық қатынаста тілдік коммуникациядан бұрын визуалды қатынас, яғни дипломаттардың сыртқы түрі мен келбеті де бірін-бірі тануға ықпал жасайтын қарапайым белгілер маңызды рөл атқарады. Сондықтан лайықты ресми-іскери киімнің де дипломатиялық стилі болады. Дипломатиялық киімнің стандартты үлгілеріне тоқталатын болсақ, мәселен:

Ер азаматтар үшін іскери киім – костюм шалбар. Оның түсі – қара немесе қара көк. Костюм матасы қыртысталмайтын, жаңбыр жауғанда суды тез сіңірмейтін, жалтырақ емес болуы тиіс. Костюм ұзындығы қолдың бас бармағымен бойымен өлшенуі тиіс. Ал костюм жеңінің ұзындығы білегімен тең болуы тиіс. Әдетте дипломатиялық қатынаста екібортты (двубортный) костюм іскери стильді білдіретін болған. Ондай жағдайда екібортты костюм ішінен жилет кимейді. Ал қазір бірбортты костюм де рұқсат етілген. Ондай жағдайда жилек киюге болады. Бірақ дипломатиялық келіссөз үстінде костюм шешуге тура келсе жилетті де шешу міндеттеледі. Себебі жилетпен отыруға тыйым салынған. Жейде ақ немесе ақшыл түсті болуы тиіс. Трикотажды жейдені ешқашан костюммен киюге болмайды. Дипломатиялық келіссөзге келгенде қысқажеңді жейде киілмейді. Жеңін жалаңаштаған ер азамат дипломатиялық этикетті білмегенін байқатады. Костюм ішіндегі көйлек жаңасы 1,5-2 см костюмнен шығып тұруы қажет. Дипломатиялық қарым-қатынасқа біртүсті галстук таққан абзал. Горох немесе сызықты галстуктардың суреті тым үлкен

болса жарамайды. Манжетті шалбар тек бойы ұзын ер азаматтарға киюге рұқсат етіледі.

Ал аяқкиім міндетті түрде қара түсті болуы тиіс. Туфли баулы болса да болады, бірақ жапсырмасы бар /липучкалы/ туфли жарамайды.

Сыртқы киім әскери немесе спорттық фасонда болмауы тиіс. Плащ немесе пальто көк, қара, боз, қоңыр түсті болғаны абзал.

Дипломатиялық қарым-қатынаста киім этикетінде жиі кездесетін кемшіліктерге тоқталатын болсақ, олар мыналар: шолақ носки, кірленген беторамал, босаған түймелер, дат түскен костюм, жағасы бүлінген жейде, қисық тағылған галстук, тазаланбаған аяқкиім, қолдан тоқылған шарф, сырткиім мен аяқкиімнің өзара үйлеспеген түстері. Бұл кемшіліктер қайталанбас үшін дипломатиялық стиль кемшіліктері ретінде тіркеліп, зерттеліп отыратын болады.

Әйелдер үшін іскери дипломатиялық киім – костюм-белдемше. Бірақ әйелдерге ерлер секілді киім түсіне қатаң шектеу қойылмайды. Ең бастысы біртүсті болуы талап етіледі. Әрине, қара түсті киім – ресми-іскери стильді білдіреді. Костюм ішінен киілетін блузка ақшыл түсті әрі классикалық үлгіде болуы маңызды. Белдемше міндетті түрде тік, тілігі артында болуы талап етіледі. Тізден төмен болуы міндеттеледі.

Әйелдердің аяқкиімі - тақасы биік емес туфли-лодочка. Туфли материалы крокодил жылан терісінен болмауы тиіс және замша не велюр болмауы керек. Туфлидің алды және арты жабық болуы міндеттеледі.

Әйелдердің сөмкесі аяқкиіміне сәйкес және біртүсті болғаны абзал. Сөмкенің көлемі А4 форматынан артық болмауы керек немесе сөмке орнына кейс папка ұстаса да болады.

Әйелдердің шұлығы дене түстес болуы міндеттеледі, қара немесе өрнектелген шұлық киюге тыйым салынады.

Жалпы дипломатиялық қатынаста әйелдер киіміне қатысты мынадай кемшіліктер жиі орын алады: қысқа жеңді костюм, кеудесі ашық блузка, өте биік тақалы туфли, тырысқан шалбар, костюм ішінен киілген свитер, иісі өткір туалет, тым ашық түсті немесе түрлі-түсті киім.

Дипломатиялық қатынаста ұзын шашты әйелдер шашын түйюі керек немесе өріп қояды. Егер шашының ұзындығы иығынан аспайтын болса, жайып жүруіне рұқсат беріледі.

Әрбір кәсіби стиль оның тілімен ғана өлшенбейді. Әрбір кәсіптің өзіне тән стильдік белгілері болады. Осы тұрғыдан біз басқа кәсіптерден стильдік мүмкіндіктері ерекше дипломатиялық стильді нысанға алып жан-жақты зерттедік.

Қорыта келгенде, біз ұсынған дипломатиялық стиль нағыз дипломат тұлғасын дайындауға негіз болады. Әдетте дипломатиялық қатынастар стандартты болуы керек деген қағида болғанымен, әр мемлекеттің өзіндік айырмашылықтары, ұлттық менталитетіне қарай ерекшеліктері болатыны белгілі. Дегенмен, дипломатиялық талаптарға сай жалпыстандарттық талаптардан ауытқымайды. Көптеген әдебиеттерде дипломатияны «сыртқы

қатынастар ғылымы» немесе «келіссөздер жүргізу өнері» деп те атайды. Сондықтан дипломатиялық келіссөздің өзі өнер болғандықтан оның стилі болары айдан анық.

Дипломатиялық дискурсты толықтыратын ұғымдар дипломатиялық бейресми қабылдау атаулары.

Дипломатиялық қабылдау атаулары:

«*Шампан бокалы*». Сағат 12.00-ден 13.00-ге дейінгі елшінің еліне қайту құрметіне байланысты өткізілетін шара.

«*Шай*» немесе «*Кофе*» рәсімі. Сағат 16.00 мен 18.00 аралығында тек әйелдерге беріледі. Елшілермен еріп келген әйелдерін шақырып, таныстыруға бағытталған дәстүрлі дипломатиялық әдеп.

«*Жур фикс*» шарасы. Дипломатиялық миссиямен ұзақ мерзімге келген елшілердің әйелдері ұйымдастыратын рәсім. Күз немесе қыс мезгілдерінде апта сайын белгіленген бір күнде, бір сағатта шақырылатын шара.

«*А ля фуршет*» рәсімі. Сағат 19.00 мен 21.00 аралығында өтетін арнайы шақыру шарасы. Елші зайыбымен шақырылады. Қонақты кіреберісте күтіп алады. А ля фуршетте үлкен қабылдау болғандықтан қонақ шақырушы иесімен қоштаспай-ақ ерте кетуге болады. Бұл әдепсіздікке саналмайды. Қоштаспай кетуді «ағылшынша қоштасу» немесе «ағылшынша кету» деп атайды.

«*Коктейль*» сағат 17.00 мен 18.00 аралығында басталады. Шақыруда қабылдаудың басталуы мен аяқталуы уақыты көрсетіледі. Сондықтан келген елші немесе дипломаттар уақытында келіп, қалағанынша бола алады. Ең бастысы уақытылы келіп, аяқталар уақыттан бұрын кетіп қалмау керек. Бұл белгі екі ел арасындағы татулықтың жоқ екендігін білдіреді.

Дипломатиялық қызмет қашан да ел мен елді табыстыратын алтын көпір ғана емес, халықаралық алаңда мемлекеттерді бір-бірімен беттестіріп, ел бет-бейнесін әлемге паш етеді. Ежелден ұлтты ұйытқан ұлағатты тұлғалар елінің бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында іргелес жатқан елдерге сан мәрте өз елшілерін аттандырған. Солардың дипломатиялық біліктілігі мен білімінің арқасында екі мемлекеттің бірлігі жарасқан, халық бейбіт өмір сүрген. Дипломатиялық тәжірибе дипломатиялық стильді қалыптастыруға негіз болады. Ал дипломатиялық стиль сақталса келіссөздер мен мәмілелер оң шешімін табады.

3.3 Дипломатиялық жанжалды (конфликт) тіл

Қазіргі коммуникативтік қатынаста конфликт – әдетте, дипломатия саласында маңыздылығы жоғары адамдарды немесе әртүрлі әлеуметтік топтарды, саяси партияларды қамтитын даудың бір түрі. Кез келген дипломатиялық қақтығыстың өзіне бағытталған нысаны болады. Бұл елдің ішкі саясаты немесе сыртқы саясатына қатысты болуы мүмкін, экономикалық, әлеуметтік қатынастар мен мәдениаралық, ұлтаралық келіспеушіліктердің ушығуынан болуы мүмкін. Дипломатиялық қақтығыстардың түрі аумақтық, ұлтаралық, аймақтық, нәсілдік қақтығыстар деп бөлінеді. Өте сирек кездесетін

дипломатиялық қақтығыстар қатарына саяси билікті құлату немесе ұстап тұру үшін үшін дау тудыру, оны нығайту үшін күресуден де қақтығыстар туындайды. Тіпті саяси билікті төмендету мәселелерімен байланысты қоғамдық қақтығыстар дипломатиялық конфликтіге ұласуы мүмкін.

Әртүрлі елдер арасындағы ұлтаралық даудан туындаған дипломатиялық қақтығыстарды ескере отырып, әлемдегі азаматтық соғыстардың, дүниежүзілік соғыстардың, қырғиқабақ соғыстардың ұшқыны тәртіпке бағынбау, саяси билік талаптарын ескермеу, заңға бағынбаудан туындайтыны дәлелденген. Осындай жағдайда екі ел немесе екі топ өкілдерін ымыраластыратын дипломатиялық әрекеттер қандай нәтиже берді деген мәселеге назар аударған жөн. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымында қақтығыстар масштабымен, таралу деңгейімен, ауырлығымен, шығу сферасымен сипатталады. Әртүрлі салада болатын қақтығыстар халықаралық, таптық, ұлтаралық, ұлттық, қауымаралық, діни және жергілікті қатынастарға әсер етсе, саяси маңызға ие болады.

Дипломатиялық аспектіде ең үлкен қауіп бір мезгілде қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымының барлық деңгейлерін қамтитын және белгілі бір жағдайларда қатысушылардың санының тым көп болуын қамтитын қақтығыстармен байланысты. Дәл осы санатқа халықаралық қарама-қайшылықтар жатады, олар қарулы зорлық-зомбылықтың жаппай қолданылуымен өзінің дамуының жоғары сатысына жетіп, миллиондаған адамдардың өліміне себеп болады. Өткен XX ғасыр мұндай қақтығыстарға толы болды. Демек дипломатиялық қақтығыс соғысқа келіп тіреледі. Ал саяси қақтығыстар петиция, митингтен кейінгі дүрбелең, ел ішіндегі дау-жанжалдармен шектеледі.

Дипломатиялық қақтығыстардың басы екі тараптың тілдік конфликтісінен туындайды. Тілдік қақтығыстар екі елдің мәмілеге келе алмауынан және көпұлтты, яғни көп тілді елдерде жиі кездеседі. Олар әртүрлі саяси, әлеуметтік, идеологиялық, этнодемографиялық және экономикалық себептерге байланысты.

Н.Б.Вахтин мен Е.В.Головко пікірінше: «Тілдік конфликт – бұл қандай да бір мемлекеттің тіл саясатымен байланысты әлеуметтік қақтығысы» [96, 176б]. В.Ю.Михальченконың зерттеуі бойынша, «Тілдік қақтығыс – көпұлтты мемлекеттегі біртілділікке ұмтылушылар мүдделері арасындағы даудан туындайды» [97, 221 б.]. Ал үнді ғалымы Алок К.Дас РН Нельд еңбектерінде: «Тіл – көбінесе саясат, экономика, менеджмент немесе білім сияқты басқа салаларда кездесетін текетірестің символы» деп жазады [98, 131 б.].

Дипломатиялық қатынастағы қақтығыс лексемаларының жоғары жиілігі мемлекет мен жекелеген әлеуметтік топтардағы қарсыласу деңгейін көрсетеді. Қақтығыс лексемасы тек қана бар шиеленіс процестерін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар прагматикалық түрде конфронтациялық шиеленісті тудырады және мақсатты түрде қолданыла алады.

Қақтығыс тілі жеккөрушіліктен, наразылықтан туындайды. «Жек көрушілік тілі» – бұл кез келген әлеуметтік коммуникацияның кез келген деңгейінде болатын құбылыс, дау лексемаларының ушығуы әртүрлі диапазон құрай алады.

Инаугурациялық сөйленістегі, канондық діни мәтіндердегі, конституциялық заңнамалар кіріспесіндегі олқылықтар, яғни қоғамға тікелей және жанама әсер ететін мәтіндердегі кемшіліктер тілдік қақтығыс тудыруы мүмкін. Қақтығыс тілінің прагматикалық мүмкіндігі баса назар аударуға итермелейді. Демек, конфликтілі лексемаларды қолдану қарапайым тілдік қатынастан басталып ұрыс-керіс жанжалға дейін өсе алатын лингвоконфликтогендік жағдай жасауға бағытталған прагматикалық факторлармен анықталады.

Қоғамдық коммуникацияда конфликтілі лексемалар жиілігінің жоғары болуы – ақпараттық қақтығыстық, желі ішіндегі ұрыс-керістің, гибридіті соғыстардың, төңкеріс эскалациясының көрсеткішін айғақтайды.

Р. Дарендорф пайымдауынша қақтығыстарды халықаралық деңгейге жеткізбей азаматтық қоғам шеңберінде шешуге болады. Ол үшін биліктің қызметін ақпараттандыратын ақысыз арналар болуы керек. Соған сәйкес әлеуметтік институттарда қақтығысушы тараптардың дау тудыру фактілерін тіркейтін, зерттейтін, бітімгерлігін қалыптастыратын, екі тараптың мінез-құлық нормаларын бекітетін және қарама-қайшылықтарды шешудің тетіктерін ұсынатын қызметтер үздіксіз жұмыс жасау қажет [99, 143 б.] Р.Дарендорфтың зерттеуінде қоғамда үлкен қақтығыс туғанда билікті қайта құру шиеленісті жою үшін панацея ретінде көрінді. Бірақ қазіргі билеуші элитаның билікті қайта құруға дайын болатынына кепілдік жоқ екенін мойындайды. Қарама-қайшылық бір тараптың қателігінен туындайтыны сөзсіз. Қателікті мойындамау немесе біле тұра мойындағысы келмеу, қайтадан жанжалды жағдай тудырады. Осыған байланысты Р.Дарендорф өз пікірін былайша танытады: «Бұл жағдайда батыс конфликтологтары «аңғалдық» деп таниды, егер азаматтық қоғамға деген «аңғал сезімнің астарында қулық болса, бұл тәжірибеде кездесетін прозелитизм деп танылады»[100, 4 б.].

Америкалық зерттеуші Льюис Козер «перманентистер» (конфликтілік қатынастардың шешілмейтіндігі туралы көзқарасты жақтаушылар) мен «конвенционалистер» (консенсус негізінде қақтығыстарды жеңудің іргелі мүмкіндігі туралы көзқарастың жақтастары) арасында аспан мен жердей алшақтық бар екенін дәлелдеуге тырысты [101, 61 б.]. Оның пікірінше, кез келген қоғам өзінің әркелкілігіне байланысты теңгерімсіздікке, сәйкесінше қақтығыстарға ұшырайды. Олар үшін әлеуметтік реттеу функцияларынан туындаған қақтығыстар маңызды деп саналады. Л.Козер пайымдауынша, қақтығыстардың себептерін өзінің заңдылығын, қолданыстағы жүйесін жоғалтудан шығарады.

Алайда қақтығыстар ұзақтығы мен ауырлығына қарай өзгеруі мүмкін. Өзгерістерді жүйелі түрде Л.Козер былайша көрсетеді: эмоциялар, жанжалға қатысушылардың реализм деңгейі, қақтығыстың іргелі құндылықтар мен мәселелермен байланысы, қақтығысушы топтардың мақсаттарының айқындығы, жеңістің немесе жеңілістің мағынасы туралы олардың келіспеу дәрежесі, басшылардың не істелініп жатқанын лайықты бағаламау әрекеті. [Козер, 2000].

Кез келген қақтығыс, М.Дювергердің көзқарасы бойынша, оның ішінде діни немесе экономикалық, саяси сипатқа ие. М.Дювергер зерттеуінде саясаттағы ымыраға келу қақтығыстардың қаупін азайтатынын консенсус жүйесімен байланыстырды [102, 112 б.].

Әлемдегі қақтығыстар жаһандану процесіндегі әмбебап деп саналатын батыстық құндылықтарды жеңуге бағытталудан туындайды деп тұжырымдайды Карла Дойча. Ұлттық мүдделер жиынтығы халықаралық мүдделерге бағынуы керек деп санайтын ғалым К.Дойч дипломатиялық жүйенің екі түрін көрсетеді: бірі - конфликт, екіншісі - ынтымақтастық (солидаризация). Бірінші түрден екінші түрге көшу ынтымақтастықтың пайдалы жағын анықтады. Соған орай ынтымақтастық қауымдастықтарының баламалы термині «қауіпсіздік қауымдастықтары» деп атауға болады. Оларды К.Дойч амальгамалық және плюралистік деп бөлді. Амальгамдар ортақ басқару органының болуын болжады, ал плюралистік құндылықтар салыстырмалы түрде шектелді [103].

Кез келген қоғамдық конфликт даулы лозунгілерден басталады. Мысалы: *«Тыйым салуға жол жоқ!»* *«Біз аштықтан өлмеуге кепілдік беретінемізді қаламаймыз»* *«Мен басқарылғым келмейді»*, *«Асфальт астында жагажай бар!»* *«Соңғы капиталист соңғы бюрократтың ішегімен тұншықтырылмайынша адамзат бақыт көрмейді»*, *«Бұл біздің соңғы қаруымыз»* сияқты ұрандар халық пен билік арасындағы қақтығысты тудырады. Егер полиция арқылы адамдарды тарқату күші жұмсалса, бұл қақтығыстың алдын алды, жойды деген сөз емес, керісінше ушықтырды, келесіде бұдан да көп лозунгілер қаптады деген сөз.

А. Глухованың зерттеуінше «Конфликтілі тіл» – өзара сыйластық мәдениетіне нұқсан келтіретін және стресстік жағдайда адамдар оны психологиялық қорғаныс реакциясы ретінде жиі қолданатын қару. Д.Бринк ойынша «конфликтілі сөз» себептері әлеуметтік қатынастағы теңсіздік пен кемсітушіліктен туындайды [104, 57 б.]. Дипломатиялық қарым-қатынаста қақтығыстардың себептері әр түрлі. Олардың кез келгені екі немесе одан да көп тараптардың келіспеушілігін білдіреді, нәтижесінде олар өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Дипломатиялық қарым -қатынаста екі түрлі қақтығыстар көрініс табады: конструктивті (немесе объективті) және деструктивті (субъективті).

Дипломатиялық қатынастағы конструктивті қақтығыстардың себептері келесідей болуы мүмкін:

- қызметкерлердің қызметтің түпкі мақсаттары туралы әр түрлі ойлары;
- интеллект пен білімнің әр түрлі деңгейлері;
- қаржылық немесе адами ресурстардың болмауы;
- қолайсыз еңбек жағдайлары;
- әріптестердің бір -бірімен дұрыс байланыс орната алмауы.

Дипломатиялық қарым-қатынаста жанжалдарды толығымен болдырмау мүмкін емес. Бірақ егер тараптың әрқайсысы даулар мен келіспеушіліктердің тез арада шешілуін қамтамасыз етуді ережеге айналдырса, көптеген проблемалардан аулақ болуға болады [105]. Әрине, біз үшін өмір тудыратын жанжалды

жағдайлардың барлығын болжау қиын. Сондықтан қақтығыстарды шешуде нақты жағдайға, сондай -ақ жанжалға қатысушылардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, көп нәрсені сол жерде шешу керек.

Дипломатиялық тілде өзіндік сипатқа ие сөздер де болады. Мұндай сөздердің жалпыхалықтық лексикада синонимдері болмайды. Олар дипломатия мен халықаралық құқықта арнайы бір ұғымды емес, халықаралық сыпайылықты, “этикетті” білдіреді [106, Т.1, 177 б.].

3.4 Қазіргі дипломатиялық қарым-қатынастың прагматикалық қызметі және дипломат Қ.Тоқаевтың прагматикасы

Дипломатиялық тәжірибедегі оқиғалардың барлығы коммуникативті қызметке құрылған. Сондықтан дипломатиялық коммуникация үдерісі әдетте дипломатиялық дискурс деп аталады.

В. Е. Чернявская атап өткендей, дискурс жалпы мағынада – адресатпен өзара әрекеттесетін автордың коммуникативті-прагматикалық және когнитивті мақсаттарының жүйесіне байланысты берілген мәлімдемені / мәтінді қалыптастыру үшін маңызды нәрсені анықтайтын жағдаяттан ажырамас байланыстағы мәтін [107].

Дипломатиялық дискурс институционалдық дискурстар тобына жатады, яғни ол дипломатиялық институт кеңістігіндегі қарым-қатынаста болатын мәртебелік-рөлдік қатынастардың тұрақты жүйесінің бөлігі болып табылады. Дипломатиялық дискурстың айрықша белгілері – қарым-қатынастың кәсіби қатысушыларының болуы, қарым-қатынастың нақты мақсаты мен жанрлық ерекшелігінің болуы.

В. И. Карасик атап өткендей, ресми жағдайда (институционалдық) қарым-қатынас екі типтік қатысушыны – агенттер мен клиенттерді ажыратады. Агенттер – бұл әлеуметтік институттың өкілдері, клиенттер – бұл әлеуметтік институттармен ешқандай байланысы жоқ адамдар [108].

Дипломатиялық дискурсқа қатысушылардың екі тобы бар: хабарлама адресаты – ауызша/жазбаша хабарлама тудыратын және жіберетіндер, хабарлама адресанты – хабарламаны тыңдайтын/оқитын және декодтайтын тұлғалар. Адресат ретінде дипломатия институтының өкілдері (кәсіби дипломаттар – сыртқы саяси ведомствоның лауазымды адамдары) немесе мемлекеттің сыртқы саясатын іске асыру, оның құқықтары мен мүдделерін шетелде қорғау процесіне тартылған мемлекеттің саяси топтарының (мемлекеттер мен үкіметтердің, арнайы органдардың басшылары) өкілдері әрекет етеді. Дипломатиялық дискурстың адресанты сол дипломатия институтының немесе басқа институттың өкілдері болып табылады: іскер топтар, БАҚ, ғылыми-техникалық зиялы қауым, жоғары мектеп, мәдениет, өнер қайраткерлері, институт өкілдеріне қатысты жалпы қоғам өкілдері, яғни ел азаматтары. Осылайша, дипломатиялық дискурстағы агент адресат та, адресант та бола алады, ал клиент тек адресат бола алады.

Зерттеушілер арасында дипломатиялық коммуникацияның мақсаттары туралы әртүрлі пікірлер бар. Е. А. Вебердің пікірінше, дипломатиялық дискурстың мақсаты – ұлттық мүдделер мен халықтың әл-ауқатын қорғауда сабақтастықты қамтамасыз ету, мемлекет атынан сыртқы саяси қызметті жүзеге асыру, қарулы қақтығыстардың алдын алу және бейбітшілікті нығайту.

А. С. Кожетеваның пікірінше, дипломатиялық коммуникацияның мақсаты - мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ынтымақтастық, шетелдермен келісімді және сәйкес келетін мүдделерді іздеу, мемлекетті әлемде оң қабылдауға жәрдемдесу. В. Н. Яппарованың пікірінше, дипломатиялық дискурстың мақсаты билік үшін күрес болып табылады және бұл мақсат көбінесе жабық және аудиторияны әртүрлі мәселелер бойынша ақпараттандыру ретінде ұсынылады [109, 167 б.]. Л. М. Терентийдің пікірінше, дипломатиялық мақсат - бар мәселені талқылау барысында келісімге келу, - деп атайды [110, 167 б.] .

Жоғарыда аталған барлық авторлардың дипломатиялық коммуникация мақсатын айқындау жиынтығында мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, (ұлттық мүдделер мен халықтың әл-ауқатын қорғау, қарулы қақтығыстардың алдын алу және бейбітшілікті нығайту), келісімге қол жеткізу (ынтымақтастық, шет елдермен келісімді және сәйкес келетін мүдделерді іздеу), қоғамды ақпараттандыру (билік үшін күрес, әлемдегі мемлекеттің оң қабылдауына ықпал ету мақсатында аудиторияны ақпараттандыру).

Т.Н. Кравецтің пікірінше, дипломатиялық коммуникацияның жаһандық мақсаты – халықаралық аренада ұлттық мүдделерді қорғау болып табылады, оны жүзеге асыру үшін мынадай кіші мақсаттар ықпал етеді:

- елдер арасында тұрақты байланыстар орнату және қолдау;
- даулы мәселелерді бірлесіп талқылау және бірлесіп шешу;
- уағдаластықтарды қабылдау арқылы (келісімге қол жеткізу);
- басқа мемлекеттердің іс-әрекеттерін реттеу мен бақылауды жүзеге асыру;
- жұртшылықты ақпараттандыру және ресми түсіндіру;
- қоғамды қалыптастыру мақсатында өз үкіметінің ұстанымдары мен пікірлерін, олардың әрекеттерін ақтау, одақтастарды тарту, екінші тарапты айыптау [111, 16 б.].

Дипломатиялық дискурста адресат рөлін әрдайым дипломатия институтының және мемлекеттің жоғары саяси топтарының өкілдері атқарады. Адресатқа келетін болсақ, дипломатиялық кәсіптің қарапайым азаматтар үшін жабықтығы сияқты ерекшелігін атап өткен жөн. Дипломат кең аудиторияда өте сирек сөйлейді. Дипломатиялық келіссөздердің көп бөлігі "жабық есіктің артындағы" диалог деп танылады. Мәселен, келіссөздердің егжей-тегжейлі рәсімдері, шарттарға қол қою, қабылдаулар мен сөз сөйлеулер ел азаматтары мен БАҚ-өкілдеріне қолжетімсіз. Шолуға және талқылауға рұқсат берілмейді. Сондықтан дипломатиялық мәселелерді дипломаттар мен көшбасшылар, оның ішінде азаматтардың өздері қауіпсіздігі мен мүддесі үшін құпия түрде талқылайды. Сирек кездесетін дипломатиялық құжаттар – қоғамдық игілігінде қолданылмайтын яғни қолжетімсіз жеке ноталар, Мемлекет басшысының немесе

Үкіметтің жеке Жолдауы, ауызша нота, естелік жазба, меморандум, жеке хат. Оларда дипломатия институтының және мемлекеттің жоғары саяси топтарының өкілдері адресат рөлін атқарады.

Сонымен бірге, құпия (жасырын) дипломатия ХХ ғасырдың бірінші тоқтап, ашық дипломатияға жол бергенін атап өткен жөн. Құпия келіссөздердің ресми әрекеті жасырын қалпында қалды, бірақ олардың нәтижелері ашық дипломатия қағидаттарына сәйкес, әдетте бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялануы керек болды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта дәстүрлі дипломатиямен қатар қоғамдық дипломатия белсенді дамып келеді. Қоғамдық дипломатия - бұл ресми дипломатия қолданатын және шетелдік бұқаралық аудиторияны ақпараттандыруға, сондай-ақ өзінің мемлекеттік мүдделерін ескере отырып, шетелдегі қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталған шаралар кешені [112, -110 б.].

"Қоғамдық дипломатия" ұғымы "БАҚ" ұғымымен тығыз байланысты, өйткені шетелдік қоғам арасында өз елінің имиджі мен саясатын насихаттау қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары – радио, теледидар, шет тілдеріндегі баспасөз, интернет пайда болған кезде ғана мүмкін болды.

Адресаттары БАҚ болып табылатын дипломатиялық дискурс жанрларына және соның салдарынан өз елінің де, шет мемлекеттердің де азаматтарына мемлекет басшы қайраткерлерінің қоғамдық ұйымдар немесе жеке тұлғалар өкілдерінің өтініштеріне немесе сұрақтарына жауаптары, сұхбаттар, БАҚ үшін түсініктемелер, баспасөз конференциялары, брифингтер жатады.

Сыртқы істер министрліктері мен елшіліктер нәтижеге жеткен Жолдауды белгілі бір елдің халқы қалай қабылдайтынын зерттеу арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын біледі. Ақпаратты жинау, өңдеу, оның негізінде шешім қабылдау және аудиторияға беру қабілеті тиімді дипломатияның негізгі компоненттерінің біріне айналады.

Дипломатиялық дискурстың бір көрінісі – дипломатиялық келіссөзді талдау нысанына алдық. 2022 жылдың 19 тамызында Ресей Президенті В.Путин Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевты дипломатиялық кездесуге шақырды. Кездесудің негізгі мақсаты – ТМД елдерінің дипломатиялық қарым-қатынасына 30 жыл толуына орай саммит ұйымдастыру.

1-ші кезең. Кездесу қол алысудан басталды. Байқағандарыңыздай, дипломатиялық кездесу – ресми. Себебі біріншіден, екі елдің рәміздерінің алдында суретке түсу рәсімі жасалған. Екіншіден, екі мемлекет басшысы да галстукпен келген. Үшіншіден, Қазақстан мемлекет басшысының кездесуді шынайы риясыз қабыл алғаны оның костюмнің алдыңғы түймелерін ағыту белгісінен тануға болады. Әдетте дипломатиялық қатынаста костюм түймесін ағыту және құшағын кең жаю – кездесуге құштарлық, шексіз ризашылықты білдіретін бейгілді таңба деп танылады.

2-ші кезең. Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді. *Шақыруымды қабыл алғаныңызға*

рақмет. Біз екеуіміз үнемі кездесіп тұрамыз. Жақында ғана жүздескен едік, бірақ Сочиде кездесуге келістік. (В.Путин).

3-ші кезең. Суреттен байқағанымыздай, кездесу орны, жайғасқан орындықтары қысқамерзімді ауызша келіссөз болатынын дәлелдейді. Себебі көрнекілікпен түсіндіруді қажет ететін құрылғылар жоқ, қол қою рәсімімен мақұлдайтын құжаттар жоқ. Демек, кездесу 1 сағаттық уақытқа арналған.

4-ші кезең. Кездесудің мақсатына ешқандай кіріспесіз тез көшті. *Биыл «Қазақстан ТМД-ға төрағалық етеді. Қазан айында ТМД саммиті өтеді. Оған өзіңіз қатысасыз деген сенімдеміз. Оның үстіне Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқарады. Бұл – шынымен де халықаралық форматтағы ынтымақтастықтың басым бағыты»* деп Ресей Президенті Қ.Тоқаевқа тапсырма берді.

5-ші кезең. Бұған Қ.Тоқаев былайша жауап берді: *Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

6-ші кезең. Өзара келісім орнағаннан кейін. Ресей Президенті саммитке дайындық жұмыстарымен таныстырып өтті. *Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биыл ерекше жыл. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, қорғаныс министрліктері бірлесіп түрлі іс-шараларды, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Меніңше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Бізде сондай-ақ жақсы ірі жобалар дамып жатыр. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы, жұмыс барлық бағыт бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын»* деді В.Путин.

7-ші кезең. Ниеттес, тілектес, идеялас екенін растау үшін қолдау сөз сөйленді. Қасым-Жомарт Тоқаев: *сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатыр, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңілімізден шығатындай елеулі нәтижелерге жетті. Сауда динамикасы дұрыс жағынан дамып жатыр. Былтыр сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құрады. Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұр»* деді.

8-ші кезең. Уәделесу рәсімі. Екі мемлекет басшысы да бір-біріне жылы жүзбен тура қараған. Қол алысу арқылы уәделерін бекітті. Кездесу екі тарапқа да тиімді аяқталды. Әрбір тарап өзінің мүдделі жоспарына қол жеткізді.

9-шы кезең. Қоштасу рәсімі. Ресми кездесу болса да, достық, риясыз ниеттестік белгілерін байқататын әрекеттер қоштасу рәсімінде айқын байқалады. Себебі көлікке дейін шығарып салу, көлік қозғалғанша дейін күту, қол бұлғау – бұл сыйластық әдебі деп саналады.

«Ақорда» порталына жарияланған ресми мәліметтерге сүйене отырып, дипломатиялық дискурсқа осылайша талдау жасадық. Енді британдық «Daily Mirror» жаңалықтар порталындағы талдауға назар аударайық: «28 қарашада Мәскеуде өткен Ресей Президенті Владимир Путин мен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кездесуін талдай отырып, Батыстық БАҚ қонақтың Кремль иесіне деген "менсінбейтін" көзқарасының белгілерін көреді. Басылымның пікірінше, Қ. Тоқаев басқыншы елдің көшбасшысымен кездесуге құлықсыздық екенін танытты. Сонымен қатар, Қазақстан президенті Путинмен көпшілік алдында диалогқа "аса құштар емес" екені байқалады. Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай декларацияға қол қою рәсімі кезінде Тоқаев "Путиннің алдында отырды және онымен сөйлесуге ниетті болмағанын байқатты. Екі мемлекеттің басшылары декларацияға камералар алдында қол қойып, құжаттармен алмасқанда, Тоқаев журналистер суретке түсуі үшін" бір сәтке ғана " өз папкасын көтеріп, оны көмекшілеріне беруге асықты, Путинді папкамен жалғыз қалдырды."

Қазақстан Президенті, басылымның бағалауы бойынша, Ресей басшысына және бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифинг барысында Путиннің брифингті бастауға рұқсат па деген сұрағына қысқа "ИӘ" деп жауап берді».

Сонымен қатар, Ресей мен Қазақстанның өңіраралық ынтымақтастық форумының жария бөлігі кезінде Тоқаев жақын жерде отырған Путинге бұрылып, өзінің кіріспе сөзін ресми түрде айтқан емес. *Ресей Федерациясының Президенті* " алғаш рет " қатесіз Қазақстан Президентін аты-жөнін атады және оның реакциясын іздеп, сұхбаттасушыға бұрылды.

Путин Тоқаевты құттықтаған кезде "қазақстандық көшбасшы әдейі көз жанарын тайдырып өтті". Олардың арасындағы көз байланысы қол алысу және құжаттармен алмасу кезінде бірнеше секундқа ғана орнатылды.

Путин мен Тоқаевтың кездесуінде Ресей Федерациясы мен Қазақстанның "қарым-қатынасы берік мызғымас екенін ерекшелен" айтқанымен, алайда екі ел басшыларының ым-ишаралары бұл мазмұнға сәйкес келмеді.

Байқағанымыздай, шетелдік БАҚ, сырт көзқарас ретінде дипломатиялық коммуникация қатысушыларының сөйлеген сөзі, ым-ишарасы, отырып-тұру, жүріс-тұрысына қарап, тұлғалық баға берді. Дипломаттарға баға беру арқылы екі тараптың қайсысы коммуникация барысында үстем болғанын, кімде реніш болғанын талдап берді. Бұл сипаттау үлгісі де коммуникативті аспектіде зерттеудің оңтайлы тәсілі деп танылып келеді.

Дискурс – бұл адресаттың адресантқа әсер ету ниетімен байланысты коммуникативті құбылыс. Тілдік компоненттен басқа, дискурс сонымен қатар коммуникацияға қатысушылар, ситуациялық және әлеуметтік-мәдени контекст,

коммуникативті ниет және т. б. сияқты экстралингвистикалық факторларды қамтиды [113, 56 б.].

Дипломатиялық дискурс мемлекет басшылары арасындағы сындарлы келіссөздерді қамтамасыз ету үшін аударма тілі құралдарымен барабар берілуі тиіс дискурс авторының ниеттерін қамтитын үлкен прагматикалық әлеуетпен сипатталады. Осы себепті тілдік тұлғаны және оның сөйлеу мінез-құлқын талдау мәселесін лингвистикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің бірі деп санауға болады. Дипломатиялық дискурстың негізгі функцияларын белгілеу үшін олардың ең алдымен дискурс авторының мақсаттары мен ниеттеріне байланысты екенін ескеру қажет, бірақ зерттеушілер негізгі функцияларды да ажыратады.

Кез келген дипломатиялық дискурстың прагматикалық қызметі – әсер ету. Бұл адресаттың ниетін ояту, сендіру үшін негіз болады және іс-әрекетке ынталандыру мақсатында тыңдаушыларға сәттілік тілеу, бүкіл сөйлеудің сәттілігін алдын-ала анықтайды. Ол үшін саяси қайраткердің қарамағында коммуникативті стратегиялар мен тактикалардың кең спектрі бар, олардың басты мақсаты алушылардың санасына олардың білімімен, құндылықтарымен жұмыс жасау және тыңдаушыларға қажетті эмоционалды реакцияны шақыру арқылы әсер ету болып табылады.

Коммуникативті стратегия – бұл белгілі бір коммуникативті кеңістікті, белгілі бір байланыс ортасын, әсердің белгілі бір түрін, мағынаның пайда болуының белгілі бір орнын және сол арқылы коммуникация дискурсы құрылатын бір немесе бірнеше дискурс өлшемдерін таңдау.

Сөйлеу стратегиясы – бұл коммуникативті мақсаттарға жетуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы.

Коммуникативті стратегия ауызша құралдармен қатар тыңдаушыларға паралингвистикалық әсер ету құралдарын қолдануды қамтиды: белгілі бір мінез-құлық, жест-ишара, мимика. Белгілі саясаткерлердің, сөз шеберлерінің мәтіндері әрдайым дерлік өзіне тән барлық ерекшеліктерімен тілдік тұлға ретінде спикерлік ізін қалдырады.

О. С. Иссерстің тұжырымынша, сөйлеу әсерін лингвистикалық талдаудың негізгі проблемасы сөйлеушінің стратегияларын және олардың коммуникативті мақсатқа жетуін анықтайтын барлық тілдік ресурстарды зерттеумен байланысты. [114, 23 б.].

Сөйлеу тактикасы – бұл коммуникативті стратегияны іске асырудың белгілі бір кезеңіне сәйкес келетін, лингвистикалық лексика-синтаксистік құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын және тыңдаушының санасын манипуляторға пайдалы іс-әрекет жасауға ынталандыру немесе сөйлеушіге де пайдалы жағдайға қатысты пікір немесе бағалау қалыптастыруға әсер ету мақсатында бағытталған сөйлеу әрекеті. Тактика дискурс стратегиясын жүзеге асырудағы белгілі бір кезеңге сәйкес келеді және осы кезеңнің белгілі бір міндетіне жету үшін қолданылады.

О. Л. Михалева коммуникативті стратегиялардың мынадай жіктемесін ұсынды:

1. төмендету стратегиясы,
2. жоғарылату стратегиясы
3. театрландыру стратегиясы [115, 3 б.].

Төмендету стратегиясының негізгі мақсаты сөйлеу тақырыбына немесе адресатқа теріс көзқарастың эксплициттік және жасырын көрінісі арқылы жаудың беделін түсіру. Саясаткер бұл стратегияны қарсыласына "шабуылға" жол бермеу және оның жоғарылату ойынының стратегиясын пайдалануына жол бермеу үшін қолданады. Осы стратегияны жүргізудің таңдалған тактикасына байланысты қарсыластар пікірталас немесе сөйлеу барысында қарсыластарын ашық сынаудан аулақ болады, тек қарсыластарын қолайсыз жағдайда көрсететін ақпаратты алыстан береді немесе қарсыласын ашық айыптайды және теріс көзқарасты білдіру үшін лексикалық құралдарды қолдана отырып, оны айыптауға тырысады.

Ақиқат сынның тактикасыайқын болуы мүмкін дәйектеме келтірейік: *«Атап айтқанда, қазіргі Украина бұл - украиндықтардың өзінің демократиясынан қалаған немесе күткен дүниесі болмай тұр. [116].* Бұл – шынайы бағалау тактикасы деп аталады.

Жоғарылату стратегиясы сөйлеушіні оның еңбегіне немесе қадір-қасиетіне баса назар аудара отырып, оны тиімді түрде көрсету үшін қолданылады. Бұған презентация тактикасы жатады - белгілі бір адамды оң мағыналы лексикалық бірліктердің көмегімен ең жақсы жағынан көрсету, ақтау сипатындағы фактілерді келтіре отырып, сыннан бас тарту және т. б.

Мысалы: *Халықаралық делдалдар "квартетінің" мүшесі ретінде біз шешімдерді табуға көмектесеміз; біз бұл сабақты үйреніп, оларға [елдерге] қазір келісімге келуге көмектесу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек [117].*

Театрландыру стратегиясы келесі тактикаларды қамтиды: ынталандыру тактикасы - тыңдаушыларды сөйлеушілермен қатар деңгейге жеткізу мақсатында аудиторияны белгілі бір әрекеттерге шақыру; "өзім-өзге" концептісіне және кез келген жағымсыз оқиғалар үшін кінәсін мойындай отырып, халық пен қарсыластың қарама-қайшылығына негізделген ажырату тактикасы; уәде беру тактикасы негізінен болашақ уақыт формасының көмегімен жүзеге асырылады саясаткердің сөйлеген сөздеріне оның компаниясының жетістігіне сөзсіз сенімділік беретін мінсіз үдеріс.

Шақыру тактикасының мысалы ретінде Уинстон Черчилльдің 1941 жылы сөйлеген сөзін келтіруге болады: *Демек, ресейлік қауіп-бұл біздің және Америка Құрама Штаттарының қауіпі. Осындай қатыгез тәжірибеден сабақ алайық. Біздің күш-жігерімізді екі есе арттырып, өмір мен күш сақталғанша біріккен күшпен соққы берейік.*

Дипломатиялық дискурс ресми іскерлік сипаттағы мәтін ретінде, оның мазмұны даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге, елдер мен үкіметтер арасында халықаралық сенім құруға бағытталған.

Қорыта келгенде, дипломатиялық дискурс бірқатар қызметтерді орындайды, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

1) апелляциялық қызмет (М. В. Бутырина, Е. И. Шейгал): мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қолдау, дауларды реттеу;

2) коммуникативті қызмет (Б. Ю. Норман, А. Соломоник): дипломатиялық корпус өкілдерін, өз елінің және басқа елдердің азаматтарын қандай да бір шешім қабылдау туралы хабардар ету;

3) өкілдік қызмет (Л. С. Байлинсон, А. Олянич): өз мемлекетінің мүдделерін білдіру;

4) манипуляциялық қызмет: қабылдауды немесе мінез-құлықты өзгерту мақсатында маңызды саяси мәселелер, оқиғалар мен мәселелер бойынша қоғамдық пікірге, сондай-ақ қарсыластарға әсер ету, өз әрекеттерін ақтау;

5) реттеуші қызмет (И. А. Василенко): қандай да бір мәселелерді шешу бойынша мемлекеттер мен үкіметтердің бірлескен қызметін ұйымдастыру және бақылау;

6) үгіт-насихат қызметі: мемлекеттер мен үкіметтердің қандай да бір мәселелер бойынша ұстанымдарын қоғамдық пікірге жеткізу, саяси іс-әрекеттердің ұтымдылығын олардың ұтымдылығы тұрғысынан түсіндіру.

Кәсіби дипломат Қасым-Жомарт Тоқаевтың прагматикасы

Қазақ дипломаттарының ішінде дипломатиялық шешендікке бейім, тілі орамды, бипаздыққа жақын, сөзқолданысы ерекше Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөздерін арнайы талдадық. Дипломаттың прагматикасы – шешендігінде. Қ.Тоқаевтың елші қызметіндегі кезеңнен бастап қазіргі президенттік қызметіндегі сөйлеген сөздері толық зерттеу нысанына алынды.

Біріншіден, дипломаттың сөзқолданысында қазақ фразеологизмдері мен мақал-мәтелдері жиі кездеседі. Мысалы:

Көрпеге қарай көсілу. Біз «көрпеге қарай көсілу» қажет екенін ұмытпауымыз керек.(Жолдау)

Ел боламын десең, бесігіңді түзе. Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек (Жолдау).

Іріткі салу. Ел ішіне іріткі салған және заң бұзуға шақырған адамдар қатаң жазадан құтылып кетпейді.

Ауадай қажет. Бізге ел бірлігі ауадай қажет.

Тамырына балта шабу. Жазаны қатайту, мұндай қылмыс жасағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды доғару арқылы осы қауіпті үрдістің тамырына балта шабу керек.

Көз жұма қарау. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды.

Ойран салу. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады.

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.

Тойтарыс беру. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Қара жамылу. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын.

Күйе жағу. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты.

Тас-талқанын шығару. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады.

Иштен шыққан жау жаман. Бабаларымыз «Иштен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған. Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды.

Қасық қаны қалғанша. Олар елмен бірге екенін, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша күресетінін дәлелдеді.

Күл талқан ету. Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күл талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бей-берекет қылуды тапсырды.

Бармақ басты, көз қысты. Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қорқуда.

Құрдымға бастау. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет.

Аз болса да саз болу. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы.

Кеңесіп пішкен тон келте болмас. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөз бар. Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған.

Астан-кестеңі шығу. Әлемнің арғы-бергі тарихында өз аумағының ауқымды бөлігінен айырылған, астан-кестеңі шығып, берекесіздікке ұшыраған елдер туралы мысал жетіп артылады.

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес.

Бірінші байлық – денсаулық. Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды.

Жетегінде кету. Сондықтан, екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн.

Байқағанымыздай, дипломаттың тілі – паремиологиялық қорға бай. Паремиологиялық сөзқолданыс – адресантқа ойдағы біттенімді дәл жеткізудің тиімді тәсілі. Сондықтан дипломаттың «қызылтілді» болуы оның кәсібилігін

көрсетеді. Ең бастысы бейнелі фразалық қолданыстар айтылмақ ойдың мазмұнын ашатын, мағыналы жұмсалғанын аңғардық.

Екіншіден, бейнелі қолданыстарды прагматиканы арттыру үшін әсерлі қолданады. *Бүгінде Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін 2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағазбастылыққа көмілген.*(Жолдау). Сондай-ақ, барлық мәселенің шешімін табуды **мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын.**Нақты бір саладағы саясатқа **«ұжымдасқан кабинет»** емес, нақты бір министр жауапты болуға тиіс.*Ғимараттардың сыртқы көрінісі және ішкі инфрақұрылымының қызметі азаматтардың көңілінен шықпайды, елімізді шетелдіктердің алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Біз кез келген ашық арандатушылыққа және заңсыз іс-әрекетке қатаң тосқауыл қоюымыз керек. Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек.*Бұл қадам бізге әр азаматымыздың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты **жандандыруға** мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген **байламға келді. Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн өткен сайын артып келеді.**Бәріміз **бірлігімізді бекемдей білсек**, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Қол қусырып отыратындар мен **қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті.**Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды **дүр сілкіндірді.** Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен **бетпе-бет келді.**Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін **жан-жүрегімен сезінді.**Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін **бұлжымас ұстаным.** Біздің парызымыз – **қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту.** Жұрт оның **астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.**Қоғамды **мазалаған сұрақтарға жауап берілді.**Басқаша әрекет ету, яғни, бедел жинау үшін **байбалам салып, қосақ арасында жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау** деген сөз. Орта ғасырлардан қалған осындай **жабайылық** кез-келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Біз **теріс пиғылды** адамдардың **мемлекеттік төңкеріс** жасамақ болғанын нақты білеміз. Сол үшін **кәнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.****Бітімгершілік күштері** елімізде бір де бір оқ атқан жоқ. Отан алдындағы антына адал болып, мемлекетімізді **жанқиярлықпен қорғады.**Бір нәрсені нақты айта аламын: **қаскөйлер** мұқият ойластырылған ауқымды операция ұйымдастырды. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, **биліктен тайдыруды көкседі.** Мен бұдан былай ешқандай **жұмсақтық көрсетпейтінімізді** мәлімдеймін. **Бәзбіреулердің жауапсыздығы мен**

бейбастақ әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тым қымбатқа түсті. Енді біреулер геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» сияқты берекесіздік жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. **Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмесе кетті.** Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек. Ал, өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді. **Халықтың сенім мандатына** ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсере алмайды. Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істеуге немесе **көлеңкелі қаламақы үшін саяси кландардың астыртын тартысына** қатысуға болмайды. **Алмағайып өзгерістер** жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс. **Шешімді жайбасарлықпен** қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Бүгінде жер жүзінде **геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр.** Бұл – **кезек күттірмейтін шаруа.** Осындай жағдайлар «**мемлекеттен ала берсем**» деген көзқарас қалыптастырды.

Көріп отырғанымыздай, Қ.Тоқаевтың бейнелі фразаларында әсірелеудің шарықтау шегі басым. Яғни әсіре мақтаудың да, әсіре даттаудың да бейнелі сөзін сәтті тапқанын аңғарамыз. Байқағанымыздай, авторлық окказионалды прагматика емес, тұрақты бейнелі фразаларды өз орнымен, мазмұнға сай дәл қолданысқа жұмсауы айтылмақ ойдың діттемін нақ жеткізіп тұр. Бейнелі сөзді орынды қолданудың да шеберлігі болатынын дипломат тілінен айқын байқауға болады.

Үшіншіден, дипломаттың тілінде бұйрық райлы сөзқолданыс кездеспейді, ортақ, ырықсыз етіс жұрнақтары арқылы аяқталады. Бұл да– дипломатиялық прагматиканың тиімді тәсілі. Сондай-ақ адресатпен сәтті коммуникация қалыптастырудағы оңтайлы тәсілдердің бірі – етіс жұрнақты сөйлемдермен диалог құру.

Төртіншіден, «керек», «қажет», «тиіс», «жөн» модаль сөздерін көп қолданады. 2020-2023 жылдардағы Жолдауларының мәтін бойынша керек – 197 рет, қажет – 185 рет; тиіс – 124 рет, жөн – 94 рет қайталанған екен. Модаль сөздер үмітті, орындалуы маңызды әрекеттерді бұйрықсыз тілеу, сұрау, өтіну мағынасында қолданылған. Демек, Қ.Тоқаев халықпен қарым-қатынасында дипломатиялық тактиканы шебер қолданады. Ешкімге бұйырмай-ақ, қажеттілікті орындату – ымырашылдық пен мәмілегерліктің үйлесімі деп баға беруге болады.

Бесіншіден, дипломаттың тұлғалық дискурсында афоризмдік сөзқолданыстар жиі кездеседі. Мысалы:

• *Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.*

• *Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.*

• *Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады.*

• *Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғым келеді.*

• *Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.*

• *Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған.*

• *Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.*

• *Тәуелсіздік бәрінен қымбат.*

• *Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды*

• *Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ.*

• *Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.*

• *Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.*

• *Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.*

• *Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.*

• *Денсаулық кепілі – дене шынықтыру.*

• *«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс.*

• *Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі.*

• *Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.*

• *Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-*

келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұзғуға жол бермейміз.

•Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

•Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықтымаңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет.

•Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

•Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

•Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

•Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше. Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған. Адамдарға жән сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек.

•Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

•Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады. «Бінтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте!

Дипломат тілінің прагматикасын арттыратын негізгі құрал – афоризмдер мен ұран сөздер. Себебі әрбір дипломат сөйлеген сөзінің соңын қанатты нақыл сөзбен немесе ұранмен аяқтайды. Афоризмдер – терең білім мен тәжірибелердің санадағы түйіні.

Алтыншыдан, жиі қолданылатын клише сөзқолданыстары анықталды. «Тағы да қайталап айтамын», «Еске салғым келеді», «Үміттенемін» фразасын дипломаттың авторлық клишесі деп атауға болады. Әрине, әрбір дипломаттың прагматикасын танытатын басты белгі – оның авторлық клишелері. Онсыз дипломат тұлғасының ерекшеліктері ашылмас еді. Әрбір дипломаттың өзіндік артықшылықтары болуы керек. Сол артықшылықтарды дипломат өз тілінде не бейвербалды әрекетінде қалдырады.

Жетіншіден, метонимиялық сөзқолданыстар басымдыққа ие. «Жана шеккендер», «есірткі тұтынағандар», «зардап шеккендер», «ойран салатындар», «іріткі салушылар», «қол қусырып отыратындар», «қасақана кедергі жасайтындар», «қосақ арасында жүргендер», «жазықсыз құрбан болғандар», «төңкеріс жасауға ұмтылғандар», «бәзбіреулер», «қарсы үгіттеп жүргендер». Метонимиялық қолданыстардың басты мақсаты – астарлау, ал астарланған ой тыңдаушы не оқырманға елеулі әсер етеді, ойландырады. Демек бұның өзі – прагматика. Демек, жанамалап айту да дипломат Қ.Тоқаевтың прагматикалық тактикасы екенін мойындатады.

Сегізіншіден, авторлық терминдік қолданыстары кездесіп отырды: суперперзиденттік басқару, көпполюстік партиялық жүйе, қаржылық-олигархиялық топ, тамыр-таныстық кадр, сенатты жасақтау тәртібі,

гибридті қауіптер, заманауи бастама, идеологиялық дербестік, қатаң санкциялық тайталас, еншілес компания, заңсыз лобби жасау, цифрлық хабқа айналу, жаһандық шиеленіс, моноқала, халық қатысатын бюджет, бейбіт атом, жасыл сутегі, патерналистік көңіл-күй, әлеуметтік масылдық, тамырсыз идеялар, көлеңкелі еңбекақы. Авторлық сөзқолданыстардың терминге ұласуы – өте сирек кездесетін прагматикалық құбылыс. Демек, дипломаттың білімі, метафоралық сөзқолданысы кәсібилігінің жоғары дәрежелі екенін аңғартады. Қ.Тоқаевтың авторлық терминдері– метафоралық ойлаудың нәтижелері. Демек, оның когнициялық танымы кәсіби білімге негізделетінін дәйектейді. Кәсіби сала когнициясында ойлайтын тұлғалардың бейнелі тілі метафоралы терминдер болып шығады деген сөз.

Байқағанымыздай, Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тілі – кәсіби тіл мен шешен тілдің үйлесімінде туған прагматикалық әсері күшті тіл. Дипломаттың тілге, сөзге, оның адам ойын өзгертуге айрықша ықпал ететін қаруы екенін сезінуін оның мына тқжырымымен дәлелдей аламыз: «Сөз – тек адамға ғана дарыды. Соның жәрдемімен ол, бәлкім, сана-сезім иелері болар – өзге күллі тіршілік атаулыдан бөлініп шықты. Сөз қандай болуы керек? Шабыт беретін және иландыратын, адал әрі парасатты, немесе, керісінше, зорлық-зомбылыққа, бүлдіру мен өзара араздыққа бастайтын да Сөз. Менің ойымша әлемдік саясаттың мәні де осында жатыр. Сөз – әрбір саясаткердің өзіндік жауапкершілік өлшемі» (Беласу).

3.5 Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі араағайындық және қазақ дипломатиясының тілдік көрінісі

Араағайындық – бұл қазақтың дәстүрлі дипломатиясы. Қазақтың дәстүрлі тіршілігінде дау-жанжал, ұрыс-керіс, ерегес пен текетірес көп жағдайда үлкенді сыйламау, туыстық мәртебесін құрметтемеуден туындайды. Бірақ даудың артын ушықтырмай, дер кезінде шешіп, екі тарапты бітістіруші араағайындық тәсілдің рөлі мен қызметі маңызды болған. Қазақ адамзаттық қатынастағы кикілжінді өзгелер секілді сотқа жүгініп, заңға бағынып, шешімді мөрмен нақтылап, жаза беретін деңгейге жеткізбейтін болған. Дауды ағайындардың талқысына салып, ақсақалдардың шешімімен жөнге қойып отырған. Осы мәселені зерттеу барысында араағайындықтың тілдік көрінісі ретінде *«абысыншай», «кеңесшай», «жөнге салу», «жүгініс», «ала жіпті кесу», «ақсақалдар кеңесі», «ат мінгізіп, шапан жабу», «ауыл ағасы», «қосағасы», «төрелік айту», «жарқын құн», «салауат шақыру»* сөзқолданыстарды талдауға болады.

Абысын-келін кикілжіңі. Қазақ дәстүрінде әйелдер арасындағы кикілжің абысын пен келін арасында жиі болып отырған. *«Абысының болса, күндесім жоқ деме».* *«Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп»* сөзқолданыстары соның дәлелі. Абысынның статусын құрметтемеуден немесе келіннің жақсы әрекеттерін көре алмай қызғанудан туындайтын екі тараптың өзара бір-біріне қарама-қарсы ішкі әсері не тілмен не әрекетпен байқатылады. Абысын мен келін екеуара ренішті шеше алмаса, оны сырттан байқап жүретін

ел анасы «абысыншай» ұйымдастыруды тапсырады. Абысыншай - бір әулеттің абысын, келіндері жиналып, сыр бөлісетін, әйелдер институтында болатын тәртіп-талаптар мен дала ережелерін түсіндіретін, өзара талқылайтын, бір-біріне сыйлық беріп, көңіл көтеретін отырыс. Осы дастарқан басында ел анасы абысын-ажындардың бірлігін, татулығын сақтау үшін келін мен абысынның кемшіліктерін түсіндіріп, екеуін татуластырудың айла-амалдарын ойластырып келеді. Келіндер ертеректе абысын-ажындарын шешей деп сыйлаған. Сол сыйластық деңгейін бұзып алмайтындай, абысынның жас келінге жанашырлығын, «майдай жұмсақ бол, піріміз бибі Бәтима, Айша бибі анамыз қолдап жүрсін, Алла пәле-жаладан сақтасын» деген тілекте болуын дағдыландыру үшін бітімгерлік тәсілдерді ойластырады. «*Күйеуіне өкпелеген келін қайнағасына сәлем бермейді*» деген мақал бар. Осындай келіннің әрекеттерін байқайтын абысын келіннің «*абысындастық қауымының мүшесі*» болып қалыптасуына тәрбиелейді. «*Бір атаның балалары*» қағидатын мойындатады.

Руаралық араздық – екі ру өкілдерінің арасында туындаған дау. Бұл дауды ара ағайын шешеді. Ара ағайын – руаралық араздасудың, тіпті, осыдан өршіген шиеленістің шешімін табушы, тараптарды бітістіруші адам немесе бүтіндей үшінші ру. Бітімгерлік жасаушы араздасқан тараптарға туысқандық жағынан бейтарап болуы шарт. Мысалы, тарихтан белгілі тобықтының ішіндегі жігітек руының ұрдажықтары Абайдың ауылына баса-көктеп кіріп, оны соққыға жығуы Абайдың жақтастары мен жігітек адамдарының арасында қатты шиеленіс туғызады. Осы шиеленісті бүкіл тобықты тайпасына сый ағайын болып жүрген Керей мен Семіз найманның игі жақсылары шешіп берді.

Ат құйрығын кесісу – бұрын жақын сыйластық, достық, кейбір жағдайда, тіпті, туысқандық қатынастағы адамдардың арасындағы байланыстың ерекше себептермен мүлдем үзілгендігін білдіретін ұғым. Ара ағайын ортаға араласып, қарсы жақтарды бітістіруге, татуластыруға тырысады. Деректерге қарағанда, ара ағайынның көп күш салуының нәтижесінде араздасқандардың басым көпшілігі өзар тіл табысып, татуласып отырған.

Байырғы кезде билер мен ақсақалдар қандай да бір қылмыстық істі қарастырғанда бұрынғының жолымен аталы сөзге тоқтап, әділ істі бағамдап, шарифат қағидатына, елдің ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптық «ережелеріне» сүйенген. Осының негізінде дауласушы екі жақты келісімге келтіріп, бітістіру жолдарын қарастырған.

Бітістіру – қазақтың дәстүрлі әдеттік заңында ел бірлігін көздеген құқықтық ұстанымдардың бірі. Қандай да бір даудың асқынып, ел іші айықпас араздыққа ұласып бара жатса, билер өзара ақылдасып, екі жақты бітімге келуге шақырады. Ондайды *бітіспес дауға қалды* деп атайды.

Ақ үйлі аманат – ежелгі қыпшақ заманынан қазақ хандығы жойылғанға дейінгі дәуірде дипломатиялық қатынастағы қолданылған тәсілдердің бір түрі. Ақ үйлі аманатқа кіретін міндеттемелер: *соғыстың шығынын төлеу, бұдан*

былай қару көтермей, жасуласпай, бейбіт отыру. Жаугершілік замандарда екі жақ мәмілеге келіп, іс бітімгершілікпен аяқталғанда, жеңілген жақтың басшысы мал-мүлік жабдықталған, жасаулы ақ үй тігіп, өз ұлын қасындағы адамдарымен бірге топ қыз қосып, аманат ретінде береді. Ежелгі заманда Ақ үйлі аманат алу жеңудің зор көрсеткіші болып саналды. Көне түркі тілінде мұндай құқықтық дипломатиялық тәсіл *тұнық* деп аталған.

Әз – байырғы қазақ қоғамында қазақ мемлекетінің негізін қалауда, саяси құрылымдарын жетілдіруде, сыртқы жаудан қорғауда, мәмілегерлік (дипломатиялық) қатынастар орнатуда айрықша еңбегі сіңген мәртебелі тұлғаларға халық таңған ерекше құрметті атақ. «Әз» деп атануға Жәнібек хан мен Тәуке хан ғана лайық болған. Сондай-ақ, сыйлы, ардақты, құрметті адамдарға *әз аға* деп қолдану адамдар арасындағы сыйластықтың көрінісі болып табылады, ал *әз тұтты* сөз тіркесі қадір тұтты, ардақтады, сыйлады деген мағынада қолданылады.

Байса – көшпелі халықтардың қағаны тарапынан билік иелері бектерге, әмірлерге, мәмілегер билерге, елшілерге, саудагер керуенбасыларға, үкімет адамдарына берілетін арнайы құқықтық белгі. Байса көбінде алтын, күміс секілді бағалы металдан жасалып, оған иесінің шеніне сәйкес әртүрлі хайуанаттардың (*лашын, жолбарыс* т.б.) суреттері салынатын болған. Осы белгімен жүрген үкімет адамдары басқа елдердің шекарасына еш кедергісіз өтуге құқылы болып, азық-түлік, мініс-көлікпен қамтамасыз етілетін болған. Бұл дәстүр әлемдік дипломатияның тарихында үлкен қызмет атқарған, қазіргі халықаралық заңнамадағы *виза* деген ұғым осы негізден қалыптасқан.

Қой дегенде бір шапқан,

Құястан жап-жас қана Жұмай бар.

Балаңқылар батпаған,

Байсасы тудай Мәмбет бар – деп жырлаған Шалкиіздің «Ер Шобан» жырынан Байсаның Ноғайлы дәуірінде де қолданыста болғанын аңғаруға болады.

Елші – екі ел арасында келіссөз жүргізуші, ел, ру арасын бітістіруші, мәмілегер. елші қызметін әдетте сөзге шебер, өткір, бірнеше тілді, әсіресе елшілікке баратын елдің тілін жетік меңгерген адам атқарған. Ежелгі заманда Елшілер белгілі бір жағдайларға байланысты (бітімге келу, одақ құру, даудамайды шешу т.б.) бір елден екінші елге барып келісім жасағаннан кейін дереу елдеріне қайтып отырған. Байса белгісі бар билер мен мәмілегер елшілерді тұтқындауға, өлтіруге болмайды.

Қыран құс. Құсбегіліктің дипломатия өмірінде жоғарымаңызға ие болғаны соншалықты, Мәскеу княздері мен бекзадалары жақсы үйретілген құсты Еуропа патшалары мен шығыстың бекзадаларына тарту ретінде жіберіп тұрған. Ертеде қазақ даласына келген адамдарға әрқашан сый-сияпатқа қоса қолына қыран құс қондырып, ат мінгізген.

Байқағанымыздай, қазақтың көне дипломатиясының дискурстық деңгейі бір тезаурус құрарлықтай деңгейде екенін көрініп тұр. Қазақы дипломатияның бар екенін мойындататын тілдік көріністер түркі ғұламаларының нақыл сөздері мен

қазақтың паремиологиялық қорында терең сақталған. Мысалы: *Даланың заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделген* (Тоныкөк). *Адамдардың қаны ғана емес, жақсы істері де туыстырады; Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ; Қызыл сөзге салыну – қызыл отқа қарылу; Қағаны кекшіл елдің халқы бүлікшіл келеді; Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп; Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі мен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айрылады; Жауыңды жеңу бір басқа, жауықпас ету бір басқа* (Күлтегін); *Халық бүлінсе, саясат түзейді Халық тарықса, үкімет жұтайды* (Баласағұн); *Елшісі еңсіз патшаның бағы жанбас Тілмен түйген тіспен шешілмес* (Қашқари); *Алтау ала болса, Ауыздағы кетеді Төртеу түгел болса Төбедегі келеді* (қазақ мақалы). *Ынтымақ түбі – игілік, Тірлік, тірлік түбі – бірлік; Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп; Теңге – тиыннан, Ынтымақ – ұйымнан; Ынтымақ түбі – игілік; Екі құзғын таласса, Бір қарғаға жем болар; Саусақ бірікпей – Ине ілікпейді; Тоқтығында жараспаған, Аштығында қараспайды. Қол жұмылмай – жылынбайды* (қазақ мақалы); *Ынтымақ жүрген жерде, Ырыс бірге жүреді; Ынтымақтың арты игі; Ынтымақсыз елді - Ұрысы билейді. Ынтымақты елді - Дұрысы билейді; Тірлік басқа болса да, Тілек бір; Бармақ басқа болса да, Білек бір* (қазақ мақалы); *Итпен ит ырылдасса Тамағының тоқтығы; Жігітпен жігіт қырындасса Ынтымағының жоқтығы; Кеңеспен шешкен шешімнің Кемісі болмас; Ынтымақ жүрген жерде - Ырыс жүреді; Көк шөп күймес, Елші өлмес; Атқан оқ тастан қайтпайды, Елші ханнан тілін тартпайды; Елдестірмек елшіден, Жауластырмақ жаушыдан; Ымыра біткен жерде соғыс басталады* (қазақ мақалы).

Абылай прецеденті. Абылай ханның дипломатиялық қызметі қазақ тілінде прецеденттік мәтін түрінде сақталғанын тіліміздегі тұрақты тіркестерден көруге болады. Әрбір тұрақты тіркестің астарында тарихи- мәдени мағына бар. Соларға талдау жасайық:

«Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба!» мәтелі. Абылай ханның қамкөңіл ел билеуші, шебер қолбасы, жаужүрек батыр, асқан дипломат ретінде, әсіресе, өз елінің арасында орасан зор беделге ие болғаны белгілі. Ханның есімі көзітірісінде-ақ отан сүйгіштік пен даналықтың, ерлік пен мәрттіктің символына айналды, сан алуан жыр жолдарымен аңыздардың басты кейіпкері болды. 1781 ж. Қызылжарөңірі Қараой деген жерде Абылай ханның аруағына бағышталып өткізілген дүбірлі ас беру халықаралық деңгейге көтерілді. Оған орыс, қырғыз, қытай, қалмақ, қарақалпақ сияқты көрші жұрттардың игі жақсылары қатысты. Деректерге қарағанда, ат жалын тартып мінген әрбір қазақ баласы Абылай ханның аруағына бағыштап ас беруге қатысуды өзіне парыз санаған. Ас беру үрдісінің шарықтау шегі – бәйгеге ат қосу ұлы ханның аруағына тәу етудің ең үлкен белгісі болды.

Демек «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба!», – деген әйгілі тәмсіл сөз осыдан қалған.

«Абылай жолы» тұрақты тіркесі – Талас және Шу бойын мекен еткен қазақтардың Бетпақдала арқылы жаз жайлауға көшетін жолы. Ертеректе керуен жолы болған. Шығыстанушы В.В.Бартольд араб және парсы деректеріне сүйене отырып, Ертістің солтүстігіндегі Қимақ даласына баратын екі жолды көрсеткен: бірі – Сырдарияның төменгі жағалауларынан басталса, екінші жол – Талас өңірінен бастау алады. «*Бұл жолдармен ертеде және ортағасырда Талас пен Шу аймағын Ертіс өңірімен, Батыс Сібір өлкелерімен жалғастырып жатқан сауда керуендері жүрген*» деп жазды В.В. Бартольд. Мұндағы екінші жол бойымен тарихи сын кезеңде Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының басын қосу мақсатында қолдарын бастап хан Абылай жүріп өткен кезден бастап, ел арасында «*Хан жолы*» немесе «*Абылай жолы*» деп аталған.

«Абылай аспас сары бел» фразеологизмі – Абылай аспайтын асу, баспайтын бел, алмайтын қамал, жеңбейтін жау жоқ дегеннің «кері» мағынадағы метафоралық баламасы. Яғни оның қазақтың даңқты ханы болғандығын білдіретін аллегориялық ұғым. Фольклорлық дәстүрде хан Абылайдың жорықтарда талай тайғақ асудан төте жол тапқан асау өзеннен көпір салғызып ауыр қол өткізіп, жауды ту сыртынан тұтқиылдан соғып жеңіске жеткені айтылады. Сонда, «*Абылай аспас сары бел*» (немесе «*Абылай аспас асу*») адам баласының құдіреті де, әлеуеті де, мүмкіншілігі де жетпейтін тіршіліктегі нелер бір қиыншылықтың ең жоғарғы шегі дегенді білдіреді. Абылай қырғыздарға жорық барысында Сарыбелді аса алмауының себептерін ауызша деректерде салқын күз түсіп, асудың мұзды болуымен түсіндірген екен. Ал, Мәшһүр Жүсіп Абылай ханның Сарыбелді ала алмауының себебін қазақ-қырғыз өзара бітім жасасып, қазақ ханы қырғыздан аманат алып, Қарабалта, Соқылықтан аспаймын деп уәде беруімен байланыстырады. Хан Абылай қырғыздан аманат алып, Тілеуберді Жамансартұлы бастаған екінші қырғыз елшілігімен қырғыз – қазақ шекарасы бойынша келісімге келуі «*Абылай аспас сарыбел*» тарихын аша түседі.

Абылай ханның дипломатиялық ресми хаттардағы прагматика

Абылай хан қазақтың тұңғыш дипломаты деп танылғандықтан ресми хаттар тарихын да осы құжаттардан бастаймыз. Абылай ханның ресми хаттары әсіресе Қытай елімен сауда, мәмілегерлік сипаттағы қарым-қатынасын сипаттайды. Біздің зерттеуіміз былай хан хаттарын жинап, олардың аудармаларын түпнұсқамен салыстыра зерттеп жүрген ғалым Бекет Қайратұлының мына пікіріне сүйенеді: «Көрме төріндегі 7 хаттың 5-уі ойрат-моңғол тілінде және тод (төте) жазуымен жазылыпты. Осындағы тод жазуының тарихына тоқталсақ, мұны 1648 жылы ойрат-моңғол оқымыстысы Зая Банди деген адам жасапты. Бұл кісі іргелі ұлыстың Солқанатын (Жоңғар) құрайтын моңғолтекті тайпалардың тілдік интонациясына бейімдеп, Шыңғыс қағаннан бері пайдаланып келе жатқан ұйғыр-моңғол жазуын реформалау арқылы тод жазуын ойлап тапқан екен. Бұл жазудың басты ерекшелігі – тибет, санскрит, манжу тілдеріндегі әріптердің дыбысталу үндестігін толық сақтай алады. Сол

себепті XVIII-XIX ғасырларда бұл жазу қытай-моңғол-қазақ қатынасының хат алмасу құралы болған сыңайлы. Бұл жазуды қазіргі Қалмақия Республикасы 1924 жылға дейін керектенсе, Шыңжаң өлкесіндегі моңғолтекті халықтар күні бүгінге дейін қолдануда. Ал қазақ ханы Абылай не себептен орданың дипломатиялық хат-хабарын ойрат-моңғол тілінде тод жазуымен жүргізді» [Бекен Қайратұлы. Абылай ханның императорларға жазған хаттары Адырна 02.08.2021]. Енді әрбір хатты жіті талдап көрейік:

1-хат

«Ұлық мәртебелі патшаның құзырына үшбу хат жолдаймын. Менің бабам Эшим (Есім) хан, Янгир (Жәңгір) ханнан бері сіздің жарлығыңыз бізге жетпеген еді. Енді біз сіздің жарлығыңызды есітіп, оны қабыл алуға бек шаттандық. Мен, Абулай (Абылай) өз ұлдарыммен һәм қарауымдағы бұқарамен сізге бодан болдық. Сіздің тарапыңыздан болатын әрбір ұлық ілтифатыңызды қабыл көреміз. Жеті бас (адам), елші он бірміз.

[Құстұмсық қос мөрдің ішіндегі жазу]: «Қазақ ханы Абылайдың мөрі», «Абылайдың кіші інісі Әбілфейіздің мөрі».

Хат дипломатиялық ресми ісқағаздарының талаптары бойынша жазылған. Алдымен хат комплиментарлы сөзден басталған: *«Ұлық мәртебелі патша»*. Бұл рәсім қазіргі дипломатиялық құжаттарда да сақталған: Ұлы мәртебелі деп басталатын дипломатиялық құжаттар қатарына нота жатады.

Үшбу хат - кітаби ескі сөз. Қазіргі өте сирек қолданылады. Үшбу хат, үшбу сәлем деген тіркестерінің қолданысы тек көркем шығармалар тілінде ғана кездеспесе, қазіргі ауызша коммуникацияда қолданыстан шығып бара жатыр. Үшбу хат - осы хат, мына хат деген мағынаны білдіреді.

Бек шаттандық - кітаби ескі қолданыс. Өте қатты қуандық мағынасын білдіреді. Хатта бұрыннан хат алысқан елшілер ретінде таныстырылған. Бұл жауап хат екені мәтіннің соңында елшілікке жеті адам, он бір елші баратынынан байқауға болады. Шақырту хат алғанына қуанышты екенін білдірген. Бұл дипломатиялық құжат рәсімінің тарихында келе жатқан үрдістің сақталғанын көрсетеді.

Абылай ханның осы хатынан қазіргі дипломатиялық құжаттарға жеткен терминдік атауларды атап өтуге болады:

ілтисат - [араб] Біреуге деген жақсы ниет, риясыз көңіл; назар, ықылас, пейіл, ниет.

жарлық -[араб] бұрын - ханның немесе әскер басыларының бұйрығы; қазір - мемлекет басшысының қабылдайтын құқықтық актісі.

тарап - белгілі бір тұс, жақ, жақтас, мүддес адам, адамдар тобы.

құзыр - [араб]. бұрын - әмір, билік, қазір - нақты органға немесе тұлғаға заң арқылы берілетін өкілеттік, құқық, міндет.

қабыл алу - бұрын – қош көрді, ұнатты, құптады, қазір – құрметтеп қарсы алды.

елші - бұрын - бір іс жөнінде екі кісінің не екі елдің арасын бітімге келтіру үшін жүретін адам, делдал. Қазір - бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі

өкілетті дипломатиялық өкілдігінің басшысы қызметін атқаратын жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.

Байқағанымыздай, бір хаттың өзінде бірнеше сөздер қазақ дипломатиясының ұлттық құндылығын сақтап келе жатқанын аңғардық. Ал бұқара, патша, баба сөздері күнделікті қолданыста болғанмен қазіргі дипломатияда басқа сөздермен жеткізіледі.

2-хат

«Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын. Көкейімдегі ойым бұл. Біздің қазақтар ауызша ақылдасады, жазбаша баяндайды. Олар (басқа) адамдарға ұқсағанымен тағы құландар сияқты өзгеше жұрт. Иемнің жарылқауымен жайылымды болдық. Мал басымыз өсті. Жасағанның жарылқауымен иелігімнің шығыс шекарасы Чоргоға (Шорға) дейін, оңтүстіктігі Шарабэлге (Сарыбел) жетті. Ортасы Лэбси (Лепсі) ойпатын мекен етудемін. Бұлда тәңірдің берген сыйы. Мен түпкі мақсатым мен бүгінгі жағдайды пайымдай келе бодан болдым. Бұл ұрпақ болашағы үшін жасалған іс. Менің болашақ ізбасарларым сақтау үшін қызыл мөрлі билеуші таңбасын беруіңізді өтінем»

Жоғарыдағы хатта айтылған кейбір жер атауларына тоқталсақ:

Шорға (Чорга) – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы Қабанбай ауылдық округіне қарасты шағын елді мекен. Қазақ батырлары 1750 жылы Тарбағатай өңірін ойраттардан азат ету үшін тарихымызда «80 күн Шорға соғысы» деп аталатын шешуші майдан осы жерде өткен.

Сарыбел (Шарабэл) – қазіргі Алматы қаласынан солтүстік-шығыстағы Сарытауқұм шөлінен Қапшағайға дейін созылып жатқан кең өлке.

Лепсі (Лэбси) – Жетісудың шығыс бөлігінде ағып жатқан өзен. Жоңғар Алатауынан бастау алып, оңтүстікте Балқаш көліне құяды. Алматы облысының Алакөл және Сарқанд ауданы жерінен ағып өтеді.

Ие - Абылай хан хатында екі түрлі мағынада қолданылып тұр. Ие - Иеленуші, иемденуші, қожа, қожайын және ие - Алла тағала, Құдай, Жаратушы, Тәңір.

Бұл хатта ресми дипломатиялық сипаттан ауытқушылық бар. Себебі теңеу, әсірелеу кездеседі. Мысалы, *«адамдарға ұқсағанымен тағы құландар сияқты өзгеше жұрт»*, *«Жасағанның жарылқауымен»*, *«Бұлда тәңірдің берген сыйы»* сияқты көркем сөздер хат иесінің қандай эмоцияда екенін көрсетеді және оның ойын бұлыңғыр етеді.

Сондай-ақ халық ұғымын «ізбасарым» деп танытуы да ауыспалы мағынада баяндауын көрсетеді.

3-хат.

1767 жылғы Абылай ханның Цин патшасы Цяньлунға тот-моңғол тілінде (қалмақ тілінде) жазған хаты болып табылады. Хаттың мазмұны мынадай:

Бұрыттар мен Ердени бірлесіп, біздің Ұлы жүзімізді шапқан еді, сол себептен былтыр біз де жорық жасап, бұрыттарды бағындырдық; Бұхара, Самарқан және сол маңдағы халықтардың барлығы бізбен тату-тәтті

қарым-қатынаста, тек батысымызда тұратын Ердени жұртымызға тыныштық бермей, жиі шабуылдап келеді; Әлгілер ылғида қамалдың ішінде тығылып алып, шайқасқа шықпайды. Қамалдарын қиратайық десек, зеңбірегіміз жоқ. Осы себептен біз Ұлы Ежен Бозда ханнан зеңбірек және әскери күш сұраймыз.

4-хат.

Абылай ханның цин патшасы Цяньлунға жазған хаты. Бізге бұл хаттың тек мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы жеткен. 1771 жылы жазылған бұл хаттың мазмұны мынадай:

Торғауыт... тұтқындардың айтуларына қарағанда, ноян Дата Алақ-ұла, Құлжа және Хайнұқ сынды жерлердегі улеттерді бастап, бұрыттарға барып қосылмақ екен. Торғауыттар Алақ-ұладан кеткен шақта, сендердің 500 адамдарыңды өлтіріп кеткен еді. Енді міне, олар қайтып келіп, маған жорық жасауда. Сендер осыларды өздерің бағындырып алсаңдар. [Торғауыттар] Алақ-ұлаға бара қалған күнде, онсыз да мүшкіл халдегі ел-жұрт қайғылы жағдайға душар болуы ықтимал – бұрын Күнқожы мен Айқожа [кезінде] дәл солай болған: олар Яркентке кіргенде, жағдай шиеленісіп, тек апат туындатқан.

Мұнда Абылай хан өз кезінде Тарбағатай мен Жетісу жерінен айдалған Датаның қайтадан Тарбағатай өңірі мен Жетісу жеріне барып, ондағы қазақ жұртымен жау-ласып жатқан бұрыттармен (қырғыздармен) бірлесіп, қазақтарға қарсы шығуына жол берілмейтідігін айтқан. Сонымен бірге, Абылай ханның мұнда әлгі Дата есімді қалмақтың өз кезінде Цин армиясын қырғандығын мәнжу-қытайлардың естеріне салып, Цин патшалығының күші арқылы қалмақтарды жоюды немесе Қазақ жерінен аластатуды көздеп отырғаны анық байқалады

5-хат.

Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цяньлунға жолдаған хатының мәнжу тіліндегі аударма нұсқасында былай делінген екен:

– Елімнің қоныстары: шығысы – Чорго жеріне, оңтүстігі – Шарабелге, ортасы – Лепсіге жетіп тұр.

– ұлы Ежен менің келешек ұрпағымның, менің балаларымның қолында сақталатын қызыл таңба басылған хат жолдап бергей.

Дипломатиялық дискурстағы бейвербалды әрекеттердің прагматикалық мәні

Бейвербалды амалдарды шартты түрде мынадай төрт топқа жіктеп қарастыруға болады: 1. экспрессивті-мәнерлі қимылдар (ымдау, қол, қозғалыс, аяқ ишарасы); 2. тактильді (дене жанасым) қимылдар (қол алысу, иығынан қағу, арқасынан қағу, төс қағыстыру, т.б.); 3. көзқарас қимылы (көз қысу, көзбен ұзақ қарап тұру, көзін төмен немесе жоғары, жанына бұру); 4. кеңістіктегі қимыл-қозғалыс (алыстан қол бұлғау, алыстан өз бағытын көрсету, т.б.).

Бейвербалды амалдар адамның әлеуметтік статусымен қатар қалыптасады да, адамның дағдылы әдетіне айналып кетеді. Мәселен, өзіне-өзі сенімді адам, яғни кез келген ортада сенімді уәде бере алатын және орындауға әлеуеті жеткілікті адам үнемі басын көтеріп, кеудесін тік ұстап жүреді. Тіпті ер

адамдардың қолына қалтасын салып тұру әрекеті де бейвербалды амалға жатады. Кеңістіктегі бұл қимыл түрінің коммуникативтік мағынасы да өзіне деген сенімділікті сипаттайды.

Бұнымен қоса кеңістіктегі қимыл амалдарының қатарына саусақтарын айқастыра желкесіне қойып шалқаю сияқты бейвербалды тәсіл де енеді. Бұл қимылдың коммуникативтік мағынасы – істі оңтайлы аяқтағанын білдіреді.

Психология саласында бір бейвербалды амалдың бірнеше коммуникативтік мағынасы болатыны дәлелденді. Бірақ бұл тілсіз қимылдың қандай жағдаятта қолданылғанына қарай оның нақты мағынасын айқындауға болады. Мысалы жоғары атап өткеніміздей еркектердің *қолын қалтасына салып тұру* әрекеті тек өзіне деген сенімділікті ғана емес, сондай-ақ мынадай мағыналарды да білдіреді алады:

1. Қолын қалтасына салып, әрлі-берлі жүрсе немесе терезеге ұзақ қарап тұрса, бұл адамның терең ойланып тұрғанын, ойша жоспар құрастырып, оны талқылап тұрғанын аңғартады. (коммуникативтік мағынасы - ойлану).

2. Егер мерекелік кеште бір бұрышта немесе шетте қолын қалтасына салып тұрса, ерігу, іш пысқанын білдіреді.

3. Екеуара диалогте екінші жақ қолын қалтасына салып тыңдайтын болса, оның әрі қарай әңгімелесуге құлқы жоқ екенін, тек көңілін қалдырмас үшін, сыйластықтан тыңдап тұрғанын білдіреді. Бұл жағдайдағы қолын қалтаға салу амалының коммуникативтік мағынасы – шынайы емес алданыш қарым-қатынас.

4. Қолын қалтаға салып, басын бір иығына салбырата қарап тұрса -ешқандай іске ниеті жоқ құлқысыз, қауқарсыз екенін білдіреді.

5. Егер кеудесін шалқайта ұстап, аяғын талтайта нық тұрып, қолын қалтасына салып, одан бас бармағын шығарып тұрса, бұл - шешен сөйлейтін әзілкеш жігіттің мінезін көрсетеді. Коммуникативтік мағынасы - сұхбаттасу, тілдесу, әзілдесе сөйлесу.

«**Шынайы достық**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: 1. Сұхбаттасушы басын, иығын тік ұстап, өз коммуникантына жылы көзімен тік қарап, оң алақанын жоғары қарата, саусақтарын айқара ашып қол ұсынуы. 2. Сәлемдесу барысында немесе келісімге келу кезінде коммуникантының қолын екі қолдап қысуы. 3. Әңгімелесу барысында кәстөмінің түймесін ағытып немесе көйлегінің жоғарғы түймесін шешіп еркінсінуі. 4. Кресло арқасына арқасын тигізе еркін отыруы. Сұхбаттасушы алдында осындай бейвербалды амал көрсетуі өзінің коммуникантына сенім білдіргенін аңғартады.

«**Алдау**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: 1. Қолдарын жасыру әрекеттері (қолын артқа қою, қалтаға салу, қолтығына тығу, т.б.). 2. Мұрнын сипалау. 3. Көзін еріксіз уқалау. 4. Құлағын жабу. Адамның өтірік айтып тұрғанын сол жақ денесіндегі еріксіз қимылдары байқатып қояды. Сондықтан психологиялық тәжірибеде көп кездесетін «алдау» мәнінің бейвербалды әрекеттеріне мыналар жатады: 5 Егер адамның сол қолы бейберекет теңселе берсе, сол қолы аударылып-төңкеріліп ауада түсініксіз қимылда

жасайтын болса; 6. Сол сияқты егер әңгімелесу барысында сол аяғымен жерді шұқылап, шеңбер немесе түсініксіз пішіндер сызатын болса, өтірік алдамшы әңгіме айтып тұрғанын байқатады.

«**Қызығушылық**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: сұхбаттасушының денебітімі алға қарай иілген, айтылған жоспарларды қоштап, басымен изеп отырады. Бұндай әрекетті шынайы танытқан адам сізбен жұмыс істеуге мүдделі, ықыласты екенін білдіреді.

«**Сынау**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: сұхбаттасушы саусағы самайына дейін созылып, бас бармағы иегіне тіреліп, шынтағы үстелге көлденең түйіссе, басын шалқайтып сізге мүлтіксіз қарап отырса, онда әрбір ісіңізді, сөйлеген сөзіңізді сынап отыр дегенді білдіреді.

«**Түсінбеу**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: Сұхбаттасушы сіздің айтқан сөздеріңізді түсінбесе немесе не талап етіп отырғаныңызды нақтылай алмаса және қайталап сұрауға қысылып тұрса, құлағының немесе мойнының артын сипалайды.

«**Сенімсіздік**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар. Егер сұхбаттасушы аузын алақанымен жапса, сіздің соңғы сөздеріңізге сенімсіздік танытқанын байқатады. Сондай-ақ көзі елең етіп, күдікті көзбен тура қараса, бір ұсынысыңызға сенімсіз қарағаны деген сөз. Ондай жағдайда коммуниканттың сенімін қалпына келтіру үшін қателескен сөйленісіңізді қайта түзетуге тырысып, келісімге келтіретін айланы қолдана біліңіз. Себебі әңгімелесу барысында сұхбаттасушының сенімін жоғалтсаң, оның соңы түбегейлі қарсылыққа ұласуы мүмкін. Ал сенімсіздік ұшқынын оның орнын басатын түрлі жетістіктерді таныту арқылы әсерлі тілдің көмегімен тез өшіруге болады.

Байқап отырғанымыздай әрбір диалогтің, онда байқалған ым-ишара әрекеттерінің коммуникативтік мағынасын жылдам түсіну - бұл сол қарама-қарсы отырған сұхбаттасушының ішкі ойын оқи білу деген сөз. Дегенмен, диалогтың барлығы мәдени деңгейде бола бермейді. тіпті кейбір аса мәдениетті тұлғалар да өрескел бейвербалды әрекеттерді жасауға мәжбүр болады. Мысалы,

«**Қызықтырмау, мән бермеу**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: Сұхбаттасушы жан-жағына қарап, киіміндегі талшықтарды теріп, көйлегінің қатпарларын жөндеп, телефонын шұқылап, қаламсаппен ойнауға кіріссе, сіздің әңгімеңіз қызықтырмағанын, сөзіңізге мән бермей отырғанын білдіреді. Бұндай жағдайда екі тарап үшін аса маңызды болатын әңгімеге ауысу керек немесе оның назарын аудару үшін тосыннан түйткіл сұрақ қойып, екі жаққа да ортақ қызықтыратын өзекті мәселеге көшу керек.

«**Тыңдаудан шаршап, кетуге дайындық**» коммуникативтік мағынасын білдіретін бейвербалды амалдар: сұхбаттасушының қызықсыз баяндамасынан шаршап, әңгімелесуге деген ықыласы жоғалған адамның қабағы түсіп, тіпті көзін жұмып амалсыз отыратын сәттері болады. Одан әрі тыңдағысы келмесе құлағын қасиды, бүкіл денебітімімен бұрылып есікке қарай береді, сондай-ақ тұруға

талпынғанын білдіріп, аяғының ұшын орындықтан шығарып, сөздің қорытындысын амалсыз күтіп отырған сыңай танытады. Сондай-ақ көзілдірікті шешу әрекетін - әңгімелесудің аяқталғанын шешендік түрде білдірілген белгі деп түсініледі.

3.6 Қазақстандағы цифрлық дипломатияның перспективасы: жаңалықтары мен жетістіктері

Дипломаттар өз елдерінің құндылықтарын шетелде насихаттау үшін әрдайым қол жетімді құралдарды қолданды, бірақ бұл үдерісті ғаламтор арқылы жүзеге асыру тиімді әрі мобильді болатыны бұрын-соңды көзжеткізерлік аргументпен дәлелденбеген болатын. Цифрлық кеңістікте дипломатиялық қатынас жасау цифрлық технологияның қарқынды енуінің үлкен жетістігі, нәтижесі деп тануға болады. Цифрлық технология онлайн-кездесулер мен онлайн-сұхбаттарға қол жеткізді. Газет, журналдың басылып шыққанын күтпей-ақ, әлемдегі барлық жаңалықтармен гаджеттер мен смартфондар арқылы бір сәтте хабардар болуға мүмкіндік жасады. Цифрлық дипломатия мемлекетаралық қатынастарға да, мемлекетішілік қатынастарға да қолайлы екенін Батыс Еуропа мемлекеттерінің мәдениаралық диалогі дәлелдеді. Тіпті цифрлық дипломатия алпауыт, дамыған, дамушы мемлекеттердің қатарында болудың басты шарты бола бастағаны байқалды. Қазақстанда цифрлық дипломатияның қатардан қалмай жетілдіру маңыздылығы артып келеді.

Цифрлық дипломатияның басым бағыты – мобильділік. Басқа дипломатиялық қатынастарға қарағанда цифрлық дипломатияның ерекшелігі - бәсекелестік дәуірінде индустрия, медицина, білім, мәдениет, экономика, бизнес, т.б. қазіргі қоғамдағы мемлекет үшін оңтайлы мүмкіндікті нарыққа сай пайдалану. Әрбір мемлекет дамыған елдер қатарында болуға ұмтылады. Сондықтан әрбір мемлекет өз әлеуетіне қарай тиімді дипломатиялық келіссөз жасау үшін цифрлық технология жетістіктері – твиттер, фейсбук, т.б. электронды ресурстар арқылы жан-жақты ақпарат жинайды. Қоғамдық дипломатиядағы, яғни ашық алаңдағы пікірлер арқылы мәлімет алады. Бұрын дипломатиялық келіссөзге тәуекелмен (болса болды, болмаса болмады) баратын. Қазір цифрлық дипломатияның көмегімен екі тарап бір-бірінің талаптарын толық анықтауға мүмкіндік туған кезеңде, келіссөзге сенімділікпен барады. Демек, цифрлық дипломатияның ресми дипломатиялық қатынастармен қатар жүруі тек жетістікке қол жеткізуге бағытталғаны байқалады.

«Цифрлық дипломатия» термині алғаш рет АҚШ-та ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамытуға жауапты америкалық ведомстволар сыртқы саясатқа қатысты келіссөздерді медиакеңістікте, яғни жаһандық желіде, әлеуметтік желіде өткізуінен басталды. АҚШ онлайн режимінде бірқатар мемлекеттермен басқосулар жүргізгені дәлел бола алады. Цифрлық дипломатия – дәстүрлі қоғамдық дипломатияның жалғасы іспетті қызмет те атқарады. Себебі цифрлық дипломатияның шетелдегі қоғамдық көзқарасты жылдам жеткізетін әлеуеті бар. Интернетке дейінгі дәуірде америкалық ішкі саясат өзінің

жетістіктерін насихаттаудың түрлі тәсілдерін қарастырды: радио, ТВ арқылы ақпараттық насихат, америкалық мәдениетті кино, мәдениеттің басқа түрлері арқылы тарату мүмкіндіктері де болды. Дегенмен американдық алғашқы цифрлық қарым-қатынас, яғни әлеуметтік желінің күш-қуаты әлдеқайда кең екенін, дүниежүзіндегі кез келген адамға Интернет арқылы қолжетімді әрі ашық кеңістікті еркін құруға болатынын дәлелдеді. Осыдан кейін барлық мемлекетте цифрлық қарым-қатынас, цифрлық келіссөздер, цифрлық басқосулар қарқынды дами бастады. Америка Құрама Штаттарында цифрлық дипломатия бағдарламасын дамыту 2002-2003 жылдары Джордж Буштың әкімшілігі дәстүрлі халықаралық хабар тарататын радио және теледидар арналарын Интернетке көшіре бастағанда дамыды [121, 720 б.]. 2006 жылы Мемлекеттік хатшы Кондолиза Райс «Digital Engagement Group» тобын құрды, оның құрамына әлеуметтік желілерде қолданушылар таратқан Америка Құрама Штаттары туралы ақпараттар мен жалған ақпараттарды бақылайтын сарапшылар кірді. Е.Зиновьеваның пікірінше, цифрлық дипломатияның бастапқы әдісі - «Web 2.0 арқылы радио мен теледидар хабарларын Интернетте орналастыру, Америка Құрама Штаттары туралы жалпыға қол жетімді әдебиеттерді сандық форматта тарату, блогтағы пікірталастарды бақылау. Бұдан кейінгі екінші үдеріс - әлеуметтік желілерде АҚШ үкіметі мүшелерінің дербес парақтарын құру, сонымен қатар ұялы телефондар арқылы ақпараттарды тарату. Сондықтан болар АҚШ-тағы сандық дипломатия бағдарламалары көбінесе интернет индустриясындағы Google, Facebook, Twitter сияқты ірі компаниялармен бірге жүзеге асырылды» [122, 221 б.].

2015 жылы Е.Сегиев пен М.Илан цифрлық дипломатияны өзінің ұлттық беделін басқару және өзінің сыртқы саяси мақсаттарына жету үшін әлеуметтік медианы қолдану құралы ретінде анықтады [123]. Ал Мейнер Илан алдыңғы айтылған анықтамаларды қайта қарап, ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың яғни электронды поштадан бастап, смартфондарға дейін дипломатияны жүргізуде цифрлық дипломатияның ықпалы ерекше екенін сипаттады [124, 90 б.].

Шындығына келгенде цифрлық дипломатия - қоғамдық дипломатия қызметін цифрлық технология арқылы жүзеге асыратын түрі. Сондықтан цифрлық және қоғамдық дипломатиялардың қызметтері ортақ. Қоғамдық дипломатия жаһандану дәуірінде туындады, оның адамзат қоғамы үшін атқаратын қызмет аясы кеңейді. 1960 жылдары батыс елдерінде дипломатияны жаңа қызметтері баспасөз беттерінде еркін көріне бастады. Мәселен, «азаматтық дипломатия», «халықтық дипломатия», «қоғамдық дипломатия» ұғымдары жарыспалы қолданылды. Посткеңестік мемлекеттерге бұл ұғымдар 1990-шы жылдардан бастап қолданысқа енді. Осы кезден бастап қоғамдық дипломатия «жұмсақ күш», «стратегиялық коммуникация», «жария саясат», «насихат» сияқты концепциялық ұғымдар таныла түсті. Э. Галлион қоғамдық дипломатия терминін «насихаттау» терминімен теңестіріп қолданды. Николас Куллдың зерттеуінде Э.Галлионның тұжырымы беріледі «Қоғамдық дипломатия сыртқы

саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру туралы қоғамдық пікірдің ықпалына байланысты. Ол дәстүрлі дипломатия көптеген халықаралық қатынастар салаларын қамтиды: басқа елдерде үкіметтің қоғамдық пікір құруы; әртүрлі жекелеген топтардың өзара әрекеттесуі және бір елдің екінші мүддесі; халықаралық қатынастар туралы ақпарат және оның саясатқа әсері дегенді келтіреді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ үкіметі шын мәнінде қоғамдық дипломатияны агрессивті насихаттау терминімен бірге қарастырды» [125]. Гарольд Лассвель әлемдік соғысты насихаттау әдістемесі кітабында америкалық қоғамдық дипломатияны үлкен ықпал жасай алатынын атап өтеді [126].

Белгілі бір жағдайларда қоғамдық дипломатияны жүргізу барысында қауіп-қатердің болуы мүмкін екендігін айтады және кейбір ақпарат тарату кезіндегі қателіктердің салдарынан ақпараттық соғыс туындаудың алдын алу үшін халықаралық қарым-қатынастарда бұқаралық ақпарат құралдарын жауапкершілікпен қарауға шақырады. Ю.Кашлев халықтық дипломатия мен қоғамдық дипломатияның ара жігін аша отырып, былайша пайымдайды: «Қоғамдық дипломатия – бұл шетелдік елдердің қоғамдастықтарында өз елінің имиджі мен саясатын насихаттау. Бұл міндет негізінен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады» [127]. Генри Хайдтың зерттеуінде: «Қоғамдық дипломатия – өкіметтің өзі жүргізіп отырған сыртқы саясатын дүниежүзіне түсіндіруге және онымен әлем халықтарының жақынырақ танысуына бағытталған термин» [128]. Қоғамдық дипломатия атауына АҚШ мемлекеттік басқармасының сөздігінде: «Үкімет қаржыландыратын жарияланым, киноөнімдер, мәдениет саласындағы алмасулар, радио және телехабарлар арқылы өзге мемлекет азаматтарын ақпараттандыруға, оларға ықпал етуге бағытталған бағдарламалар» деп түсініктеме берілген [129]. Джозеф Най саяси іс-қимыл, мәдениет пен құндылықтарды кез келген мемлекеттің жұмсақ билігінің үш қайнар көзі, ал қоғамдық дипломатия - мемлекеттің сол арқылы өзі туралы айта алуының құралы ғана деп есептейді [130]. Джеймс Шердің зерттеуінде «жұмсақ күшті» қолданған ел көздеген мақсатына соғыссыз және ешбір мәжбүрсіз, сол елдің бейбіт тұрғындарының өз еркімен бірлесуі нәтижесінде қол жеткізу тәсілі ретінде анықталады. Ғалымның пайымдауынша қатаң күшке қарағанда «жұмсақ күштің» айырмашылығы өз мақсатына әлдеқайда тез және неғұрлым арзан жолмен қол жеткізе алады деп тұжырымдайды [131]. Джозеф Найдтың зерттеуілерінде қоғамдық дипломатияға қатысты «ақылды күш», «жұмсақ күш», «қатал күш» ұғымдары қазіргі дәуірдің бітім-болмысын танытатын ұғымдар деп түсініледі. Мәселен, халықаралық терроризммен күрес – ақылды күш жасау үшін күрес. Әлемді жойып жатқан терроризммен күресу арқылы жағымды пікір қалыптастыру. Осы тұрғыда әрбір ел үшін «қатал күшпен» әрекет жасау ешқандай табысқа жеткізбейді. Қоғамдық дипломатия «ақылды биліктің» арсеналындағы маңызды құралы болып табылады [132].

М. Колеватованың зерттеуі бойынша: «Халықаралық сахнада белгілі, ықпалды болғысы келетін кез келген мемлекет өз елінің жағымды ұлттық брендтері мен имиджіне дұрыс назар аударуы қажет. Себебі бұлар ендігі жерде мемлекеттің қаржылық емес капиталына айналды. Елдің имиджі – дамытудың және елдің болашаққа түзеген бағытын анықтаудың стратегиялық тәсілі болып табылады [133].

Қоғамдық дипломатия – бұл халықаралық алмасу бағдарламалары мен мәдени іс-шаралар. Бұл өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюына әкеледі. Қоғамдық дипломатия сыртқы саясаттың жүзеге асуының және қалыптасуының жалпы мақсатына әсер етеді. Ол халықаралық қатынастың басқа елде үкіметтің қоғамдық пікірін дамыту секілді дәстүрлі дипломатияның шеңберінен шыққан, жеке топтардың және бір елдің басқа көзқарасымен өзара әрекет ету, халықаралық қатынасты және оның мемлекет саясатына әсер етуін айқындауды қамтиды. Қоғамдық дипломатия үшін орталық сәт – бұл ұлтаралық ақпараттық лек және идеологиялық лек.

Р.Захарна зерттеуінде қоғамдық дипломатия стратегиялық қарым-қатынас деп түсініледі. Ол қоғамдық дипломатияны диалогтік насихаттау құралы ретінде қарастырды. Насихаттың мұндай түрі саяси насихаттауды таратқандар мен оларды шетелдік қоғамда қабылдағандар арасында екіжақты байланыс орнатуды көздейді. Демек, қоғамдық дипломатия – өзара түсіністік, ақпарат беру, ықпал ету. Мұндай қоғамдық дипломатияның мақсаты – ақпаратпен қамтамасыз ету, басқа елдердегі сыртқы саяси міндеттерді орындау немесе мемлекеттің саяси имиджін жақсартуға бағытталған қысқамерзімді саяси науқандар [134, 62 б.].

Эндрю Элиот зерттеуінде қоғамдық дипломатия заманауи, халықаралық насихат үшін жұмсақ саяси әрекет деп түсініледі [135].

Tailor Philip зерттеуі бойынша: «Қоғамдық дипломатия саяси насихаттың бір түрі және бұл насихат – мақсатқа жету үшін қолданылатын саяси актордың бейтарап құралы» деп түсіндіріледі. [136, 5 б.]

АҚШ-тың қоғамдық дипломатиясын зерттеген Э.Мэрроу америкалық дипломатия шыншыл болуды талап ететінін оның басымды әрі артықшылығы деп таниды, ал шындық – ең жақсы насихат деп көрсетеді.

Байқағанымыздай, қоғамдық дипломатия - елдегі саяси, мәдени, рухани жаңалықтарды, жетістіктерді шынайы түрде сыртқы елдерге насихаттау. Қазіргі таңда бұл қызметті цифрлық дипломатия белсенді атқарып келетіні деп сондықтан. Егер цифрлық технология қарқынды дамымаса, қоғамдық дипломатияның рейтингі алда болары сөзсіз еді. Демек, қоғамдық дипломатияны дамытудағы цифрлық коммуникацияның ықпалы цифрлық дипломатияның қалыптасуына негіз болды. Дипломатиялық қызметте цифрлық технологияларды заман талабына сай көп қолданғанымен, оның теориялық тұсын анықтай бермейді. Дегенмен, академиялық ортада бұл трендті «цифрлық дипломатия» деп атап кетті. Бұл тренд төңірегінде батыс ғалымдарын тұжырым мен теориялық негіз қалыптастырып үлгерді. Ал Қазақстандық үлгіде «цифрлық дипломатияның» тұжырымдалған бейнесі әзірге жоқтың қасы. Дегенмен, ТМД

елдер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың ғаламтор кеңістігіндегі келіссөздері мен кездесулері және олардың тәжірибелерін талдайтын цифрлық ресурстар кең таралуды. Бұл жөнінде ресейлік ғалымдармен (Л. Зеленская, А.Редкозубова, Г.Аникеевамен) бірлесіп жазылған «Linguistic and cultural specifics of the formation of the diplomatic terminology system» шолу мақаласы жарияланды [137, 586.].

Цифрлық дипломатияның басыңқы мақсаты - қоғамдық дипломатияның белседі бөлігі және биліктің «жұмсақтық» принципі негізінде қызмет ету. Сондықтан, біз дипломатияның бұл түрін қосалқы заманауи құрал ретінде қолданамыз.

Халықаралық іскерлік және академиялық лексикада толыққанды қалыптасып үлгерген «цифрлық дипломатия» ұғымының аясы уақыт өткен сайые нақтылана түсуде. Айталық АҚШ Мемлекеттік департаменті – «Цифрлық дипломатияны» мақсатты түрле дамыту және жүзеге асыру үшін арнайы қызмет құрған алғашқы сыртқы саяси ведомство болды. 2002 жылы «Цифрлық дипломатия жөніндегі топ» (Taskforce on eDiplomacy) құрылды, Ұлыбританияның Сыртқы істер және Достастық елдері ісі жөніндегі министрлігінде «Цифрлық дипломатия бюросы» жұмыс істейді. Сыртқы саяси мемлекеттік мекемелердің витруалды кеңістігіндегі қызметтерінде жаңа ұғымдар пайда болды: «Твиттер дипломатия», «Хэштэг дипломатия», «фейсбук дипломатия». Мемлекеттік ұйымдарда жеке веб-сайттар қызмет көрсете бастады, өздерінің қызметтерінде әлеуметтік медиа дәлізін де пайдаланатын болды. Статистикалық талдаулардың нәтижесі бойынша 2016 жылы 210 елдің арасында әлеуметтік медиадағы Сыртқы істер министрлігінде 742 аккаунт құрылғаны анықталды. 208 ресми веб парақша ашылған.

Цифрлық дипломатияға немесе дипломатияны жаңа түрлеріне қарсы пікірлер бар. «Жаңа дипломатияның білім, спорт, ғылым, сонымен қатар асхана дипломатиясы деп ажырата беру керек пе? Бұлардың бәрі қоғамдық дипломатияның бөлімдері болып табылады. Сондықтан бұл пікірлер бойынша жаңа термин ойлап табудың қажеті жоқ».

А.Крикуновтың пайымдауынша: «Цифрлық дипломатия рейтинг әдісі бойынша интернетплат формасында болу үшін қажет. Бұл цифрлық дипломатияның алғашқы кезеңі деп саналады» [138].

Байқағанымыздай, жаңа терминнен – цифрлық дипломатия атауынан бас тарту тенденцияны тоқтатпайды. Интернет пен коммуникациялық технологиялар дамыған сайын қоғам мен мемлекеттік қатынас платформасын да өзгертіп отырады. Сондықтан жаңа құбылысты тану керек, зерттеу керек. Барлық пікірлер мен тұжырымдарды жинақтай келгенде цифрлық дипломатияның міндеттерін былайша көрсетуге болады:

- саясат пен жаңа идеяларды ілгерілету үшін одақтастарды іздеу;
- лаңкестікпен күрес;
- жаңа коммуникативтік мүмкіндікті қолдану;
- әлеуметтік желілерге қатысу;

- мемлекеттің жетістіктерін насихаттау.

Бұл цифрлық дипломатияның теориялық негізде жасалған міндеттері емес. Әрбір елдің өзінің жеке көзқарастары, цифрлық дипломатия құру бағыты басқаша болуы мүмкін. Дегенмен ұсынылған міндеттер цифрлық дипломатияның әмбебап қызметтері болғандықтан ол туралы ақпарат беретін салмақты мәлімет деп түсініледі. Сондықтан цифрлық дипломатия әр мемлекеттің мүддесіне, әлеуетіне қарай зерттелуі тиіс. Біздің зерттеуде Қазақстанның цифрлық дипломатиясының даму деңгейін анықтау мәселесі қозғалады.

Зерттеу жұмысында қолданылған материалдар қатарына:

біріншіден, әлемдік және отандық цифрлық дипломатияны қалыптастырушы цифрлық технологиялар мен медиакеңістік алаңдары, электронды ресурстар;

екіншіден, дипломатиялық қатынастар жарияланымдарын насихаттаушы мерзімді және электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар;

үшіншіден, цифрлық дипломатия туралы әлемдік ғылыми еңбектер;

төртіншіден, отандық цифрлық дипломатия туралы мақалалар, әсіресе «Дипломатия жаршысы» журналы [139]; бесіншіден, цифрлық дипломатия легіне ілестірген Елбасы – Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның бәсекеге қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына ену стратегиясы» Жолдауы [140], «Қазақстанның 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы [141], «Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» Жолдауы [142]; алтыншыдан, қоғамдық дипломатияның көрсеткіші бола білген отандық сайттар: «today.kz», «samantor.kz», «24.kz», «akorda.kz», «strategy2050.kz», «wwwmfa.kz», «egov.kz», т.б.

Қазақстандағы цифрлық дипломатияның қалыптасуы 2000 жылдан бері қарай қалады деуге болады. Қазақстанда қоғамдық дипломатияны жүзеге асыру Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан – 2030; Қазақстан – 2050 стратегиялық жолдаулары аясында тәжірибе жинақтады. Яғни отандық өнімдер мен отандық мәдениетті әлемге таныту, әлемдік аренаға шығу мақсатында кеңінен көрінді. Жалпы қазақстандық билік цифрлық дипломатияны мемлекеттің сыртқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оның беделін және халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға арналған жаңа технологиялардың нәтижесінде қалыптасқан жаңа мүмкіндік деп түсінді. Қоғамдық дипломатия аясында *Генадий Головкин, Денис Тен, «Ұлытау» этно-рок ансамблі*, т.б. қазақстандық өнер майталмандары арқылы Қазақстан әлемге таныла бастады. Әлемдік цифрлық технология дамып жатқан кезеңде қазақстандықтан үшін бұл жетістіктер қоғамдық дипломатияның бір көрсеткіші болды. Ал *Димаш Құдайберген, Д. Тулешова* туралы дипломатиялық жаңалықтар, оның есімімен брендтелген өнімдер цифрлық технология арқылы әлемге мемлекет жетістігін таныстыру мүмкіндігіне ие болды. Осы дәлелдің өзі Қазақстанда цифрлық дипломатияның бар екенін растайды. Бұл цифрлық дипломатия мазмұнына қатысты талдау нәтижесі делік. Ал енді Қазақстанда

сыртқы саяси қарым-қатынасты цифрлық технологиялар арқылы жүргізу әлеуетіне келетін болсақ мынадай мәліметке сүйенеміз.

Кесте1– Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің фейсбук парақшалары мен жазылушылар саны

Елшілік атауы	Фейсбук парақша сілтемесі	Жазылушылар саны
1	2	3
Қазақстанның Корей Республикасындағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazembkorea/	33343
Қазақстанның Сингапурдағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanEmbassy/	13383
Қазақстанның Тәжікстандағы елшілігі	https://www.facebook.com/profile.php?id=100081219045987	4691
Қазақстанның Малайзиядағы елшілігі	https://www.facebook.com/kzembassykl	3618
Қазақстанның Вашингтондағы (АҚШ) елшілігі	https://kz.usembassy.gov/ru/visas-ru/	3251
Қазақстанның Үндістандағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazakhstanembassyinindia	2673
Қазақстанның Венгриядағы елшілігі	https://www.facebook.com/Kazembhun/	2394
Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігі	https://www.facebook.com/BritishEmbassyKazakhstan	2383
Қазақстанның Украинадағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyUkr	1966
Қазақстанның Франциядағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazembassyfr/	1804

Қазақстанның Литвадағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazakhembassylt	1334
Қазақстанның Банкоктағы елшілігі	https://www.facebook.com/KZEmbassyTH/	1252
Қазақстанның Әзербайжандағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazembaku	1196
Қазақстанның Германиядағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyBerlin/	962
Қазақстанның Белгиядағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanInBrussels/	604
Қазақстанның Қырғызстандағы елшілігі	https://www.facebook.com/kaz.embassykg/	586
Қазақстанның БАӘ елшілігі	https://www.facebook.com/GenConKazDubai/	212

Аналитикалық талдау барысында парақшалардың жаңалықтар лентасында хабарландырулар, ақпараттық материалдарға сілтеме берілетіні және осы ақпараттар көп оқылатыны аңғарылды. Әдетте парақшаға жазылушылардың басым бөлігі отандастар. Ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады. Елшілік орналасқан мемлекеттің тілінде де ақпараттар беріледі. Елшілік өкілдері мен елшілердің әлеуметтік желідегі белсенділігі төмен, тіпті жоқтың қасы. Алайда Қазақстандағы АҚШ пен Франция, Ұлыбритания елшілігінің ресми парақшаларының белсенділігі жоғары екенін байқалды.

Демек, Қазақстан әлеуметтік желілерде әлі танымал бола қойған жоқ. 2017 жылғы дерек бойынша цифрлық дипломатия рейтингісі бойынша Қазақстанның алты орынға төмендеп кеткенін көреміз. Мұның басты себептерінің бірі парақшаның тартымсыздығы. Парақшаның рәсімделуі бірден аудиторияның назарын аудару керек. Мәтіндік және құрылымдық сапасы да аса маңызды. Яғни парақшада көрсетілетін мәліметтер шетелдік аудиторияға түсінікті болу керек. Мысалы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлінің парақшасында 400-ден аса жазылушысы бар, олар қызықты материалдармен бөліседі. Мәселен, баспасөз-хатшысы Мария Захарова үнемі МИД министрі С.Лавровтың кездесулері мен жиындары туралы ақпаратты сауатты әрі қызықты етіп жеткізеді.

Қазақстанда цифрлық дипломатияны дамытуға мүмкіндігінше жағдай жасалған, тек креативті ұйымдастыру жетіспейді деп ойлаймыз.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалады» деген сөзі бар [143].

Көптеген шетелдің ғалымдары Қазақстанның көпвекторлы саясатын, экономикалық саясатын, ішкі және сыртқы қауіпсіздігін, қоғамдық дипломатиясы және Қазақстандағы білім жүйесі, коррупциясына байланысты зерттеулер мен ғылыми тезистер жазады. Қазақстан шетел ғалымдарына зерттеуге қызықты тақырып екенін байқаймыз. Сондықтан Қазақстанның дұрыс имиджін қалыптастыру *ұлттық брендін құру* идеясымен астасып жатыр. Ұлттық брендті әлемге бөлісуде сауатты жеткізудің негізгі көзі цифрлық дипломатия екенін түсініп келеді.

Халықаралық ақпарат комитетінің басшысы Б.Қанашевтің айтуынша: «Қазақстан имиджін шетелде қалыптастыратын тек саяси басшылар мен дипломаттар ғана емес, ұлттық компаниялар, туризм индустриясы өкілдері, қонақ үй шаруашылығы, қарапайым азаматтар. Демек, дипломатияны дамуына үкіметтік акторлармен қатар қарапайым халық та өз үлесін қосуда» [144].

Ел брендингі Қазақстан сияқты жас мемлекетке өте қажетті, себебі әлемдік аренада экономикалық, әскери, саяси маңызы төмен болған мемлекеттер брендингті дамыту арқылы жаһандық нарықта бәсекеге ілесе алды. Қазақстанда бренд құру жұмыстары тәуелсіздік алған сәттен басталды. Ең алғашқы көрсеткіштер ұлттық кәсіпорындар болды.

Негізі ел қай бағытта мықты болса, сол бағытта дамиды, бренд өнімдері де сол бағытта пайда болады. Мәселен, Жапония – техника, Америка – экономика, Англия – классика, Франция – сән, Қытай – еңбек өнімділігі, Ресей – әскери қуат, Оңтүстік Африка – гауһар тас, т.б деп теңей аламыз. Бұл жетістіктер цифрлық дипломатияның нәтижелі жұмысының арқасында және соны таныған жалпыадамзаттың стереотипі арқасында деп білуге болады. Қазақстан осындай стереотипті теңеу алатын дәрежеге жеткен жоқ. Себебі бренд бола алатын керемет технология жасалған емес. Елдің қызығушылығын оятатын құндылығымыз – пайдалы қазбалар мен экотуризм. Бұл құндылықты танытуға ықпал етуші құрал – цифрлық дипломатия.

Қазақстандағы цифрлық дипломатияның ең нәтижелі көрсеткіші – ЭКСПО – 2017 көрмесі болды. ЭКСПО көрмесінен кейін Қазақстанның шетелдік серіктестерімен өзара тиімді ынтымақтасты дамыту мақсатында 1 жылдың ішінде 80 астам халықаралық брифинг, 30 халықаралық баспасөз-конференциясы, 53 халықаралық дөңгелек үстел, 8 бизнес-форум, 32 көрме өткізілді. Бір жылдың ішінде әлемдік әлеуметтік желіде Қазақстан туралы жағымды мақалалар жиынтығы едәуір артты. Демек, ақпараттық – имидждік жұмыс цифрлық дипломатияны жетілдіруге бағытталған мақсатты әрекет деп танылады.

Цифрлық дипломатияны жүргізу қомақты қаражатты қажет етеді. Мәдениетті, мемлекет жетістіктерін насихаттау (ақпараттық әсерлілігі, оқырманды қызықтыруға, көруге, танысуға шақыру үшін түрлі байқаулар,

жарнама, т.б.) үлкен креативті еңбекті қажет етеді. Осы тұрғыдан Қазақстанда жыл сайын «Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» атты халықаралық байқау өткізеді. Бұл ақпараттық-имидждік саясаттың бір қыры болып саналады. Байқаудың нәтижесіне келер болсақ, ТМД және Балтық елдерінің арасында Өзбекстанның ұлттық ақпараттық агенттігі жеңіп алды. Еуропалық журналистер арасында британдық Джилли Пикаптың Қазақстанда болған саяхаты туралы жазған «Бір даладан басқа» мақаласы үздік атанды. Америка елдері арасында болған байқаула Стефан Липовцевтің Фобс журналында жариялаған «Қазақстанның жеті кереметі» мақаласы жеңіске жетті.

Цифрлық дипломатия аясында өтетін іс-шаралар ұлттық логотипті қалыптастыруға, шетелдік озық БАҚ-та және интернет желілерде мемлекет туралы насихаттайтын жағымды мақалалардың жарық көруіне, жарнама роликтердің түсіріліміне, тіл мен әдебиетті сақтауға арналған іс-шараларда, ұлттық колоритті көрсететін концерт, көрме, фестивальдарды өткізуге ұлттық мәдениет элементтерін коммерциализациялауға бағытталған. Мысалы, тілді дәріптеуде Гете институты барлық дерлік мемлекеттен орын алған. Жапонияның мәдениет орталығы да, Қытайдың Конфуций орталығы мен банктері де, Франция мемлекетінің «Альянс» тіл үйрету орталығы да барлық мемлекетте қызмет етеді. Тіпті француз тілін ең әдемі «махаббат тілі» деп брендке айналдырып насихаттауының өзі - қоғамдық дипломатия жетістіктері.

Статистикалық деректерге келетін болсақ, соңғы зерттеулер бойынша Қазақстан халқының 60 пайызы танымал әлеуметтік желілерді уатсап, инстаграмм, в контакте, твиттер, фейсбук қолданады. Әр жыл сайын 1,3 пайыз қолданушылар қосылып келеді. Қазақстанда цифрлық технология қолданысын тежейтін бір кемшілік бар. Ол – интернет қуатының жетіспеушілігі. Қазақстанда қазір 4G қолданылады, ал дамыған дамушы елдер 7G-ға әлдеқашан көшкені белгілі.

Қорыта келгенде цифрлық технология мен дипломатияның өзара байланысы цифрлық дипломатияның пайда болуына негіз болды. Цифрлық дипломатия интернетті сауатты, пайдалы әрі кәсіби қолдануды және шетелдік қоғаммен қарым-қатынас орнату үшін әлеуметтік желілер (қоғамдық дипломатия) мен мобильді консулдық қызмет көрсетуді жақсарту керек.

Қоғамдық дипломатияның негізгі мақсатын орындау цифрлық дипломатия қызметіне көшті. Екі дипломатияның мазмұны мен мүддесі бір. Бірақ цифрлық дипломатияның танымдылығы жоғары, насихаттау мақсатын жылдам әрі нәтижелі орындайды. Ал қоғамдық дипломатия мерзімді басылымдар аясында ғана көрініп келеді. Цифрлық дипломатия имидждік ақпараттар мен брендтік жарнамаларға бағынады. Бірақ болашақта цифрлық дипломатияның күші жоғары болып, осы мақсаттағы дипломатиялық қатынастарды жойып жібереді. Себебі олардың негізгі көздейтіні – ақпараттық сәтті коммуникация, мемлекетті таныту мүдделері цифрландыру жүйесімен тез танылады. Қазір сұхбаттасу – онлайн трансляция арқылы жүргізілуде, көрме, ұлттық өнімді таныту видеороликтер арқылы танылуда. Қазір барлық мерзімді басылымдардың

электронды ресурстары бар. Қазір әрбір шетелдік мекемелердің, сыртқы істер департаменттерінің, елшіліктердің сайттары бар. Дипломатиялық қарым-қатынасқа ресми бару маңыздылығы да азайып бара жатыр. Онлайн саммиттер, онлайн-брифингтер көбейді. Демек, қоғамдық дипломатия цифрландырылған медиа кеңістігі арқылы жүзеге асырылып жатыр. Қарапайым халық шетелдік жаңалықтарды әлеуметтік желі арқылы кез келген уақытта танып біле алатын деңгейге жетті. Цифрлық дипломатияның нәтижелі болуы мемлекетті әлемдік аренада танытуымен өлшенеді. Цифрлық дипломатиясы қарқынды дамыған елдер әлемге кеңінен таныла алады. Бұл деңгейге жету үшін көптеген мүмкіндіктер мен факторлар ескерілуі тиіс. Цифрлық дипломатияны жүзеге асыру интернетке тікелей тәуелді. Сондықтан цифрлық дипломатияның дамуы әлемдік интернет кеңістігінің қуатты күшіне байланысты. Интернетті қолданушылар саны артқан сайын цифрлық дипломатияның даму деңгейі де айқын көрініс табады.

Цифрлық дипломатияның артықшылықтарын айтар болсақ, біріншіден, ол экономикалық тиімді, консулдық қызмет көрсетуде қолайлы және апат кезінде хабарлау, көмектесу де тиімді болып табылады. Екіншіден, цифрлық дипломатияның сыртқы байланыс ведомстволары үшін де, қоғамдастық үшін де басымдықтары бар. Тәуекелділік бару, сенімділік артады, әріптестік қатынасты сақтап қалу ықтималдары ойластырылады.

Дегенмен, цифрлық дипломатияның кемшіліктері де бар. Біздіңше, цифрлық дипломатияда дипломатиялық этикет нормалары, әсіресе көзбе-көз ресми дипломатиялық қарым-қатынастарда болатын этикет заңдылықтары орындалмай қалады. Этикет заңдылықтары орындауға мүмкіндік туындамайтын кеңістікте ол орындалмайды да. Сондықтан бұл заңдылықтар бара-бара ұмытылуы да мүмкін деген қауіп бар. Сол сияқты дипломатиялық дискурске де еркіндік берілуі ықтимал. Себебі көзбе-көз қарым-қатынаста дипломатиялық дискурс талаптарының орнымен жүзеге асуы жоғары дәрежеде болады да онлайн кездесулерде, онлайн хат алысуларда әлеуметтік желідегі жазбаларда дипломатиялық сөйлеу әдебі сақталмауы ықтимал.

Қазақстанның цифрлық дипломатиясын дамыту үшін пиар-менеджерлік тәжірибе, медиасауаттылық, креативті идеялар, интернет қуатының жоғары болуы, Қазақстан тұрғындарының барлық әлеуметтік желіден хабардар болуы, қосыла алуы, әлеуметтік желіде пікірталасқа түсе алуы, интернет кеңістігіндегі аудитория мәдениеттілігін сақтай білуі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.

Ақпараттық кеңістіктің жаһандану кезеңіндегі цифрлық дипломатия ұғымының мағынасы – ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыру және көпполярлы әлемді дамыту мен нығайтуға қатысу деп түсініледі.

Цифрлық дипломатияның тарихи дамуы цифрлық технологияның дамуына, БАҚ, саясат, экономикалық әлеуметтік жүйелердің өзгерістеріне тікелей байланысты.

Цифрлық дипломатия елдің жаһандануына, мәдениаралық коммуникацияның жетілуіне, имидж құруға, бренд қалыптастыруға, сол арқылы әлемге танылуға, дамуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

Біріншіден, қоғамдық дипломатия мен цифрлық дипломатия терминдерінің айырмашылықтарын анықталды. Цифрлық дипломатия ұғымының қалай пайда болғаны туралы хронологиялық-тарихи ақпараттар берілді.

Екіншіден, цифрлық дипломатияның мақсаты мен оны жүзеге асырушы тетіктер туралы толық ақпарат берілді.

Үшіншіден, цифрлық дипломатияның артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды.

Төртіншіден, Қазақстандағы цифрлық дипломатияның нәтижелері жүйеленіп берілді. Қазақстанда цифрлық дипломатияны қалыптастыруға түрткі болған саяси бағыттар мен қадамдар анықталды.

Бесіншіден, Қазақстандағы цифрлық дипломатияны жүзеге асырушы құралдарға статистикалық талдау жүргізілді

Алтыншыдан, Қазақстанның цифрлық дипломатия арқылы танылудағы дәрежесі, орны анықталды.

Жетіншіден, Қазақстанда цифрлық дипломатияны дамытуға кедергі болатын факторлар мен креативтіліктің әлсіз тұстары сипатталды.

Тарау бойынша түйін

Дипломатиялық дискурстың әсерлілігі дипломатиялық әңгімеден байқалады. Сондықтан әңгіме форматындағы дискурс зерттеу нысанына алынды. Екі тараптың басты мүддесі – өз пайдасына бейімдеу немесе екі тарапқа да тиімді болатын келісім жасау. Осы мүддеге жету барысында екі тарап бір-бірін барынша тануға тырысады. Тану кезінде түрлі прагматикалық тәсілдер қолданады. Тіпті шамадан тыс ақпарат алу мақсатында орынсыз сұрақтар қойылатын сәттер де кездеседі. Бірақ бұл әрекет – дипломатиялық әдепсіздік деп танылады. Әдетте прагматиканы әдептен аспай сауатты жүзеге асыруға да болады.

Жалпы дипломат лидерлерге тән стильдік қасиеттер (табандылық (шешім қабылдайтын, өз мүддесін қорғай алатын); мұқияттылық пен ұқыптылық (жоспары берік, тәуекел ықтималдылықты ескеретін, сәтсіз істе адамды емес, жұмысты сынға алатын); әділдік (әділдік – дипломат лидердің ең маңызды қасиеті, жалған сөздің репутацияны бұзатынын, адалдықты жоятынын сезінген адам); харизма (дипломаттың білімі мен біліктілігін көрсететін, лидерлік қабілетін айғақтайтын мінез. Орынды жерде сөз тауып айта білу, әзілдейтін жерде орынды әзіл таба білу, т.б.).

Дипломатиялық прагматика кәсіби сөйлеу әдебінен көрінеді. Дипломатиялық сөйлеу әдебі (риторикалық этикет, дауыс тембрінің этикеті, сұрақ-жауап этикеті, пікірталас этикеті) елшінің шешендігімен өлшенеді. Дипломатиялық шешендіктің әсерлілігі ілтипат, мақтау-мадақтау, қошеметтеу,

жағымды баға беру, т.б. сөзқолданыстарынан көрініс табады. Мысалы *Күншығыс еліне қош келдіңіз! Аспанасты елімен бірлескеніме қуаныштымын! Конфуций ұрпақтарының идеясына қосыламын!* сияқты перифразалы қолданыстар мақтау, тамсану мәнінде айтылғандықтан екінші тараптың абырой беделін көтеретін риторикалық тәсіл деп саналады. *Риторикалық этикет* – екі елдің арасында татуластыратын көне дәуірден қалыптасқан сөйленіс әдебі. Ол әдетте дипломатиялық шешендік (красноречие) деп аталады. Риторика екі тарап не тұлға арасындағы қатынастан гөрі, дипломаттың шаршытоп алдында көпшілік халықты сендіруде, бағындыруда қолданылған. Қазіргі дипломатияда риторикалық этикет қатаң сақталады, яғни шешен сөйлеу, әсерлі әрі бейнелі сөйлеу, троптық көріктеуіш құралдарды қолдануға тек ауызша дипломатиялық қатынастарда рұқсат беріледі. Дегенмен этикетке сай сарказмға, кемсіту, кекету мағынасы бар паремиялогиялық қорды қолдануға тыйым салынады.

Дипломатиялық дискурсты тудыратын бейвербалды амалдардың әсерлілігіне қарай былай жіктелді: экспрессивті-мәнерлі қимылдар (ымдау, қозғалыс, қол-аяқ ишарасы); тактильді (дене жанасымы) қимылдар (қол алысу, иығынан қағу, арқасынан қағу, төс қағыстыру, т.б.); көз қимылы (көз қысу, көзбен ұзақ қарап тұру, көзін төмен немесе жоғары, жанына бұру); кеңістіктегі қимыл-қозғалыс (алыстан қол бұлғау, алыстан өз бағытын көрсету, т.б.).

Дипломатиялық дискурста ым-ишара немесе артық қимыл әрекеттері байқаусызда жасалса да прагматикалық мағынаға ие болады. Сондықтан дипломатиялық қатынаста аңғал әрекетке жол жоқ деп түсініледі. Мысалы «қолын қалтасына салып тұру (әңгімелесуге құлқы жоқ, шынайы емес, алдамшы қарым-қатынас, ешқандай іске ниеті жоқ немесе еркін әзілдесе сөйлесу, бейресми сөйлесу) бірнеше прагматиканы аңғартады.

Сондай-ақ, үшінші тарауда қазақтың төл дипломатиясының тілі мен оның прагматикасы зерттелді. Абылай хан хаттарына талдау жасалып, көне дипломатиялық терминдер анықталды. Қазақтың кәсіби дипломаты Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тіліне (сөйлеген сөзі) талдау жүргізілді. Дипломаттың кәсіби тезаурусы мен шешендік сөзқолданыстарының үйлесімі арқылы жүзеге асқан прагматикалық тәсілдер анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломатиялық дискурс – екі тарапты, тіпті әртарапты сөйлеу актілері мен жанрларына құрылған коммуникативті жағдаятты қалыптастыратын сөйленіс жүйесі. Дипломатиялық дискурсты құрайтын қатысымдық (тілдесімдік) компонент – дипломатиялық тіл. Дипломатиялық дискурсты зерттеу барысында оны құрайтын дипломатиялық тілді үш тармаққа бөліп қарастырдық:

1. Дипломатиялық лексика
2. Дипломатиялық термин
3. Дипломатиялық құжат

Жұмыстың алғашқы тарауында дипломатиялық тілдің лексикалық қабатында дипломатиялық синонимдер анықталды. Теңмағыналас сөздердің дені дипломатиялық терминге қазақ тіліндегі балама атауының қатар қолданылуынан туындап отыр. *Дипломатия – мәміле; елші – посол; жеке нота – жеке жазба; жадынама – заметка. Келісімшарт – контракт*, т.б.

Дипломатиялық тіл екі бағытта дамып отырады:

1. Стандартталған тұрақты клишелер. Көңіл айту жеделхаты, құттықтау жеделхаты, алғыс білдіру жеделхатында тұрақты клишелер мен шаблонға

салынған дайын фразалар жазылады: *қайғыңызға ортақпыз, орны толмас қайғы, жақындарыңызға көңіл айтамыз.*

2. Саяси-дипломатиялық лексика. Дипломатиялық құжаттардың мақсатына орай сөзқолданыстарының мазмұнына шектеу қойылады. Мәселен, ресми келіссөз кезінде терминдік жүйе қызмет етеді: әріптестік, серіктестік, ынтымақтастық, уағдаластық, сындарлы саясат т.б. Ресми дипломатиялық қарым-қатынаста қатаң сөйленіс стилі сақталады. Ал бейресми кездесулерде сөз еркіндігі бар. Әдеби тіл аясындағы перифразаларды қолдануға еркіндік беріледі. Мәселен, көршілес ел – бауырлас ел; Қазақстан – Ұлы дала елі; өзбек – өз ағам; т.б.

Дипломатиялық терминдер құрылымына қарай дара, туынды, күрделі терминдер болып, мағынасына қарай кірме және төл дипломатиялық терминдер болып бөлінді. Дипломатиялық құжаттардың қызметі мен рәсімделу ережелері түсіндірілді. Дипломатиялық тіл екі түрлі ұғымды білдіреді. Біріншіден, бұл ресми дипломатиялық қатынастар жүргізілетін және халықаралық шарттар жасалатын тіл. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен сөз тіркестерінің жиынтығы.

Дипломатиялық хат алмасуда әдептілік пен сыпайылық талаптарын сақтау, осы дипломатиялық құжат жіберілетін елдің қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өткір сөздерден аулақ болу жайттары көрсетілді. Дипломатиялық құжаттар – бұл мемлекеттік қағаз. Дипломатиялық құжаттардың тілінен стилистикалық кемелдік, сөз тіркесінің үйлесімі мен ұйқасы емес, мазмұнға абсолютті сәйкестік, осы мәселе бойынша мемлекет саясатының ұстанымын, мағынасын дәл білдіру өте маңызды екендігі сараланды. Осыған орай дипломатиялық құжаттардың үлгісі ұсынылды. Дипломатиялық клишелер ұсынылды (Сөз басы, сөз соңы клишелері, келіссөзден кейінгі ұран сөздер).

Дипломатиялық коммуникацияның сәтті болуына себепкер түрткіжайттар айқындалды: бірнеше тілдің тілтанымдық ережелері мен этномәдени ұғымдарын, мәдениетаралық реалийлерін білу; достық атмосферасын құруға және өз елдерінің саяси көшбасшылары арасындағы күрт болатын қайшылықтардың алдын алу немесе жеңілдету; өз елінің мүддесіне қол жеткізуде өз үстемдігін достық ниетте жүзеге асыру, т.б. Демек, дипломатиялық дискурстың тиімділігі дипломатиялық дискурстың мақсатына қатысты анықталады, яғни тек хабарлау ғана емес, сендіру, адресаттың ниетін ояту, сендіруге негіз беру және әрекетке шақыру болып табылады.

Дипломатиялық қарым-қатынасты құрайтын құрамдас бөліктер: коммуникативті, интерактивті және перцептивті компоненттер. Коммуникативті қызмет екі тарап арасындағы ақпарат алмасуға жауап береді. Ол коммуникативті әсердің ерекшеліктерін ескере отырып, ауызша және бейтілдік қарым-қатынас құралдарын тиімді пайдалану арқылы психологиялық байланыс орнату қабілетімен сипатталады. Интерактивті қызмет сұхбаттасушылар арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Психологиялық әсер ету нәтижесінде сендіру немесе ұсыныс арқылы көзқарастар, қатынастар өзгереді. Бұл өзгерістер уақытша, өтпелі немесе тұрақты болуы мүмкін. Ал перцептивті

қызмет серіктестердің бір-бірін қабылдау үдерісінде көрінеді. Өзара түсіністік орнату кезіндегі эмпатия, өзін-өзі тану рефлексиясы және қарым-қатынас серіктесінің мінез-құлқын болжау үдерістерімен анықталады.

Сондай-ақ екінші тарауда дипломатиялық дискурс институционалды дискурстың құрамдас бөлігі ретінде анықталды. Кәсіби дискурсқа (дипломатиялық сөйлесімге) тән белгілер айқындалды. Саяси дискурстан айырмашылығы көрсетілді. Дипломатиялық дискурстың сәтті/сәтсіз болуына ықпал ететін түркіжайттар талданды. Дипломатиялық дискурсқа тән басты белгілер – стратегия мен тактиканың дұрыс таңдалуы керектігі бағамдалды. Дипломатиялық дискурс – вербалды қарым-қатынас қана емес, алдын ала жоспарланған, белгілі бір діттемге мүдделі сөйленісті орнатуға бағытталған екі тарап арасындағы диалог. Сондықтан дипломатиялық дискурстың форматы алдын ала таңдалады. *Келіссөз, телефон арқылы сөйлесу, ресми кездесу, бейресми кездесу*, т.б. Жұмыста олардың бір-бірінен тілдік айырым белгілері, форматқа сай заңдылықтар шеңберінен ауытқуға болмайды көрсетілді. Бұған қоса дипломатиялық дискурста екі тарап жүздескенде, қабылдауда, жүріс-тұрыста, қарсы алуда, киім әдебінде, сәлемдесуде, қол алысуда, дастарқандас болуда, келісімге келгенде, қол қою сәтінде, т.б. тілдесуден тыс әдеп және ым-ишара әрекеттеріне қатысты нормалар болатыны және бұл ережелердің едәуір мән-мағынасы бар екені анықталды.

Сонымен қатар, дипломатиялық дискурстың коммуникативтік сипатын анықтайтын белгілер – сыйлық сыйлау әдебі талданды. Дипломатиялық қарым-қатынаста сыйлық беру көпжылдық ынтымақтастықта болған дос мемлекеттер арасында риясыз көңілді білдіру мақсатында қолданылады. Яғни, елдің тарихи құндылығын танытатын кәдесыйлықтар берілетіні дипломатия тарихында елеулі орын алады. Сондықтан дипломатиялық сыйлықтар да дискурс кеңістігінде ерекше байқалып отырды. Әдетте сәтсіз дипломатиялық қарым-қатынасты тудыратын ең басты түрткіжайт – тіл болса, екінші кезекте – орынсыз немесе ұнамсыз сыйлықтың берілуі. Үшінші кезекте, дипломатиялық әдептің сақталмауы.

Жұмысымызда мүдделі дипломатиялық тактиканы бұзатын сөзқолданыстар Н.Терентьевтің үлгісі бойынша жіктелді: терістеу тактикасын әдетте дамыған (алпауыт) мемлекеттер жиі қолданады. Айтылмақ сын немесе ескертпені тікелей мағынада емес, өзге бір ұғымды терістеу арқылы жеткізу тактикасын Ресей президенті В.Путиннің жиі қолданатыны анықталды. Ал Қазақстан президенті Қ.Тоқаев литоталы референцияны, эвфемистік қолданысты, мақтанш тактикасын, бағалау тактикасын жиі қолданатыны айқындалды.

Зерттеу барысында болашақ дипломат мамандардың сауаттылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде дипломат мамандардың 67 пайызы дипломатиялық сауатты екені расталды.

Дипломатиялық дискурстың әсерлілігі дипломатиялық әңгімеден байқалады. Сондықтан әңгіме форматындағы дискурс зерттеу нысанына алынды. Екі тараптың басты мүддесі – істі өз пайдасына бейімдеу немесе екі

тарапқа да тиімді болатын келісім жасау. Осы мүддеге жету барысында екі тарап бір-бірін барынша тануға тырысады. Тану кезінде түрлі прагматикалық тәсілдер қолданады. Тіпті шамадан тыс ақпарат алу мақсатында орынсыз сұрақтар қойылатын сәттер де кездеседі. Бірақ бұл әрекет – дипломатиялық әдепсіздік деп танылады. Әдетте прагматиканы әдептен аспай сауатты жүзеге асыруға да болады.

Жалпы дипломат лидерлерге тән стильдік қасиеттер (табандылық (шешім қабылдайтын, өз мүддесін қорғай алатын); мұқияттылық пен ұқыптылық (жоспары берік, тәуекел ықтималдылықты ескеретін, сәтсіз істе адамды емес, жұмысты сынға алатын); әділдік (әділдік – дипломат лидердің ең маңызды қасиеті, жалған сөздің репутацияны бұзатынын, адалдықты жоятынын сезінген адам); харизма (дипломаттың білімі мен біліктілігін көрсететін, лидерлік қабілетін айғақтайтын мінез. Орынды жерде сөз тауып айта білу, әзілдейтін жерде орынды әзіл таба білу, т.б.).

Үшінші тарауда қазақ дипломатиясына тән көне және заманауи дискурс анықталды. Кәсіби дипломат елшілік қызмет атқарған Қ.Тоқаевтың дискурсындағы дипломатиялық тіліне талдау жасалды. Нәтижесінде, дипломатиялық шешендік пен кәсіби шеберлікті үйлестірген дипломатиялық тілде метафоралы терминдер мен бейнелі сөздердің сабақтасуы, ұран сөздер мен нақыл сөздердің жиі қолданылуы, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің айтылмақ ойдың мазмұнын ашудағы әсерлігі сәтті коммуникацияның негізі екенін дәйектелді. Әрбір дипломатқа тән авторлық терминдердің жиі қоланысы сөздік қордан елеулі орын алатыны дәлелденді.

Зерттеудің нәтижесінде қазақтың дипломатиялық дискурсының тезаурусы түзіліп, қосымша ретінде берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баландина Л.А., Кураченко Г.Ф. Язык дипломатии: традиции и современность // Язык и право: актуальные проблемы взаимодействия. Материалы Международной научно-практической Интернет-конференции. – Ростов-на-Дону: Ростовское книжное издательство, 2011. – 259 с.
2. Джафаров В. Дипломатия и дипломатическая переписка
URL: http://www.studmed.ru/view/dzhafarov-v-diplomatiya-i-diplomaticheskaya-perepiska_4f10a9a392b.html
3. Иссерлин Е.М. Лексика и фразеология современных дипломатических документов: Учебное пособие. Материалы к курсу «Стили русского языка». М.: Изд. Московского полиграфического института, 1966. – 15 с.
4. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия –

- наука и искусство: Курс лекций. – 2-е изд., доп. – М.: Международные отношения, 2010. – 576 с.
5. Саидов Х.А. Дипломатическая терминология и ее особенности в разносистемных языках // Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Серия гуманитарных наук. – Вып. 3 (51), 2012. – 216с.
 6. Фарафонова Л.Г. Система дипломатического подстиля и ее исследование на уровне текста: на материале современного немецкого языка: диссертация ... кандидата филологических наук. – Москва, 1977. – 203 с.
 7. Демин, Ю. П. Статус дипломатических представительств и их персонала – М.: Наука, 1995. – 269 с.
 8. Лядов, П. Ф. Дипломатический протокол и этикет делового общения. – М.: Наука, 2012. – 198 с.
 9. Пенчева А. И. Типы межъязыковой эквивалентности в текстах дипломатических документов на русском и болгарском языках: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Москва, 2013. – 26 с.
 10. Дипломатия жаршысы 2014 №1 <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa>
 11. Бөрібаева С. Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 321 бет
 12. Кузьмин Э. Л. Протокол и этикет дипломатического и делового общения. Москва, 2003. – 247 с.
 13. Вуд Д. Дипломатический церемониал и протокол. – Москва, 2014. – 341 с.
 14. Лядов, П. Ф. Дипломатический протокол и этикет делового общения / П. – Москва, 2012. – 358 с.
 15. Борунков, А. Ф. Дипломатический протокол в России. – Минск, 2012. – 312 с.
 16. Фельтхэм, Р. Дж. Настольная книга дипломата. (7-е издание) – Минск, 2000. – 193 с.
 17. Ахан, Г.Т. Дипломатиялық дискурстың құжаттар үлгісінде қолданылуы // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2015.- № 5, II бөлім.- 374-377 б.
 18. Құлжанова Б.Р. Дипломатиялық терминдерді мамандыққа бейімдеп оқытудың маңыздылығы // Болон үдерісіндегі жоғары білім берудің сапасын жетілдіру: болмысы, мәселелері және келешегі = Совершенствование качества высшего образования в свете Болонского процесса: реалии, проблемы и перспективы : Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамының XXXIX ғыл.-әдістемелік конф. материалдары = Материалы XXXIX науч.-метод. конф. профессорско-преподават. состава КазНУ им.аль-Фараби. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2009. – 194-196 б.
 19. Ашинова К.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы [Мәтін] : филол. ғыл. канд. ... дис. / К.А. Ашинова ; Абылай хан атын. Қаз. халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті ; ғыл. жет. Ахметжанова З.К. – Астана, 2007. – 185 б.

20. Нугманова А.Д. Дипломатиялық терминдердің қазақ тілінде қалыптасуы // Абылай хан атындағы ҚазХҚӨТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы = Известия КазУМО и МЯ имени Абылай хана. Серия Филологические науки. – 2018.- № 4.- 26-33 б.
21. Мухамедина А.А. Дипломатиялық терминдерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударудағы қиындықтар // Наука и мы : IX междунар. науч.-практ. конф. (26-27 апреля 2017 г.). – Көкшетау, 2017. – Т.1.- 90-92 б.
22. Степанова М.Д. Словообразование современного немецкого языка. – М.: URSS. Изд. 2-е испр., 2007. – 344 с.
23. Бегимова Г. Дипломатиялық терминдер: таным және мағына (қазақ және түрік тілдерінің материалдары негізінде). – Алматы : Қазақ университеті, 2012. – 116 б.
24. Ашинова К. Дипломатиялық терминдер табиғаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. филологическая. – 2004.- N 1.- 42-43 б.
25. Зонова Т. В. Современная модель дипломатии.– Москва, 2003.– 402 с.
26. Екі тілде іс жүргізу: Сөздік-анықтамалық. – Алматы: Атамұра Қазақстан, 1994. – 224 б.
27. Қазақ және орыс тілдерінде дипломатиялық іс жүргізу" сөздік-анықтамалығы – Алматы, 2004. – 621 б.
28. Кәрібай М. Дипломатиялық хат алмасу (үлгілер). – Алматы, 2008. – 123б.
29. Акмадиева Г.П. Дипломатиялық құжаттарды жіктеудің кейбір мәселелері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2017.- № 1.- 8-11 б.
30. Teun A. van Dijk «Discourse Studies: A multidisciplinary introduction», Sage, Los Angeles, 2011. – p.413.
31. Садирова, К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. филол. ғыл. докт. ... дис. – Астана, 2009. – 299 б.
32. Шайкенова, А.Ж. Көркем мәтін және дискурстық талдау: филология факультетінде оқитын студ. арн. оқу құралы. – Петропавловск, 2012. – 93 бет.
33. Халел Агнур. Болашақ дипломаттардың шетілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері [Мәтін] : философия д-ры (PhD) ... дис. (Шетел тілі: екі шетел тілі)– Алматы, 2022. – 158 б.
34. Смағұлова Г. Шешендік сөздердің дискурсы.– Алматы : Арыс, 2008. – 184 бет ;
35. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. ... дис. – Астана, 2009. – 303 б.
36. Кішкенбаева Ж.Қ. Қазіргі көркем прозадағы дискурс және нарратор: филос. ғыл. докт. ... дис. (PhD) Памиес Б.А. – Астана, 2015. – 111 б.

37. Култанбаева Н. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде): философия д-ры (PhD) ... дис.– Ақтөбе, 2022. – 141 б.
38. Жумагулова А.М. .Шешендік сөздердің дискурсы: филол. ғыл. канд. ... дис.. – Астана, 2008. – 117 б. - 112 -116б.
39. Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс: онтология, интеракция и жанры. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2005. – С. 6. 6 б.
40. Трабелси Х. Митигативные стратегии и тактики в дипломатическом дискурсе// Журнал «Science, Technology and Higher Education»: materials of the international research and practice conference. Vol. I, Westwood, December 11th-12th, 2012 / publishing office Accent Graphicscommunications - Westwood - Canada. 2012. 438-442 с..
41. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М.: Гнозис, 2000. – с. 440
42. Пономарева Е.В. Лексико-стилистические аспекты перевода дипломатических текстов. – Санкт-Петербург, 2017ж–256 с.
43. Хайфа Т. Лингвокоммуникативный анализ дипломатического дискурса // дисс канд фил наук. – Москва, 2013. -191
44. Карасик В.И. О категориях дискурса // Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
45. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. М: Гнозис, 2004.– 390 с.
46. Фуко М Порядок дискурса // Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности. Работы разных лет/М. Фуко. - М.: Касталь, 1996. - 448 с.
47. Beaugrande R. de, Dresler W. Introduction to Text Linguistics. – L., & N.Y. : Longman, 1981 – XVI. – 270 p.
48. Goodrich P. Legal Discourse. Studies in Linguistics, Rhetoric and Legal Analysis. L. : The Macmil-lan Press LTD, 1987. -204
49. Серио П. Как читают тексты во Франции // Квадратура смысла: французская школа анализа дискурса. М. : Прогресс, 1999. С. 12-53.
50. Голованова Д.А. Интердискурсивность дипломатического дискурса. // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – Волгоград. 2004. №4. – 25-32с.
51. Вебер Е.А. Опыт лингвистического исследования когнитивного диссонанса в английском дипломатическом дискурсе: Диссертация кандидат филологических наук. – Иркутск, 2004. – 213 с.
52. Ковшова М.Л. Личное имя в русском паремиологическом дискурсе: опыт дискурсивного анализа // Полипарадигмальные контексты фразеологии в XXI веке (Материалы междунар. научн. конференции).– Тула, 2018. 227-240 с.
53. Тахтарова, С. С. Категория коммуникативного смягчения (когнитивно-дискурсивный и этнокультурный аспекты). – Волгоград : Изд-во ВолГУ, 2009. – 382 с.
54. Halliday, M.A.K. Language as Social Semiotic.– London, 1978.– 256.

55. Crystal, D. The Cambridge Encyclopedia of Language. – Cambridge, 1987. – 378 с.
56. Макфол М. Цель и средства. Политика США в отношении России после «холодной войны». – Москва. 2009. – 315с.
57. Interview: McFaul on U.S., Russian stereotypes and his controversial co-chair <https://www.rbth.com/articles/2010/02/01/1210mcfaul.html>
58. Карасик В.И. О типах дискурса//Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. – Волгоград, 2000. – 193 с.
59. Викулова Л.Г. Основы теории коммуникации. – Москва, 2008. – 261 с.
60. Трабелси Х. Дипломатическая переписка и ее характеристики. Автореферат дис. канд. филол. наук. М., 2013. – 28 с.
61. Вдовина О.А. Полиполярность мира и языка дипломатического общения Когнитивная лингвистика и лингвокультурология. Серия: лингвистика, 2009, № 8. – 62-70 с.
62. Орлов Г. А. Современная английская речь. – Москва, 1991. – 211 с.
63. Громыко А.А., Ковалев А.Г. (ред.) Дипломатический словарь. – Москва, 1986. – 309 с.
64. Ачкасова В.А., Володина Л.В. Связи с общественностью как социальная инженерия. – Санкт-Петербург, 2005. – 214 с.
65. Володина Л.В., Карпухина О.К. Деловое общение и основы теории коммуникации. – Санкт-Петербург, 2002. – 187 с.
66. Dontcheva-Navratilova O. Politeness Strategies in Institutional Speech Acts // Discourse and Interaction 1. Brno Seminar on Linguistic Studies in English: – Proceedings, 2005. – 156 с.
67. Кирнозе З.И. Россия и Франция: диалог культур. Сб. науч. тр. / [Сост. В. Г. Зусман, К. Ю. Кашлявик, С. М. Фомин]. — Н. Новгород, 2002. — 272 с.
68. Фокин В.И. Формирование содержания понятий «внешняя культурная политика» и «культурная дипломатия» в международной деятельности современных государств / В. И. Фокин // Вестник СПбУ. 2003. Сер. 6, вып. 2 (№ 14). – 125—130 с.
69. Галумов Э.А. Международный имидж России: стратегия формирования Э. А. Галумов. — М.: Известия, 2003. — 450 с
70. <https://www.youtube.com/watch?v=ryEFgShWH3o>
71. Киселев И.Ю. Динамика образа государства в международных отношениях / И. Ю. Киселев, А. Г. Смирнова. — СПбГУ. — СПб, 2003. — 270 с.
72. Боголюбова Н.М. (Боголюбова Н.М. Культурный обмен в системе международных отношений : учеб. пособие. — Изд-во СПбГУ, 2003. —192 с.
73. Боголюбова Н. М., Николаева Ю. В. // Толерантность. Журналистика, политика, культура. [Межфакультетский сб.]. — СПб., 2003. – 102—111 с.
74. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. — М.: Междунар. отношения, Юрайт-Издат, 2006. — 576 с.
75. Бородина Т.В. Социальный диалог: коммуникативные стратегии

- личностной репрезентации общественных отношений: автореф. дис. канд. философ. наук / Т. В. Бородина. — Ростов-на-Дону, 2003. — 23 с.
76. Максимова Н.В. «Чужая речь» как коммуникативная стратегия: монография / Н. В. Максимова. — Издательство РГГУ, 2005. — 396 с.
77. Сауалнама сйлтемеси <https://cloud.mail.ru/public/nqfs/gGVU4kNwp>
78. Митрошенков О.А.. Эффективные переговоры. Практическое пособие для деловых людей. — Москва, 2003. — 288 с..
79. Волкова Т.А. Дипломатический дискурс в аспекте стратегичности перевода и коммуникации: на материале английского и русского языков. — Тюмень: ТГУ, 2007. — 241с .
80. Терентий Л.М. Интенциональная структура дипломатического дискурса. — Москва, 2016.— 351 с.
81. Баральдо Дель Серро М. Л. Языковая политика в современной Аргентине Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. Серия гуманитарных наук. 2003 № 2. - 24-32 с.
82. Торкунов А.В. и др. Дипломатическая служба / под ред. А.В. Торкунова и др. — М.: Аспект-Пресс, 2014.— 312 с.
83. Терентий Л. М. Дипломатический дискурс как особая форма политической коммуникации. // Вопросы когнитивной лингвистики. — 2010. — №1 (022) — 13–27 с.
84. Долинский А.В. Эволюция теоретических оснований публичной дипломатии // Вестник МГИМО университета Серия Политические науки. — Москва, 2011 №4. — 27-34 с.
85. Колеватова Т. С. Современные средства информации в публичной дипломатии России // Власть. 2016. Том. 24. № 1. — 51-56 с .
86. Бодрова О.И. Роль «народной дипломатии» в комплексе дипломатического инструментария КНР // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2014, № 5, — 64-68 с.
87. Вилков А. А. Проблематика общественной дипломатии в политическом научном дискурсе современной России // Известия Саратовского университета. Новая серия. Сер.: Социология. Политология. 2018. Т. 18, № 2. 184 — 188 с.
88. Бородин Д. А. Культурная дипломатия в международных отношениях // Александров А. А. Международное сотрудничество в сфере культурного наследия: Учебное пособие / Отв. ред. проф. В. И. Уколова. — М.: Проспект, 2009. — 276 с.
89. Трухановский В.Г. Страницы английской дипломатии. — Москва: Международные отношения, 1974.—29-41 б.
90. Матвеев В.М. Британская дипломатическая служба. — Москва : Международные отношения 1990 г.—56-68 с.
91. Cohen Negotiating Across Cultures: Communication Obstacles in International Diplomacy. Washington, D.C.: — United States Institute of Peace Press, 1991.— 423 с.

92. Баулина В.С. Влияние национальных традиций на стиль ведения политических переговоров (на примере Китая, Японии и Южной Кореи).. Автореферат.– Москва, 2009. – 28с.
93. Елбасының атына келіп түскен құттықтаулар мен ізгі тілектер <http://www.inform.kz>. [07.04.2011].
94. Хант, Джон У. Управление людьми в компаниях: Руководство для менеджера. – Москва, 1999. – 359 с.
95. Блюм М.А., Молоткова Н.В. PR – технологии в коммерческой деятельности. – Тамбов: Тамбовский государственный технический университет, 2004. – 196с.
96. Вахтин Н.Б., Головки Е.В. Социоллингвистика и социология языка. – Санкт-Петербург, 2004. – 336 с.
97. Михальченко В.Ю. Языковая политика и языковые конфликты в современном мире. – Москва, 2014. – 210-213 с.
98. Алок К. Дас. Языковые конфликты и контакты в Индии // Решение национально-языковых вопросов в современном мире. – СПб., 2003. – 130-136с.
99. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта // Социс (Социологические исследования), 1994, № 5.— 142-147 с..
100. Дарендорф Р. Современный социальный конфликт. Очерк политики свободы.— Москва, 2002. –257 с.
101. Льюис Козер Функции социального конфликта. .— М.: «Идея-Пресс». 2000. – 331 с.
102. Дюверже М. Политические партии / пер. с фр. Л.А.Зиминой. Изд-е.4. – М.: Академический Проект, 2007.– 664 с.
103. Дойч К. Национализм и его альтернативы.– Москва, 1969.– 256с.
104. Глухова А. В. Политические конфликты: основания, типология, динамика. – М.: ВГУ, 2012. – 215 с
105. Бородин Д. А. Культурная дипломатия в международных отношениях // Александров А. А. Международное сотрудничество в сфере культурного наследия: Учебное пособие. – М.: Проспект, 2009. – 276 с.
106. Трехтомный дипломатический словарь. Под ред. А.Громыко. – Москва, 1986. – 1674с.
107. Чернявская В.Е. Дискурс власти и власть дискурса. Проблемы речевого воздействия // Учебное пособие. 2-е издание. – М: Флинта, 2006. 134 с.
108. Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: Институт языкознания АН СССР, Волгоградский педагогический институт, 1991. – 495 с.
109. Япарова В.Н. Дипломатический дискурс как объект междисциплинарного исследования // Филология и культура. – Казань: Изд-во Казанского (Приволжского) федерального университета, 2016. – 165-170с.
110. Терентий Л.М. Специфика дипломатического дискурса как формы

- коммуникации // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. Вып. 10. Т. 54. – Москва, 2010. – 7-11с.
111. Кравец Т.Н. Дискурсивные особенности современной дипломатической коммуникации / Т.Н. Кравец // Теоретические и прикладные аспекты изучения речевой деятельности. 2017. – Т. 12. – № 5. –54–63с. – Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=29937879>
112. Цветков А.Ю. Публичная дипломатия как ресурс внешней политики: проблема эффективности // Вестник СПбГУ. Сер. 6. 2010. Вып. 3. – 110-116с.
113. Карасик В. И. Язык социального статуса. – Москва.: ИТДГК «Гнозис», 2004. – 230с.
114. Иссерс О. С. Речевое воздействие. – М.: Флинта: Наука, 2011. – 233с.
115. Михалёва, О. Л. Политический дискурс как сфера реализации манипулятивного воздействия: автореф. дис. ... канд. филол. наук.— Кемерово, 2004. — 32 с.
116. Барак Обама, АҚШ президенті, Еуропаға, Ресейге үндеу. – Брюссель, 26 наурыз, 2014 жыл. "Киев Пост" газеті
117. Сергей Лавров баспасөз мәслихаты " Сыртқы саясат қорытындылары " 2011 жылғы 21 желтоқсан. Аударма: Mainstream Weekly газеті
118. Волкова Т.А. Дипломатический дискурс: лексикосемантические особенности и стратегии перевода. – Самара: Самар. гос. акад. культуры и искусств, 2007. – 258-264 с.
119. Коровина Е.В. История цифровой дипломатии США и ее ключевые особенности // Вопросы национальных и федеративных отношений. №5(50). Т9. 2019г. – 715-721с.
120. Зиновьева Е.С. Цифровая дипломатия США: возможности и угрозы для международной безопасности / Е.С. Зиновьева // Индекс Безопасности. - 2013. - № 1(104). – 213-229с.
121. Fortner R. Public Diplomacy and International Politics& The Symbolic Constructs of Summits and International Radio News. – Westspport, CT Praeger, 2011. №1(6). –56-72 с.
122. Segen E., Manor I Americas selfie. How the portrays itself on its social media accounts. Digital diplomacy. Theory and practice. Toward Clarification of a Fractured Terminology. – Working Paper. Exploring Digital Diplomacy. 2017. –Р. 89-108 с.
123. Cull N. "Public Diplomacy" Before Gullion: The Evolution of a Phrase // USC Center on Public Diplomacy. – 18.04.2006. <https://uscpublicdiplomacy.org/blog/public-diplomacy-gullionevolution-phrase>
124. Lasswell H.D. The Structure and Function of Communication in Society // Mass Communications: A Book of Readings / подред. Wilbur Lang Schramm. — Urbana: University of Illinois Press, 1960. —117—130с.

125. Кашлев Ю. Информация. Дипломатия. Психология. – М.: Известия, 2002.– 608с.
126. Хайд Г. Дж. Разговор с нашими безмолвствующими союзниками: общественная дипломатия и внешняя политика США // <http://usinfo.state.gov/journals/itps/1202/ijpr/>.
127. Боришполец К. П. Публичная дипломатия: прагматичный взгляд на разнообразие реального опыта //Международная аналитика. - 2018. - №> 1 (23). – 22-32с.
128. Nai J. Soft Power: The Mean to Success in World Politics. Public Affairs. - Electronic text data. -Mode of access: <https://www.foreignaffairs.com/reviews/capsule-review/2004-05-01/soft-power-means-success-world-politics> (date of access: 10.09.2018). - Title from screen.
129. Шер Д. Жесткая дипломатия и мягкое принуждение: российское влияние за рубежом. (Королевский институт международных отношений.– Chatham House, 2013. –456 с.
130. Дж. Най. «Мягкая сила» и американо-европейские отношения. <http://smartpowerjournal.ru/soft-power/>
131. Колеватова М.И. Речевая культура дипломата как составляющая имиджа // Международный научно-исследовательский журнал. Выпуск: № 5 (47), 2016. – 15-24 с.
132. Zaharna, R. S. The Soft Power Differential: Network Communication and Mass Communication in Public Diplomacy. // The Hague Journal of Diplomacy. № 2. 2007. P. 219-221с.
133. Elliott K.A. Is there an audience for public diplomacy? // New York Times. 06.11.2002. URL: <http://www.nytimes.com/2002/11/16/opinion/is-there-an-audience-for-public-diplomacy.html> (дата обращения: 01.05.2020).
134. Taylor Philip M. The Propaganda State: US Propaganda at Home and Abroad since 9/11 // The International Communication Gazette. 2006. Vol. 68. – 5-6с.
135. Крикунова. Цифровая дипломатия и ее значение в международной практике. // Сайт Центра анализа террористических угроз. URL: <http://www.catu.su/analytics/1089-cifrovaja-diplomatija-i-eeznachenie-v-mezhdunarodnoj-praktike> (дата обращения: 10.01.2018).
136. Дипломатия жаршысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfakiev/press/article/1?lang=kk&undefined=3>
137. IsmailovaF., Zelenskaya L., Redkozubova E., AnikeevaI. Linguisticandculturalspecificsoftheformationofthediplomaticterminologysystem // XLinguae, Volume 16 Issue 1, January 2023, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X 165-176
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58110862400>
138. Крикунов, А. Цифровая дипломатия и ее значение в международной практике / А. Крикунов // Сайт Центра анализа террористических угроз. <https://core.ac.uk/download/pdf/226257597.pdf>

139. Қазақстанның бәсекеге қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына ену стратегиясы» Жолдауы.
https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_presiden
140. Дипломатия жаршысы журналы. – Алматы, 1999. – 185б.
141. Қазақстанның 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
142. Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» Жолдауы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_/links
143. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
144. Қанашев Б. Цифрлық кеніш.
<https://www.gov.kz/memleket/entities/miid/press/news/details/156901?lang=>

ҚОСЫМША

ҚАЗАҚТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫНЫҢ ТЕЗАУРУСЫ

Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңес, АӨІҚСШК - аумақ туралы дауларды шешу; қарусыздану мен қару-жарақты бақылау саласында нақты жетістіктерге жету; есірткі мен жай қару-жарақтың заңсыз таралуына, лаңкестік пен халықаралық қылмыскерлікке қарсы күресті келісе отырып жүргізу; экологиялық мәселелерді біріге шешу; Азия елдерінің

экономикалық дамуын қамтамасыз ету шараларын атқаратын кеңес.

Аймақтық келісімдер – бір географиялық ауданда орналасқан мемлекеттердің осы аймақта ынтымақтастық орнату мақсатында жасасқан көптараптық халықаралық шарттары.

Алама шарттар – күшті мемлекеттердің әлсіз және тәуелді мемлекеттерге күштеп таңар келісімшарттары. Теңсіз, алама шарттардың қатарына күштеп жаулап алу немесе кіріптар етер шарттар жатады.

Америка мемлекеттерінің ұйымы – Америка мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығын дамыту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, америкалық мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, біреуіне бағытталған шабуылға бірлесе тойтарыс беру ұйымы.

Араағайындық - **бейбітшілік** орнатуға, өзара **жанжалды** басуға ықпал ету, бітімге шақыру. А. дәстүрлі **казак** қоғамында ежелден қалыптасқан ұғым. Көршілес екі **ру** арасында **жер дауы**, **жесір дауы** өршіп, қантөгіс қақтығысқа ұласар сәтте үшінші, бейтарап рудың беделді өкілдері басу айтқан: “Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса – төбедегі келеді” деген халықтық қағидаға жүгініп, араағайындық жасауды, сол арқылы елдің бүтіндігін, жердің тұтастығын сақтауды парыз санаған.

Араб көктемі – немесе арабеллион (араб+революция) араб елдерінде 2010 жылы желтоқсан айында басталған наразылықтар, көтерілістер мен төңкерістер қатарын білдіреді.

Араласпау – бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей немесе жанама түрде араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

Арктика кеңесі 1996-шы жылдың 1-ші қазаны күні құрылған. Мүше елдер: Дания, Финляндия, Исландия, Канада, Норвегия, Ресей, Швеция және АҚШ. Максаты – болашақтағы ынтымақтастықтың түрі мен көлемі туралы мәлімдеме; солтүстіктегі экологиялық жүйенің өзгерістерге аса сезімтал екенін ескеріп, игеру жұмыстарын мұқият келісе отырып жүргізу.

Арнайы шарт (конкордат) – католиктер шіркеуінің басшысы ретінде Рим папасы мен бір үкімет не мемлекет арасындағы сол мемлекеттегі католиктер шіркеуінің орны мен артықшылықтарын реттейтін арнайы шарт, келісім.

Арнаулы (арнайы) миссия – екінші мемлекеттің келісімімен кейбір сұрақтарды қарастыру немесе мемлекеттік тапсырмаларды орындау мақсатында мемлекеттің жіберетін өкілетті және уақытша сипатты миссиясы.

Аумақты қайтадан қаруландыру - мемлекеттің қарусыздандырылған ауданда қайтадан әскери құрылыстар мен бекіністерді салып, қарулы күштерді орналастыруы, басқа да әскери және әскери-экономикалық сипаттағы шараларды іске асыруы.

Африка бірлестігі ұйымы – АБҰ, Африка елдерінің жан-жақты саяси және экономикалық ынтымақтастығын дамыту және сол мемлекеттердің тәуелсіздігін қорғау мақсатында құрылған аймақтық халықаралық ұйым.

Әділдік қағидасы – халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық құқық

пен мемлекеттердің және халықтардың мүдделерінің ескерілуі қажеттігін қолдайтын халықаралық қатынастар қағидасы.

Әскери бюджетті (қаржыландыруды) қысқарту – қару-жарақты азайтудың және қарусызданудың маңызды құралы.

Әскери жаулап алушылық – бір елдің қарулы күштерінің басқа бір елдің аумағын немесе аумағының бір бөлігін жаулап алып, сол жерде әскери әкімшілік билігін орнатуы.

Әскери-стратегиялық теңдік (теңқалыптылық) – ядролық қаруларды ескергенде әскери саладағы күштер теңдігін білдіретін ұғым.

Бақылаушылар – халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың жұмысына, халықаралық мәслихаттарға т.б. форумдарға шекті түрде қатысуға жолданған мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың өкілдері. Толық құқылы мүшелермен салыстырғанда олардың шешім қабылдауға, жұмыс органдарын құруға және солардың жұмысына қатысуға құқығы жоқ, бірақ бақылаушыларға талданып жатқан мәселелер жөнінде өз пікірлерін айтып, ұсыныстар жасауға мүмкіндік беріледі.

Барынша тиімді жағдай жасау тәртібі - шарт жасасушы жақтардың қарсы жаққа, оның жеке және заңды тұлғаларына экономикалық, сауда және де басқа жеңілдіктер беру туралы халықаралық-құқықтық тәртіп.

Басқыншылық – бір елдің егемендігіне, жерінің біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бөтен елдің қарулы күштерінің қолданылуы.

Баспана құқы – мемлекеттің өзіне тиісті өтініш берген адамға саяси баспана беру егеменді құқығы.

Баспасөз мәслихаты – ресми қызметкерлердің, саяси және қоғам қайраткерлерінің, ғылым мен мәдениет саласы өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерімен кездесіп, әңгімелесуі.

Бәтуа (консенсус) – халықаралық ұйымдарда және мәслихаттар мен кеңестерде басқа жақтан жалпылама келісімді қабылдауға қарсылық болмаса шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі.

Бейбіт өмір сүрудің бес қағидасы - алғаш рет 1954-ші жылы үнді-қытай келісінде жарық көріп, төмендегідей қағидаларды қамтыды: екі жақтың аумағының біртұтастығы мен егемендігін құрметтеу; шабуыл жасаспау; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; теңдік және екі жаққа бірдей тиімділік; бейбіт қатар өмір сүру.

Бейбітшілік мақсатындағы серіктестік, БМС. БМС ауқымында қазір 26 мемлекет әскери және қауіпсіздік, саяси ынтымақтастық туралы жалпы құжаттар қабылдады. Ресей (1997-ші жылы құрылған «НАТО - Ресей Кенесі» негізінде тұрақты консультациялық форумы) мен Украинаның (саяси және әскери ынтымақтастық туралы 1997-ші жылы қол қойылған «Ерекше серіктестік туралы партия» негізінде БМС және ЕАСО шеңберінде кеңейтілген) ерекше мәртебелері бар.

Бейтараптылық (нейтралитет) – әскери қақтығыстарға араласпау, әскери одақтар мен блоктарға мүше болмау, өз аумағын шетелдік әскерлер мен әскери

базаларға бермеу қағидасын білдіретін мемлекеттің айрықша халықаралық құқықтық мәртебесі.

Босқындар –қуғындаудың, соғыс қимылдарының салдарынан не басқа да бір себептермен өздерінің тұрғылықты жерін тастап кеткен адамдар.

БҰҰ-ның бейбітшілікті қорғау жасақтары - 1948-ші жылдан бері БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің бейбітшілікті қорғау мақсатында құрған әскери құрылымдары мен жай адамдардың бақылаушы тобы. «Көгілдір дулыға» топтарының мақсаты уақытша бітімнің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

БҰҰ-ның Жарғысына сай қолданылатын мәжбүрлеу шаралары – БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің өз бетімен халықаралық бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтау немесе қайта орнату мақсатында біріге күштеп жүзеге асыратын шаралары.

БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесі –БҰҰ-ның ең басты 6 органдарының бірі. Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікке төнген әрбір қауіпті, бейбітшілікті бұзу немесе шапқыншылық әрекетті анықтап, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау немесе қалпына келтіруге қажет шараларды белгілейтін БҰҰ-ның дара органы.

Бірлесім –әдетте саяси немесе әскери сипаттағы екі не бірнеше мемлекеттің, халықтың, саяси партиялардың және басқа да ұйымдардың біріге қимылдау мақсатында құрған блогы, одағы.

Бір тараптықіс-әрекет, елдің дара белсенділігі –халықаралық деңгейде белгілі бір заңды нәтижеге жетуге бағытталған жеке бір мемлекеттің дара іс-шарасы.

Біріге билік жүргізу –екі немесе бірнеше мемлекеттің бір аумақтың жоғарғы билігін бірлесе меншіктеп немесе билікті біріге жүргізуі.

Біріккен Ұлттар Ұйымы БҰҰ – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту, өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында егемен мемлекеттердің өз күштерін ерікті түрде біріктіре отырып, 1945-ші жылдың 26-шы маусымында Сан Франциско қаласында құрған халықаралық ұйымы.

Бітім I –соғысушы жақтардың әскери қимылдарды уақытша тоқтату туралы келісімі.

Бітім II –халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде басқа тараптан жалпылама келісімді қабылдауға қарсылық болмаса, шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі, тәсілі.

Бітімгер –соғыс жүріп жатқан аймақтарда қарсыласпен келіссөз жүргізуге жіберілген соғысушы жақтардың бірінің ерекше өкілеттігі бар ресми өкілі. Бітімгерге тиіспеу ертеден келе жатқан және арнайы құрметке ие болған халықаралық ғұрып.

Дамуы төмен елдер, ДТЕ–БҰҰ-ның ақпаратынша осы топқа жататындар: Ауғанстан, Ангола, Экваторалық Гвинея, Эфиопия, Бангладеш, Бутан, Бенин, Буркина Фасо, Бурунди, Джибутти, Эритрея, Гамбия, Гвинея, Гвинея-Биссау, Гаити, Йемен, Кам- боджа, Кирибати, Коморы, Демократическая Республика

Конго, Лаос, Лесото, Либерия, Мадагаскар, Малави, Мали, Мавретания, Сан Томе и Принципи, Сенегал, Сиерра Леоне, Сомалия, Судан, Танзания, Тимор-Лесте, Того, Чад, Тувалу, Уганда, Вануату, Орталық Африка Республикасы.

Делдалдық - дауға қатысы жоқ үшінші бір тараптың халықаралық құқық негізінде өз белсенділігімен немесе дауласушы тараптардың өтінішімен екі тарап арасындағы дауды бейбіт жолмен шешу мақсатында, кейде өзі де келіссөздерге белсенді түрде араласа отырып, халықаралық дауды шешу құралдарының бірі.

Дипломатиялық шабарман - дипломатиялық поштаны жеткізу міндеті тапсырылған ресми тұлға. Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы 1961-ші жылғы Вена конвенциясына сай дипломатиялық шабарман жеке басына тиіспеушілік құқына ие, оны тұтқындауға немесе қандай да түрде болмасын ұстауға болмайды.

Егемендік - мемлекеттің өзінің ішкі және сыртқы қатынастарында басқа мемлекеттерден толық тәуелсіздігі, өз аумағында басқа елдің араласуына жол бермейтін толық заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі бар болуы.

Елауғандар I - бір мемлекеттің тұрақты немесе ұзақмерзімге табыс табу мақсатымен немесе саяси, діни себептердің салдарынан екінші мемлекет аумағына қоныс аударған адамдар.

Елауған II - өзі азаматы болып табылатын немесе тұрақты өмір сүрген елінен басқа мемлекетке тұрақты қоныстануға кеткен адам.

Елші - 1) 1-ші сыныпты дипломатиялық өкілдіктің Елбасы бекітетін басшысы. 2) Сыртқы істер органдарында істейтін дипломатиялық қызметкерлерге берілетін ең жоғарғы дәреже.

Еуразия экономикалық бірлестігі, ЕурАзЭБ бұрынғы Кедендік Одақтың негізінде құрылды. Мүше елдер: Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Тәжік Республикасы. 2006-шы жылы қаңтарда ЕАЭБ-ке Өзбек Республикасы да мүше болып қабылданды. Ұйымның негізгі мақсаттары мүше елдер арасындағы интеграциялық үрдістерді дамыту, ортақ экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және мәдени кеңістік құру болып табылады.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесі, ЕҚЫК 1973-ші жылдың 3-ші шілдесінен 1975-ші жылдың 1-ші тамызына дейін Хельсинки және Женева қалаларында 33 Еуропа елдерінің, сонымен бірге АҚШ пен Канада өкілдерінің қатысуымен өтті. Аталмыш кеңес халықаралық шиеленісті шешу жолындағы ерекше зор халықаралық мәні бар маңызды қадам болды.

Жаднама жазба - ауызша жасаған мәселені нықтау үшін жеке әңгіме кезінде тапсырылатын дипломатиялық хат-хабар құжатының бір түрі. Әдетте ол тапсырушының аты мен кімге жазылғаны көрсетілмей, елтаңба басы жоқ параққа, қаратпа сөзсіз, мәтіннің астына орны мен күні ғана көрсетіліп, бірақ шығу саны көрсетілмей, мөр басылмай және мекеменің мекенжайы көрсетілмей жасалады. Мәтіннің басында Жаднама жазба деп көрсетіледі. Жаднама жазбаның мақсаты ауызша жасалған мәлімдеменің мағынасын күшейту және қате түсінік тууына мүмкіндік бермеу болып табылады.

Жадығат - дипломатиялық құжаттың бір түрі. Оның ерекшелігі белгілі бір мәселені деректілік немесе заңдылық жағынан дәйекті түрде толық баяндайды. Жадығат дипломатиялық нотаға қосымша ретінде де берілуі мүмкін.

Жалдамалылар - заңды үкіметті құлатып, елдің ішкі жағдайын шиеленістіруге бағытталған қимылдарда белгілі бір топтар мен мемлекеттердің қаржы беріп пайдаланылатын адамдары. Жалдамалыларды пайдалану және жалдану халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Жаппай қыру қарулары - қирату және зақым келтіру күші жай қарулардан көп есе асып түсетін соғыс жүргізу құралдары.

Жариялау - халықаралық шартты ел ішінде, әдетте баспасөз құралдары арқылы жұртшылыққа жеткізу

Жасырын шарттар - үкіметтер арасында өз халқынан жасырын жасалған және жарияланбаған шарттар.

Жедел орналастыру күштері - жер шарының «аса мазасыз» аймақтарында қолдану үшін ұйымдастырылған, аса тез қимылдайтын арнайы әскери күштер.

Жеке-дара бейбітшілік - соғыс жағдайындағы мемлекетпен оған қарсы бірлесім немесе одақтың бір немесе бірнеше мүшелерінің қатысуынсыз, олардан жасырын әрі олардың келісімінсіз жаулас мемлекетпен бейбітшілік немесе бітімге келу туралы шарт.

Жеңілдіктер - бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке сауда-саттық және экономикалық байланыстарда кедендік баж салықтарын немесе тапсырыстарды орналастыруда, капитал нарығына енуде тиімді шарттар жасай отырып беретін арнайы артықшылықтары мен жеңілдіктері.

Заңсыз қосып алу - басқа бір мемлекеттің жерін заңсыз түрде қосып алу.

Зорлық еңбек үшін қарымта қор - екінші дүниежүзілік соғыс кезінде рейхсвер жаулап алған аймақтардан Германияға әкелініп, зорлықпен істеткен еңбегі үшін сол адамдарға өтемдерді 2001-ші жылдың шілдесінде құрылған Федералдық «Еске алу, жауапкершілік, болашақ» қорының есебінен төлеу туралы 2001-ші жылдың 30-шы мамыры күні Бундестаг қабылдаған шешім.

Зұлмат - қандай да болса бір ұлттық, ұлыстық, нәсілдік немесе діни топтарды тұтастай немесе олардың бір бөлігін құртуға бағытталған іс- әрекет.

Казус белли- мемлекеттер арасында соғыс тууына соқтыратын тікелей ресми себеп.

Казус федерис - халықаралық шарттарда белгіленген кейбір қимылдарды істеуге мәжбүр ететін жағдай, мысалы: одақтастарын қорғау мақсатында соғысқа кірісу.

Карт-бланш - мәтінін өз қалауы бойынша толтыру үшін басқа адамға қолы қойылып берілетін таза парақ.

Келімсектер - бір мемлекеттің тұрақты немесе ұзақмерзімге табыс табу мақсатымен немесе саяси не діни себептердің салдарынан екінші мемлекет аумағына қоныс тепкен адамдар.

Келісім, келісімшарт - өзара және коллективтік қаушсіздікті, өзара көмек пен шабуыл жасаспауды және басқа да сұрақтарды, сондай-ақ мемлекеттер

ынтымақтастығының нақты салалары үшін маңызы үлкен қағидалар мен қалыптарын реттейтін өзара көптараптық халықаралық шарттың атауы

Кемсітушілік – халықаралық қарым-қатынаста бір мемлекеттің тең құқылық ұстанымды бұза отырып, екінші бір мемлекеттің құқығы мен заңды мүддесін шектеуі немесе кемсітуі.

Кепілгеалынған адамдар – үшінші бір тарапты осы адамдарды босату үшін тікелей немесе жанама түрде белгілі бір әрекеттерді істету немесе олардың бас тартуы үшін қолға түсіріліп, өлім жазасымен қорқытып немесе денесіне зақым келтіре қамалған адамдар.

Кері шақыру грамотасы – дипломатиялық өкілді кері қайтарып алу туралы өз елінің мемлекет басшысы қол қойған құжат.

Кесімді талап (ультиматум) – 1) бір мемлекет үкіметінің екінші мемлекет үкіметіне берілген уақытта белгілі бір іс-әрекеттерді атқару туралы, егер орындалмаса шара қолданумен сес көрсеткен үзілді-кесілді талап; 2) соғыс кезінде әскери басшылыққа қарсы жақтың әскерлеріне қажетсіз қан төгісті тоқтату мақсатында қойылатын талап.

Коалиция – саяси немесе әскери сипаттағы екі не бірнеше мемлекеттің, халықтың, саяси партиялардың бірге қимылдау мақсатында құрған блогы, одағы.

Ұжымдастық қауіпсіздік туралы шарт – күш қолдану немесе күш қолданамыз деп сес көрсетуден бас тарту және өзара басқа елдермен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу туралы шарт. 1992 жылдың 15 қаңтарында Ташкент қаласында Қазақстан мен Ресейдің ұсынысы бойынша 5 ТМД елдерінің басшылары қол қойған.

Кондоминимум – екі немесе бірнеше мемлекеттің бір аумақтың жоғарғы билігін бірлесе меншіктер немесе билікті бірге жүргізуі.

Консул – екінші мемлекеттің келісімі бойынша сол елдегі өзіне жүктелген қызметті орындау бабында тағайындалған мемлекеттік лауазымды тұлға.

Конфедерация – екі немесе бірнеше егемен мемлекеттердің белгілі бір мақсаттарды іске асыруы үшін құрған тұрақты бірлестіктің мемлекеттік құрылымының түрі.

Консессия – мемлекеттің шетелдіктерге арнайы шарт негізінде өз аймағында нақты өндірістік-экономикалық қызмет атқаруға беретін рұқсаты.

Көз болу – өзінің ұлттық экономикасын шетелдік бәсекеден қорғау мақсатында іске асыратын мемлекет шараларының жүйесі.

Көлеңкедегі кабинет – Ұлыбританияның басты оппозициялық партиясының Парламенттік комитеті.

Күшін жою/тоқтату – мемлекеттің өзі қабылдаған халықаралық шарт міндеттерінен бас тартуы.

Күшпен сес көрсету – мемлекеттің тұтастығына, саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолдану. Бұл әрекет БҰҰ мақсаттарына қайшы. БҰҰ жарлығы бойынша бұл әрекеті үшін жауап береді.

Қабылдаушы мемлекет – халықаралық жиындар өтетін штаб-пәтері немесе шетелдік мемлекеттің өкілдігі орналасқан мемлекет.

Қарақшылық – ашық теңізде кемелерді басып алу, тоқтату немесе тонау сияқты халықаралық қылмыс.

Қарар(резолюция) – халықаралық мәслихатта қабылданған шешімдердің бір түрі.

Қаруландыру – мемлекеттің қарусыздандырылған аудандарына әскери құрылыстар мен бекіністер салу, әскери-экономикалық шараларды іске асыру.

Қарусыздандыру – белгілі бір аумақты бейбітшілік кезеңде әскери мақсатқа қолдануға тыйым салынатын халықаралық-құқықтық тәртіп.

Қарымта (реторсия) – басқа мемлекеттің қас әрекеттерінің салдарынан өзіне тиген рухани және материалдық зиянға жауап ретінде халықаралық құқық нормасын бұзбай қарулы күштерін қолданбай-ақ іске асырар мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары.

Қол сұқпау – бір мемлекеттің өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

Қорытынды акті – халықаралық мәслихаттарда қорытындылайтын құжаттың атауы.

Қорытынды хаттама – келісімге келуші тараптардың қажет болған кезде келісімдерге кейбір толықтырулар, анықтаулар енгізу, бөлек баптарға түсінік беру туралы арнайы қол қойылған қосымша актілер.

Құзырет – мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның үлесіндегі ерекше құқық.

Құнсыздану (девальвация) – елдегі валюта бағамының өсу жылдамдығын білдіретін өлшем.

Қырғиқабақ соғыс – халықаралық қатынастарда жанталаса қарулануды тездетіп соғыс блоктарын құру, күшімен қорқыту, басқа мемлекетке қарсы қастандық әрекеттерді жандандыруға бағытталған мемлекет саясатын білдіру.

Қысқарта қол қою – халықаралық шартқа келісімге келуші шарттардың өкілетті уәкілдерінің қол қою барысындағы бастапқы әріптерін ғана көрсетіп қол қою.

Ланкестік (терроризм) – адамдардың мағынасыз өліміне соқтыратын мемлекеттерді дипломатиялық қызметінің жұмысына келетін кеселін тигізіп, халықаралық қатынастарға кездесулерге елдер арасындағы көлік байланыстарына қиындық келтіретін қоғамға қауіпті халықаралық деңгейдегі іс қимылдар.

Мәлімдеме (декларация)– өздерінің ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымдарына немесе нақты мәселелерге деген көзқарасты білдіретін жариялама.

Мәмілегер(дипломат) – белгілі бір мемлекеттің шетелдік мемлекеттермен ресми қарым-қатынастарын жүзеге асыру барысында жұмыс жүргізетін арнайы дайындығы бар лауазымды адам.

Мәмілегерлік (дипломатия) – мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асырудың құралы, қойылған мақсаттың түріне сай нақты шарттарды ескере

отырып іске асырылатын соғыс әрекетіне жатпайтын практикалық әрекеттер тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

Мәртебе (статус) – жеке немесе заңды тұлғаның халықаралық құқықтық орны, жағдайы.

Мемлекеттердің егемендік теңдігі – барлық мемлекеттердің тең құқылығы мен жауапкершілігі экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелердегі айырмашылықтарға қарамай олардың халықаралық бірлестікке тең құқылы мүшеліктерін білдіретін қағидалардың бірі.

Мемлекеттің құқықтық мұрагерлігі – бір мемлекеттің құқықтары мен мұрагерлігінің екінші бір мемлекетке өтуі.

Мемлекеттік аумақ – аталмыш мемлекеттің шекарасы ішінде орналасқа және оның егемендігі иелігіне қарайтын жер шарының сулық, құрлықтық және әуедегі бөлігі.

Меморандум – дипломатиялық құжаттың бір түрі. Оның ерекшелігі – белгілі бір мәселені деректілік немесе заңдылық жағынан дәйекті баяндайды.

Модус вивенди – тұрақты немесе ұзақ мерзімді келісімге келуге белгілі бір жағдайлар болмаған кезде уақытша, қысқа уақытта жасалған келісімді білдіретін ұғым.

Модус проседенди – халықаралық келісім бойынша белгілі бір міндеттеме немесе әрекет қалайша және қай ретте орындалу керек екенін білдіретін ұғым.

Нәсілшілдік (расизм) – бір нәсіл адамдарын дене және психологиялық артықшылығын уағыздауға бағытталған, жалған ғылыми кертартпа ұғымға негізделген идеология мен практика.

Нотификация – дипломатиялық және шарт жасасу тәжірибесінде кең қолданылатын ресми мәлімдеме.

Нунций – Рим папасының Ватикан дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердегі дипломат өкілі.

Оптация – өз еркімен екі мемлекет азаматтығының бірін таңдау, қалап алу.

Оралу – әртүрлі себептермен басқа бір мемлекеттің аумағына барып, қалған адамдардың тұрақты өздерінің өмір сүретін немесе азаматтығы бар туған еліне қайтып оралу.

Өзара келісім – халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде басқа жақтан жалпылама келісімді қабылдауға қарсылық болмаса шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі, тәсілі.

Өтеме қор – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Рейхсвер жаулап алған аймақтардан Германияға әкелініп зорлықмен істеткен еңбегі үшін сол адамдарға өтем төлеу шешімі.

Өтемқұн – заңсыз іс-әрекеттердің салдарынан келтірілген материалдық зиянның орнын толтыруды білдіретін жауапкершілігінің бір нысаны.

Пакт – өзара және коллективтік қауіпсіздікті, көмек пен шабуыл жасаспауды және мемлекеттер ынтымақтастығының қалыптары мен қағидаларын реттейтін көптарптық халықаралық шарт атауы.

Плебесцит – бір аумақтың мемлекеттік меншігі немесе екі мемлекеттің конфедерация не федерация болып бірігуі сияқты сұрақтарды шешуде тұрғындардың ойын білу тәсілінің бір түрі.

Пролонгация – халықаралық шарттың қолданыса мерзімін ұзарту, созу.

Промульгация – халықаралық шартты ел ішінде баспасөз құралдары арқылы жұртшылыққа жариялау.

Ратификациялау – мемлекеттік биліктің жоғары органының осы мемлекет немесе үкімет атынан толық құқылы өкілі қол қойған халықаралық шартты бекіту.

Ребус сик стантибус – шар жасасқан кезбен салыстырғанда жағдайлардың күрт өщгеріп кетуіне байланысты халықаралық-құқықтық ғұрыпқа сай осы шарттың күшін жоюға немесе одан шығуға негіз болатын заң бабы.

Ресми қабылдау – Елбасының, үкімет басшысының, сыртқы істер министрінің, үкіметтің басқа мүшесінің дипломатиялық өкілді қабылдауы.

Ресми мәлімдеме (коммюнике) – халықаралық келісімдердің болғаны жайлы, халықаралық келісімсөздер барысы немесе нәтижелері туралы ресми хабарлама.

Рұқсатнама – 1) экспорттық немесе импорттық рұқсатнама – мемлекеттік құқылы ұйымдар беретін тауарларды шетке шығаруға немесе шетелден әкелуге рұқсат беретін қағаз (кұжат). 2) патенттік рұқсатнама – өнертапқыштықты, тауарлар белгісін немесе басқа да өнеркәсіптік меншікті пайдалануға рұқсат беретін құжат.

Сауда өкілдігі – тұрып жатқан шет мемлекетте өз мемлекетінің сыртқы экономикалық мүдделерін қорғайтын мемлекеттің шетелдегі органы.

Сенімді өкіл – мемлекет басшысы емес, Сыртқы істер министрі бекіткен жоғары сыныпты дипломатиялық өкілдіктің басшысы.

Сенімсіздік білдіру – лауазымды адамдарды сатқындық, парақорлық, басқа да ауыр қылмысқа не теріс қылыққа байланысты парламент төрелігіне салу рәсімі.

Сес шешім (санкция) – 1) халықаралық құқық нормаларының құрылымдық элементтерінің бірін; 2) БҰҰ Жарғысы бойынша мәжбүрлеу шараларын; 3) халықаралық құқықтық жауапкершілік түрлерінің бірін; 4) қарымта мен мәжбүрлеу әрекеттерін білдіру үшін қолданылатын ұғым.

Соттық тапсырыстар – мемлекеттің екінші бір мемлекеттің сотына сол ел аумағындағы кейбір процессуалдық істерді атқару (құжат тапсыру, сараптама жасау, куәлардан жауап алу, тараптардың ойын білу, т.б.) туралы өтініш.

Тауарлық белгі - тауарларды ерекшелеу, яғни бір кәсіп қорының тауарларын екінші кәсіпорынның сондай тауарларынан ажырату үшін шартты белгі немесе қайталанбас жасанды белгі.

Тежеуіл (мораторий) – халықаралық құқық субъектілерінің белгілі бір іс-қимылдарды бір мерзімге тоқтату немесе тежеу туралы уағдаластық.

Теңдестік (паритет) – тараптардың теңдей өкілдерінің қатысуымен келіссөздерді сол өкілдердің өзара мүдделерін ескере отырып, екі жаққа да тиімді келісімді қабылдау, келіссөздерді тең құқылы жүргізу.

Тең төраға(сопредседатель) – мәслихаттардың немесе сессиялардың төрағалық міндетін тең құқылы қағидасымен екі мемлекеттің өкілдері бірге атқаратын іс-әрекет ережесі.

Текетірес (конфронтация) – мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығысқа әкеліп соқтыруы мүмкін егес, шиеленіс.

Төрелік (арбитраж) - халықаралық таласты айтушы жатқардың келісімін алып, бірнеше елдердің төрелігімен талдау.

Төрелік жазба – 1) мемлекеттердің төрелік сотпен және ондағы қаралу рәсімін реттейтін халықаралық құқықтық норма; 2) халықаралық шартты талдау және оның баптарын пайдалану рәсімі кезінде қалыптасқан дауды реттеудің нормасы.

Төтенше жағдай – бейбітшілік және соғыс кезінде жағдайдың ерекшелігіне байланысты елдің кейбір кейбір аудандарында күшіне енгізілетін елдің ішкі және сыртқы жаудан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға т.б. бағытталған шараларды қолдануға мүмкіндік беретін құқықтық жағдай.

Тұрақты одақ (конфедерация) – екі немесе бірнеше егемен мемлекеттердің белгілі бір мақсаттарды іске асыруы үшін құрған тұрақты бірлестіктің түрі.

Түсінік (казуалдық түсінік) – мемлекеттің халықаралық шартқа қол қоярда, оны қабылдарда немесе бекітерде жасайтын, сол шартқа қосыларда мәлімдейтін біржақты ресми ескертпесі.

Тізе бұғу (капитуляция) – қарсылықтың қарулы күштерінің қарсыласуды тоқтатып, берілуі.

Уағдаластық – тараптардың дипломатиялық келісімінің ресімделмеген түрі. Келіссөздер арқылы қол жеткізілген келісім.

Уағдаластықтан бас тарту (дезауирование) – дипломатиялық өкілді немесе басқа бір ресми уәкілдің қолында тиісті тапсырысы болмастан өз уәкілеттігін асыра отырып, іс істегені туралы мемлекеттің мәлімдеу актісі.

Уақытша сенімді өкіл – басшысы болмаған кезде дипломатиялық өкілдікті уақытша басқаратын қызметкер.

Уәкіл – елшілер сияқты мемлекет басшысы бекітетін екінші сыныпты дипломатиялық өкілдіктің басшысы.

Шабарман парағы (курьерный лист) – дипломатиялық шабарман мәртебесіне сай шекара арқылы осы қағазда көрсетілген санды дипломатиялық поштаны алып өтуге құқық беретін арнайы құжат.

КӨНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ СӨЗҚОЛДАНЫСТАР

Ұлық мәртебелі – жоғары мәртебелі. Аса құрметті, қадірлі, ұлы деген мағынада айтылатын патша, ханға қарата қолданылған тұрақты атауыш. *Ұлық мәртебелі патшаның құзырына үйібу хат жолдаймын.* («Манж-қытай патшасы

Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»))

Құзыр – әмірлік, билік. *О, құзырыңызға құлдық падишах. – Қожса Ахмет Ясауи – күллі Шағатай ұлысының оң атырабында, оң сапардың жолында дүниедегі ең үлкен, ең биік, ең сұлу гибадат мекені, қасиетті мазар-мешіті алыстан, тіпті көз жетпес, қиял жетпес жерден күн шұғыласына шағылып, сәулет беріп жарқырап тұрса... Неткен әйдік, неткен керемет болар еді, ұлы падишах ием!* («ұлы Түркістан Әмір Темір жиһангер заманында»).

Үшбу хат - алыстан жеткен хат-хабар, амандық білісу мазмұнындағы хабарлама хат. *Үшбу хат, ағайын! Мұсылмандарға жария қылып, марқұм Сарыбайдың балалары, һәм ұруы шапырашты ағайын туысқандарын марқұмның батасына шақырамыз* (Қазақтың этнографиялық энциклопедиясы. 2-том.)

Жарлық - түркі мемлекеттеріндегі ханның немесе әскер басыларының бұйрығы. *Менің бабам Эшим (Есім) хан, Янгир (Жәңгір) ханнан бері сіздің жарлығыңыз бізге жетпеген еді.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»))

Қабыл алу - қош көргендік, мойындағандық, келіскендік. *Сөйтіп, молдаға «марқұмның шаригаттың бұйрықтарын орындауда жіберілген кемшіліктерін, біліп-білмей істеген күнәларын жууы ретінде бұл малды Сіз қабылдай аласыз ба?» дейді. Бұл сөзді қабыл алған молда «қабыл көрдім» деп айтып әлгі туыстардан жіпті алады.* (Қазақтың этнографиялық энциклопедиясы. 2-том.)

Бек шаттану – ерекше құрметпен қуану, көңілдену, масайрау. *Енді біз сіздің жарлығыңызды есітіп, оны қабыл алуға бек шаттандық.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»))

Қарауымдағы бұқара – халқым, жұртшылығым, елім. *Мен, Абулай (Абылай) өз ұлдарыммен һәм қарауымдағы бұқарамен сізге бодан болдық.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»)).

Бодан болу - еркінен айрылғандық, тәуелділік. *Мен, Абулай (Абылай) өз ұлдарыммен һәм қарауымдағы бұқарамен сізге бодан болдық.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»)).

Ұлық ілтифат - риясыз көңіл, ерекше ықылас. *Сіздің тарапыңыздан болатын әрбір ұлық ілтифатыңызды қабыл көреміз.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»)).

Қабыл көру – қабылдау, мақұл көру, ұнату. *Сіздің тарапыңыздан болатын әрбір ұлық ілтифатыңызды қабыл көреміз.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»)).

Бас - кісінің жеке дара өзі. *Жеті бас, елші он бірміз.* («Манж-қытай патшасы Цяньлунға 1757 жылы жазған Абылайдың хаты» («Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг»)).

Құстұмсық қос мөр – құстұмсық сақинаға ойылған екі мөр - Қазақ ханы Абылайдың мөрі мен Абылайдың кіші інісі Әбілфейіздің мөрі.

Тәңірінің жарылқауы – Құдайдың қалауымен деген мағынада қолданылған. *Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Заман билеушісі – дәуір ханы, ел әміршісі. *Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Ие - пір, қолдаушы, жарылқаушы, қожа, қожайын. *Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Баяндаймын - Мәлімдеу, түсіндіру, жеткізу. *Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Көкейімдегі ой – жадындағы, есіндегі, бұрыннан ойлап жүрген ойы. *Көкейімдегі ойым бұл. Біздің қазақтар ауызша ақылдасады, жазбаша баяндайды.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Иемнің жарылқауымен – Тәңірдің қалауымен, Құдайдың бұйрығымен. *Иемнің жарылқауымен жайылымды болдық.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Жайылымды болу - Оты мол жайылма, шөбі көк майса жерге ие болу. *Иемнің жарылқауымен жайылымды болдық.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Құландар сияқты өзгеше жұрт – қазақты еркін, дара, саяқ тіршілік ететін, ешкімге соқтықпайтын халық ретінде сипаттау мағынасында айтылған. *Біздің қазақтар ауызша ақылдасады, жазбаша баяндайды. Олар (басқа) адамдарға ұқсағанымен тағы құландар сияқты өзгеше жұрт.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Мал басы - Жалпы қорадағы мал, жиған мал. *Мал басымыз өсті.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Жасағанның жарылқауымен – Құдайдың қалауымен. *Жасағанның жарылқауымен иелігімнің шығыс шекарасы Чоргоға (Шорға) дейін, оңтүстіктігі Шарабэлге (Сарыбел) жетті. Ортасы Лэбси (Ленсі) ойпатын мекен етудемін.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Иелігім – меншігім, қожалығым. *Жасағанның жарылқауымен иелігімнің шығыс шекарасы Чоргоға (Шорға) дейін, оңтүстіктігі Шарабэлге (Сарыбел) жетті. Ортасы Лэбси (Ленсі) ойпатын мекен етудемін.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Тәңірдің берген сыйы - Құдайдың жарылқағаны, Тәңірдің қалауы. *Бұлда тәңірдің берген сыйы.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Түпкі мақсат - тілек, арман, мұрат. *Мен түпкі мақсатым мен бүгінгі жағдайды пайымдай келе бодан болдым.* (Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Болашақ ізбасарларым - Өзінен бұрынғылардың соңынан ілесуші, соның жолын ілгері апарушы, келешек ұрпақ. *Менің болашақ ізбасарларым сақтау үшін қызыл мөрлі билеуші таңбасын беруіңізді өтінем»* Қазақ ханы Абылай манжу-қытайлық Цин империясының патшасы Цяньлунға Тарбағатай губернаторы арқылы ойрат тілінде 1774 жылы жіберілген хаты).

Ырзалану - риза, разы болу. *Бұл сөзге Абылай хан ырзаланды, Айтылған уағданы қабыл алды.* («Абылайдың Үргенішке барғаны. «Тарихат» дастаны).

Қол асты - Бағынышты, тәуелді жұрты, елі. *Менің қол астыма Ұлы жүз бен Кіші жүз де қарайды, мұның ішінде Ұлы жүз Ташкенияның Түркістан қаласының маңында орналасқан.* (Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты)

Қарауымдағы қазақтар - қазақ халқы, елім. *Сол аймақта менің қарауымдағы қазақтармен соғысып, тынышын алып, қысым жасап жүрген қырғыздар да баршылық.* Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты)

Тынышын алу – соғыс жариялады, зықысын шығарды, күн көрсетпеді, қысым жасады. *Сол аймақта менің қарауымдағы қазақтармен соғысып, тынышын алып, қысым жасап жүрген қырғыздар да баршылық.* (Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты).

Қарулы қол – қарулы әскер. *Олар қарулы қолмен ауылдарды шауып, әйелдері мен балаларын тартып әкетіп отырады.* (Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты).

Жалбарына жалыну - Құлдық ұрып, қиылып жалыну. *Сол халқым менен көмек сұрап жалбарына жалынған соң, мен өз ұлдарым мен інілерімді қастарына кісі қосып бұрын аттандырған едім.* (Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты).

Аттандыру - жіберу, шығарып салу. *Мен өз ұлдарым мен інілерімді қастарына кісі қосып бұрын аттандырған едім.* (Абылай ханның Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа 1779 жылғы 13 тамызда жолдаған хаты).

Жақсылар – би, төрелер, ақсақалдар. *Кіші жүз жақсылары қайтып кетіп, Қасына қосын жиып даярланды.* («Абылайдың Үргенішке барғаны. «Тарихат» дастаны).

Келле мұнара - келле (қырғызша -кәлле), келде – бас деген сөз, кесілген неше мың басты төбе қылып үю. Келле-мұнара - адам басынан үйілген төбешік. *Мұсылман мұсылманның етін итке жегізіп, басынан келле мұнара тұрғызып, осынша қорлай ма екен? Жүрмесең Құдай алдында достық хақымды кешпеймін.* («Абылайдың Үргенішке барғаны. «Тарихат» дастаны).

Шабылды – қырылды, жеңілді, жойылды. *Қарада Қуыс Шыңғырдан, Семіз найман шабылды. Соның ішінде, Қоңыратым жаман шабылды.* . («Абылайдың Үргенішке барғаны. «Тарихат» дастаны).

Бұрыттар – қырғыздар. *Бұрыттар мен Ердени бірлесіп біздің Ұлы жүзімізді шапқан еді, сол себептен былтыр біз де жорық жасап, бұрыттарды бағындырдық* (1767 жылғы Абылай ханның Цин патшасы Цянь Лунға тот-моңғол тілінде (қалмақ тілінде) жазған хаты)

Елімнің қоныстары – билік ететін аймақ, **Қазақстан аймағы, шекарасы.** *Елімнің қоныстары: шығысы Чорго жеріне, оңтүстігі Шарабелге, ортасы Лепсіге жетіп тұр.* (Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цянь Лунға жолдаған хатының мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы)

Қызыл таңба – мөр. *Ұлы Ежен менің келешек ұрпағымның, менің балаларымның қолында сақталатын қызыл таңба басылған хат жолдап бергей* (Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цянь Лунға жолдаған хатының мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы).

Жорық жасау – шабуылдау, жаулау. *Бұрыттар мен Ердени бірлесіп біздің Ұлы жүзімізді шапқан еді, сол себептен былтыр біз де жорық жасап, бұрыттарды бағындырдық.* (Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цянь Лунға жолдаған хатының мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы).

Әлгілер - белгілі, таныс, баяғы. *Әлгілер ылғи да қамалдың ішінде тығылып алып, шайқасқа шықпайды.* (Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цянь Лунға жолдаған хатының мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы).

Қамал - жаудан қорғану мақсатымен жасалған, қабырғасының қалыңдығы 1,5-тен 3 метрге дейін болатын мықты қорған, берік бекініс. *Әлгілер ылғи да қамалдың ішінде тығылып алып, шайқасқа шықпайды. Қамалдарын*

қиратайық десек, зеңбірегіміз жоқ. Осы себептен біз Ұлы Ежен Боғда ханнан зеңбірек және әскери күш сұраймыз. (Абылай ханның 1760 жылдың соңында Цин патшасы Цянь Лунға жолдаған хатынның мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы).

Тұтқын - бас еркінен айырылып, қолға түскен адам. *Торғауыт... тұтқындардың айтуларына қарағанда, ноян Дата Алақ-ұла, Құлжа және Хайнұқсынды жерлердегі улеттерді бастап бұрыттарға барып қосылмақ екен.* (Абылай ханның Цин патшасы Цянь Лунға жазған Үшінші хаты. 1771ж.)

Ноян - Ертедегі (XI-XII ғасырдың алғашқы жартысындағы) Монғолиядағы ақсүйек феодалдар, рубасылары. *Торғауыт... тұтқындардың айтуларына қарағанда, ноян Дата Алақ-ұла, Құлжа және Хайнұқсынды жерлердегі улеттерді бастап бұрыттарға барып қосылмақ екен.* (Абылай ханның Цин патшасы Цянь Лунға жазған Үшінші хаты. 1771ж.)

Мүшкіл хал - жағдайы өте ауыр, нашар. *Алақ-ұлаға бара қалған күнде, онсыз да мүшкіл халдегі ел-жұрт қайғылы жағдайға душар болуы ықтимал.* (Абылай ханның Цин патшасы Цянь Лунға жазған Үшінші хаты. 1771ж.)

Тату-тәтті - араларында көңіл кірбіңі жоқ, сыйластықты. *Бұхара, Самарқан және сол маңдағы халықтардың барлығы бізбен тату-тәтті қарым-қатынаста, тек батысымызда тұратын Ердени жұртымызға тыныштық бермей, жиі шабуылдап келеді.* (1767 жылғы Абылай ханның Цин патшасы Цянь Лунға тот-моңғол тілінде (қалмақ тілінде) жазған хаты)

Кісен салу – тұтқындады, тұтқын қылды. *Қырғыз-қайсақтың иесі Абылай сұлтанды жоңғарлардың қожасы Қалдан Серен тұтқында ұстап, оның аяқ-қолына кісен салыпты.* (1742 жылы 18 мамырдағы Гладышевтің хаты)

Қайтару – босату, бостандыққа жіберу. *Егер де 10 отбасын және Қарасақалды әкеліп берсе, сонда ғана жоңғарлықтар тұтқындарды қайтарамыз.* (1742 жылы 18 мамырдағы Гладышевтің хаты)

Арашашы - арашалаушы, ара түсуші, қорғаушы. *Екінші себеп - шын мәнінде оған арашашы болған беделді би-старшындар.* (1742 жылы 18 мамырдағы Гладышевтің хаты).

Тіл табысты – бітімге келді, түсіністі. *Абылай сұлтан Қалдан Серенде екі жылдай тұтқында болды. Онымен бірге Жолбарыс сұлтан отырды. Ол Қалдан Серенмен тіл табысты.* (1744 жылғы 23 қаңтардағы Кирилловтың хаты)

Бейбітшілікте - соғысты тоқтатып, бейбіт қатынаста. *Барлығы да қайтарылды. Өз ұлыстарына аман-есен жетті. Олар тұтқында болған кезде сол жазда қоңтайшыларда көп адамдар шешек ауруымен ауырып, қайтыс болды. Қалдан Серен қайсақтармен бейбітшілікте.* (1744 жылғы 23 қаңтардағы Кирилловтың хаты)

Байлады – тәуелді етті, бағынды. *Абылайдың тұтқыннан келуі оны Ресейге байлады, оған міндетті болды дегендей ой білдіреді.* (1744 жылғы 23 қаңтардағы Кирилловтың хаты)

Құпия кеңесші – жасырын ақылшы. *Міне, осындай хаттың бірін 1745 жылы 16 сәуірде Орынбордан губернатор, құпия кеңесші [Иван Неплюев](#) Абылай сұлтанға жіберінті.*

Одақтастық - ниеттестік, серіктестік, одақтас болушылық, серт. Сіздің маған жіберген хатыңыздан естіп отырмын: «Бізге денсаушылық тілей отырып, біздің қол астымызда жаулап алды деген жылқылар және тұтқындар бар депсіз». Ондай жағдай болған жоқ. Тұтқында ешкім жоқ. Егер ондай болса, онда қандай одақтастық болады. (1745 жылы 7 мамыр [ПОЛКОВНИК Павлуцкийге](#) Абылай ханның хаты.)

Марапаттау - мадақтау, дәріптеу. Сіз биылғы жылғы 15 наурыздағы хабарламаңызда тағы да ұсыныс жазыпсыз. Онда Абылай сұлтанды жақсырақ өзімізге тарту мақсатымен еркелетуді және Орынборда көбірек марапаттауды талап етіпсіз. (1759 жылы (қор 122, «Қырғыз-қайсақ ісі», тізім 1, іс 3) Орынбордың губернаторы, құпия кеңесші Давыдовқа Абылай ханның хаты).

Шоқынуға барғандар - Христиан дініне кіргендер, соны мойындағандар. Ол қырғыз-қайсақтардың жауы көп, жылқыларын алып кеткен. Сондай-ақ қасиетті шоқынуға барғандар туралы айтыпты, олардың басым көпшілігі өз еріктерімен шоқынуға барған жоқ. (1759 жылы (қор 122, «Қырғыз-қайсақ ісі», тізім 1, іс 3) Орынбордың губернаторы, құпия кеңесші Давыдовқа Абылай ханның хаты).

Тыныштандыру - жанын жай таптыру, айтқанын орындау. Абылай сұлтан қойған мәселелерді шешу және Ноян Шереннің ұстап отырған адамдарын, жылқыларын да қайтарып беру мүмкіндігіне сенемін. Абылай жанжал шығарады. Оның арызы бойынша Сібір командирлерін тыныштандыру керек.

Уранхай – саха. Қырғыздар уранхай және торғауыттардың жерлерін басып алған. Олардың тұтқындағы адамдары мен малдарын қайтарып беруге уәде беріңдер (1772 жылы 19 қыркүйекте Абылай ханның Қытай патшалығына жазған хаты.)

Шашыраңқы - сирек орналасқан, шоғырланбаған. Генерал мырза, сізге айтарым, біздің Орда сіздің Ресейдей емес, өте шашыраңқы жатыр. Ұрыларды, бұзықтарды табу, ұстау тез арада қолдан келмейді. Жеріміз өте үлкен. Сол себепті кімнің қайда көшіп жүргенін білу мүмкін емес. (Абылай ханның губернатор [Иван Реннедорфке](#) жазған хаты)

Көз аларту - қастандық істеп, зиян келтіру. Осыған байланысты, егер де бізге біреулер көз алартып, соғыс ашу қаупі бола қалса, онда сіз бізге әскери көмек беруге дайынсыз ба? Осы туралы императорға жеткізіп, маған жауабын хабарласаңыз. (Абылай ханның губернатор [Иван Реннедорфке](#) жазған хаты)

Ауыздықтау - тыю, тежеу, тәртіпке бағындыру, еркіне көндіру. Генерал мырза, сізден маған 1000 немесе 500, болмаса 300 әскери адамдарды уақытша беруіңізді сұраймын. Ол біздің ішіміздегі ұрыларды ауыздықтап, тыю үшін керек. (Абылай ханның губернатор [Иван Реннедорфке](#) жазған хаты)

Көп жыл денсаушылық тілеуші - тілектес адам. Әскер берсеңіздер де, бермесеңіздер де маған хабар беріңіздер. Сізге көп жыл денсаушылық тілеуші - Абылай хан. Сенімді болу үшін өз мәріммен растаймын. (Абылай ханның губернатор [Иван Реннедорфке](#) жазған хаты)

Құпия хат – жасырын хабарлама. *«Құпия хат. Қырғыз-қайсақтың жерінде мына жағдайларды барлап білу қажет: 1. Олардың жасырын әскерлері қай жерлерде орналасқан, қандай мекенде, саны қанша, Ресей жерінен қашықтығы қанша? 2. Оның тұрақты әскері бар ма? Қанша, қай жерде? Оның бас старшындары кім? 3. Абылай сұлтанның негізгі мақсаты не? Негізгі басшылары кім? Менің жіберген хатыма жауап болмады. Ол хат кімнің қолына берілген?»*(1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Бөтен ой – жат ой, қарсы пікір. *Қырғыздардың басқадай бөтен ойлары бар ма? Көрші елдермен қарым-қатынастары бар ма? Соғыс қаупі туып тұрған жерлері жоқ па?* (1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Ұрыс-керістер – дау-жандал, дұшпандық қатынас. *Бұқара, Қашғар, Жәркент, Ташкент, Түркістан, тағы басқа да жерлермен ұрыс-керістері бар ма? Олар өзара тату болса, тез арада олармен ымыраласуға ниеттері бар ма?* (1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Сырт жақ - солтүстік. *Жазда Абылай сұлтан сырт жаққа, Көкшетау жағына көшіп бармақшы. Ол қайда барады, әрі қарай басқа жерге бармай ма?* (1760 жылы қаңтар айының 20-сы күні Омбыдан Бригадир Фонфрауендорфтан полковник Лестокқа жіберілген хат)

Жүгініс - ру-қауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым. *Алдыңа келсе ж ү г і н і с, Қарамай қара, ағына, Адалды сатып параға, Болыстың арам жағына* (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

Бітім - екі араздасушы жақты татуластыратын белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам. *Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков та, Омбы облысының бастығы граф Талызин де сендермен бейбітшілдік б і т і м жасар түрі жоқ* (І.Есенберлин, Қаһар).

Әз – байырғы қазақ қоғамында қазақ мемлекетінің негізін қалауда, саяси құрылымдарын жетілдіруде, сыртқы жаудан қорғауда, мәмілегерлік (дипломатиялық) қатынастар орнатуда айырықша еңбегі сіңген мәртебелі тұлғаларға халық таңған ерекше құрметті атақ. «Әз» деп атануға Жәнібек хан мен Тәуке хан ғана лайық болған. Олар әз-Жәнібек және әз-Тәуке деген атпен тарихқа енді. Әз сөзі «ізгі қасиетті, ардақты, аяулы, ғазиз, сыйлы» деген ұғымды білдіреді. Әз-Жәнібек хан мен әз-Тәуке ханға Әз құрметті атауы билер кеңесінің, хандық немесе әскери кеңестің ұйғаруымен берілуі мүмкін. (Қазақ этнографиялық энциклопедиясы 1 том)

Ақ үйлі аманат – ежелгі қыпшақ заманынан қазақ хандығы жойылғанға дейінгі дәуірде дипломатиялық қатынастағы қолданылған тәсілдердің бір түрі. Ақ үйлі аманатқа кіретін міндеттемелер: соғыстың шығынын төлеу, бұдан былай қару көтермей, жауласпай, бейбіт отыру. Жаугершілік замандарда екі жақ

мәмілеге келіп, іс бітімгершілікпен аяқталғанда, жеңілген жақтың басшысы мал-мүлік жабдықталған, жасаулы ақ үй тігіп, өз ұлын қасындағы адамдарымен бірге топ қыз қосып, аманат ретінде береді. Ежелгі заманда Ақ үйлі аманат алу жеңудің зор көрсеткіші болып саналды. Көне түркі тілінде мұндай құқықтық дипломатиялық тәсіл тұнық деп аталған. (Қазақ этнографиялық энциклопедиясы 1 том)

Пайзы – көшпелі халықтардың қағаны тарапынан билік иелері бектерге, әмірлерге, мәмілегер билерге, елшілерге, саудагер керуенбасыларға, үкімет адамдарына берілетін арнайы құқықтық белгі. Пайзы көбінде алтын, күміс секілді бағалы металдан жасалып, оған иесінің шеніне сәйкес әртүрлі хайуанаттардың (лашын, жолбарыс т.б.) суреттері салынатын болған. Пайзы – қытай-манжұр тілінде белгі деген сөз. Осы белгімен жүрген үкімет адамдары басқа елдердің шекарасына еш кедергісіз өтуге құқылы болып, азық-түлік, мініс-көлікпен қамтамасыз етілетін. Бұл дәстүр әлемдік дипломатияның тарихында үлкен қызмет атқарған, қазіргі халықаралық заңнамадағы виза деген ұғым осы негізден қалыптасқан. (Қазақ этнографиялық энциклопедиясы 4 том)

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРАТПА КЛИШЕЛЕРІ

Құрметті отандастар!

Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Құрметті Елші мырза!

Жоғары мәртебелі... мырза!

Құрметті Парламент депутаттары!

Қадірлі отандастар!

Қымбатты отандастар!

Қадірлі қауым!

Қымбатты қазақстандықтар!

Құрметті Парламент палаталарының төрағалары!

Аса қадірлі қазақстандықтар!

Құрметті (тегі)... мырза!

Құрметті (тегі)... ханым!

Құрметті мырзалар!

Құрметті Президент мырза!

Құрметті Төраға мырза!
Құрметті әкім мырза!
Құрметті министр мырза!
Ас қадірлі мырзалар мен ханымдар!
Аса Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар!
Құрметті Үкімет Басшылары!
Екі Тарап!
Құрметті Төтенше және Өкілетті Елші!
Құрметті Уақытша Сенімді Өкіл!

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЛЕБІЗ КЛИШЕЛЕР

Сізге деген менің ыстық ықыласымды қабыл алыңыз.
Сізге деген ықыласпен ...
Үлкен құрметпен...
Құрметпен..
Жылы қабак танытуыңызды өтінемін.
Хабарлауға қарсы болмауыңызды өтінемін.
Сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.
Назарларыңызға рақмет!
Игі тілекпен...
Шынайы достықпен...
Мархабат!
Мол сеніммен...
Әріптестік сеніммен...

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚҰРАНДАР!

Бізге зор жауапкершілік жүктеліп отыр!
Мен ел тағдырына жаны ашитын әрбір азаматқа зор сенім артамын!
Қазақстан – ортақ шаңырағымыз!
Мен бәріңізді мерейлі мекенімізді өркендетуге үлес қосуға шақырамын!

Елбасымыздың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген қанатты сөзі – біздің айнымас қағидамыз!

Бағытымыз – айқын, жолымыз – ашық!

Бәріміз бірге болсақ, еліміз бұдан да зор жетістікке жетеді деп сенемін!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

Ел бірлігі – оның әралуандығында!.

Кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы тиіс!

Біз – халқымыздың тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арман-тілегіне қол жеткізген ұрпақпыз!

Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеміз!

Бұл біздің қолымыздан келеді!

Мен бұған кәміл сенемін!

Еліміз әрқашан аман болсын!

Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте!

Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!

Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!

Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз!

Кез-келген кедергіні еңсеріп, қиындықты жеңуге дайынбыз!

Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр!

Сіздер халықтың мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер!

Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет!

Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін!

Біз бірге болсақ қана, теңдессіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз!

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз!

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз!
Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!
Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!
Біз таңдаған жолымыздан айнымаймыз!
Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!
Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Даланың заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделген *(Тоныкөк)*.
Адамдардың қаны ғана емес, жақсы істері де туыстырады *(Күлтегін)*
Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ *(Күлтегін)*
Қызыл сөзге салыну – қызыл отқа қарылу *(Күлтегін)*
Қағаны кекшіл елдің халқы бүлікшіл келеді *(Күлтегін)*
Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп *(Күлтегін)*
Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген,
арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі мен қарашасы жауласқан
жерде ел елдігінен айрылады *(Күлтегін)*
Жауынды жеңу бір басқа, жауықпас ету бір басқа *(Күлтегін)*
Халық бүлінсе, саясат түзейді Халық тарықса, үкімет жұтайды *(Баласағұн)*
Елшісі епсіз патшаның бағы жанбас Тілмен түйген тіспен шешілмес *(Қашқари)*
Алтау ала болса, Ауыздағы кетеді
Төртеу түгел болса Төбедегі келеді
Ынтымақ түбі – игілік,
Тірліктүбі – бірлік
Ағайын тату болса – ат көп,
Абысын тату болса – ас көп
Теңге – тиыннан,
Ынтымақ – ұйымнан

Ынтымақ түбі – игілік
Екі құзғын таласса,
Бір қарғаға жем болар

Саусақ бірікпей – Ине ілікпейді

Тоқтығында жараспаған,
Аштығында қараспайды.

Қол жұмылмай — жылынбайды

Ынтымақ жүрген жерде,
Ырыс бірге жүреді

Ынтымақтың арты игі

Ынтымақсыз елді - Ұрысы билейді.
Ынтымақты елді - Дұрысы билейді

Тірлік басқа болса да, тілек бір
Бармақ басқа болса да, білек бір

Итпен ит ырылдасса Тамағының тоқтығы;
Жігітпен жігіт қырындасса Ынтымағының жоқтығы

Кеңеспен шешкен шешімнің Кемісі болмас

Ынтымақ жүрген жерде -Ырыс жүреді

Көк шөп күймес,Елші өлмес

Атқан оқ тастан қайтпайды,
Елші ханнан тілін тартпайды

Елдестірмек елшіден, Жауластырмақ жаушыдан

Ымыра біткен жерде соғыс басталады.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ

НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

- Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

- Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

- Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады.

- Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғым келеді.

- Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

- Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған.

- Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.

- Тәуелсіздік бәрінен қымбат.

- Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды

- Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ.

- Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

- Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

- Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.

•Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.

•Денсаулық кепілі – дене шынықтыру.

•«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс.

•Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі.

•Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.

•Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

•Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

•Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықтымаңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет.

•Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

•Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға болады. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

•Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

•Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше. Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған. Адамдарға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек.

•Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

•Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте!

2020-2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАҒДАРЛАМА МЕН ТҰЖЫРЫМДАМА АТАУЛАРЫ

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының

«Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламасы

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы

«Әлеуметтік цифрлы әмия» бағдарламасы

«Әділетті мемлекет құру» тұжырымдамасы

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет»
тұжырымдамасы

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы

Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасы

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы